10. Digital Learning Institute. Mayer's 12 Principles of Multimedia Learning (краткий практический обзор принципов).

STEM-БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ.

Ж.Ә.Әлібек

Абай атындағы ҚазҰПУ, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру
бағдарламасының 2-курс докторанты.
Алматы, Қазақстан

Аннотация. Қазіргі заман талабына сай, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамытуда STEM-білім берудің маңызы зор. Бұл мақалада STEM-технологияларды (Science, Technology, Engineering, Mathematics) ерте жаста енгізудің теориялық негіздері қарастырылады. Авторлар STEM-нің балалардың логикалық ойлауын, зерттеушілік дағдыларын және проблемаларды шешу қабілетін қалай жетілдіретінін зерттейді. Зерттеу барысында балабақша жағдайында STEM-элементтерін қолданудың педагогикалық әдістері талданады. Ұсынылған нәтижелер STEM-білім берудің танымдық белсенділікті арттырудағы тиімділігін дәлелдейді.

Annotation. Developing the cognitive activity of preschool children through STEM education is vital in modern times. This article explores the theoretical foundations of integrating STEM technologies (Science, Technology, Engineering, Mathematics) at an early age. The authors examine how STEM enhances children's logical thinking, research skills, and problem-solving abilities. The study analyzes pedagogical methods for applying STEM elements in a kindergarten setting. The presented findings demonstrate the effectiveness of STEM education in boosting cognitive engagement.

Кілт сөздер: STEM-білім беру, мектеп жасына дейінгі балалар, танымдық белсенділік, зерттеушілік дағдылар, ерте даму.

Keywords: STEM-education, preschool children, cognitive activity, research skills, early development.

Қазіргі заманда білім беру жүйесі қарқынды дамып, инновациялық әдіс-тәсілдерді қажет етуде. ХХІ ғасырдың басты талабы – функционалдық сауаттылығы жоғары, сыни тұрғыдан ойлай алатын, шығармашылық қабілеті дамыған тұлға қалыптастыру. Осы бағытта STEM-білім беру

(Science, Technology, Engineering, Mathematics) тұжырымдамасы ерекше мәнге ие. STEM-білім беру тәсілі мектепке дейінгі кезеңнен бастап баланың танымдық белсенділігін дамытуға, зерттеушілік және конструктивтік қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық белсенділігі - олардың қоршаған ортаны зерттеуге, жаңа білім мен тәжірибені меңгеруге деген табиғи ұмтылысы. Бұл белсенділікті дұрыс бағыттау және дамыту – педагогтың басты міндеті. STEM-педагогика осы міндетті тиімді жүзеге асырудың инновациялық жолы болып табылады [1].

STEM-білім беру – ғылым, техника, инженерия және математика пәндерін кіріктіре оқыту арқылы баланың жан-жақты ойлауын дамытуға бағытталған кешенді әдіснама. Оның басты мақсаты – теориялық білімді практикалық әрекет арқылы меңгерту, яғни «үйрену арқылы істеу» қағидасын жүзеге асыру. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін STEM-білім беру ерекше тиімді, себебі бұл кезеңде олардың зерттеушілік қызығушылығы, эксперимент жасауға, сынап көруге деген табиғи құштарлығы жоғары болады. Баланың танымдық белсенділігі ойын, тәжірибе және жобалау әрекеттері арқылы дамиды. Мысалы, су мен құммен тәжірибе жасау, магнит қасиеттерін зерттеу, қарапайым құрылғылар құрастыру сияқты әрекеттер баланың логикалық ойлауын, себеп-салдарлық байланыстарды түсінуін қалыптастырады. STEM әдісі сонымен қатар балалардың қоршаған орта құбылыстарын түсінуге деген қызығушылығын арттырады. Мәселен, табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау, судың айналымы мен өсімдіктердің өсу кезеңдерін зерттеу барысында балалар экологиялық сана мен ғылыми ойлау негіздерін меңгереді. Мұндай әрекеттер олардың тек білімін ғана емес, сонымен бірге байқағыштық, табандылық және жауапкершілік сияқты қасиеттерін де дамытады [2].

Танымдық белсенділікті дамытуда STEM-тәсілдері келесі бағыттарда көрініс табады:

- Зерттеушілік қызмет: Балалар табиғи және жасанды объектілерді бақылап, тәжірибе жүргізеді. Мысалы, өсімдіктің өсуін күн сайын бақылау, судың күйін өзгерту (мұз, сұйық, бу) арқылы физикалық құбылыстарды тану.
- Инженерлік ойлау: Балалар өз қолымен қарапайым құрылымдар жасайды. LEGO немесе конструкторлар арқылы көпір, үй, көлік құрастыру кезінде кеңістік ойлауы мен логикасы дамиды.
- Математикалық және логикалық дағдылар: Сан, форма, өлшем, симметрия сияқты ұғымдарды практикалық әрекетпен меңгереді. Мысалы, өлшеу, салыстыру, топтау әрекеттері арқылы ойлау икемділігі дамиды.
- Коммуникативтік және топтық жұмыс: STEM-жобалар топпен орындалғандықтан, балалар пікір алмасуды, келісімді шешім қабылдауды, өз идеясын қорғауды үйренеді. Бұл олардың әлеуметтік және эмоциялық дамуына ықпал етеді.
- Сонымен қатар STEM-педагогика балалардың когнитивтік дағдыларын – талдау, салыстыру, жалпылау, болжау сияқты ойлау әрекеттерін қалыптастырады. Әрбір STEM-жоба баланың өз бетінше шешім қабылдауына, шығармашылық бастамасын көрсетуіне мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер баланың мектепке психологиялық дайындығын күшейтеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда STEM-білім беруді тиімді енгізу үшін келесі педагогикалық шарттар қажет:

- Интеграцияланған білім беру мазмұны: Әр оқу іс-әрекетінде ғылым, техника және математика элементтерін байланыстыру.
- Зерттеу ортасын ұйымдастыру: Балалардың тәжірибе жасауына арналған «STEM-зертхана», «шығармашылық бұрыштары» болуы тиіс.
- Тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігі: Педагог STEM-педагогиканың теориясын, әдістемесін меңгеріп, тәжірибелік жобалар құра білуі керек.
- Цифрлық технологияларды пайдалану: Интерактивті платформалар (мысалы, Oqualys.net, LearningApps, PhET) арқылы балалардың зерттеу қызығушылығын арттыру [3].

Психологиялық тұрғыдан алғанда, мектепке дейінгі кезеңде танымдық белсенділік ойын және тәжірибе арқылы дамиды. Л.С. Выготский еңбектерінде көрсетілгендей, баланың ойлау

әрекеті нақты заттық іс-әрекетке сүйенеді. STEM әдісі осы заңдылыққа сәйкес келеді, себебі ол баланы белсенді ізденуші, зерттеуші тұлға ретінде қалыптастырады [4].

Сонымен қатар, STEM жобалары балалардың креативтілігін, аналитикалық және сын тұрғысынан ойлауын дамытады. Бұл – заманауи қоғамдағы өмірлік маңызды құзыреттердің бірі. Ойын мен зерттеу элементтерін біріктіру арқылы STEM-білім беру оқу үрдісін қызықты әрі тиімді етеді. Мұндай тәсілдер баланың ішкі мотивациясын арттырып, оның оқу әрекетіне жағымды эмоциялық қатынасын қалыптастырады. STEM-білім беру мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың танымдық белсенділігін дамытудың тиімді құралы болып табылады [5]. Ол баланы тек дайын білім алушы емес, өз бетінше ойлайтын, зерттейтін және шешім қабылдайтын тұлға ретінде қалыптастырады. STEM әдістемесін жүйелі енгізу арқылы баланың логикалық ойлау, зерттеушілік, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттері дамиды. Бұл өз кезегінде оның кейінгі мектеп кезеңіндегі оқу жетістіктеріне және өмірлік дағдыларына оң әсер етеді [6].

Осылайша, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде STEM-білім беруді дамыту – педагогтардың кәсіби жаңашылдығын, материалдық-техникалық базаны жетілдіруді және цифрлық ресурстарды тиімді пайдалануды қажет ететін стратегиялық бағыт. Бұл тәсіл баланың табиғи қызығушылығын қолдап, оны заманауи қоғам талаптарына сай тұлға ретінде қалыптастырудың сенімді тетігі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Столман М., Мур Т. Ж., Рёриг Г. X. Considerations for Teaching Integrated STEM Education // Journal of Pre-College Engineering Education Research (J-PEER). 2012. Vol. 2, № 1, pp. 28-34.
2. Holmlund T. D., Lesseig K., Slavitt D. Making sense of “STEM education” in K-12 contexts // International Journal of STEM Education. 2018. Vol. 5, Art. 32.
3. Honey M., Pearson G., Schweingruber H. (Editors). STEM Integration in K-12 Education: Status, Prospects, and an Agenda for Research // Washington, DC: National Academies Press. 2014.
4. Л.С. Выготский. О развитии высших психических функций у детей. – М.: Педагогика, 1999.
5. Abdi A. I., Tracing the evolution of STEM education: a bibliometric analysis // Frontiers in Education. 2024
6. Oqualys.net платформасының әдістемелік нұсқаулығы. – 2024.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАЛАРДЫҢ ӨМІРЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН СЮЖЕТТІК ОЙЫН АРҚЫЛЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛДАРЫ

Б.Ә. Мүтәліпова

Абай атындағы ҚазҰПУ «8D01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру
бағдарламасының 2 докторанты
Қазақстан республикасы, Алматы қаласы

Андатпа. Бұл мақалада қазіргі заманғы әлеуметтік, техногендік және табиғи сипаттағы қауіп-қатерлер жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастырудың сюжеттік ойындардағы рөлі қарастырылады. Қауіпсіздік мәдениетін тәрбиелеу – баланың өмірі мен денсаулығын сақтаудың, сондай-ақ оны қауіп-қатердің алдын алуға дайындаудың маңызды шарты ретінде сипатталады. Ғылыми әдебиеттерге шолу барысында (Н.Н. Авдеева, Т.Г. Хромцова, Л.Л. Тимофеева, С.К. Шойгу және т.б.) тиімді педагогикалық тәсілдер – жүйелі оқыту, ойын арқылы оқыту технологиялары мен практикалық жаттығуларды қолдану жолдары талданады. Сюжетті ойындар арқылы балаларды төтенше жағдайларда дұрыс әрекет етуге, өзін-өзі қорғау тәсілдерін меңгеруге, қауіпті жағдайларды алдын ала тануға үйретудің

әдістері ұсынылады. Сонымен қатар педагогтың рөлі, ойын ортасын ұйымдастыру ерекшеліктері, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру жолдары талданады. Мақала мектепке дейінгі тәрбиешілерге, әдіскерлерге және осы сала мамандарына әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

Тірек сөздер: сюжеттік ойындар, қауіпсіз мінез-құлық, мектеп жасына дейінгі балалар, қауіпсіздік мәдениеті, ойын технологиялары, білім беру ортасы.

Abstract. This article examines the role of narrative-based (plot) games in forming safe behavior skills among preschool children in the context of modern social, technological, and natural threats. Cultivating a safety culture is characterized as an important condition for preserving a child's life and health, as well as preparing them to prevent and respond to potential dangers. A review of scientific literature (N.N. Avdeeva, T.G. Khromtsova, L.L. Timofeeva, S.K. Shoigu, etc.) analyzes effective pedagogical approaches, including systematic instruction, play-based learning technologies, and practical training. The article proposes methods for teaching children to act correctly in emergency situations, master self-protection techniques, and recognize dangerous situations in advance through plot-based games. Additionally, the roles of the educator, the specifics of organizing the play environment, and ways to form a safety culture according to children's age characteristics are discussed. The article is intended as methodological support for preschool teachers, methodologists, and specialists in the field.

Keywords: role-play game, safe behavior, preschool children, safety culture, play technologies, educational environment.

Кіріспе

Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері қазіргі кезде ерекше өзектілікке ие. Қазіргі қоғамда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері әлеуметтік, техногендік және табиғи қатерлердің артуына байланысты айрықша маңызға ие болуда. Балалардың мінез-құлқының қалыптасуы мен олардың қоршаған ортадағы қауіп-қатерлерге қатысты дұрыс әрекет ету дағдылары, сондай-ақ олардың өмірі мен денсаулығын сақтаудағы жауапкершілікке деген саналы қатынасы бүгінгі таңда білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі болып отыр. Ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибеге қарамастан, мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру мәселелері жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған. Қауіпсіздік мәдениеті мен мінез-құлық дағдыларын тәрбиелеу жөніндегі психологиялық-педагогикалық негіздердің тапшылығы байқалады. Бұл, әсіресе, мектепке дейінгі білім беру саласында балаларды қоршаған ортаның түрлі қауіптерінен сақтандыру мен қорғаудың тиімді әдістерін қолданудағы қиындықтармен байланысты.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі кездегі балалардың қауіпсіздігі мен мінез-құлық дағдыларының дамуындағы дағдарыстық жағдайлардың әсерін ескере отырып анықталады. Жаңа техногендік және экологиялық қауіптер балалардың мінез-құлқына, сонымен қатар олардың қоршаған әлемге деген сеніміне теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру мәселелері педагогикалық және психологиялық тұрғыдан зерттеуді талап етеді.

Зерттеудің мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін анықтау, осы процестегі тәрбиешілердің құзыреттіліктерін зерттеу. Мақсатқа жету үшін зерттеу барысында келесі міндеттер қойылады: балаларға қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруда педагогтардың әдіснамалық тәсілдерін талдау, ойын технологиялары мен тәжірибеге негізделген әдістерді қолдану, сондай-ақ балалардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудағы ата-аналар мен педагогтардың бірлескен жұмысының рөлін анықтау.

Зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне, психологтарға және балалардың қауіпсіздігімен айналысатын мамандарға арналған әдістемелік ұсынымдарды жасауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу балалардың қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру үшін қолданылатын педагогикалық әдістердің тиімділігін арттыру, сондай-ақ балаларды қауіпсіздік ережелеріне саналы түрде тәрбиелеудің тиімді жолдарын анықтауға бағытталған.

Материалдар мен әдістер

Теориялық әдістер: зерттелетін мәселе бойынша педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді талдау мен зерттеу нәтижелерін теориялық қорыту.

Қазіргі әлеуметтік-экологиялық орта, оның ішінде техногендік қауіптер, табиғи апаттар мен әлеуметтік қауіптердің көбеюі мектепке дейінгі жастағы балаларда қауіпсіз мінез-құлықтың негіздерін қалыптастыру мәселесінің ерекше маңыздылығын айқындайды. Бұл тақырыпта батыс зерттеушілерінің (А.Адлер, Б.Паскаль, З.Фрейд, П.Маслоу және т.б.) еңбектері маңызды рөл атқарады. Олар адам өмірінің қауіпсіздігі, өзін-өзі сақтау және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бойынша маңызды ғылыми жұмыстар жүргізді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлық дағдылары бірнеше ресейлік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Олардың қатарына (Н.В. Алешина [2], С.А. Козлова [3], В.Р. Косникова [4]) жүргізген зерттеулер жатады. Олар қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудың тұтас жүйесін құру қажеттілігін растайды.

Аталған зерттеулер Қазақстандағы мектепке дейінгі балалардың қауіпсіз дағдыларын қалыптастыруға бағытталған практикалық ұсынымдарды әзірлеуге негіз болады.

Нәтижелер және талқылау

Әлем бойынша балалардың қауіпсіздігі мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде, өсіп келе жатқан ұрпақтың салауатты өмір салты дағдылары мен қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру жолдарын іздестіру белсенді түрде жүргізілуде. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасында (2022) қауіпсіздік мәселелерін шешу тек кешенді тәсілді қолдану арқылы мүмкін екендігі көрсетілген. Бұл тәсілге білім алушылардың қауіпсіз өмір сүру саласындағы жалпы мәдениетін дамытуға бағытталған шаралармен қатар, табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы қауіпті әрі төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіз мінез-құлыққа үйрету де кіреді.

Аталған Үлгілік оқу бағдарламасында алғаш рет білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілерінде қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ерекше назар аударылған. Ғылыми бағыттағы мамандар адамның өз қауіпсіздігіне деген жауапкершілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың басты тетігі – білім беру жүйесі болуы тиіс деп атап өтеді (Н.А. Едимская, М.А. Котик, Л.А. Михайлов, С.А. Проскурин, Ю.В. Репин және т.б.). Мұндай дайындық адамның бүкіл өмір кезеңінде жүзеге асырылуы қажет, ал оны мектепке дейінгі жастан бастау керек (Н.Н. Авдеева, О.Л. Князева, Р.Б. Стеркина, Т.Г. Храмцова және т.б.).

Н.Н. Авдеева, О.Л. Князева және Р.Б. Стеркинаның пікірінше, педагогтар мен ата-аналардың міндеті тек баланы қорғап, қауіптен сақтау ғана емес, сонымен қатар оны әртүрлі күрделі, кейде өмірге қауіпті жағдайлармен кездесуге дайындау болып табылады. Ю.В. Репин мектепке дейінгі жастағы балаларға қоршаған ортада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын дарытуға педагогтарды белсенді шақырады.

Мектепке дейінгі балалық шақ – адамның өміріндегі ерекше кезең екені баршаға мәлім. Бұл кезеңде баланың дене және психикалық саулығының негізі қаланып, оның жеке тұлғасының іргетасы қалыптасады. Балалық шақта жинақталған тәжірибе ересек өміріміздің қалыптасуына елеулі әсер етеді. Ата-ананың, тәрбиешінің махаббаты мен қамқорлығы, эмоционалды жақындығы мен қолдауының арқасында бала өсіп-жетіліп, қоршаған әлемге және адамдарға деген сенімі нығаяды.

Баланың өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оның денсаулығын сақтау – мектепке дейінгі білім берудің өзекті міндеттерінің бірі. Сонымен қатар, баланы тек қауіп-қатерден қорғап қана қоймай, оны түрлі өмірлік қиындықтарға дайын болуға үйрету, ең қауіпті жағдайлар туралы түсінік қалыптастыру, тұрмыста, қоғамда және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын сіңіру де аса маңызды.

Бұл міндет мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдысына жатады және ол Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен (МЖМББС) айқындалған. Қауіпсіз өмір сүру ортасын қалыптастыруға бағытталған білім беру қызметі мектепке дейінгі білім беру бағдарламасына енгізілген.

Оның негізгі мақсаты – баланы түрлі өмірлік және ойындық жағдайлар арқылы әлеуметтік қатынастар жүйесіне тарту арқылы әлеуметтік тәжірибе мен жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру. Аталған міндетті іске асыру барысында балаларда өмір мен денсаулықты сақтау

үшін қауіпсіз мінез-құлықтың маңыздылығын түсіну қалыптасады. Бұл – жол жүру ережелерін білу, үйде, көшеде, қоғамдық орындарда, сондай-ақ төтенше жағдайларда қауіпсіз әрекет ету, өрт қауіпсіздігінің негіздері, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас ережелері және басқа да қауіпсіздік аспектілерін қамтиды.

Мектепке дейінгі жас – баланың жеке тұлғасын қалыптастырудағы маңызды кезеңдердің бірі. Дәл осы кезеңде, мектепке дейінгі ересек топтағы жастан бастап қауіпсіз мінез-құлықтың негіздерін қалыптастыру аса маңызды. Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытуға бағытталған міндеттер балалардың әлеуметтену процесімен тығыз байланысты және олардың әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

Әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру – тәрбие мен дамыту бағдарламаларындағы басым бағыттардың бірі. Бұл қажеттілік әсіресе, жаңа әлеуметтік жағдайларға – мектепке көшуге дайындалып жатқан ересек мектеп жасына дейінгі балаларда ерекше байқалады. Бұл кезеңде бала ұжымға сәтті бейімделуге мүмкіндік беретін мінез-құлық дағдыларын меңгеруі тиіс.

Ересектердің міндеті – балаларды қауіпсіз мінез-құлық негіздерімен таныстырып қана қоймай, сол білімді нақты өмірлік жағдайларда қолдануға үйрету. Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері – бұл әлеуетті қауіптерді, олардың көрінісін және қорғану тәсілдерін зерделейтін білім саласы. Қауіпсіздік – бұл адамның жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін факторлардың әсеріне ұшырамайтын орта жағдайы.

Қауіпсіздік мәдениеті – бұл адамның жеке басының күрделі қасиеті, оған қауіпсіз мінез-құлық ережелеріне сәйкес әлеуметтенуі, қауіпті жағдайларды тануға, алдын ала болжауға, оларды шешу жолдарын көруге, өз өмірі мен айналасындағы адамдардың өміріне жауапкершілікпен қарауға мүмкіндік беретін қасиеттер жатады.

Л.Л. Тимофеева мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың қауіпсіздік мәдениетінің негіздерін қалыптастыру деп есептейді. Бұл балалардың жеке белсенділігінің әртүрлі түрлерін толық дамытуға, олардың дербестігіне, барлық балалық қызмет түрлерінде шығармашылық танытуына, күнделікті өмірде (үйде, көшеде, балабақшада және т.б.), сондай-ақ ерекше және қауіпті жағдайларда өз бетінше әрі қауіпсіз әрекет етуіне, өз қауіпсіздігіне қатысты өзекті сұрақтарға жауап таба білуіне мүмкіндік береді.

Оны шешудің қажеттілігі көбінесе мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктерімен, ең алдымен олардың танымға деген қызығушылығын көрсетуге ұмтылысымен тығыз байланысты. Бір жағынан, қызығушылық — баланың тұлғалық әрі танымдық дамуының маңызды шарты болып табылады, ал екінші жағынан — ол баланың қоршаған ортаны танып-білу үдерісінде қауіпсіз емес әрекеттерге баруына себеп болуы мүмкін. Сонымен қатар, тәжірибеде жиі кездесетін жағдай — ересек мектепке дейінгі жастағы балалардың өзін-өзі сақтау дағдыларына жеткілікті дайын болмауы, себебі өз әрекеттерін болжау және айналасындағы жағдайды талдау қабілеті әлі қалыптасу сатысында болады. Осыған байланысты Т.Г. Хромцова мектепке дейінгі жастағы балалармен жиі кездесетін жазатайым оқиғалардың себептерін атап көрсетеді: шамадан тыс қызығушылық, мінез-құлықтың негізгі ережелерін (табиғатта, тұрмыста, жолда және т.б.) білмеу, назардың тез бөлінуі, өз әрекеттерін саналы түрде басқару дағдыларының болмауы, қауіпті жағдайларды түсінбеу және тағы басқалар [5, б. 35]. Сол себепті педагогтер мен ата-аналар үшін балаларға қауіпсіз емес мінез-құлықтың салдары туралы тұрақты білім қалыптастыру және қауіпсіздік ережелерін қолдану машықтарын үйрету аса маңызды [6]. Н.И. Дунаева, Н.Е. Серебровская, П.А. Егорова жүргізген зерттеуде атап өтілгендей, «егер бала қолайсыз ортада тәрбиеленсе, оның жағымсыз салдарларға ұшырауынан сақтап, дамуына ықпал ету арнайы ұйымдастырылған қызметтерді, дамытушы бағдарламаларды ұсыну және басқа ересектермен жағымды қарым-қатынас жүйесін құру арқылы мүмкін болады» [7, б. 7].

Кесте 1 – Мектепке дейінгі жастағы балаларда қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру туралы психологтардың пікірі

Авто р/ Бағдарлам а атауы	Ел	Негізгі аспект	Тәжірибеде қолданылуы
------------------------------------	----	----------------	-----------------------

Л.С. Выготский	Ресей	Ережелерді меңгерудегі жақын арадағы даму аймағы	Ересекпен жағдайларды шешу бірлесіп
Жан Пиаже	Швейц ария	Танымдық даму сатылары – мектеп жасына дейінгі балалар абстрактты қауіптерді түсінбеуі	Абстрактты ережелердің орнына нақты мысалдар беру
А. Бандура	АҚШ	Бақылау арқылы әлеуметтік үйрену теориясы	Ересектердің дұрыс мінез- құлқын көрсету
Эрик Эриксон	Герман ия–АҚШ	Бастамашылдықты дамыту немесе кінә сезімі	Қауіпсіз ортада дербестікті қолдау
Л.А. Регуш	Ресей	Қауіпсіздікке үйретуде мазасыздықтың алдын алу	Ережелерді жағымды түрде тұжырымдау
Мари я Монтессори	Италия	Дайындалған орта – қауіпсіздіктің негізі	Қауіпсіздікке үйретуге арналған арнайы материалдар
Редж ио Эмилия	Италия	Қауіпсіздікке үйретуде жобалық тәсіл	«Қауіпсіз қала» сияқты балалар жобалары
«Step by Step» бағдарламасы	АҚШ	Қауіпсіздік ережелерін жекелендіріп оқыту	Қауіпсіздік туралы дербес (персоналды) әңгімелер
Т. Бертон	Ұлыбр итания	Қауіп арқылы үйрету	Бақыланатын «қауіпті» жағдайлар арқылы тәжірибелік оқыту
Авде ева бағдарламасы	Ресей	Қауіпсіздікке жүйелі көзқарас («ЗП» моделі)	Қауіпсіздікке арналған тақырыптық апталар

Шетелдік және отандық тәсілдердің салыстырмалы талдауы

1. Өзіндік әрекетке басымдық (шетелдік тәсілдер):

а. Монтессори: бала қауіпсіздікке қатысты материалдарды өзі зерттейді.

ә. Британдық тәсіл: тәуекел арқылы үйрету

2. Жүйелілік (Ресейлік тәсілдер):

а. Авдеева бағдарламасы: сабақтардың нақты құрылымы.

ә. Выготский: ересекпен бірге кезең-кезеңмен оқыту.

Оқыту түрлері:

а. Батыс елдері: жобалық тәсілдер (Реджио Эмилия).

ә. Қазақстан/Ресей: ойын арқылы оқыту (сюжетті-рөлдік ойындар).

Интеграцияланған әдістемелер:

- «Зерттеу арқылы қауіпсіздік» (Монтессори мен Пиаже тәсілдерінің үйлесімі) – балалар қауіпті заттарды ересектердің бақылауымен зерттейді
- «Әлеуметтік оқиғалар» әдісі (Бандура + «Step by Step» бағдарламасы) – әңгімелер арқылы жағдаяттарды модельдеу
- Цифрлық қауіпсіздік (еуропалық бағдарламалар)
- Экологиялық қауіпсіздік (скандинав елдері)
- Жарақатқа бағытталған тәсіл (АҚШ) – баланың психологиялық тәжірибесін ескере отырып қауіпсіздікке үйрету.

Сондай-ақ, ғалымдардың пікірінше, педагогтардың (ата-аналардың) осы мәселені жүйелі түрде шешуге жеткілікті көңіл бөлмеуі байқалады: «қатерді болжау (мүмкін болатын қауіп көзін

алдын ала анықтау қабілеті) – қауіптен қашу (қауіпті жағдайдың даму сипатын білу, қауіпті жағдайды дұрыс бағалау және сақтық шараларын анықтау қабілеті) – қауіпті жеңу (қауіпті жағдайларда дұрыс әрекет ету, салдардың алдын алу әдістерін қолдану қабілеті)». Бұл жағдай балалардың қауіпсіз мінез-құлық туралы түсініктерін, дағдылары мен қабілеттерін меңгеру тиімділігін төмендетеді. Зерттеулер көрсеткендей, әртүрлі қауіп түрлері туралы нақты түсініктер балалардың жас ерекшеліктеріне және бағдарлама талаптарына толық сәйкес келмейді. Негізгі себеп ретінде педагогтардың (ата-аналардың) «қауіпсіз мінез-құлық негіздері туралы түсініктерді қалыптастыру» міндетін кешенді шешуге дайындық деңгейінің төмендігі аталады. Мысалы, З.И. Тюмасева мен И.Л. Орехова отбасы тәрбиесінің көбінесе уағыздау, бұйыру, сөгу, нұсқау беру сияқты әдістерге негізделетінін айтады, ал оны балалардың ата-аналарына еліктеп, денсаулығы мен қауіпсіз өмір салтына деген қажеттіліктерін қалыптастыру ретінде қарастыру өте сирек кездеседі [8, б. 4]. Қауіпсіз өмір сүру дағдыларын тәрбиелеуде педагогикалық ағартудың маңыздылығына С.А. Купцова да назар аударады [9].

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қауіпсіздік бойынша бірқатар парциалды білім беру бағдарламалары әзірленіп, белсенді түрде қолданылуда: «Мектепке дейінгі балалардың қауіпсіздігі негіздері» (авторлары Н.Н. Авдеева, О.Л. Князева, Р.Б. Стеркина), «3 жастан 8 жасқа дейінгі балаларда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру» (авторы Л.Л. Тимофеева), «Қауіпсіз әлем. Мектепке дейінгі балалар үшін парциалды білім беру бағдарламасы» (авторы И.А. Лыкова), «Үлкен әлемдегі менің қауіпсіздігім» (авторы М.В. Погодаева). Бұл бағдарламаларда балаларды негізгі ұғымдармен (қатер/қауіпсіздік, қауіпті/қауіпсіз мінез-құлық және т.б.), өмірге қауіп төндіретін жағдайлармен, олардың себептерімен және осындай жағдайлар туындаған кезде қауіпсіз мінез-құлық ерекшеліктерімен таныстырудың ерекшеліктері баяндалған.

Мектепке дейінгі жастағы балаларда қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастырудың психолого-педагогикалық аспектілері Е.Е. Авдеева, О.Л. Князева, Р.Б. Стеркина [10], И.Б. Бичева [11], А.И. Садретдинова [12], С.В. Терницкая [13] және басқа ғалымдардың зерттеулерінде кеңінен қарастырылған. Мысалы, Н.Н. Авдеева, Н.П. Князева, Р.Б. Стеркина «қауіпсіз мінез-құлық» ұғымын «жеке тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, сонымен қатар айналасындағы әлемге зиян келтірмейтін мінез-құлық» ретінде анықтайды [10, б. 11]. А.И. Садретдинова [12] мектепке дейінгі жастағы балаларда қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру жүйесін арнайы педагогикалық жағдайларды жобалау негізінде ұсынады. Т.Г. Ханова, Е.Е. Вьюшкина [14, 15] зерттеулерінде мектепке дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуге ықпал ететін ең тиімді әдістерді қолдану тәжірибесі ұсынылған. З.Ф. Аксенова жұмысына назар аударатырып, балаларға қауіпсіз мінез-құлықты үйретуде «қатерлі жағдайлар» туралы тікелей сөздерден аулақ болу, балалар жиі кездесетін қауіпті жағдайларды мұқият мысалдармен көрсету, баланы қорқытпауға тырысу керектігі атап көрсетілген, себебі бұл баланың үрейін туғызуы мүмкін [16, б. 58].

Мектепке дейінгі балалармен қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру бағытында жүргізілетін жұмыс ақпараттық, мінез-құлықтық және эмоционалды-ерік-жігерлік компоненттердің жиынтығымен қамтамасыз етіледі. Ақпараттық компонент балалардың түрлі жағдайларда (табиғи, тұрмыстық, әлеуметтік) қауіпсіз мінез-құлық туралы білімді меңгеруін білдіреді. Мінез-құлықтық компонент қоршаған әлем жағдайларында туындайтын проблемалық жағдайларда әрекет ету қабілетін анықтайды. Эмоционалды-ерік-жігерлік компонент өз қауіпсіздігіне және денсаулығына саналы қатынасымен сипатталады, ол проблемалық жағдайлар туындаған кезде дұрыс әрекет ету және жауап беру арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен, мектепке дейінгі жастағы балаларда қауіпсіз мінез-құлық туралы түсініктерді қалыптастыруды когнитивтік, орындаушылық, эмоционалды-ерік-жігерлік, жобалау-конструктивтік параметрлердің даму процесі ретінде жүзеге асыру орынды болады. Бұл дегеніміз, осы жұмысты жоспарлау мен ұйымдастыру жүйелілік, кезеңділік, ақпараттылық, қолжетімділік және белсенділік принциптеріне негізделуі керек. Мысалы, ақпараттылық принципі ұсынылатын білімдер балаларда оң қатынас тудыруы және саналы қабылдауды қалыптастыруы керек, оларды белсенді іс-әрекетке ынталандырады. Сондықтан білімді дұрыс таңдау маңызды, ол балалар үшін мәнді, өзекті және практикалық қолдануға мүмкіндігі бар болуы тиіс. Белсенділік принципі ақпаратты іс-әрекеттік тану, практикалық дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Қауіпсіз

мінез-құлық туралы түсініктерді қалыптастыру іс-әрекеті – баланың іс жүзіндегі өмірінің бір бөлігі болғандықтан, бала осы процесс арқылы оны танып, оны өз бетінше меңгереді. Осылайша, қалыптасатын білімдердің мазмұндылығы дамытушы ақпарат арқылы жүзеге асады, ол баланың жеке қасиеттерін, эмоционалды қабылдау мен қатынасты тәрбиелейді, өзін-өзі бағалау мен сенімділікке мүмкіндік береді. Нақты бағытталған ұйымдастырылған іс-әрекет балаларға білім алу мен оны бекіту, тәжірибесін байыту, қауіпсіздік нормалары мен ережелерінің маңыздылығын түсіну тапсырмаларын шешуге мүмкіндік береді. Іс-әрекеттегі танымның нәтижесі – баланың қауіпсіздік әлеміне енуі және жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қауіпсіз мінез-құлықтың қалыптасқан тәжірибесі болады.

Қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру процесінің тиімділігі педагог қолданатын ақпараттық құралдардың алуан түрлілігіне көп жағдайда байланысты. Осы жұмыстың мазмұны балалардың түсініктерін нақтылауды көздейді, себебі кез келген қауіп түрі балалардың нақты жағдайдағы қауіпсіз мінез-құлық ерекшеліктері туралы түсініктерін зерттеу мен кеңейту объектісі болып табылады. Әдеби шығармалар, музыкалық туындылар, бейнелеу өнері сияқты тиісті тақырыптағы шығармалар білім алудың құралы ғана емес, эмоциялар, сезімдер мен қатынастарды тәрбиелеудің көзі болып табылады. Қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру барысында түрлі құралдарды (кітап оқу және суреттерді қарау, кітап оқу және музыка тыңдау, музыка тыңдап сурет салу және т.б.) біріктіру мектепке дейінгі балаларға ең күшті эмоционалдық әсер етеді. С.А. Козлова атап көрсеткендей, «әлеуметтік шындықпен танысу процесінде балаларға тек білім беріледі ғана емес, сонымен қатар баланың өзіне, басқа адамдарға, әлеуметтік өмір оқиғаларына деген қатынасы қалыптасады; оны әлеуметтік шындыққа белсенді түрде қатыстыруға жағдайлар жасалады; болып жатқан оқиғалардың жеке маңыздылығы артады» [17, б. 41]. Яғни, дүниетаным мен көзқарастың негіздері қаланады.

Қауіп түрлері туралы ақпаратты саналы түрде қабылдауды қамтамасыз ететін жағдайларды жасау педагогтан білімді меңгеру процесін ұйымдастыру қабілетін талап етеді, бұл процесс баланың қызығушылығын, шығармашылығын, белсенділігін көрсетуге ынталандырады. Қарастырылып отырған контексте тәрбиелеуші ересектердің жеке тұлғасы ерекше маңызға ие және ең алдымен олардың қауіпсіз мінез-құлық тәжірибесі маңызды, бұл «жоғары деңгейде кәсіби және жеке мәдениетті көрсетуге, ықтимал қауіп деңгейін саналы түрде түсінуге, оның алдын алу әдістерін білуге, мінез-құлық пен қатынастар нормаларын қатаң сақтауға, күрделі жағдайларда жылдам және шешімді әрекет етуге мүмкіндік береді» [18, б. 219–220].

Жоғарыда айтылғандар мектепке дейінгі жастағы балаларда қауіпсіздік саласындағы білім, түсініктер мен тәжірибені қалыптастыруды, ең алдымен, қауіп түрлерін танып білу процесінде қауіпсіздік мәдениетін тәрбиелеу негізінде жүзеге асыру қажеттігін көрсетеді, бұл ретте мінез-құлықты реттейтін дағдыларды дамыту қамтамасыз етіледі. Сондықтан біз мектепке дейінгі балалармен тәрбиелік-оқыту жұмысы барысында түрлі әдістердің кешенін қолдануды орынды деп санаймыз, бұл әдістер бірлесіп танымдық және эмоционалдық белсенділікті арттыруға, түрлі іс-әрекет түрлері арасында байланыс орнатуға, қауіпсіздік пен қауіпсіз мінез-құлық туралы түсініктерді түзету және нақтылауға мүмкіндік береді.

Жаңа білімді меңгеруге баланың белсенділігін арттыратын танымдық белсенділікті көтерудің әдістері арасында біз талдау және синтез, салыстыру, модельдеу әдістерін, сондай-ақ сұрақтар қою, қайталау, логикалық тапсырмаларды шешу әдістерін бөліп көрсетуге болады. Білімді меңгеру процесінде балалардың эмоционалды белсенділігін арттыруға ықпал ететін әдістерге мынадай әдістер жатады:

- ойын әдістері (қиялдағы жағдай (мысалы, қиялдағы қауіпті көздермен кездесу), ертегі немесе әңгіме құрастыру (мысалы, қауіпсіз ел туралы әңгіме құрастыру, кейіпкерге қауіптен сақ болуға көмектесу);
- тосын сәттер мен жаңалық элементтері (мысалы, топ бөлмесін орман сарайына айналдыру, онда қауіптер жасырынып тұрған жағдай, топта «Қауіп» кейіпкерінің пайда болуы, тиісті тақырыптағы бейнемазмұнды (мультфильмді) көру және т.б.).

Әр түрлі іс-әрекет түрлері арасындағы байланыстарды орнатуға арналған әдістерге танымдық даму, дағдыны жетілдіру, эмоциялық тәжірибені алу мен байыту сияқты әртүрлі бағыттағы міндеттерді шешетін әдістер жатады.

«Перспективті жоспарлау» әдісі баланың бар білімдері мен дағдыларын өзара байланыстыруға және олардың қолданылу мүмкіндіктерін түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, балаларға «жейтін-жемейтін» нәрселерді ажырату білімінің немесе тұрмыстық заттармен жұмыс істеу ережелерін білудің оларға қалай пайдасы тиетінін ойлауды ұсынуға болады.

«Әңгімелесу» әдісі қауіпсіз мінез-құлық негіздері туралы түсініктерді қалыптастыру кезінде, сондай-ақ оларды жүйелеу және бекіту барысында қолданылады. Мысалы, бастапқы таныстыру «Қауіпсіздік – бұл...» немесе «Бұл қауіпті ме, жоқ па?» деген әңгіме барысында жүзеге асырылуы мүмкін. Білімді жүйелеу және бекіту үшін «Қауіпсіздік – бұл денсаулық», «Мінез-құлық ережелері», «Қауіпсіз олимпиада» сияқты әңгімелерді ойластыруға болады. Әңгімелесуді түрлі жағдайларға, оның ішінде қауіпті жағдайларға тап болған кейіпкерлерді көрсететін иллюстрацияларды қарастыру арқылы логикалық түрде сүйемелдеу орынды болады, сондай-ақ «Не артық?», «Қауіптіні табыңыз», «Қауіп түрін анықтаңыз» және белгілі бір қауіпті түрі туралы ережелерді бекіту үшін арнайы бояу кітаптарын қолдануға болады.

Балалар үшін қауіпті мамандықтармен байланысты мамандармен кездесулер ерекше қызығушылық тудырады (мысалы, өрт сөндірушілермен). Мұндай кездесулерде шақырылған қонақтар тек өздерінің мамандығы мен өмірінде жиі кездесетін қауіпті жағдайлар туралы айтып қана қоймай, балалармен арнайы жаттығу да жүргізеді.

Түзетулер мен түсініктерді нақтылау әдістері балалардың үйренген материалды қаншалықты түсінгенін анықтауға және дұрыс бағалау пікірін қалыптастыруға бағытталған. Біздің зерттеуіміздің контекстінде бұл әдістер қайталау әдістері («Көңіл көтеру кезінде мінез-құлық ережелерінің мысалдарын келтір», «Тұрмыста (табиғатта) мінез-құлық ережелерін дәл көрсету»), тандау жағдайлары, әрекет ету әдісін талқылау («Неліктен бұл қауіпті деп ойлайсың?», «Кейіпкердің орнында болсаң, қалай әрекет ететін едің?») болып табылады.

Жүргізілген талдау балалардың мектепке дейінгі жастағы балаларда қауіпсіз мінез-құлықтың негіздерін әртүрлі өмір салаларында (әлеуметтік, табиғи, тұрмыстық) қалыптастыруды мектепке дейінгі білім берудің басым бағыттарының бірі ретінде қарастыру қажет екенін көрсетеді, ал баланы өзін-өзі сақтау мотиві бар, қоршаған ортада жауапты мінез-құлыққа қабілетті, мінез-құлық ережелерін қатаң сақтайтын етіп тәрбиелеу – оның әлеуметтік-мәдени дамуындағы маңызды міндет болып табылады.

Мектепке дейінгі жастағы балаларда қауіпсіздік, қауіпсіз мінез-құлық дағдылары туралы білім мен түсініктерді қалыптастыру процесі педагогтар мен ата-аналардың өзара әрекеттесуінде әдістер мен тәсілдердің кешенін негізге ала отырып жүзеге асырылуы керек. Балаларға қауіпті жағдайларда дұрыс (қауіпсіз) әрекеттерді үнемі көрсету балаларда тек қауіпсіз/қауіпті мінез-құлық туралы абстрактілі білім мен түсініктерді қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар, ең маңыздысы, қауіпсіз өмір салтының өмір сүру тәсілі ретінде маңыздылығын түсінуді тәрбиелеуге мүмкіндік береді, ал теориялық зерттеулер мен қауіпсіз мінез-құлық ережелері бойынша үнемі жаттығуларды үйлестіру қауіпсіздік талаптары мен ережелерін қатаң орындау әдетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Бұл мәселе бойынша балабақшадағы міндеттер қатарына балаларға қауіпсіз ортаны қалыптастыру, ата-аналарға үй жағдайында баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмек көрсету, мектепке дейінгі балаларда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білім беру қызметін ұйымдастыру кіреді.

Мектепке дейінгі жастағы балаларда қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру – олардың өмірлік дағдылары мен әлеуметтенуінің маңызды құрамдас бөлігі. Зерттеу барысында қауіпсіз мінез-құлықты дамыту тек білім беру процесінің міндеті ғана емес, сонымен қатар отбасылық тәрбиемен тығыз байланысты кешенді процесс екендігі анықталды. Қауіпсіздік дағдыларының тиімді қалыптасуы педагогтар мен ата-аналардың өзара ынтымақтастығын, жүйелі және мақсатты тәрбиелік жұмысты қажет етеді. Қауіпсіздікке үйрету барысында балалардың жас ерекшеліктеріне сай танымдық, эмоционалдық және ерік-жігерлік даму компоненттері ескерілуі тиіс. Түрлі әдіс-тәсілдер мен педагогикалық технологияларды қолдану арқылы балалардың

қызығушылығын арттыру, жағдаяттарды модельдеу, тәжірибелік жаттығулар жүргізу – олардың шынайы өмірде кездесетін қауіптерге дайын болуына септігін тигізеді.

Осылайша, қауіпсіз өмір салтының негіздерін мектепке дейінгі кезеңнен бастап қалыптастыру – баланың денсаулығын сақтау мен өмірін қорғаудың, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени дамудың кепілі болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыс тәрбиешілер мен ата-аналардың кәсіби және тұлғалық жауапкершілігін арттыруды, сондай-ақ қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жүйелі тәсілді талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Картавых М.А., Бичева И.Б., Попова Л.В. Образование в области безопасности жизнедеятельности и устойчивое развитие // Вестник Мининского университета. 2016. № 1–1 (13). С. 21.
2. Алешина Н.В. Ознакомление дошкольников с окружающим и социальной действительностью. - М.: Академия, 2001. – 234с.
3. Козлова С.А. Мой мир: приобщение ребенка к социальному миру. – М.: «Линка-Пресс», 2000 – с.78.
4. Лосева И.И. Теории и технологии социально-коммуникативного и речевого развития детей-Ульяновск, 2016. – 119с.
5. Хромцова Т.Г. Воспитание безопасного поведения в быту детей дошкольного возраста. М.: Педагогическое общество России, 2016. 80 с.
6. Бичева И.Б., Вялова Н.В., Рязанова Е.А. Организационно-методические основы взаимодействия педагогов с родителями в дошкольном образовании // Проблемы современного педагогического образования. 2020. № 67–4. С. 44–47.
7. Дунаева Н.И., Серебровская Н.Е., Егорова П.А. Проблема сопротивляемости личности трудным жизненным ситуациям в условиях образовательной среды в российских и зарубежных исследованиях // Вестник Мининского университета. 2019. Т. 7. № 1. С. 11.
8. Тюмaseва З.И., Орехова И.Л. Семейная среда как средство сохранения, укрепления здоровья обучающихся и формирования самосохранительного поведения // Вестник Мининского университета. 2019. Т. 7. № 3. С. 5.
9. Купцова С.А. Педагогическое просвещение как способ воспитания культуры безопасной жизнедеятельности, защиты и укрепления здоровья субъектов образовательного процесса // Научно-методический электронный журнал «Концепт». 2020. № 10 (октябрь). URL: <http://e-koncept.ru/2020/201072.htm>.
10. Авдеева Н.Н., Князева О.Л., Стеркина Р.Б. Безопасность: учебное пособие по основам безопасности жизнедеятельности детей старшего дошкольного возраста. М.: Детство-Пресс, 2002. 144 с.
11. Бичева И.Б. Педагогические условия формирования культуры здоровья у детей дошкольного возраста // Вестник Оренбургского государственного педагогического университета. Электронный научный журнал. 2018. № 2 (26). С. 259–270.
12. Садретдинова А.И. Формирование культуры безопасности жизнедеятельности у старших дошкольников посредством проектирования педагогических условий // Успехи современного естествознания. 2008. № 8. С. 98–106.
13. Терницкая С.В. Формирование безопасного поведения личности как социально-педагогическая проблема // Вестник Красноярского государственного педагогического университета им. В.П. Астафьева. 2016. № 1 (35). С. 90–94.
14. Вьюшкина Е.Е., Ханова Т.Г. Методы воспитания культуры безопасного поведения детей дошкольного возраста // Современное дошкольное и начальное образование: проблемы и

тенденции развития: сборник статей по материалам Всероссийской научно-практической конференции. В 2 ч. Мининский университет. 2020. С. 64–68.

15. Ханова Т.Г., Вьюшкина Е.Е. Особенности воспитания навыков безопасного поведения в быту у старших дошкольников // Карельский научный журнал. 2020. Т. 9. № 3 (32). С. 18–21.
16. Аксенова З.Ф. Войди в природу другом. Экологическое воспитание дошкольников. М.: Сфера, 2012. 218 с.
17. Козлова С.А. Теория и методика ознакомления дошкольников с социальной действительностью: учеб. пособие для студентов сред. пед. учебн. заведений. М.: Издательский центр «Академия», 1998. 160 с.
18. Бичева И.Б. Методические основы формирования педагога безопасного типа поведения в дошкольной образовательной организации // Вестник Оренбургского государственного педагогического университета. Электронный научный журнал. 2019. № 4 (32). С. 218–231.
19. Шойгу, С. К. Организационные указания по подготовке населения российской Федерации в области защиты от чрезвычайных ситуаций на 1998-2000 годы / С. К. Шойгу// Основы безопасности жизнедеятельности 1998. -№ 2.-С. 55-60

ҚҰММЕН КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫ МЕН ҰСАҚ МОТОРИКАСЫН ДАМУ

Батырбаева Анаргүл Бейсенбековна

«Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Сандуғаш» бөбекжай-балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны»
әдіскері

Аннотация

Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың эстетикалық талғамы мен ұсақ моторикасын дамытуда құммен композиция жасаудың педагогикалық маңызы қарастырылады. Түрлі-түсті құмды шығармашылық әрекетте пайдалану балалардың сенсорлық қабылдауын, қиялын, көркемдік талғамын қалыптастырып, қол саусақтарының ұсақ қимылдарын жетілдіруге ықпал ететіні сипатталады. Авторлық тәжірибе негізінде құммен композиция жасаудың әдіс-тәсілдері, ұйымдастыру ерекшеліктері және күтілетін нәтижелері талданады.

Түйін сөздер

мектепке дейінгі білім беру, эстетикалық талғам, ұсақ моторика, құммен композиция жасау, сенсорлық даму, шығармашылық қабілет, дәстүрден тыс әдістер.

Кіріспе

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – баланың тұлғалық дамуына жағдай жасау, оның шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын және қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру болып табылады. Мектепке дейінгі жас – баланың қабылдау, қиял, сезім және қимыл әрекеттері қарқынды дамиды кезең. Осы кезеңде баланың эстетикалық талғамын қалыптастыру мен ұсақ моторикасын дамыту оның болашақтағы оқу әрекетіне, сөйлеу тіліне және жалпы зияткерлік дамуына тікелей әсер етеді.

Эстетикалық тәрбие баланың сұлулықты сезінуін, көркем бейнелерді қабылдауын, түстер мен пішіндердің үйлесімін түсінуін қалыптастырады. Ал ұсақ моториканың дамуы – баланың қол қимылдарының дәлдігін, икемділігін арттырып, жазуға, сөйлеуге дайындықтың маңызды алғышарты болып табылады. Осы екі бағытты қатар дамытуда дәстүрден тыс материалдармен жұмыс жүргізу, соның ішінде құммен композиция жасау ерекше тиімді болып табылады.

Құммен композиция жасаудың педагогикалық негіздері

Құм – табиғи, экологиялық таза, балалар үшін қауіпсіз материал. Құммен жұмыс жасау барысында бала материалды қолымен сезінеді, оның құрылымын, салмағын, қозғалысын байқайды. Бұл сенсорлық тәжірибе баланың қабылдауын дамытып, жүйке жүйесіне жағымды әсер етеді, эмоциялық жай-күйін тұрақтандырады.

Құммен композиция жасау – бұл баланың өз қиялын, сезімін және ойын көркем бейне арқылы білдіру мүмкіндігі. Түрлі-түсті құмды пайдалану түстерді ажырату, үйлестіру дағдыларын қалыптастырып, эстетикалық талғамның дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, құммен жұмыс жасау барысында бала әрекетті белгілі бір ретпен орындауға, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа үйренеді.

Ұсақ моториканы дамытудағы құммен жұмыстың рөлі

Ұсақ моторика – саусақтар мен қол білезігінің дәл әрі үйлесімді қимылдарын қамтамасыз ететін маңызды дағды. Құммен композиция жасау кезінде бала құмды себу, қабаттау, тегістеу, саусақпен сызық жүргізу, нүктелер жасау сияқты әрекеттерді орындайды. Бұл қимылдар саусақ бұлшықеттерін дамытып, қол қозғалысының нақтылығын арттырады.

Ғылыми-педагогикалық тәжірибеде ұсақ моториканың дамуы баланың сөйлеу тілімен тығыз байланысты екені дәлелденген. Сондықтан құммен композиция жасау баланың тілдік дамуына да жанама түрде ықпал етеді. Қол қимылдарының жетілуі арқылы баланың зейіні, есте сақтау қабілеті және ойлау әрекеті де дамиды.

Эстетикалық талғамды қалыптастырудағы мүмкіндіктер

Құммен композиция жасау балалардың эстетикалық қабылдауын дамытуға кең мүмкіндік береді. Түрлі түстерді үйлестіру, композицияның тепе-теңдігін сақтау, пішіндер мен көлемді сезіну арқылы бала көркемдік заңдылықтарды интуитивті түрде меңгереді. Әр бала композицияны өз қалауынша жасайды, бұл оның шығармашылық дербестігін арттырады.

Құммен жұмыс барысында балалар өз жұмысына баға беруді, әдемілік пен үйлесімділікті ажыратуды үйренеді. Дайын композицияны көру баланың жетістікке жету сезімін тудырып, өзіне деген сенімділігін нығайтады. Бұл эстетикалық тәрбие мен тұлғалық дамудың маңызды нәтижесі болып табылады.

Құммен композиция жасауды ұйымдастыру ерекшеліктері

Құммен композиция жасау жеке және топтық форматта ұйымдастырылуы мүмкін. Жеке жұмыс кезінде баланың жеке қызығушылығы мен қабілеті ашылса, топтық жұмыс барысында балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өзара тәжірибе алмасады, коммуникативтік дағдыларын дамытады.

Жұмыс барысында төмендегідей әдіс-тәсілдер тиімді нәтиже береді:

- құмды себу және қабаттау;
- саусақпен, алақанмен сурет салу;
- түстерді алмастырып композиция құру;
- дайын үлгіге сүйене отырып немесе еркін тақырыпта жұмыс орындау.

Педагог баланың жас ерекшелігін ескеріп, тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай ұсынуы қажет. Ең бастысы – баланың еркін шығармашылық әрекетіне жағдай жасау.

Практикалық тәжірибе және нәтижелер

Құммен композиция жасау жүйелі түрде ұйымдастырылған жағдайда балалардың эстетикалық талғамының қалыптасқаны, түстерді үйлестіру қабілетінің артқаны және қол қимылдарының икемділігі жақсарғаны байқалады. Балалар шығармашылық тапсырмаларды қызығушылықпен орындап, жаңа идеялар ұсынуға талпынады.

Сонымен қатар, балалардың зейіні тұрақталып, жұмысты соңына дейін орындау дағдылары қалыптасады. Шығармашылық әрекет барысында балалар өз жетістіктерін бағалап, өзіне деген сенімділігін арттырады.

Қорытынды

Қорыта келе, құммен композиция жасау арқылы балалардың эстетикалық талғамы мен ұсақ моторикасын дамыту – мектепке дейінгі білім беру үдерісіндегі тиімді әрі нәтижелі әдістердің бірі болып табылады. Бұл әдіс баланың шығармашылық әлеуетін ашып, сенсорлық, моторлық және

эстетикалық дамуын кешенді түрде қамтамасыз етеді.

Құммен жұмыс жасау балалардың эмоциялық жай-күйін тұрақтандырып, шығармашылыққа деген қызығушылығын арттырады. Сондықтан құммен композиция жасау технологиясын мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісінде жүйелі түрде қолдану өзекті және маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Выготский Л.С. **Воображение и творчество в детском возрасте.** – Москва: Просвещение, 2015.
2. Давыдов В.В. **Проблемы развивающего обучения.** – Москва: Академия, 2012.
3. Кравцова Е.Е. **Психология детского творчества.** – Москва: Академия, 2018.
4. Сакулина Н.П. **Изобразительная деятельность в детском саду: методика и организация.** – Москва: Просвещение, 2013.
5. Кенжебаева А.Ж. **Мектепке дейінгі педагогика.** Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2017

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА КИНУСАЙҒА ТЕХНИКАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

САЙЛАУ ЕРКЕШ

«Алматы облысы Білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Шамалған ауылындағы «Бота» балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының әдіскері

Аннотация

Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда кинусайға техникасын қолданудың тиімділігі қарастырылады. Кинусайға – ине мен жіп қолданбай, матамен жұмыс істеуге негізделген сәндік-қолданбалы өнер түрі. Бұл техника балалардың ұсақ моторикасын, қиялын, эстетикалық талғамын, танымдық және эмоционалдық дамуын қолдауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында кинусайға техникасының педагогикалық әлеуеті, оны ұйымдастырылған оқу қызметінде қолдану жолдары және балабақша тәжірибесіндегі нәтижелері талданады.

Түйін сөздер: кинусайға, мектепке дейінгі білім беру, шығармашылық даму, ұсақ моторика, сәндік-қолданбалы өнер.

Андатпа: Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-тәрбие процесінде қолданылатын инновациялық технологияларды пайдалану қарастырылған. Мектепке дейінгі мекемелерде қолданылатын инновациялық технологиялардың өз тәжірибесінде қолданған негізгі түрлері сипатталған.

Аннотация: в статье рассматривается использование инновационных технологий, применяемых в образовательном процессе детей дошкольного возраста. Описаны основные виды инновационных технологий, применяемых в детских дошкольных учреждениях.

Ключевые слова: технология, педагогические технологии, инновационные педагогические технологии.

Кілт сөз: технология, педагогикалық технология, инновациялық педагогикалық технология

Инновациялық технологиялар – бұл қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайда баланың тұлғалық дамуындағы динамикалық өзгерістерге байланысты оң нәтижеге жетуге бағытталған оқыту, тәрбиелеу әдіс жүйесі, құралдары. Педагогикалық инновация тәрбие мен оқыту үдерістерін не өзгерте алады, не жетілдіре алады. Инновациялық технологиялар прогрессивті шығармашылықты біріктіреді, педагогикалық іс-әрекет процесінде өзінің тиімділігін дәлелдеген білім берудің технологиялары мен стереотиптік элементтерін қолданып баланың дамуына жол ашады.

«Күрделі тапсырмалардың қарапайым шешімдері» деп те атауға келетін аталмыш жұмысымының негізгі мақсаты инновация платформасының тәжірибесін ұсына отырып білім беру жүйесінде дәстүрлі және инновациялық ойын тәжірибесі мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасын табысты әлеуметтендіруде пайдалану жолдары. Сондықтан, ҚР-ның мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарт талаптарына сәйкес мектепке дейінгі мекемеде баланың жеке басын жан-жақты дамыту мәселелерін шешуді қамтамасыз ететін тиімді жұмыс түрлерін іздеу мәселесі өте өзекті болып табылады. Ал мектеп жасына дейінгі білім беру мекемесінің тәрбиешісіне заманауи технологиялардың кең ауқымын шарлау қазіргі кезеңдегі өзекті мәселенің бірі болып отыр.

Педагогикалық инновациялық технология - бұл педагогтың іс-әрекетінің құрылымы, оған кіретін барлық әрекеттер белгілі бір дәйектілік пен тұтастықпен ұсынылады, ал іске асыру қажетті нәтижеге қол жеткізуді болжайды және болжамды сипатқа ие болады. Бұл технологиялардың артықшылығы балалардың өзіне өзі қызмет ету рөлі мен пропорциясын күшейтіп қана қоймай, сонымен бірге басты назарда жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту, білім беру процесін даралау және саралау, тиімді өзін-өзі бақылау және оқу нәтижесін өзін-өзі бағалауға ықпал ететін технологиялар болады. Оқытудың баланың белгілі бір білім, білік және дағдыларды игеруі емес, баланың ересектеп (тәрбиеші) білім алып, оны өңдей алу, яғни не жаман, не жақсыны ажыратуы, дұрыс әрекет жасауы, қажет нәрсені таңдау, оны мықты есте сақтау және басқалармен байланыстыру қабілеті болуы керек.

Инновациялық технологияларды кеңінен енгізу балабақша тәрбиеленушілерінің білім сапасын, танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясын жақсартуға жағдай жасайды. Қазіргі білім беру технологияларын қолдану нәтижесінде: - Мен ұйымдастырылған іс-әрекеттері бойынша білімнің тұрақты сапасы (65-75%), мен жұмыс істейтін топ тәрбиеленушілерінің оқу жылы соңында өз жас ерекшелік білім құзыреттілігі 95,5% құрайды.

Тәрбиеленушілердің мотивациялық сферасын диагностикалау нәтижелері оқу-танымдық мотивтердің тар көзқарастарға қарағанда басым екенін көрсетеді. Осылайша, мен тиімді қолданатын инновациялық ойын технологиялар - баланың жеке басын дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін анықтау, физикалық және психикалық денсаулықты сақтау және жақсы нәтижелерге қол жеткізуді жоспарлауға маған мүмкіндік береді. Инновациялық ойын технологиялар көмегімен мектепке дейінгі оқу-тәрбие жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыруға күш жұмсай отырып, мен балабақшаішілік, қалалық семинарлар мен байқауларға қатысамын, шығармашылық интеллектуалды жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткіземін, бұл тәрбиеленушімнің танымдық қызығушылықтарын, белсенділігі мен шығармашылығын дамытуға ықпал етеді.

Сондықтан да инновациялық ойындарды тәжірибеде қолдана отырып әр білім беру саласының дағдыларын барынша жетілдіруге тырысамын. Нақты белгілі бір дағдыны жақсарту тәсілдерінің бірі - осы дағдыларға ерекше назар аудара отырып сәкес келетін инновациялық ойын тәсілін ойлап табуға болады, содан кейін бірнеше тілдік дағдыны қамтитын жаттығуларды біртіндеп енгіземін. Мысалы, «Ұлттық құндылықтар» тақырыбы бойынша балаларға білім беруде инновациялық ойын «Шабандос» деп алған жаңаша ойын тәсілін қолданамын. Осы ойыным арқылы ұлттық құндылық тақырыбы бойынша тапсырмаға қызығушылық туғызамын, осыдан кейін оқығанның негізінде шығармашылық тапсырма орындаудың үлгісі ұсынылады. Дағдыларды осылайша біртіндеп енгізудің тағы бір жолы – аудио-мәтін тыңдап немесе бейнематериал немесе бейнематериал көрсетуге болады, содан кейін қимылды ойындар жүргізуге немесе шығармашылық, танымдық тапсырма орындауға болады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы негізгі коммуникативті дағдыларды қалыптастыруда инновациялық ойын стратегияларының сипаттамасына тоқталатын болсам: инновациялық ойын стратегиялары - балалармен эксперимент жасауға, мағына құрып, түсінік қалыптастыруға, жаңа білім мен бұрынғы меңгерілген білімнің арасында

байланыс орнатады, қателік жіберу, барынша терең түсінуге жетелейді. «Бірлігіміз жарасқан» - құрылымдалған топтық инновациялық ойын тұлғааралық және қарым- қатынас дағдыларын жақсартады, балалар арасындағы кедергілерді жояды. Мектепке дейінгі оқыту, жаңа сапалық деңгейге шығу инновациялық ойын технологияларын әзірлемей мүмкін емес.

Педагогикалық инновация, жоғарыда атап өткенімдей, бұл – дамуы, тәрбие мен оқытуды жақсартуға бағытталған, сонымен қоса мақсаттар мен мазмұнды, формалар мен әдістерді жетілдіруге негізделген өзгерістер. Олар ғылыми ізденіс ретіндегі педагогтың келешектегі өздік дамуын талап ететін санасын қалыптастырады. Мектепке дейінгі жас үшін маңызды іс-әрекеттердің бірі – бұл қарым-қатынас. Ол тұлғаның дамуының қажетті шарты. Сондықтан педагог пен тәрбиешінің міндеті – осы іс-әрекетті арнайы ұйымдастыру, оның ішінде ынтымақтастық атмосферасын құру, балалардың бір-бірімен, балалар мен ересектің өзара сенімділігін жасау. Міндеттің шешімі педагог пен тәрбиешінің интерактивті әдістерін қолдану болып табылады.

Интерактивті – бір нәрсемен (қосалқы техникалық құралдармен) және біреумен диалог, әңгімелесу тәртібінде болу немесе өзара әрекет ету қабілеттілігін білдіреді. Тәрбиеші оқыту үдерісінің ұйымдастырушысы, топ көшбасшысы, мектеп жасына дейінгі балалардың бастамасы үшін жағдай жасаушы рөлін атқарады. Интерактивті оқыту негізіне жататын білім беру үдерісі - барлық балалар таным үдерісіне тартылатындай, олар нені біледі және нені ойлайтындығы бойынша ұғыну және ойлау мүмкіндігі болатындай ұйымдастырылады.

Қорыта айтқанда, инновациялық ойын технологиялар – заманауи әлеуметтік мәдени жағдайда баланың тұлғалық дамуында динамикалық өзгерістер есебінен позитивті нәтижеге жетуге бағытталған тәрбиелеу құралдарының оқыту тәсілдері мен әдістерінің жүйесі. Педагогикалық инновациялар тәрбие мен оқыту үдерісін өзгертуі немесе жетілдіруі мүмкін. Инновациялық ойын технологиялар педагогикалық іс-әрекет үдерісінде өзінің тиімділігін дәлелдеген білім берудің прогрессивті технологиялар мен стереотиптік элементтерін үйлестіреді. Модельдеу, жобалық-зерттеу, интеллектуалдық-ойын тәсілдері негізінде құрылған интеллектуалдық технологиялар айрықша қызығушылық тудырады. Олар зияткер балаларды математикаға, мәдениетке, тілдерге, логикаға жан- жақты дамытуға бағыттайды. Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісіне инновациялық технологияларды ендіру әрбір баланың зияткерлік сұраныстарын барынша тиімді шешуге мүмкіндік береді. ХХІ ғасырда білім берудің ұлттық жүйесін дамытудың негізгі бағыттары тәрбие мен оқытуда инновациялық ойын қағидаттар мен тәсілдерді қолдану, білім беруді ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін тереңдету, материалдық-техникалық базаны жаңарту және кеңейту, білім беру бағдарламалары мен қызметтерінің кең таңдауын қамтамасыз ету, білім беруді акпараттандыру болып табылады. Балабақшада берілетін тәрбие – барлық тәрбиенің бастауы, әрі жан-жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор деп санаймын.

Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі:

1. Жанпейісова М.М. Жаңа оқыту технологиясы / Алматы - 2002.
2. Дошкольная образовательная программа воспитания и обучения «Қарлығаш» – Астана: «Арман ПВ» баспасы, 2008 – 176 стр. каз/рус.

**Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен тәрбиелеудегі
заманауи педагогтің рөлі**

«№181 бөбекжай-балабақшасы» КМҚК

Кушкар Айжан Қайратқызы

Әдіскер. Алматы қаласы

Андатпа: Педагогпен балалардың өзара әрекеттесуі әрбір баланың жеке басының дамуынан өтеді. Иә, отбасы-бұл нәресте үшін алғашқы әлеуметтік институт болып табылады және ата-ананың баласының болашағының қалыптасуындағы рөлі сөзсіз. Бірақ көп нәрсе мұғалімге байланысты, өйткені балалар өмірінің көп бөлігін мектепке дейінгі мекеменің қабырғаларында өткізеді.

Балабақша тобында педагог мектеп жасына дейінгі бала үшін ең маңызды адам болып табылады. Тәрбиеленушілер -болашақта емес, қазір, бүгін өмір сүретін ерекше тұлғалар. Балалармен жұмыс жасаудағы педагогтің қателігі баланың болашағына әсер етуі мүмкін.

Педагогикалық шеберлік көбінесе педагогтің жеке қасиеттеріне, оның дағдылары мен біліміне байланысты. Педагогтің жеке басы, оның тәрбиеленушіге әсері орасан зор, оны ешқашан ешқандай педагогикалық техника алмастырмайды.

Педагог бала үшін өте маңызды тұлға болғандықтан, оның жеке дамуына жағдай жасау үшін оған үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Түйінді сөздер: заманауи педагог, тәрбиеші, замануи білім беру.

Аннотация: Взаимодействие педагога и детей проходит через развитие личности каждого ребенка. Да, семья-это первый социальный институт для ребенка, и роль родителей в формировании будущего его ребенка неоспорима. Но многое зависит от учителя, ведь большую часть жизни дети проводят в стенах дошкольного учреждения.

В группе детского сада педагог является самым важным человеком для дошкольника. Воспитанники-уникальные личности, живущие не в будущем, а сейчас, сегодня. Ошибка педагога в работе с детьми может сказаться на будущем ребенка.

Педагогическое мастерство во многом зависит от личностных качеств педагога, его навыков и знаний. Личность педагога, его влияние на воспитанника огромны, его никогда не заменит никакая педагогическая техника.

Поскольку педагог является очень важной фигурой для ребенка, на него возлагается большая ответственность за создание условий для его личностного развития.

Ключевые слова: современный педагог, воспитатель, современное образование.

Annotation: The interaction of the teacher and the children goes through the development of the personality of each child. Yes, the family is the first social institution for a child, and the role of parents in shaping the future of his child is undeniable. But a lot depends on the teacher, because children spend most of their lives in a preschool institution.

In a kindergarten group, the teacher is the most important person for a preschooler. The students are unique personalities who live not in the future, but now, today. A teacher's mistake in working with children can affect the child's future.

Pedagogical skills largely depend on the personal qualities of the teacher, his skills and knowledge. The personality of the teacher, his influence on the pupil is enormous, no pedagogical technique will ever replace him.

Since the teacher is a very important figure for the child, he has a great responsibility for creating conditions for his personal development.

Keywords: modern teacher, educator, modern education.

Қазіргі дамыған әлемде мамандық түрлері өте көп. Соның бірі және бірегейі – педагог-тәрбиеші.

Соңғы кезде «Қазіргі заман баласына – заманауи педагог!» - деген ұран көп айтылып жүр. Ал «заманауи педагог» деген кім?! Өз кәсібімен өмір сүретін, айтарлықтай жетістікке жеткен адамба? Бұл өмірде озырынан табуғатырысатын шығармашылық тұлғама? □ 1□

Тәрбиеші – бұл тек мамандық ғана емес, бұл кез-келген адамның қолынан келе бермейтін ерекше кәсіп. Себебі, бала тәрбиелеудегі жетекші рөл педагог-тәрбиешіге тиесілі.

Ол еліміздің ертеңі болар жаса заматтың болашағын жобалайды. Жоғары кәсіби жауапкершілік, әрдайым білімін дамытуға ұмтылу, ғылымның соңғы жетістіктеріне деген қызығушылық – бұл қазіргі заман талабына сай педагогтың міндеттері. □ 2□

Сонымен қатар, тәрбиеші мамандығы жан-жақты білімді, шексіз мейірімділікті, балаларға деген сүйіспеншілікті қажет етеді. Қазіргі балалардың білім деңгейінің жоғарылауын ескере отырып, мұғалімнің өзі жан-жақты дамуы керек: тек өз мамандығы саласында ғана емес, сонымен қатар саясат, өнер, мәдениет саласында да білімін дамытуды тоқтатпауы керек.

Қазіргі таңда әлем сәт санап дамып келеді. Заманғасай балалар да өзгеруде. Бұл өз кезегінде педагогтың біліктілігіне жаңа талаптар қояды.

Тәрбиешілер мемлекеттік білім беру стандарттарының жаңа талаптарын жүзеге асыру үшін заманауи білім беру технологияларын игеруі керек. □ 3□

Сондай-ақ, біз баланы тәрбиелеп қана қоймай, оның денсаулығы мен қауіпсіздігіне де көңіл бөлуді ұмытпауымыз керек. Демек, қазіргі балаларды тәрбиелеу кезінде гиперактивтілікті төмендету, жақсы қасиеттерді дамыту, зейінді шоғырландыру, баланың физикалық денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау қажет.⁷⁷

Менің ойымша, ата-аналарды балабақша өміріне кеңінен тарту, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру, жақындасу үшін жағдай жасау қажет. Ата-аналар балалармен бірге әртүрлі шығармашылық тапсырмаларды орындайтын мерекелерді көбірек ұйымдастыру қажет.

Балаларды мектепке дайындай отырып, біз мектеп жасына дейінгі баланың оқуға деген қызығушылығын, бастамашылығын, еріктілігін, баланың шығармашылық қабілетін қалыптастырамыз.

Біз заманауи тәрбиешілер, мектепке дейінгі балалық шақты бірқалыпты емес, әртүрлі болуын қамтамасыз етеміз. Біз балаларға өздерінің даралығын көрсетуге мүмкіндік береміз.

Кейде топқа ерекше бала келеді. Мұндай балалармен жұмыс істеу педагогтерге оңай емес. Бірақ, мейірімді, білімді, шыдамды, тәрбиенің құпияларын білетін білікті маман бұл мәселені шешуге міндетті. Қаншалықты қиын болса да, ол баланы мектепке дейінгі жаста тәрбелеу кеш емес. Баланы бір нәрсені бүлдіргені үшін ұрысуға және жазалауға болмайды, өйткені бұл балабақшаға, тәрбиешіге, жалпы білім беру жүйесін теріс көзқарастың пайда болуына әкелуі мүмкін.

Топта балалардың танымдық қызығушылығы мен белсенділігін қолдайтын орта қалыптастыру қажет. □ Бала, ересек адам сияқты, ол ойлайды, талдайды, сөйлейді, тыңдайды, түсінеді, сезінеді, басқа адамдармен байланысқа түседі. Тәрбиеші мектеп жасына дейінгі бала үшін ең маңызды адам болып табылады.

Менің ойымша, қазіргі қоғамға тәрбиеші-орындаушы емес, тәрбиеші- зерттеуші керек. Ол бастамашыл, кеңінен білімді, жаңа тәсілдермен материал ұсынуға тырысады, педагогикалық жұмысты қызықты ұйымдастырады, мектеп жасына дейінгі балаларға өздерін шығармашылық тұлға ретінде көрсетуге мүмкіндік береді. □ 5□

Ойымды қорытындылай келе, қазіргі заманғы заманауи педагог- тәрбиеші төмендегі қасиеттерге ие болу керек деген пікірге тоқталдым:

- білім берудің қазіргі заманғы міндеттерін жете түсіну;
- балалардың жеке қалыптасуы мен өзін-өзі дамыту процесін қолдау;
- балалардың физикалық және рухани дамуын бірдей алып жүру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытудың заманауи технологияларын енгізу бойынша педагогикалық қызметті жүзеге асыра білу;
- өзін-өзі тәрбиелеу және жеке басын дамыту.

Осы және басқа да адамгершілік қасиеттерді игерген педагог-тәрбиеші жаңа заманның баласына оң тәрбие беріп, оның болашақта еліміздің ертеңі болар азамат болып қалыптасуына үлес қоса алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Баймұратова Б.Б. Тіл дамыту. – А., 2012
2. Бақреденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – ПМПИ ғылыми баспа орталығы, 2016
3. Душка Н.Д. Синквейн в работе с дошкольниками» / М.Д. Душка // Журнал «Логопед», М.: «ТЦ Сфера», 2005. № 5. С. 85-91.
4. Козаренко В.А. Учебник мнемотехники // Система запоминаник
5. «Джордано» [Электронный ресурс], 2007. Режимдоступа: <http://mnemonikon.ru> (дата обращения: 10.03.2017).
6. Метербаева К.М., Искакова А.Т. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. Оқу құралы. – Астана, Фолиант, 2017.- 184 б

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ТАБИҒИ МАТЕРИАЛДАРДЫ (ҚАМЫС) ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Дүйсенбекқызы Жазира

№131 бөбекжай - балабақшасы

Тәрбиеші

Алматы қаласы

Аннотация

Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда қамыс табиғи материалын пайдалану арқылы балаларды табиғатпен жақындастырудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – мектепке дейінгі білім берудегі Үлгілік оқу бағдарламасы аясында экологиялық тәрбие мен танымдық-шығармашылық іс-әрекетті үйлестіру. Мақалада қамысты ұйымдастырылған оқу қызметінде және еркін ойын барысында қолданудың әдістемелік негіздері, практикалық ойын түрлері ұсынылған. Қамысты қолдану балалардың экологиялық санасын, ұсақ моторикасын, шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететіні дәлелденеді.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі білім, экологиялық тәрбие, қамыс, табиғи материал, ойын технологиялары.

Аннотация

В статье рассматриваются педагогические возможности использования камыша как природного материала в дошкольных организациях с целью приобщения детей к природе. Цель исследования – интеграция экологического воспитания и познавательно-творческой деятельности в рамках Типовой учебной программы дошкольного образования Республики Казахстан. Описаны методические основы и практические игровые формы работы с камышом. Показано, что использование природного материала способствует формированию экологического сознания, развитию мелкой моторики и творческого мышления детей.

Ключевые слова: дошкольное образование, экологическое воспитание, камыш, природный материал, игровые технологии.

Қазіргі таңда экологиялық мәдениетті қалыптастыру білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бағыт Қазақстан Республикасының тұрақты даму саясатына және білім беру саласындағы стратегиялық құжаттарына толық сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру процесінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға баулу қажеттілігі айқындалған. Аталған талаптар білім алушының табиғатқа саналы көзқарасын қалыптастыруды, экологиялық қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын меңгертуді көздейді.

Ғылыми-педагогикалық зерттеулерге сәйкес, экологиялық тәрбиенің негізі мектепке дейінгі кезеңде қаланады. Бұл кезеңде бала қоршаған ортаны тұтас қабылдап, табиғи нысандарға эмоциялық тұрғыдан жақын қарым-қатынас орнатады. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдарда баланы табиғи ортаға жақындататын, оның танымдық қызығушылығын арттыратын тиімді құралдар мен әдістерді қолдану өзекті болып табылады.

Осы тұрғыда қамыс экологиялық таза, табиғи ортада кең таралған және балалардың жас ерекшелігіне сәйкес келетін материал ретінде ерекше маңызға ие. Қамысты пайдалану арқылы балалар өсімдіктердің табиғи өсу ортасын, тіршілік үшін маңызын, экожүйедегі ролін тәжірибе жүзінде танып-біледі. Сонымен қатар қамыс қазақ халқының тұрмысында қолданылған табиғи материал ретінде ұлттық мәдениетпен сабақтастықты қамтамасыз етіп, этнопедагогикалық мазмұнды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мақаланың мазмұны Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытуды ұйымдастыруды реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделеді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы білім беру мазмұнында экологиялық тәрбиені жүзеге асырудың құқықтық негізін айқындайды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты баланың тұлғалық дамуын, қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін және табиғатты тану дағдыларын қалыптастыруды басты нәтижелердің бірі ретінде белгілейді.

Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасында «Таным», «Шығармашылық» және «Қоршаған ортамен танысу» балаға тиісті дағдылар аясында табиғи материалдарды пайдалану арқылы балалардың зерттеушілік, тәжірибелік және шығармашылық іс-әрекетін дамыту міндеттері айқындалған. Бағдарлама талаптарына сәйкес, қамысты оқу-тәрбие үдерісінде қолдану балалардың табиғатқа қызығушылығын арттырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді.

«Жасыл Қазақстан» экологиялық тұжырымдамасында қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және экологиялық сананы ерте жастан қалыптастыру қажеттілігі атап көрсетілген [3]. Осы тұрғыда мектепке дейінгі ұйымдарда қамысты пайдалану арқылы жүргізілетін экологиялық-тәрбиелік жұмыс тұжырымдаманың негізгі бағыттарымен өзара үйлесіп, балалардың табиғатқа жауапкершілікпен қарау құндылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді Үлгілік оқу бағдарламасында физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру арқылы баланың табиғатты зерттеу, бақылау, тәжірибе жасау дағдыларын дамыту көзделген.

Қамыс – табиғи ортада кең таралған, экологиялық жағынан қауіпсіз, мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс жасауға қолайлы табиғи материалдардың бірі. Оның құрылымдық ерекшеліктері, жеңілдігі және табиғи фактурасы балалардың танымдық және шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыруда кең педагогикалық мүмкіндіктер туғызады. Қамысты оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі пайдалану балалардың табиғатпен тікелей қарым-қатынас орнатуына, қоршаған ортаны тәжірибе арқылы тануына ықпал етеді.

Қамыспен жүргізілетін іс-әрекеттер барысында балалар табиғи объектілерді ажыратуды, олардың сыртқы белгілерін (түсі, пішіні, ұзындығы, қаттылығы) салыстыруды және жіктеуді меңгереді. Бұл әрекеттер балалардың логикалық ойлауын, бақылағыштығын және қоршаған ортаны тану қабілетін дамытады. Сонымен қатар қамысты пайдалану арқылы балалар өсімдіктердің өсу ортасын, тіршілік ету жағдайларын, су айдындары мен өсімдік дүниесінің өзара байланысын түсіне бастайды, экожүйе туралы алғашқы ұғымдары қалыптасады.

Қамыспен жұмыс жасау балалардың табиғатты қорғау қажеттілігін сезінуіне ықпал етеді. Табиғи материалды ұқыпты пайдалану, оны сындырмау, ысырап етпеу туралы тәрбиешімен бірлескен әрекеттер барысында балаларда табиғатқа жауапкершілікпен қарау, экологиялық мәдениеттің бастапқы дағдылары қалыптасады. Бұл Үлгілік оқу бағдарламасында көзделген экологиялық тәрбие міндеттерімен толық сәйкес келеді.

Сонымен бірге қамыс ұлттық қолөнерде кеңінен қолданылатын табиғи материал ретінде балаларды қазақ халқының дәстүрлі тұрмысымен, мәдени мұрасымен таныстыруға мүмкіндік береді. Қамыстан жасалған қарапайым бұйымдар мен макеттерді құрастыру арқылы балалар ұлттық құндылықтарды таниды, этнопедагогикалық мазмұнды меңгереді және ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы артады.

Қамыспен жұмыс жасау баланың сенсорлық қабылдауын жан-жақты дамытады. Табиғи материалды қолмен ұстап көру, иісін сезу, құрылымын зерттеу арқылы балалардың көру, сипап-сезу, қимыл-қозғалыс анализаторлары белсенді іске қосылады. Бұл өз кезегінде ұсақ моториканың дамуына, қол саусақтарының икемділігінің артуына және қозғалыс дәлдігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Сонымен қатар қамысты пайдалану барысында балалардың эстетикалық талғамы дамиды. Табиғи материалдың түсі мен пішінін үйлестіре отырып композиция жасау, әсемдікке ұмтылу балалардың көркемдік қабылдауын, шығармашылық қиялын және өзіндік ойлауын жетілдіреді. Осылайша қамыс мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық, танымдық, шығармашылық және ұлттық тәрбие міндеттерін кешенді түрде жүзеге асыруға

мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық құрал болып табылады.

Қамысты пайдалану арқылы ұйымдастырылған практикалық ойындар мен іс-әрекеттер мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық, экологиялық және шығармашылық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Ұсынылған ойындар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасында көзделген коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, дағдыларын мазмұнымен тығыз байланысты.

1. «Қамысты танып біл» ойыны

Мақсаты: Балалардың табиғи материалдар туралы түсінігін кеңейту, қоршаған ортаны тануға қызығушылығын арттыру.

Мазмұны: Балалар қамыстың сабағын, жапырағын, буындарын қолмен ұстап көреді, сыртқы белгілерін сипаттайды және басқа өсімдіктермен салыстырады. Тәрбиеші сұрақ-жауап әдісін қолдана отырып, қамыстың өсу ортасы мен табиғаттағы маңызын түсіндіреді.

Дамытушылық мәні: Ойын балалардың бақылау, салыстыру, талдау дағдыларын қалыптастырып, сенсорлық қабылдауын дамытады.

2. «Қамыстан бейне құрастыр» шығармашылық іс-әрекеті

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін, қиялын және ұсақ моторикасын дамыту.

Мазмұны: Балалар қамысты пайдаланып үй, жануар, күн, ағаш сияқты қарапайым бейнелер мен композициялар құрастырады. Тәрбиеші балаларға үлгі көрсетіп, өз идеяларын еркін жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Дамытушылық мәні: Бұл іс-әрекет балалардың кеңістіктік ойлауын, эстетикалық талғамын және өзіндік шығармашылық белсенділігін арттырады.

3. «Табиғатты қорғайық» дидактикалық ойыны

Мақсаты: Балалардың экологиялық санасын қалыптастыру, табиғатқа жауапкершілікпен қарау дағдыларын дамыту.

Мазмұны: Балалар қамысты табиғатта қалай дұрыс пайдалану керектігі, оны сындырмау, жұлмау, қорғау туралы өз пікірлерін білдіреді. Тәрбиеші экологиялық жағдаяттарды ұсынып, балалармен бірге дұрыс шешімдерді талқылайды.

Дамытушылық мәні: Ойын балалардың экологиялық ойлауын, сөздік қорын және өз көзқарасын дәлелдеп айту қабілетін дамытады.

4. «Ұлттық мұра» ойыны

Мақсаты: Балалардың ұлттық мәдениетке, дәстүрлі қолөнерге қызығушылығын арттыру.

Мазмұны: Тәрбиеші қамыстан жасалған ұлттық тұрмыстық бұйымдар (себет, төсеніш, қоршау элементтері) туралы әңгімелейді. Балалармен бірге қамысты пайдаланып қарапайым ұлттық бұйымның макеті құрастырылады.

Дамытушылық мәні: Ойын балалардың ұлттық құндылықтар туралы түсінігін кеңейтіп, этнопедагогикалық тәрбие элементтерін меңгеруіне ықпал етеді.

Алматы қаласы мектепке дейінгі ұйымы тәжірибесіндегі қамысты пайдалану (практикалық кейс)

Тәжірибелік жұмыс Алматы қаласы, Алатау ауданына қарасты №131 бөбекжай-балабақшасының ересек және мектепалды даярлық топтарында жүргізілді. Балабақшада экологиялық тәрбие үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде жүзеге асырылады.

Кейстің мақсаты: балаларды табиғи материал – қамыс арқылы қоршаған ортамен таныстыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және шығармашылық белсенділікті арттыру.

Ұйымдастыру кезеңі

Тәжірибе үш кезеңде ұйымдастырылды:

1-кезең – Танымдық-бақылау кезеңі

Балалармен бірге балабақша ауласында және жақын маңдағы жасанды тоған аумағында бақылау жұмыстары жүргізілді. Тәрбиеші қамыстың:

өсу ортасын;
сыртқы құрылымын;

табиғаттағы
маңызын түсіндірді.

Балалар қамысты қолмен ұстап, иісін сезіп, басқа өсімдіктермен салыстырды.
Бұл кезеңде балалардың қызығушылығы мен белсенділігі артқаны байқалды.

2-кезең – Ұйымдастырылған оқу қызметі

«Қоршаған ортамен танысу» оқу қызметінде келесі тапсырмалар орындалды:

«Қамыс қайда өседі?» (суретпен жұмыс);

«Қамыстың пайдасы» (әңгімелесу);

«Табиғатты қорғайық» (экологиялық сұрақ-жауап).

Оқу қызметі барысында балалар қамысты сындырмау, табиғи тепе-теңдікті сақтау қажеттігін түсінді.

3-кезең – Шығармашылық-ойын кезеңі

Шығармашылық-ойын кезеңі балабақшадағы шығармашылық орталықта ұйымдастырылды. Балалар қамысты пайдаланып:

үй макетін;

күс ұясын;

сәндік панно

жасау жұмыстарын орындады.

Бұл кезеңде балалардың ұсақ моторикасы, қиялы, эстетикалық талғамы және өзара қарым-қатынас жасау дағдылары белсенді дамыды. Бірлескен шығармашылық жұмыс барысында балалар өз идеяларын ұсынды, бір-бірімен келісіп әрекет етуге үйренді.

Жүргізілген тәжірибе нәтижелері қамысты пайдалану арқылы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық мәдениетін, танымдық қызығушылығын және шығармашылық белсенділігін арттыруда тиімді екенін көрсетті. Балалардың табиғатқа деген оң көзқарасы қалыптасып, табиғи материалдармен жұмыс жасауға қызығушылығы айтарлықтай артты. Алматы қаласындағы №131 бөбекжай-балабақшасында жүргізілген тәжірибелік жұмыс нәтижелері қамысты оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие берудің тиімді әрі қолжетімді әдісі екенін көрсетті. Табиғи материал ретінде қамыстың қолжетімділігі мен экологиялық қауіпсіздігі балалардың табиғатпен тікелей қарым-қатынас орнатуына, қоршаған ортаны тәжірибе арқылы тануына мүмкіндік берді.

Тәжірибе барысында қамысты қолдану балалардың танымдық белсенділігін арттырып, табиғи объектілерді бақылау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларының қалыптасуына ықпал етті. Сонымен қатар шығармашылық-ойын әрекеттері арқылы балалардың қиялы, эстетикалық талғамы және ұсақ моторикасы дамыды. Бірлескен жұмыстар балалардың өзара қарым-қатынас жасау, пікір алмасу және топта әрекет ету дағдыларын жетілдіруге оң әсерін тигізді.

Зерттеу нәтижелері қамысқа негізделген іс-әрекеттердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасында көзделген экологиялық, танымдық және шығармашылық міндеттерді кешенді түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін дәлелдейді. Аталған тәжірибе экологиялық мәдениетті қалыптастырумен қатар ұлттық құндылықтарды меңгертуге де жағдай жасайды.

Қорытындылай келе, қамысты пайдалану арқылы ұйымдастырылған экологиялық-тәрбиелік жұмыс тәжірибесін басқа мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие үдерісіне енгізу орынды деп санаймыз. Бұл әдіс педагогтер үшін әдістемелік тұрғыдан қолайлы, ал балалар үшін мазмұны жағынан қызықты әрі тәрбиелік маңызы жоғары болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2023.
4. Сейсенбаева, Ж. Экологиялық тәрбие негіздері. – Алматы: Білім, 2020.
5. Қалиева, А. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 2019.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МҮМКІНДІКТЕРІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Ж.Ж.Жанақұлова

№80 «Ботакан» балабақшасының әдіскері,
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Аңдатпа. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында заманауи технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін интеграциялау – баланың ерте жастан цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді жолы. Бүгінгі таңда интерактивті тақталар, робототехника элементтері, виртуалды шындық, және жасанды интеллектке негізделген оқу қосымшалары мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту үдерісін жаңаша бағытта дамытып келеді. Бұл құралдар балалардың логикалық ойлауын, шығармашылығын және танымдық қызығушылығын арттырады. Педагогтарға жеке оқыту траекториясын құруға, баланың даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект көмегімен ойын арқылы оқыту әдістері тиімділігін арттырып, білім беру мазмұнын дараландыруға жол ашады. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру жүйесіне цифрлық және AI технологияларын енгізу – заманауи педагогиканың басты талабы.

Түйін сөздер: инновация, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект

Annotation. The integration of modern technologies and artificial intelligence capabilities in preschool educational organizations is an effective way to form a child's digital literacy from an early age. Today, interactive whiteboards, robotics elements, virtual reality and artificial intelligence-based learning applications are developing the process of preschool education and learning in new ways. These tools increase children's logical thinking, creativity and cognitive interest. Allows teachers to build an individual learning path, control the dynamics of child development. AI-assisted game learning methods increase efficiency and promote individualization of educational content. Therefore, the introduction of digital and AI technologies into the preschool education system is the main requirement of modern pedagogy.

Keywords: innovation, digital technologies, artificial intelligence

Қазіргі заманда мектепке дейінгі білім беру жүйесі қоғамның дамуымен, цифрлық дәуірдің талабымен тығыз байланысты. Баланың ерте жастан технологиямен танысуы оның логикалық ойлауын, қиялын, шығармашылық қабілетін және тілдік дағдыларын дамытуда үлкен рөл атқарады. Сондықтан заманауи технологиялар мен жасанды интеллект (AI) құралдарын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесіне енгізу – сапалы білімнің кепілі. Бұл бағытта интерактивті ойындар, робототехника, AR/VR элементтері, мультимедиялық қосымшалар мен AI негізіндегі оқыту бағдарламалары қолданылады. Мұндай әдістер баланың белсенділігін арттырып, оқу процесін қызықты әрі нәтижелі етеді.

Мақсаты - Мектепке дейінгі білім беру процесінде заманауи технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану арқылы балалардың цифрлық сауаттылығын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

- Балалардың жас ерекшеліктеріне сай технологиялық құралдарды іріктеу және қолдану;
- Оқыту мен тәрбиелеу процесінде AI және цифрлық ресурстарды интеграциялау;
- Педагогтардың цифрлық құзыреттілігін арттыру;
- Ойын арқылы оқытуда жасанды интеллект элементтерін тиімді пайдалану;
- Баланың жеке даму траекториясын бақылау және талдау жүйесін енгізу.

Күтілетін нәтиже

-Балалардың цифрлық сауаттылығы мен танымдық белсенділігін артады;

85-Ойын арқылы оқыту тиімділігі күшейеді;

- Педагогтар заманауи технологияларды кәсіби деңгейде қолданады;
- Балаларда шығармашылық және логикалық ойлау қабілеті дамиды;
- Жасанды интеллектке негізделген интерактивті оқыту моделі қалыптасады.

Әдіс-тәсілдер:

Ойын технологиясы (AI және AR/VR негізінде);

Интерактивті оқыту (Quizizz, LearningApps, Canva, ScratchJr);

Жобалық әдіс (AI құралдарын қолдана отырып шағын зерттеу жұмыстары);

Робототехника элементтері мен оқыту (LEGO Education, Bee-Bot);

Цифрлық модельдеу және визуализация (Padlet, Tinkercad, PhET симуляциялары).

Қазіргі білім беру жүйесі жаңа технологиялармен жасанды интеллект (AI) құралдарын тиімді қолдануды талап етеді. Мектепке дейінгі ұйымдарда бұл үрдіс баланың алғашқы танымдық, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Заманауи технологияларды енгізу арқылы оқу процесі тек ақпарат беруші емес, баланың жеке ерекшелігіне бейімделген, интерактивті және ойын арқылы үйрететін ортаға айналады. Бұл бағыт баланың танымдық қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға және еркін ойлауына мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі оқыту, жаңа сапалық деңгейге шығу инновациялық технологияларды әзірлемей мүмкін емес. Мектепке дейінгі білім беру саласының бағыттарын дамыту - бұл салаға инновациялық технологияларды қолдану.

Инновациялық үдерістерді басқару, мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды сапалы білім беру, ойын және тәрбиелеу процесінде қолдану, мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру болып табылады.

Болашақта балалар өз жолында кездескен қиыншылықтарды жеңуге, шешім қабылдауы тиіс. Ендеше баланың ойлау қабілетін жан-жақты дамыту мен шығармашылық ізденіс дағдыларын үйренейік, үйретейік. Өйткені оқыту технологиясы педагогикалық үрдістің сапасын жетілдіруді талап етеді. Заман талабы – білімді, тәрбиелі, саналы, қабілетті, адамгершілігі мол, қоғамда өз орнын таба білетін тұлға қалыптастыру. Тұлға дегеніміз – адамның психикалық рухани мәдениеті. Тұлға мәселесі қай уақытта да өзінің сан қырлы жақтарымен заман талабынан түспейтіні анық. Баланың ақылы, ой-сезімі тәрбиешінің ерік-жігері, таусылмас мол қажырлы еңбекқорлығының арқасында жетіледі.

Бүгінде мектепке дейінгі ұйымдарда интерактивті тақталар, планшеттер, робототехника жиынтықтары, виртуалды және толықтырылған шындық (AR/VR) құралдары, сондай-ақ жасанды интеллектке негізделген қосымшалар кеңінен қолданылуда. Мысалы, AI көмегімен дыбысты танытын оқу бағдарламалары, тіл үйрететін чат-боттар немесе сурет арқылы үйрететін қосымшалар (Teachable Machine, Google Lens, ChatGPT, т.б.) баланың зейінін, есте сақтауын және ойлау қабілетін дамытады. Жасанды интеллект негізіндегі технологиялар баланың жеке даму қарқынын бақылауға мүмкіндік береді. Мысалы, педагог баланың қандай тапсырмаларды оңай немесе қиын орындағанын AI арқылы талдап, келесі қадамды жоспарлай алады. Мұндай тәсіл дара оқыту мен бейімделген білім берудің тиімді жолы болып саналады.

Сонымен қатар, ойын арқылы оқыту әдісі AI және цифрлық құралдармен ұштасқанда ерекше нәтиже береді. Балалар интерактивті ойындар мен виртуалды тәжірибелер арқылы табиғатты таниды, математикамен тіл үйренеді, эмоциясын дұрыс білдіруге дағдыланады. Мұндай тәсіл олардың цифрлық мәдениетін, экологиялық санасын, жаратылыстану қызығушылығын қалыптастырады.

Педагог үшін де жасанды интеллект – үлкен көмекші. AI сабақ жоспарын құру, визуалды материалдар дайындау, балалардың даму картасын жүргізу және ата-аналар мен кері байланыс орнату ісінде тиімді қолданылады. Сонымен бірге мұндай құралдар мұғалімнің уақытын үнемдеп, шығармашылық еркіндігін арттырады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында заманауи технологиялар мен жасанды интеллектті интеграциялау – тек техникалық жаңашылдық емес, педагогикалық

мәдениеттің жаңа бағыты. Ол баланың дамуына кешенді ықпал етіп, болашақта зияткер, дербес және шығармашыл тұлғаның қалыптасуына негіз қалайды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында заманауи технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін интеграциялау – білім беру саласының дамуындағы стратегиялық маңызды бағыттардың бірі. Бұл үрдіс баланың тұлғалық дамуына, танымдық белсенділігіне және шығармашылық қабілетінің артуына елеулі әсер етеді. Цифрлық дәуір талабына сай білім беру мекемелері жаңа форматтағы педагогикалық тәжірибені енгізіп, оқу мен тәрбиелеудің тиімділігін арттыруда.

Жасанды интеллект технологиялары (мысалы, ChatGPT, Teachable Machine, GoogleLens, т.б.) баланың жеке қабілетін ескеріп, бейімделген оқыту мүмкіндігін ашады. Мұндай тәсіл баланың логикалық ойлауын, есте сақтау қабілетін, шығармашылық қиялын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, педагогтарға әр баланың даму динамикасын талдауға, оқу процесін жоспарлауға және ата-анамен кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Интерактивті және ойын арқылы оқыту – мектепке дейінгі кезеңдегі ең тиімді тәсілдердің бірі. Осыған заманауи технологияларды қосу балаларды тек үйретіп қана қоймай, олардың цифрлық мәдениетін қалыптастырады. AR/VR құралдары мен мультимедиялық қосымшалар баланың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтіп, тәжірибелік түрде үйренуіне жағдай жасайды.

Жасанды интеллект – бұл деректерді талдау, үйрену және шешім қабылдау қабілетіне ие технология. Мектепке дейінгі ұйымдарда оны келесі бағыттарда қолдануға болады:

- Дыбыстық көмекшілер: балалармен тіл дамыту, сөйлеуді түзету ұйымдастырылған әрекеттерінде қолдану;

- Ақылды оқу бағдарламалары: баланың жас ерекшелігіне қарай жеке тапсырмалар ұсыну;

- Эмоцияны тану жүйелері: баланың көңіл күйін бақылап, педагогқа кері байланыс беру;

- Әкімшілік процестерде: құжат айналымын жеңілдету, жоспарлау, ата-аналармен байланыс автоматтандыру.

Сонымен қатар, жасанды интеллект педагогтың жұмысын жеңілдетеді. Сабақ жоспарын автоматы құрастыру, визуалды материал дайындау, дамытушы ойын сценарийлерін ұсыну сияқты мүмкіндіктер педагогтарға шығармашылық бағытта жұмыс істеуге жағдай жасайды. Бұл педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттырып, оқыту сапасын жақсарттады.

Балаларға танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерте отырып, педагог әр баланың зерттеу қабілеттерінің жеке дара екенін ұмытпауы керек деп ойлаймын. Осы тұрғыда қабілеттерін дамыта, шындай отырып, жетістіктерге жеткізуге мүмкіндік туғызады. Балабақша бүлдіршіндерінің зерттеушілік қабілеттерін арттыру - заман талабынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі. Ғылымның барлық саласының жедел дамуы - мектепке дейінгі білім беретін мекеме баласының терең теориялық ойлауға қабілеттілігін арттырып отыр.

Зерттеу әдісі – баланың өзінің танымдық-шығармашылық зерттеу ізденісінің арқасындағы танымдылық жолы. Оның негізгі құрамдары – мәселелерді айқындау, бақылау тәжірибе, эксперимент және пайымдау мен қорытынды жасау болып табылады. Балалар мектепке дейінгі шақта жаратылысынан зерттеуші болып келеді. Олар эксперимент жасауға талпыныс, білім құмарлыққа және мәселелі жағдаяттарды өз бетінше шешуге ықылас танытқанды жақсы көреді. Педагогтың көз қарасынша осы әрекетті жою емес, керісінше, баланың қиялы мен ойлауын мақсаттылыққа ынталандырып және белсенді түрде көмектесу, олардың түрлі мәселелерді шешуде білімін қалыптастыру қажет.

Заманауи технологияларды тиімді қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

- Балалардың шығармашылық қабілеттері мен логикалық ойлауы дамиды;

- Оқыту үдерісі қызықты әрі интерактивті сипат алады;

- Педагог пен бала арасындағы ынтымақтастық нығаяды;

- Балалар өз ойын еркін жеткізуге және жеке пікір қалыптастыруға үйренеді.

Бала мен педагогтың тұлғалы-бағытталған әрекеті болып табылады. Баланың жеке-даралығын түсіну, қабылдау, қызығушылықтарын ескеру, шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, эмоционалдық игіліктерін сақтау – міне, осылардың барлығы қазіргі кездегі педагогтардың басты міндеттері.

Бала – біздің болашағымыз. Сондықтан, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы әрі деңгейі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде, қазіргі таңда тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Осы аталып кеткен инновациялық технологияларды Мектепке дейінгі ұйымдарда жүйелі түрде қолдансақ, сонымен қатар жаңашыл технологияларды қарастырып қолданысқа енгізсек тәрбиеленушілердің білім сапасы, тәрбиесі, дамуы қарқынды түрде өседі деген ойлаймын. Осылайша, жаңа технологияларды қолдану - педагогтың қазіргі заманға сай өзгеріп отыратын әлемде өмір сүруге дайын, дені саулығын сақтай алатын, білімі мен машықтарын көрсете алатын, шығармашылығы кең, ақыл-ой өрісі дамыған, өз ойын сауатты жеткізе алатын, бәсекеге жарамды тұлғаны өсіруге жетелейді деген ойдамын.

Жаңа технологияларды енгізу барысында бір қатар мәселелер де туындайды. Атап айтқанда, педагогтардың цифрлық сауаттылығының жеткіліксіздігі, құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі және балалардың экран алдындағы уақытын тиімді реттеу қажеттілігі.

Сондықтан бұл бағытта педагогтарды арнайы оқыту, әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу және ата-аналармен бірлескен жұмыс жүргізу маңызды деп есептеймін.

Ұсыныстар:

1. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды енгізуге арналған модульдер қосу.
2. Педагогтарға арналған «Цифрлық педагогика және АІ құралдары» бойынша курстар ұйымдастыру.
3. Балалардың жас ерекшелігіне сай интерактивті және қауіпсіз цифрлық орта қалыптастыру;
4. Ата-аналармен бірлескен цифрлық мәдениет тренингтерін өткізу;
5. Заманауи технологиялар негізінде отандық оқу контенттерін (ойын, мультимедиа, АІ модельдері) жасау.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды тиімді интеграциялау – болашақ ұрпақтың зияткерлік әлеуетін арттырудың басты кілті. Бұл бағыт баланың ерте жастан ХХІ ғасыр дағдыларын меңгеруіне, өмір бойы үйренуге бейім тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбдіғаппарова С. Цифрлық педагогика негіздері. – Алматы: Рауан, 2022.
2. Бекенова Л. Педагогтің цифрлық құзыреттілігі: теория және тәжірибе. – Қызылорда, 2023.
3. Дүйсенова А. Мектепке дейінгі білім беруде АКТ қолдану әдістемесі. – Алматы, 2020.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2020.
5. Қайырова Г. Мектепке дейінгі білім беруде инновациялық технологиялар. – Нұр-Сұлтан, 2021.
6. Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие және оқыту стандарты. – Астана, 2021.
7. Смайлова А. Білім беру жүйесінде жасанды интеллект мүмкіндіктері. – Нұр-Сұлтан, 2023.
8. Сұлтанова Ж. Мектепке дейінгі білімде инновациялық орта қалыптастыру. – Алматы, 2022.

ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСТАНСКОГО И ЕВРОПЕЙСКОГО ОПЫТА: БИБЛИОТЕКА КАК ПРОСТРАНСТВО РАЗВИТИЯ ДЕТСКОЙ КОММУНИКАЦИИ

Н.К. Досалова

руководитель КГКП «Ясли-сад № 102»,

А.К. Калиева, А.О. Морозова

воспитатели КГКП «Ясли-сад № 102»,

Республика Казахстан, г. Алматы

Андатпа. Мақалада мектепке дейінгі ұйымдардағы жобалық қызметтің балалардың коммуникативтік және шығармашылық дағдыларын дамытудағы маңызы қарастырылған. Автор Азия және Еуропа елдерінің (әсіресе Ұлыбританияның *Book Start* бағдарламасының) тәжірибесін қазақстандық мектепке дейінгі білім беру жүйесіне кіріктіру жолдарын талдайды. «Библиотека в детском саду» жоба негізінде кітапхананың баланың сөйлеу мәдениетін, эмоциялық интеллектісін және әлеуметтік белсенділігін дамытудағы рөлі айқындалған. Мақалада кросс-мәдени жобалардың тиімділігі мен олардың мектепке дейінгі білім беру саласында одан әрі қолдану мүмкіндіктері қарастырылған.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі білім, жобалық қызмет, кітапхана, коммуникативтік дағдылар, кросс-мәдени тәсіл, отбасылық оқу, *Book Start*, ерте жастағы даму.

Abstract. The article examines project-based activities in preschool organizations as an effective means of developing children's communication skills through the creation of a library environment. It analyzes the integration of Asian and European educational practices, particularly the British *Book Start* program, into Kazakhstan's preschool education system. Based on the project «Library in Kindergarten» the paper highlights the role of the library as a cultural and educational space fostering children's speech development, creativity, and interaction. The study presents a comparative analysis and discusses the pedagogical potential and future prospects of cross-cultural library projects in preschool education.

Keywords: preschool education, project-based learning, library, communication skills, cross-cultural approach, family reading, *Book Start*, early childhood development.

Аннотация. В статье рассматривается проектная деятельность в дошкольных организациях как эффективный инструмент развития коммуникативных навыков детей через создание библиотечного пространства. Представлен опыт интеграции зарубежных практик стран Азии и Европы, в частности британской программы *Book Start*, с национальными ценностями казахстанского дошкольного образования. На примере проекта «Библиотека в детском саду» показано, как библиотека превращается в культурно-образовательную среду, где книга становится посредником детского общения, творчества и сотворчества. Проведён сравнительный анализ подходов, выявлены педагогические эффекты и перспективы дальнейшего внедрения кросс-культурных библиотечных проектов в систему дошкольного образования Казахстана.

Ключевые слова: дошкольное образование, проектная деятельность, библиотека, коммуникативные навыки, кросс-культурный подход, семейное чтение, *Book Start*, раннее развитие речи.

Современное дошкольное образование переживает этап глубоких преобразований, ориентированных на личностное развитие ребёнка, расширение его коммуникативных, когнитивных и социальных компетенций. Одним из наиболее эффективных средств формирования этих компетенций становится проектная деятельность, основанная на взаимодействии педагога, ребёнка и семьи. Особое место среди проектных направлений занимает развитие культуры чтения и речи через создание библиотечного пространства в детском саду, что позволяет объединить образовательные, воспитательные и культурные задачи в единое целое.

В рамках международного обмена опытом и программ повышения квалификации педагоги дошкольных организаций города Алматы прошли стажировки в странах Европы

и Азии, включая Великобританию, Малайзию, Китай и Сингапур. Зарубежный опыт показал, что детская библиотека в образовательной среде — это не просто место хранения книг, а динамическое пространство для общения, исследования, игры и творчества. Особенно сильное впечатление на педагогов произвела британская модель *Book Start* — государственная программа, направленная на развитие раннего детского чтения и вовлечение родителей в совместное знакомство ребёнка с книгой.

5. Сөйлеудің даму негіздері: Оқу құралы/ З.К. Мустафина, В.С. Торемуратова, А.С. Маметекова, С.С. Быстрова - Нұр-Сұлтан: «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2020

ТӘРБИЕ НЕГІЗІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТА

У.А.Турганбаева

№46 "Самал" санаториялық балабақшасының
әдіскері, педагог–сарапшы.
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Аңдатпа: Бұл мақалада ұлттық құндылықтардың тәрбиедегі маңызы мен олардың жас ұрпақтың тұлғалық қалыптасуына әсері қарастырылады. Автор ұлттық тәрбиенің бастауы отбасынан, бесіктен басталатынын, оның негізінде тіл, дін, салт-дәстүр, әдет-ғұрып секілді рухани байлықтар жатқанын атап өтеді. Сонымен қатар, аналардың, отбасылық тәрбиенің және халық даналығының (мақал-мәтелдердің) жас ұрпаққа үлгі болудағы рөлі айқындалады. Мақалада ұлттық құндылықтарды жаңғырту мен қазіргі қоғамда ұлттық тәрбие берудің қажеттілігіне баса назар аударылады. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы рухы биік, отансүйгіш, адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиелеу – басты мақсат ретінде көрсетіледі.

Түйінді сөздер: ұлттық құндылықтар, тәрбие, отбасы, рухани мұра, отансүйгіштік, мәдениет, дәстүр.

Annotation: This article explores the importance of national values in education and their influence on the personal development of the younger generation. The author emphasizes that national upbringing begins within the family and the cradle, being rooted in spiritual heritage such as language, religion, customs, and traditions. The role of mothers, family upbringing, and folk wisdom (proverbs and sayings) in shaping children's character is highlighted. The article focuses on the necessity of reviving national values and promoting them in modern society. Cultivating patriotism, morality, and spiritual strength through national education is presented as a key goal for building a strong and united nation.

Keywords: national values, education, family, spiritual heritage, patriotism, culture, tradition.

Аннотация: В данной статье рассматривается значение национальных ценностей в воспитании и их влияние на формирование личности подрастающего поколения. Автор отмечает, что истоки национального воспитания начинаются в семье, с колыбели, и в его основе лежат такие духовные богатства, как язык, религия, обычаи и традиции. Также подчеркивается роль матерей, семейного воспитания и народной мудрости (поговорок и пословиц) в формировании положительных образцов для молодежи. В статье акцентируется внимание на необходимости возрождения национальных ценностей и воспитания на их основе в современном обществе. Через приобщение к национальным ценностям обозначается главная цель – воспитание духовно богатого, патриотичного и нравственно зрелого поколения.

Ключевые слова: национальные ценности, воспитание, семья, духовное наследие, патриотизм, культура, традиции.

Ұлттық құндылықтар – ұлттың рухани тірегі, мәдениетінің айнасы, тәрбиенің негізі. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы да, елдің елдігін сақтау да тікелей осы құндылықтарға байланысты. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптастырған бай мұрасы – салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тіл, дін, ұлттық ойындар, музыка, ауыз әдебиеті – барлығы да жас ұрпақты тәрбиелеудің қайнар көзі саналады.

Алаш арысы Мағжан Жұмабаев: «Жас бала – жаңа өсіп келе жатқан жас шыбық. Оны қалай исең, солай өседі», – деп бала тәрбиесінің маңызын дәп басып айтқан. Иә, тәрбие балаға бесіктен басталуы тиіс. Бесіктегі жырмен тербеліп өскен бала, ертегі тыңдап, батырлар жырын бойына сіңіріп өскен ұрпақ жаман болмайды. Бұл – тек қазақ халқының емес, күллі түркі жұртының сан ғасырлық өмір тәжірибесінен алынған шындық.

Ұлттық тәрбие – әр баланың бойында отансүйгіштік сезімді оятатын, рухани тұтастықты қалыптастыратын маңызды тәрбие бағыты. Өйткені ұлттық құндылықтар тек салт-дәстүр мен әдет-ғұрыппен шектелмейді, ол – үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу,

әділдік пен адалдықты ту ету, ерлік пен елдікке баулу сияқты өмірлік қағидалар жүйесі. Адам бойындағы ұлттық қасиеттердің қалыптасуына отбасының, ананың рөлі орасан. Бесікте жатқан балаға берілетін тәрбиенің негізі – ананың әлдіі, әкенің өнегесі. Тарихта аналардың ұрпағына берген тәрбиесі арқылы ұлы тұлғалар дүниеге келген. Зере әжесі мен Ұлжан анасы Абайдай данышпанды тәрбиелесе, әжесінің тәрбиесін көрген Бауыржан Момышұлы елін қорғар ер азаматқа айналды. Осындай аналардан шыққан азаматтардың өмір жолы – бүгінгі ұрпаққа үлгі, тәрбиенің нақты нәтижесі.

Қазақ халқында «Ел болам десең – бесігіңді түзе» деген ұлағатты сөз бар. Бұл сөздің мәні – ұлттың болашағы ұрпақ тәрбиесіне байланысты екенін меңзейді. Бала тәрбиесі ұлттың болашағына тікелей әсер етеді. Егер біз ұрпағымызды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелесек, онда олар елін, жерін сүйетін, өз ұлтына қызмет ететін азамат болып өседі.

Бүгінгі таңдағы жас ұрпақ балалық шақтан бастап ұлттық құндылықтарға сүйене отырып тәрбие алуы шарт. Мұндай тәрбие көргендер ертеңгі күні елім, жерім дейтін жастарға айналары сөзсіз. Өйткені ұлттық құндылықтардың негізгі көріністері отансүйгіштік, отбасының бүтін болуы, қоғамға пайда тигізу секілді дүниелерден тұрады. Тарихты ақтарар болсақ, елімздің ерлері батыр, қыздарымыз қылықты болған. Мұнда тәрбие берудегі ең маңызды адамдардың арасында аналарымыздың рөлі орасан зор. Сондай аналардан Абай, Шәкәрім, Мағжан, Бауыржан секілді ағартушы, батырлар дүниеге келген. Сөйлеген сөздері Құран аяты мен хадиске негізделген, әрбір жасаған іс-әрекеттері зәредей зиян алып келмей, керісінше пайдасын тигізіп келе жатыр.

Ұлттық құндылықтардың арасында мақал-мәтелдер де өзіндік орынға ие. Бабаларымыздың айтқан әрбір сөздерінің мәні түпсіз терең тұңғыық. «Балаң өзіңе тартса жұбан, қоғамға тартса қуан», - деп бекер айтпаған дана халқымыз. Мұндағы негізгі мән қоғаммен етене араласу, қоғамға пайдасын тигізу, қоғамда белгілі бір орын табу мақсатында айтылса, «Ел боламын десең бесігіңді түзе» деп айтумен әлемдік аренада елдің ел болып қалуы үшін сол елде өмір сүріп жүрген адамның тәрбиесі бесіктен басталатынын айтқан. Сондай-ақ «Балаңа басқұр қалдырғанша, тозбайтын дәстүр қалдыр» деп, ұлттық құндылықтардан болған дәстүрдің үйретілуі, насихатталуы мен жаңғыруы бала тәрбиесіндегі орнын айшықтап тұрғандай. Бесіктен белі шықпаған балаға берілген тәрбиенің маңыздылығын түсіну үшін мына бір мақалды да атап өткен жөн болар: «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле». Бабалар мұнымен ұлттық тәрбиенің маңыздығын көрсетуде. Әрбір ұлттың тәрбие қайнары әртүрлі. Ел болып қалыптасамын десе, өзінің бабаларының жолын жалғастырамын деп ойласа, сол ұлтының тәрбиесін көрген абзал екендігін айтады.

Қазіргі таңдағы үлкенді сыйламау, ата-анасына жекіп сөйлеу, рәміздерді құрметтемеу, мұғалімдеріне қарсы шығу, басшыға бағынбау және т.б. олқылықтар кезінде дұрыс тәлім-тәрбие алмағандықта жатыр. Өсіп келе жатқан жас ұрпақ иығындағы жауапкершілікті шынайы сезінбейді. Өзін ұлт болып қалыптасуының басты факторларының бірі ұлттық құндылықтарды насихаттаушы адам екендігін түсінбеуде.

Ұлт белгілі бір адамнан қалай құралған болса, ұлттық құндылықты жүзеге асыратын адам да дәл солай жаратылған. Өйткені адам таңдай алмайтын, еріксіз болатын нәрселердің бірі бұл – қай жерде және кім болып дүниеге келуінде жатыр. Жоғарыла қозғаған мәселе бойынша түйін сөзімізді Ахмет Байтұрсынның «Балам» деген жұрт болмаса, «жұртым» дейтін бала қайдан шығады», - демекші, ертеңін ойлайтын, елінің дамуы үшін күресетін жастардың тәрбиеленуінде ұлттық құндылықтар таптырмас орынға ие. Сондықтанда беріп жатқан тәрбиемізде ұлттық құндылықтарға басымдық беретін болсақ, жастарымыз елдің әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне және дамыған елдердің деңгейіне бейімделеді деген ойдамыз.

Біз жас ұрпаққа дұрыс тәрбие беру арқылы ұлттық құндылықты сақтап, тәрбиенің негізгі бағыттарын түсіндіру. Бұған негіз ретінде отбасылық тәрбие – ұлттық құндылықтарды сақтаудың алғашқы қадамы. Қазақ отбасында үлкенге құрмет көрсету,

кішіге ізет білдіру, ата-анаға құрмет деген секілді ізетті ұғымдар бала тәрбиесінің негізгі қағидалары.

Ұлттық тәрбиенің міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу.

Тәрбиенің түп қазығы – ұлттық құндылықтар болып табылады. Өйткені ұлттық құндылықтарымыз арқылы өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігі артады, олардың рухани-адамгершілік қасиеттері дамиды.

Жас ұрпақ – біздің болашағымыз. Өскелең ұрпақтың ұлттық құндылықты білуі және оны күнделікті өмірде қолдануы мәдениетіміздің дамуына алып келеді. Осындай ауқымы кең іс-шаралар арқылы бүлдіршіндерімізге ұлттық құндылықтарымыз үйрету, ұрпақтан-ұрпаққа жалғау оны дәріптеу баршамыздың міндетіміз болып табылады.

Халқымыздың мақал-мәтелдері де ұрпақ тәрбиесінде ерекше рөл атқарады. «Балаң өзіңе тартса – жұбан, қоғамға тартса – қуан», «Тәрбиелі бала – ұядан», «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген мақалдар бала тәрбиесінің мәнін тереңінен түсіндіреді. Бұлар – халқымыздың сан ғасырлық ақыл-ойының сүзгісінен өткен тәрбиелік мәні зор нақыл сөздер. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда ұлттық тәрбиенің әлсіреп бара жатқан тұстары да бар. Кейбір жастар үлкенге құрмет көрсетпей, мұғалімге тіл тигізіп, рәміздерге немқұрайлы қарайды. Мұндай келеңсіздік ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысының жеткіліксіздігінен туындайды. Жастар арасында рухани құлдырау орын алмас үшін ұлттық сананы, тарихи жадыны, мәдени болмысты жаңғырту қажет.

Ұлттық тәрбие берудің негізі – отбасы. Отбасы – ұлттық құндылықтарды ұрпаққа аманаттайтын алғашқы әрі басты орта. Отбасында баланың бойына ұлттық сана, тіліне деген құрмет, үлкенге ізет, кішіге мейірім, отансүйгіштік қасиеттер дарытылуы қажет. Ал бұл тәрбиеге отбасы мүшелерінің барлығы үлес қосуы керек.

Бүгінгі жастар – елдің ертеңі. Ертеңін ойлаған ел ең алдымен жас ұрпағына сапалы тәрбие беруді басты назарда ұстауы тиіс. Ұлттық тәрбиені бойына сіңірген жас қана елінің дамуына үлес қоса алады. Тарихын танып, тілін құрметтеген, дінін ардақтап, дәстүрін дәріптеген ұрпақ – ұлттың мақтанышы.

Сондықтан ұлттық құндылықтар арқылы жастарға тәрбие беру – бүгінгі қоғамның маңызды міндеті. Балабақша да, отбасы да, қоғам да бірігіп, жас ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар бере алса, еліміздің болашағы жарқын болары анық.

Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің ғана емес, мемлекеттің тұтастығының, халықтың бірлігінің негізі. Бұл құндылықтар арқылы адам бойына адамгершілік, патриоттық, рухани тазалық, жауапкершілік пен ізгілік сынды асыл қасиеттер дариды. Сол себепті де ұлттық тәрбиені жаңғыртып, оны заманауи білім мен тәрбиемен ұштастыра отырып, келер ұрпақтың бойына дарыту – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Жас ұрпақ- ұлттың айнасы. Ұлттық құндылықтармен тәрбиеленген ұрпақ – ел болашағының кепілі. Сондықтан ұлттық тәрбиені ұлықтап, оның маңызын ұрпақ санасына сіңіру – ұлттың ұлы мұраты.

Әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамасы.* – Астана, 2020
2. Төлегенова, А. *Ұлттық құндылықтар арқылы тұлғаның рухани дамуы.* – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
3. Тәрбие негізі – ұлттық құндылықтарда. «Егемен Қазақстан» басылымы, 22 шілде 2021. [Егемен Қазақстан](#)
4. Ұлттық құндылық – тәрбие өзегі.«Егемен Қазақстан», 8 маусым 2021. [Егемен Қазақстан](#)

The Relevance of Forming Evaluation Criteria of Moral and Values Aspects of Educational Resources in Modern Conditions on the example of Ethno-Cultural Component (Абдифапбарова У., Амреева Т.). «Педагогика және психология», 2022. journal-pedpsy.kaznpu.kz

«АЛАҢДАҒЫ БЕСТЕМШЕ» ОЙЫНЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Р. Т. Намазбаева

Астана қаласы әкімдігінің

«№ 5 «Ақбота» балабақшасы» МКҚК педагог-психологі,
Қазақстан республикасы, Астана қаласы

Аңдатпа. Баланың қимыл-қозғалыс, зияткерлік және эмоциялық-әлеуметтік дамуын ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру қарастырылады. Ойын арқылы баланың танымдық қабілеттерін, эмоциялық тұрақтылығын және әлеуметтік дағдыларын дамыту жолдары көрсетілген. Сондай-ақ ойынның психологиялық және педагогикалық маңызы ашылып, оның баланың рухани дамуына әсері сипатталған.

Annotation. The article examines the formation of a child's motor activity, intellectual, and emotional-social development based on national values. It highlights ways to enhance a child's cognitive abilities, emotional stability, and social skills through play. In addition, the psychological and pedagogical significance of games is discussed, along with their impact on the child's spiritual development.

Кілт сөздер: ұлттық ойын, қимыл-қозғалыс, қарым-қатынас, зияткерлік, эмоция, психология, педагогика.

Keywords: national game, motor activity, communication, intellect, emotion, psychology, pedagogy.

Балабақшада «Білім әлемдік болғанымен – тәрбие ұлттық болу керек» деген идеяға сүйенеміз. Осы ұстаным аясында біздің балабақша меңгерушісі, шығармашыл педагог Жолбарысова Мөлдір Айтқалиқызының авторлығымен жасалған – «Алаңдағы Бестемше» ойынын ұсынамын. Бұл ойын баланы ұлттық құндылықтар арқылы дамытып, зияткерлік, эмоциялық және қозғалыс дағдыларын бір арнаға тоғыстыратын инновациялық тәсіл ретінде қалыптасып отыр.

1. Ойынның шығу тарихы мен рухани негізіне тоқталатын болсам «Бестемше» – қазақ халқының зияткерлік мұраларының бірі, төрт мың жылдық тарихы бар ойын. Алғашында ашық аспан астында, тас үстінде ойналған. Бұл ойын бала ойлауын жетілдіру, зерделеу, есептеу және қиялдау қабілеттерін дамытуға арналған.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде:

«Тоғызқұмалақтың балаларға арналған қарапайым түрлері қоздату және бестемше деп аталады» – деп көрсетілген.

Яғни, бұл ойын баланың зияткерлік ойлауын, есте сақтау және талдау қабілетін дамытуға бағытталған көне дәстүрлі құрал.

Бестемше сияқты зияткерлік ойындар Индонезия, Вьетнам, Малайзия, Марокко, Түркия сияқты елдерде де кездеседі. Бұл оның адамзаттық мәдени феномен екенін көрсетеді.

2. Дәстүрмен сабақтастығы

Қазақ халқында «Ойын – баланың рухын танытатын орта» деген түсінік бар. Сол себепті «Алаңдағы Бестемше» ойыны дәстүрмен тікелей байланысты.

Қара шаңырақ ұғымына тоқталу. Дәстүр мен инновацияның осы үйлесімі – жобаның ерекше құндылығы.

3. Инновациялық түрленуі және мақсаты

Бұл ойын заманауи педагогикалық талаптарға бейімделді. Балабақшамызда бірнеше түрі әзірленді:

- Қалта Бестемше;
- Асық Бестемше;
- Эстетикалық және инклюзивті Бестемше;
- Магниттік және Тоқыма Бестемше;

- және ең маңыздысы – «Алаңдағы Бестемше» командалық ойыны.

Мақсаты: баланың қимыл-қозғалыс, зияткерлік және эмоциялық-әлеуметтік дағдыларын ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру.

Міндеттері:

- қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету;
- зейін, есте сақтау, қырағылық, жылдам шешім қабылдау қабілетін дамыту;
- ұлттық сана мен мәдени танымды қалыптастыру;
- командалық жұмыс, тәртіп, эмоцияны басқару мәдениетін дамыту;
- кеңістікті бағдарлау, санау, сөздік қорды молайту арқылы сыни ойлауға тәрбиелеу

4. Психологиялық және педагогикалық маңызы


Бала ойын арқылы өмірді таниды. «Алаңдағы Бестемше» ойыны баланың эмоциялық тұрақтылығын, шығармашылығын, ерік-жігерін арттырады.

Психологиялық тұрғыдан ойын келесі қасиеттерді қалыптастырады:


- өзін-өзі бақылау мен жауапкершілік;
- эмоцияны басқару мен басқаны түсіну;
- қиялға беріліп, елестету, жобалауға ұмтылады;
- ұжыммен қарым-қатынас мәдениеті;
- адамгершілік және көмек көрсету қасиеттері.

Ойын барысында бала қуаныш, реніш, толқу сияқты сезімдерді басынан өткізеді. Бұл – оның әлеуметтік және рухани дамуының табиғи жолы.

2024-2025 оқу жылының «Саналы» мектепалды тобының мамыр айындағы «Алаңдағы бестемше» ойыны бойынша диаграммасы



2024-2025 оқу жылының «Дарын» мектепалды тобының мамыр айындағы «Алаңдағы бестемше» ойыны бойынша диаграммасы



5. Ерекшелігі мен артықшылықтары

- Ойын ашық алаңда, таза ауада өтеді;
- Қауіпсіз және экологиялық таза материалдар қолданылады;
- Ерекше білім қажеттілігі бар балаларға бейімделген;
- Ата-аналармен бірлесе өткізуге мүмкіндік береді;
- 25 балаға дейін қатысуға болады;
- Құмалақтар үлкейтіліп, визуалды қолайлылық жасалған;

- Командалық ойлау, эмоцияны тану және басқару қабілеттерін жетілдіреді.
Бұл жоба баланы ойнау арқылы ойлауға, әрекет арқылы үйренуге баулиды.

6. «Тоқыма Бестемше» – ұлттық шеберліктің жалғасы

Бұл нұсқа қазақтың қолөнер дәстүрін ойын арқылы жаңғыртудың тамаша үлгісі.

Артықшылықтары:

1. Денсаулыққа пайдалы – табан массажи, моториканы дамытады;
2. Қауіпсіз – жұмсақ, жарақат келтірмейді;
3. Экологиялық таза – жүннен, табиғи матадан жасалады;
4. Ұлттық рухты сіңіреді – қолөнер арқылы мәдениетке баулиды;
5. Қолжетімді – әр отбасында жасауға болады;
6. Ұжымдық ойынды дамытады – бірлескен әрекет арқылы ынтымақты нығайтады.

7. Жетістіктері және халықаралық мойындау

Бүгінде «Алаңдағы Бестемше» ойыны Астана қаласының 36 балабақшасында инновациялық жоба ретінде енгізілген.

Авторлық бағдарлама республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауында I орын иегері атанды.

2024жылы Түркия Республикасының Амасия қаласында «Алаңдағы Бестемше» ойыны бойынша әлем чемпионаты өткізілді. Бұл шара қазақтың зияткерлік ойынын әлемдік деңгейде мойындатқан тарихи оқиға болды. Чемпионат барысында Қазақстан мен Түркия педагогтері тәжірибе алмасып, Мангала федерациясы президенті және Ақыл-ой ойындары конфедерациясы төрағасы Рауф Өзгенмен ынтымақтастық жөнінде меморандум жасалды.

Астана қаласының зияткерлік ойындардағы халықаралық жетістіктері 2025 жылғы 20–26 қыркүйек аралығында Түркия Республикасының Амасья қаласында «Ұлттық зияткерлік ойындар және жаһандық мәдениет» тақырыбында халықаралық семинар және тоғызқұмалақ пен Алаңдағы бестемше ойындарының халықаралық жарысы өтті. Іс-шараны Бестемше, тоғызқұмалақ және мангала ойындары Ассоциациясы мен Амасья қаласының әкімдігі бірлесе ұйымдастырды. Аталған жарыс пен семинарға әлемнің бірнеше елінен өкілдер қатысып, ұлттық зияткерлік ойындар арқылы мәдени байланысты нығайтуға бағытталған маңызды алаңға айналды.

Астана қаласынан барған қатысушылар халықаралық додада жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Командалық жетістіктер: Қазақстан құрама командасы – Алаңдағы Бестемшеден бойынша командалық есепте – I орын иеленді.

8. Қорытынды

Қазір мен бір нәрсеге нық сенемін: Егер біз ұрпақтың жүрегіне ұлттық рух ұялата алсақ біздің болашағымыз мықты болады. «Алаңдағы бестемше» сол рухты тірілтетін, ұлт пен ұрпақтың арасын жалғайтын көпір.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ақшораев Ә. 60 сабақтық тоғызқұмалақ ойынының оқулығы. Тараз, 2001.
2. Есмағамбетов З. «Дене тәрбиесі ілімі мен әдістемесінің негіздері» - 2011.
3. Жиенбаева С.Н., Бекмағамбетова Р.Қ., Сыздықбаева А.Ж., т.б. Мектепке дейінгі педагогика: оқу құралы. - Альманах, 2018.
4. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі тәрбие: ТЖКб үшін оқулық. Алматы: EDP Hub (Идипи Хаб) Саратов: Профобразование, 2025. - 304 б. Мәтін электрондық.
5. Жұмабекова Ф.Н. Нургазиева Н. М. Мектепке дейінгі жастағы балалар психологиясы: ТЖКб үшін оқулық. Алматы: EDP Hub (Идипи Хаб) Саратов: Профобразование, 2025. 409 б. Мәтін электрондық.
6. Марчибаева У.С., Омаров Е.Б. Ахметов Ә.Қ. Ұлттық ойындарды оқу үрдесінде қолдануға арналған-әдістемелік құрал. Оқу-әдістемелік құрал. Астана, 2008. 84 б.
7. Ноғайбаев М. "Ұлттық өнеріміз тоғызқұмалақ мектеп бағдарламасында". Тараз, 1999.
8. Шотаев М., Жумабаев Н., Ақназаров С. «Таңғажайып тоғызқұмалақ» – Түркістан, 2004.

ОЙЫН - БАЛА ҮШІН ӨМІРЛІК ТӘЖІРИБЕ

С. Х. Сиражева

Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығының мектепке дейінгі
тәрбиелеу мен оқыту бөлімінің әдіскері

С. Б. Гаппаров

БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы, «Бөбек» бөбекжайының бейнелеу өнері
мұғалімі

Аңдатпа: Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы жан-жақты қарастырылады. Авторлар қазақтың ұлттық ойыны – асықтың тәрбиелік және дамытушылық мүмкіндіктерін ашып, «Бөбек» бөбекжайындағы «Алтын сақа» жобасының мазмұны мен нәтижелерін сипаттайды. Жоба барысында асық жинау, ұлттық ойындар мен оқу құралдарын әзірлеудің бала тәрбиесіне оң әсері көрсетілген. Сондай-ақ педагог-ата-ана-бала ынтымақтастығының рөлі және ұлттық дәстүрлерді жаңғыртудың өзектілігі дәлелденеді.

Annotation: The article comprehensively examines the importance of promoting national values in preschool education. The authors reveal the educational and developmental potential of the traditional Kazakh game asyk, describing the content and outcomes of the “Altyn Saka” project implemented at the “Böbek” kindergarten. The project demonstrated the positive impact of collecting asyks, creating national games and teaching aids on children’s upbringing. The study also emphasizes the significance of cooperation between teachers, parents, and children, and highlights the relevance of reviving national traditions in the context of spiritual modernization.

Аннотация: В статье рассматривается значение продвижения национальных ценностей в дошкольной системе. Раскрыт воспитательный потенциал казахской игры – асык. На примере детского сада «Бөбек» представлены содержание и результаты проекта «Алтын сақа». Показана эффективность сбора асыков, создания развивающих игр и пособий в воспитании детей на основе национального наследия. Отмечена важность сотрудничества педагога, родителей и детей, а также возрождения традиций в условиях духовной модернизации.

Кілт сөздер: ұлттық құндылықтар, мектепке дейінгі тәрбие, асық ойыны, рухани жаңғыру, дамытушы ойындар, «Алтын сақа» жобасы, инновациялық технологиялар

Keywords: national values, preschool education, asyk game, spiritual modernization, developmental games, «Altyn Saka» project, innovative technologies

Ключевые слова: национальные ценности, дошкольное воспитание, игра «асық», духовная модернизация, развивающие игры, проект «Алтын сақа», инновационные технологии.

Қазақ халқының ұлы ағартушысы, педагог-реформаторы Ахмет Байтұрсынов: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» деп бекер айтпаған. Бұл даналық сөз қазіргі білім беру жүйесіне, әсіресе мектепке дейінгі тәрбие саласына бағыт-бағдар беретін тағылымды өсиет болып табылады. Ғылым мен технология қарыштап дамыған заманда білім беру кеңістігі түрлі инновацияларды енгізумен кеңеюде. Дегенмен, рухани құндылықтарды сақтап, ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіру – ел болашағы үшін аса маңызды міндет. Жаһандану үдерісінде ұлттық болмысты сақтай білген халық қана өзінің тарихи жады мен мәдени мұрасын жоғалтпай, рухани тұрғыда кемелденіп, өркендей алатыны анық.

Мектепке дейінгі кезең – баланың жеке тұлға болып қалыптасуының ең нәзік әрі шешуші кезеңі. Психологтар мен педагогтердің пайымдауынша, дүниетанымдық, мінез-құлықтық, тілдік және эмоционалдық негіздердің басым бөлігі дәл осы кезеңде қалыптасады. Жас бала қоршаған ортаны өте тез қабылдайды, көргенін, естігенін, сезінгенін ойында сақтайды және

тәжірибе арқылы дамиды. Осыған орай, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, халықтың тарихи-мәдени мұрасы, ұлттық ойындарды баланың мектепке дейінгі шағынан бастап бойына дарыту – болашақ азаматтық тұлғаның іргетасын дұрыс қалауға мүмкіндік береді. Ұлттық тәрбие – баланың тілін, ойлауын, дүниетанымын, мінезін, қимыл-қозғалысын дамытумен қатар, оның ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, туған халқына деген құрметін арттырады.

Соңғы жылдары Қазақстанның мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың жан-жақты дамуына бағытталған жаңашыл технологиялар, зерттеу алаңдары, шығармашылық жобалар игеріле бастады. Соның бірі – Батыс Қазақстан облысында құрылған «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық дамыту зертханалары. Бұл алаң бүгінде өңірдегі 115 мектепке дейінгі ұйымды теориялық-практикалық тәжірибе алмасу жүйесіне біріктіріп, жаңа білім беру моделін құруға ықпал етіп отыр. Аталған зертханаларда балалардың танымдық-интеллектуалдық дамыту, экологиялық тәрбие, музейлік педагогика арқылы патриоттық тәрбие беру, салауатты өмір салты мен ұлттық құндылықтарға баулу, адамгершілікке тәрбиелеу, мектеппен сабақтастық, балалар әлеміндегі театр, Қадыр Мырза Әлі шығармалары, М.Монтессори технологиясы, компьютерлік сауаттылығын арттыру, ақпараттық технологиялар арқылы балалардың интеллектуалдық ой-өрісін дамыту және т.б. түрлі бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Осы зертханалар шеңберінде жұмыс істейтін мектепке дейінгі ұйымдардың бірі – «Бөбек» бөбекжайы. Аталған ұйым ұлттық тәрбие беруге ерекше назар аударып, оны заманауи білім беру үдерісімен ұштастыра білді. Бөбекжайда іске асырылған «Алтын сақа» жобасы – ұлттық ойын асықты баланың дамытушы құралы ретінде кеңінен қолданудың тиімді және жаңашыл үлгісі. Жоба бастауында «Алтын сақа» акциясы ұйымдастырылып, балалар мен ата-аналардан табиғи асықтар жиналды. Бұл үрдіс тек материал жинау емес, ұлттық ойынның мәнін түсіндіру, әңгімелеу, ата-ананың бала тәрбиесіне белсенді араласуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілді. Жиналған асықтарды педагогтер дамытушы ойын құралдарына бейімдеп, түрлі ойын түрлерін жасауға пайдаланды. Бөбекжай ішінде ұлттық нақыштағы арнайы асық бөлмесі жасақталуы – балалар үшін ұлттық ортаны сезінудің тәрбиелік тетігі болды.

Асық ойыны – ата-бабадан келе жатқан ұлттық мұра ғана емес, нағыз педагогикалық құрал. Бұл ойындар баланың ұсақ моторикасын, қозғалыс дәлдігін, көз-қол координациясын, логикалық ойлауын, зейінін, жылдамдығын дамытатыны ғылыми түрде дәлелденген. Сонымен қатар асық ойнау – жарысу, жеңу, жеңілу, достық, әділдік, төзімділік секілді әлеуметтік эмоцияларды қалыптастырады. Халық дәстүрінде асық – баланың батылдық, ептілік, шапшаңдық дағдыларын шыңдауға арналған құрал болған. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, бөбекжайда «Асық ату», «Бес асық», «Бәйге», «Дойбы», «Абакус», «Ғажайып экскаватор», «Бизиборд» сияқты ойын түрлері әзірленіп, оқу-тәрбие үдерісінде белсенді қолданылуда. Бұл ойындар баланың танымдық қабілеттерін арттырып қана қоймай, ұлттық құндылыққа деген сүйіспеншілігін оятады.

Жобаның маңызды нәтижелерінің бірі – отбасы мен балабақша байланысының күшеюі. Ата-аналардың ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бірлесе қатысуы, ұлттық киімдер, ұлттық бұйымдар мен ойындарға материал дайындауы, баланың тәрбиесіне әсер етуге ынталануына серпін берді. Тәрбие жұмысының табысты болуы үшін ата-ананың көзқарасы айқын, ұлттық болмысқа деген құрмет жоғары болуы шарт. «Алтын сақа» жобасы дәл осы ұстанымды дәлелдей түсті: ата-аналар өз ұсыныстарын беріп, ойын құралдарын жасауға көмектесіп, балалардың нәтижелерін жіті қадағалады.

Ұлттық ойындар тек баланың жеке дамуына емес, сонымен бірге патриоттық тәрбиесіне ықпал ететін рухани фактор. Ұлттық тәрбиенің мазмұнында туған жерге сүйіспеншілік, ұлттық әдеп нормалары, қонақжайлық, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу сияқты адамгершілік құндылықтар тұтас беріледі. Бұл құндылықтарды мектепке дейінгі жастағы бала санасына ойын арқылы сіңіру – тәрбиелік жұмыстың ең нәтижелі тәсілі.

Жаһандану заманында ұлттық негізді сақтап қалу – үлкен жауапкершілік. Бүгінгі бүлдіршін – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын азамат. Егер бала жастайынан халқының мәдениетін құрметтеп өссе, оның бойында патриотизм, ұлттық намыс, елжандылық көзқарас

қалыптасады. Сондықтан ұлттық ойындарды жаңғырту, оларды оқу-тәрбие кеңістігіне бейімдеу, тәжірибе алмасу алаңдарын кеңейту – уақыт талабы.

Қорыта келгенде, «Алтын сақа» жобасы – ұлттық тәрбиені заманауи білім беру жүйесімен ұштастыра отырып іске асырылған тиімді тәжірибе. Ол балалардың жан-жақты дамуына ықпал етіп қана қоймай, ұлттық мәдениетті жаңғыртуға, ата-аналардың тәрбиелік үдеріске белсенді араласуына, педагогтердің кәсіби шығармашылығына серпін берді. Алдағы уақытта осындай жобаларды өңірлік және республикалық деңгейде кеңейтіп, басқа мектепке дейінгі ұйымдармен тәжірибе алмасу, ұлттық ойындар фестивалін ұйымдастыру, оқу-әдістемелік құралдар шығару, ғылыми-тәжірибелік зерттеулер жүргізу – ұлттық білім беруді дамыту жолындағы маңызды қадам болмақ.

Ұлттық құндылықты ұрпақ санасына ерте сіңіру – ел болашағына салынған ең берік іргетас. Бүгін басталған ізгі іс ертең ұлттың рухани дамуына қызмет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіразақова Н., Оралбаева С. Мектепке дейінгі білім беруде ұлттық құндылықтарды қолдану әдістері // «Мектепке дейінгі білім» журналы. – 2021. – №3.
2. Әділова Д. STEAM және ұлттық ойындар синтезі: мектепке дейінгі кезеңдегі дамытушы орта. – Нұр-Сұлтан: Қазақ университеті, 2022.
3. Баймұқанова А. Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық дамуын ұлттық ойын арқылы жетілдіру // «Бала тәрбиесі» әдістемелік жинағы. – Алматы, 2021.
4. Балаларға арналған ұлттық ойындар жинағы. Жаңартылған басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
5. «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық дамыту зертханасының Ережесі. – БҚО Әдістемелік орталығы, 2025.
6. М. Монтессори технологиясын мектепке дейінгі ұйымдарда қолдану тәжірибесі. – Астана, 2020 (әдістемелік құрал).
7. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындарын мектепке дейінгі тәрбиеге енгізу жаңашылдығы // Педагогика және психология журналы. – 2022. – №6.
8. Тұрсынова А.Т. Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын педагогикасын қолданудың жаңа бағыттары. – Алматы: Білім, 2023.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Д. Т. Кудашева

Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығының мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бөлімінің басшысы

С. Е. Жанжигитова

БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы, «Бөбек» бөбекжайының меңгерушісі

Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы

Аннотация: Доклад посвящён экологическому воспитанию дошкольников и реализации проекта «Сдайте макулатуру – сохраните деревья» в детском саду «Бөбек». В рамках проекта проведена просветительская работа, собрано 823,8 кг макулатуры, что позволило сохранить около 13 деревьев и сформировать экологическую культуру у воспитанников и родителей.

Annotation: The report highlights the importance of environmental education for preschool children and presents the results of the project “Submit Waste Paper – Save Trees” implemented at the “Bebek” kindergarten. Within the project, awareness-raising activities were carried out to

develop ecological culture among children and parents. A total of 823.8 kg of waste paper was collected, which helped save approximately 13 trees.

Андатпа: Баяндамада мектепке дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің маңызы мен «Бөбек» бөбекжайында жүзеге асқан «Макулатураны тапсырыңыз – ағаштарды сақтаңыз» жобасының нәтижелері сипатталады. Жоба барысында балалар мен ата-аналар арасында экологиялық мәдениет қалыптастыру жұмыстары жүргізіліп, 823,8 кг макулатура жиналып, шамамен 13 ағаш сақталғаны көрсетілді.

Ключевые слова: экологическое воспитание, макулатура, охрана природы, экологическая культура, детский сад, переработка отходов, познавательное развитие.

Keywords: environmental education, waste paper recycling, nature protection, ecological culture, kindergarten, recycling, cognitive development.

Кілт сөздер: экологиялық тәрбие, макулатура, табиғатты қорғау, экологиялық мәдениет, балабақша, қайта өңдеу, танымдық дамыту.

Қазіргі таңда Қазақстанда ғана емес Дүниежүзі бойынша қоршаған ортаны қорғау мен сақтау мәселесі алдыңғы орында тұр. Кейінгі ұрпаққа жерімізді бастапқы табиғи қалпын сақтап мирас ету үшін, барша адам баласын кіші жастан бастап табиғатқа қамқорлықпен қарауды үйретуіміз керек.

Әлемдегі экологиялық проблемалардың туындауы халықтың экологиялық санасын, табиғатты пайдалану мәдениетін қалыптастыру бойынша қарқынды ағарту жұмыстарын қажет етеді.

Бұл жұмыс үздіксіз білім беру жүйесінің бастапқы буыны – балабақшада басталады. Мектепке дейінгі балалық шақ – адамның жеке басын қалыптастырудың бастапқы кезеңі, оның қоршаған әлемдегі құндылық бағдары.

Қоғамдық өмірдің барлық салаларын экологияландыру процесі әрбір жеке адамның экологиялық санасын, оның экологиялық мәдениетін қалыптастырудан басталады.

Қазір жас ұрпақтың экологиялық біліміне оның дамуының барлық кезеңдерінде, атап айтқанда, бастапқы кезеңіне қойылатын талаптар артып келеді.

Бұл процесте мектепке дейінгі ұйымдар ерекше рөл атқарады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде инновациялық авторлық бағдарламаларды қолданатын мектепке дейінгі ұйымдардың үлесін кеңейту, инновациялық қызмет, тәжірибелік-сынамалық жұмыстарына әдістемелік қолдау көрсету және озат педагогикалық тәжірибені тарату мақсатында Батыс Қазақстан облысының мектепке дейінгі ұйымдарында «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық дамыту зертханасы құрылып, өз жұмысын жүргізуде.

Бүгінгі таңда облыс бойынша 115 мектепке дейінгі ұйымдарында зертханалық алаңдар құрылып, олар балалардың танымдық-интеллектуалдық дамыту, экологиялық тәрбие, салауатты өмір салты, музейлік педагогика арқылы патриоттық тәрбие беру, ұлттық құндылықтарға баулу, баланы үйлесімді дамыту, адамгершілік тәрбие беру, мектеппен сабақтастық, балалар әлеміндегі – театр, Қадыр Мырза Әлі шығармалары, М.Монтессори технологиясы, компьютерлік сауаттылығын арттыру, ақпараттық технологиялар арқылы балалардың интеллектуалдық ой-өрісін дамыту және т.б. түрлі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізуде.

Қоршаған ортаның жаһандық проблемалары және балаларды табиғатқа жауапкершілікпен қарауға үйрету, тәрбиеленушілер арасында экологиялық сананы қалыптастыру қазіргі уақытта өзекті және өте маңызды мәселелердің бірі болғандықтан, мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру бойынша Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Тасқала ауылындағы «Бөбек» бөбекжай ұжымы да өз тәжірибесінде облыстық «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық дамыту зертханасы аясында «Макулатураны тапсырыңыз – ағаштарды сақтаңыз» жобасымен жұмыстануда.

Біз үшін жобаның негізгі мақсаты - педагогтердің, тәрбиеленушілердің, олардың ата – аналарының назарын адамның экономикалық қызметіндегі маңызды табиғи ресурс болып табылатын ормандарға ұқыпты, қамқорлықпен қарау проблемасына аудару, бірақ қоршаған

орта экологиясын сақтаудағы одан да маңызды ресурс-бұл «біздің планетамыздың тынысын сақтау».

Макулатураны жинау тақырыбы кездейсоқ таңдалған жоқ. Қағаз - бұл әр пәтердегі, кеңседегі, балабақшадағы қоқыстың негізгілерінің бірі. Бір тұрғын жылына орта есеппен 150 кг-ға дейін қағаз тастайды. Ал 1 тонна қағаз алу үшін шамамен 10 ағаш пен 20 000 литр су жұмсалады. Ормандар табиғат үшін үлкен рөл атқарады. Ағаштар оттегін бөледі, жер асты суларын қалпына келтіреді, топырақтың бұзылуына жол бермейді. Алайда, соңғы уақытта орман алқабының азаюы байқалады. Ормандардың жойылуының негізгі себебі, ағашты - қағаз, жиһаз, ойыншықтар, отын, үй және т. б. жасау үшін шикізат ретінде пайдалану. Ал қағаз-балалар шығармашылығы үшін ең қолжетімді және кең таралған материал. Бірақ ересектер әрқашан қағазды үнемді пайдалана бермейді. Бұл жобаның өзектілігі де осында макулатураны қайта өңдеуге тапсыру арқылы қоқыс аймақтарының көлемін азайтып қана қоймай, табиғи ресурстарды едәуір үнемдеуге, судың ластануын азайтуға болады. Ал қағазды, картонды тиімді қолдану арқылы жұмыс жасасақ баланың таным көкжиегі кеңейеді, қосымша білім мен практикалық дағдылары қалыптасады. Қағаз балалар шығармашылығы үшін ең қол жетімді және кең таралған материал. Мектеп жасына дейінгі балаларға қағазды үнемді жұмсаудың маңыздылығы, оны қайта пайдалану жолдары көрсетілді.

Жобаны жүзеге асыру үшін зерттеу жұмыстарын жүргізуге қажетті әдістемелік материалдар, жабдықтар таңдалып алынды, ата-аналарға түсіндіру жұмыстары, сауалнама жүргізілді.

«Макулатура тапсырыңыз», «Ағаштарды сақтаңыз», «Кітаптар ауруханасы» акциялары ұйымдастырылды. Қағазды үнемді жұмсау тақырыбында үгіт-насихат постері, қағазға арналған қоқыс контейнеріне макулатураны жинау бұрышы жасақталды.

Қағазбен тәжірибе жасау, қағаздың басқа заттардан айырмашылығын көрсететін эксперименттер жүргізілді. «Кітаптар ауруханасы» акциясында жыртылған кітаптарды өңдеп, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді, сондай-ақ, «Қағазға екінші өмір сыйлаймыз» тақырыбы бойынша топтарда қағаздардан дидактикалық ойындар әзірленді.

Әрине, макулатура жинау шырша ормандарын кесу мәселесін толығымен шешпейтінін түсінеміз, бірақ интернеттен алынған мәліметтерге сәйкес - 60-тан 100 келі салмақтағы макулатура 1 ағашты сақтай алатыны белгілі. Сәйкесінше, макулатураны жинау және тапсыру арқылы орманның бір бөлігін кесуден құтқарып қана қоймай, қоқыс полигонының ауданын азайта аламыз, сонымен қатар үлкен болмаса да экономикалық пайда табасыз.

Сөзімді қорытындылай келе, осы жобаны бөбекжайда қолдана отырып, біздер 823кг 800гр макулатура жинадық. Әр 60 кг макулатура 1 ағашты құтқарады. Демек, біздер 13 үлкен ағашты құтқардық! Бұл біздің балалармен жеткен жетістігіміз!

Макулатураны пайдалану ағаштарды кесуден сақтайды. Макулатураны жаңа қағаз, әртүрлі қағаз өнімдері, тіпті кейбір құрылыс материалдарын өндіру үшін пайдалануға болады. Сондықтан макулатура жинауды ұйымдастырып, қайта өңдеу кәсіпорындарын салу қажет. Біз жүргізген акция тәрбиеленушілеріміз бен олардың ата-аналары арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бастама болғанына сенімдіміз және осы бағытта жұмысымызды жалғастырудамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Экологиялық кодексі». – Астана, 2021.
2. Әбдіразақова Н., Аманжолова Л. Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие берудің тиімді әдістері // «Мектепке дейінгі білім» журналы. – 2023. – №4.
3. Жұмағұлова С. Экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы жобалық жұмыстың рөлі // Педагогика және психология. – Алматы, 2022. – №2.
4. «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық дамыту зертханасының Ережесі. – Батыс Қазақстан облыстық әдістемелік орталығы, 2025.

5. Баймұқанова А. Балабақшадағы экологиялық жобалар: тәжірибе және нәтижелер. – Нұр-Сұлтан: Қазақ университеті, 2021.
6. Ахметова Г. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолдары // «Бала тәрбиесі» әдістемелік жинағы. – Алматы, 2022.
7. Қайта өңдеу және қалдықтарды басқару туралы ұлттық баяндама. – Экология министрлігі, Астана, 2023.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ШЕТ МЕМЛЕКЕТ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ІСКЕ АСЫРУ

Л. Ж. Жанабаева

«Мерей» бөбекжай-бақшасының әдіскері, Түркістан облысы, Түлкібас ауданы. Керейт ауылы

Андатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда шет мемлекет ғалымдарының тәжірибелері мен әдістемелік жүйелерін ұлттық құндылықтарға негіздеп қолдану мәселелері қарастырылған. Шетелдік педагогикалық тәжірибелердің тиімді әдіс-тәсілдерін ұлттық құндылықтарға негіздей отырып мектепке дейінгі білім беру жүйесінде бейімдеп қолдану жолдары, сонымен қатар бала тұлғасын дамытуға бағытталған заманауи тәсілдерін ұлттық құндылықтарға бейімдеп тиімді түрде қолдануға болатыны сипатталған.

Түйін сөздер. Ұлттық құндылықтар, салт-дәстүр, ұлттық ойындар, ұлттық тәрбие, этнопедагогика

Annotation. This article considers the issues of using the experiences and methodological systems of foreign scientists in preschool organizations based on national values. It describes the ways of adapting and using effective methods of foreign pedagogical experiences in the preschool education system based on national values, as well as the effective use of modern methods aimed at developing the child's personality, adapting them to national values.

Keywords. National values customs and traditions, national games, national education, ethnopedagogy.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы использования опыта и методических систем зарубежных ученых в дошкольных организациях, основанных на национальных ценностях. Описываются пути адаптации и эффективного использования зарубежного педагогического опыта в системе дошкольного образования, основанного на национальных ценностях, а также использование современных методов, направленных на развитие личности ребенка, адаптацию его к национальным ценностям.

Ключевые слова. Национальные ценности, обычаи и традиции, национальные игры, национальное воспитание, этнопедагогика.

Қазіргі таңда білім беру үдерісінің басты міндеті – ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, заман талабына сай тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатта мектепке дейінгі ұйымдарда әлемдік педагогикалық технологияларды тиімді қолдана отырып, оларды ұлттық болмыспен үйлестіру – өзекті мәселе.

Монтессори, Пиаже, Выготский, Фребель сынды әлемдік деңгейдегі ғалымдардың теориялары мен әдістемелік жүйелері баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Алайда, бұл технологияларды қазақ халқының ұлттық дәстүрі, салт-санасы, мәдениеті мен тәрбие құндылықтарымен бейімдеп қолдану арқылы ғана біз болашақ ұрпақты өз елінің рухани мұрасына бейім, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан азамат етіп тәрбиелей аламыз.

1. Мария Монтессори әдісін ұлттық құндылықтармен ұштастыру


Негізгі идеясы: Баланың еркін дамуына, өздігінен әрекет етуіне мүмкіндік беру. *Қолдану жолдары:*

Монтессори технологиясын ұлттық элементтерді енгізу арқылы іске асыра аламыз.

Мысалы: Қобыз, домбыра, сырмақ, бесік сияқты заттарды танымдық ортаға қосу арқылы баланың ой-қиялын дамыту

Мысалы: Ұлттық тағамдарды (кұрт, ірімшік) жасау ойыны іс-тәжірибесі арқылы балалардың дағдыларын ұсақ-қол моторикасын дамыту.

«Тыныштық ойыны» кезінде домбырамен күй тыңдатып, балаға эмоциялық сергіту жасау. Саусақ моторикасын дамытуда қазақтың киіз басу, түйме қадау, кесте тігу өнерлерін қолданамыз



2. Жан Пиаже теориясы және қазақ фольклоры

Негізгі идеясы: Бала танымы кезең-кезеңмен дамиды, білім өз бетімен әрекет арқылы меңгеріледі.

Қолдану жолдары:

Баланың жас ерекшелігіне қарай қазақ ертегілері мен аңыз-әңгімелерді пайдалану (мысалы, «Алдар Көсе», «Тазша бала»).

«Себеп-салдар» байланысын түсіндіретін логикалық тапсырмалар қазақ тұрмысына негізделіп беріледі:

Мысалы. «Неге үй жануарлары қыста қорада тұрады?»

- «Киіз үйдің қабырғасын қалай атайды?»

Халық жұмбақтары мен мақал-мәтелдер арқылы баланың логикалық ойлауын дамыту.



3. Лев Виготский әдістемесі мен ұлттық қарым-қатынас үлгісі

Негізгі идеясы: Баланың дамуы әлеуметтік орта арқылы жүреді. *Қолдану жолдары:*

Ұжымдық ойындарды ұлттық ойындармен алмастыру: Мысалы: «Арқан тартыс», «Сақина салу», «Асық ойыны» – топтық, бірлескен әрекетке негізделген.

«Жақын арадағы даму аймағы» қағидасын үлкендердің (ата-әже), ересек балалардың (ағасы, әпкесі) көмегімен жүзеге асыру.

«Ата сөзі – ақылдың көзі» деген ұстаныммен балаларға ұлттық нақыл сөздер, баталар жаттатып, тілдік дамуын жетілдіру.

Рөлдік ойындарда «қонақ күту», «тұсау кесу», «құда түсу» сияқты салт-дәстүрді көрсету арқылы ұлттық әдептілікке тәрбиелеу.



4. Фридрих Фребель технологиясы мен қазақ ойын мәдениеті

Негізгі идеясы: Ойын – баланың негізгі әрекеті, даму құралы. *Қолдану жолдары:*

Қозғалыс ойындарын ұлттық ойынмен алмастыру: Мысалы: «Ақсерек-көксерек», «Ханталапай», «Қаражорға» биі.

Ойын арқылы табиғатты тану: Мысалы: «Төрт түлік», «Малдың пайдасы», «Аңдар мен құстар» тақырыптарында ойын- іс- әрекеттер өткізу.

Дидактикалық ойындарды ұлттық мазмұнда беру: Мысалы: Суретпен жұмыс: «Киіз үй бөлшектері», «Ұлттық киімдер», «Қазақтың тағамдары».

Ұлттық ойын арқылы математикалық ұғымдарды үйрету: Мысалы: Асықпен санау, көлем мен салмақты салыстыру (мысалы: «қайсысы ауыр?»).



Ұлттық құндылықтар мен сабақтастық нәтижелері

Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы. Сондықтан балабақшада қолданылатын кез келген технология тек білім мен дағдыны ғана емес, сонымен бірге *ұлттық рухты, ұлтжандылықты, имандылықты, отансүйгіштікті* қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Заманауи педагогикалық технологияларды ұлттық негізге ұштастырып балаға тәрбие беру негізгі бағыт болады. Ал сол бағытты бала жанына жақын етіп, *қазақы дүниетаныммен* ұштастыра білу – тәрбиешінің кәсіби шеберлігін көрсетеді.

Ұлттық тақырыптағы жобалық жұмыс Тақырып: **«Қазақтың ұлттық киімдері»**

1. Жобада балалар ұлттық киім үлгілерін зерттейді, суретін салады, қолмен жасайды (Монтессори тәсілі), ұлттық әндермен танысады (Гарднердің музыкалық интеллект бағыты). Қорытындысында шағын дефиле ұйымдастырылады.

Ойын әрекеті арқылы тәрбиелеу

Пиаже мен Фребель идеяларын қолдана отырып, «Бесікке салу», «Тұсауқесу» сияқты салт – дәстүрлерімізді сахналау. Осы арқылы баланың логикасы, тіл байлығы және қимыл-әрекеті дамиды.

АКТ және ұлттық мазмұн

Интерактивті тақтада ұлттық ертегілерді (мысалы, «Алдар Көсе», «Жетіқазына») көрсету арқылы баланың қабылдау, тыңдау, есте сақтау дағдыларын дамыту.

Мультимедия арқылы ұлттық аспаптар дыбысын тыңдатып, таныстыру.

Рөлдік ойындар мен әлеуметтік даму (Выготский)

Балалар «Наурыз мерекесін өткізу», «Қонақ күту» сияқты рөлдік ойындарда қазақтың салт-дәстүрін меңгереді. Баланың әлеуметтік дағдыларын қалыптасады.

Қорыта келгенде мектепке дейінгі ұйымдарда шет мемлекет ғалымдарының озық педагогикалық технологияларын қолдану - балалардың жан-жақты дамуына, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге және заманауи білім беру сапасын арттыруға үлкен мүмкіндік береді. Дегенмен бұл технологияларды қолдану барысында ұлттық құндылықтарды сақтап, қазақ халқының дәстүрі мен мәдени ерекшеліктерін ескерудің маңызы зор.

Шетелдік педагогикалық технологияларды ұлттық құндылықтармен ұштастыра қолдану – тәрбие мен оқытудың тиімді жолы. Баланың бойында ұлттық сана мен адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан, инновациялық педагогикалық әдістерді ұлттық құндылықтармен үйлестіре пайдалану- қазіргі мектепке дейінгі білім берудің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Монтессори М. «Оқыту мен тәрбиелеу әдістері».

3. Пиаже Ж. «Баланың ойлауы мен сөйлеуі».
4. Выготский Л.С. «Баланың дамуы мен тәрбиесі туралы еңбектер».
5. Фребель Ф. «Ойын арқылы оқыту негіздері».
6. Қазақтың ұлттық ойындары: жинақ. Алматы, 2018.
7. С.Ұзақбаева. «Халық педагогикасы және тәрбие».

ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ СОЦИАЛЬНЫХ НАВЫКОВ У ДЕТЕЙ: МОДЕЛИРОВАНИЕ ПОВЕДЕНИЯ В ЧРЕЗВЫЧАЙНЫХ СИТУАЦИЯХ

Г.Б. Сатканова - руководитель
КГКП «Ясли-сад № 73»
Республика Казахстан,
г. Алматы

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы «Кел, ойнайық, ойлайық!» жобасының мысалында жобалық тәсілді жүзеге асыру қарастырылады. Негізгі назар балалардың әлеуметтік дағдыларын, атап айтқанда, ынтымақтастық, жауапкершілік және төтенше жағдайлардағы қауіпсіз мінез-құлықты дамытуға бағытталған ойын әрекетіне аударылады. Ойын педагогикасының теориялық негіздері, балаларды әлеуметтендірудің кросс-мәдени тәсілдері, соның ішінде Англияның жобалық тәжірибесі талданады. Сюжеттік-рөлдік модельдеудің және ата-аналардың қатысуының маңыздылығы атап өтіледі..

Түйін сөздер: жобалық қызмет, ойын педагогикасы, төтенше жағдайлар, әлеуметтік дағдылар, әлеуметтендіру, мектепке дейінгі білім беру, халықаралық тәжірибе.

Annotation. The article explores the implementation of a project-based approach in a preschool educational setting through the example of the “Kel, oynaiyq, oilaiyq!” initiative. The core component is play-based learning aimed at developing key social skills such as cooperation, responsibility, and safe behavior in emergency situations among senior preschoolers. The article discusses theoretical foundations of play pedagogy, cross-cultural perspectives on children's socialization, including British project-based practices. The importance of role-play modeling and parental involvement is emphasized as key factors in developing essential life competencies in early childhood.

Keywords: project-based learning, play pedagogy, emergencies, social skills, socialization, preschool education, international experience.

Аннотация. В статье рассматривается реализация проектного подхода в условиях дошкольной образовательной организации на примере проекта «Кел, ойнайық, ойлайық!». Центральным элементом выступает игровая деятельность, направленная на развитие у детей старшего дошкольного возраста социальных навыков, таких как сотрудничество, ответственность и безопасное поведение в чрезвычайных ситуациях. Раскрываются теоретические основы игровой педагогики, кросс-культурные подходы к социализации детей, включая английский опыт проектной деятельности. Подчеркивается значение сюжетно-ролевого моделирования и участия родителей как факторов успешного формирования жизненных компетенций у дошкольников.

Ключевые слова: проектная деятельность, игровая педагогика, чрезвычайные ситуации, социальные навыки, социализация, дошкольное образование, международный опыт.

Атамыз қазақ кейінгі ұрпақтың қамын ойлауды мақсат ете отырып балаларының азамат болып қалыптасуына мән берген. «Баланы жастан»- деген қағиданы ескере отырып, бала тәрбиесінде дене шынықтыру мақсатында ұлттық ойындарды дамытып отырған [1]. Қазақ халқының ұлттық ойындары – ерлікті, өжеттілікті, шапшаңдық қасиеттерді қажет етеді. Қазақтың ұлттық ойындары тек сауықтық жағынан ғана емес сонымен қатар,ол- спорт, ол-өнер, ол- тәжірибелік маңызы бар тәрбие құралы. Қазіргі кезде осы ойындарды жаңғыртып қана қоймай, асықты түрлендіріп жаңаша мазмұнда ойын түрлерін жасап, санауға, есептер шығаруға, түстерді ажыратуға, қол моторикасын дамытуға қолданудамыз. Балалардың қолына икемді, қабылдауға жеңіл, әсерлі дидактикалық асық ойындарына қызығушылық жоғары болды.

Мақсаты:

Қазақ халқының ұлттық бағыттағы ойындарымен таныстыра отырып, оны бүгінге күнге лайықты етіп қолдану. Отан сүйгіштіктің негізі ретінде туған жерге, ата-дәстүрге, ұлттық құндылықтарға мән беру қажеттілігін үйрету.

Жаңа бағыттағы асық ойындары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін, интеллектуалды дамуын шыңдап танымдық шығармашылығын дамыту [2]. Ойын кезінде саусақ қол моторикасын дамыта отырып ептілікке, шапшаңдыққа, тез ойлауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Зейін, ес, ойлау қабілеттерін дамыту;
- Балалардың сөз қорларын байыту, сөйлем құрастыра білуге үйрету;
- Түстерді ажыратуға, көп – біреу ұғымдарын меңгеруге үйрету, санау қабілеттерін жетілдіру, кеңістік бағыттарын ажырату, уақытты бағдарлау, пішіндерді айыра білу дағдыларын, математикалық логикасын қалыптастыру;

Ұлттық ойындарды жанұя тәрбиесінен бастап, түрлі күнделікті іс-әрекет барысында, тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып, ұлттық ойындарымызға жаңа мазмұн беріп, жаңа заман талабына сай заманауи үлгіде, бала қауіпсіздігін ескере отырып, түрлі материалдарды пайдаланып дайындап іс-тәжірибемізде қолданудамыз [3].

Ұлттық ойындарын қолдануда балалардың жас ерекшелігі мен олардың қызығушылығы, мүмкіндіктерін ескере отырып жаңа ойын түрін дайындап, балаларға үйретудемін. Әр ойын кезінде балалардың қабілеттері мен қарқынын ескере отырып жұптастырып, 4-5 баладан топтарға бөліп немесе жеке балаларға дайындалған ойындарымыз да бар. Бұл ойын түрлері тәрбиешінің нұсқауымен түсіндіріліп, балаларға қолдау көрсетіле отырып ойналады.

Мектепке дейінгі мекемелерде ұлттық ойындарын насихаттау – бұл қазақтың ұлттық мұрасын дәріптеу, балаларды ұлттық құндылыққа қызықтыру және оларды тәрбие мен оқу процесіне енгізу. Бұл жұмыс бірнеше бағытта жүзеге асырылады:

- **Білім беру процесінде қолдану** – танымдық, шығармашылық, математикалық және моторика дағдыларын дамыту құралы ретінде пайдалану.

- **Ұлттық дәстүрді дәріптеу** – балаларды қазақтың ұлттық ойын мәдениетімен таныстыру, ата-аналар мен педагогтерге ұлттық ойындарының маңызын түсіндіру.

- **Денсаулық пен қозғалысты дамыту** – балалардың қимыл-қозғалысын, ептілігін, көз мөлшерін, зейінін арттырады.

- **Тәрбие жұмыстарына енгізу** – мерекелер, сайыстар, арнайы ҰІӨ арқылы балалардың ұлттық ойынына деген қызығушылығын арттыру.

- **Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар өткізу** – ұлттық ойындары арқылы отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайту.

Бұл үрдіс балалардың ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін оятып, олардың ой-өрісін, танымдық қабілеттерін және қозғалыс белсенділігін дамытуға көмектеседі.

Ұлттық ойындар балабақшада әртүрлі форматта ұйымдастырылуы мүмкін:

- **Танымдық бағытта** – түстерді, пішіндерді, сандарды үйрену мақсатында.

- **Қимылдық ойындар** – балалардың дене шынықтыру қабілетін арттыратын жарыстар түрінде.
- **Шығармашылық бағытта** – бояу, сәндеу, қолдан түрлі бұйымдар жасау.

Осылайша, ұлттық ойындар балабақшадағы оқу-тәрбие процесінің ажырамас бөлігіне айналып, балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

«Асық Fest» ойыны.

Ойын мақсаты: Балаларды түстерді ажыратуға үйрету, алған білімдерін ойын арқылы пысықтау, ойнай отырып ойлауға, зейінділікке дағдыландыру, қол моторикасы үйлесімділігін жетілдіру, шыдамдылыққа тәрбиелеу, танымдық дағдыларын дамыту [4].

Ойын шарты: Сиқырлы алаң шеңберін айналдары отырып 9 түстің ішінен көрсеткіш арқылы таңдалады, қандай түске түссе сол қорапшада тапсырмалар тұрады, соларға жауап беру керек. Тапсырмалар педагогтың ұйымдастыруымен өткізіледі.

«Түрлі түсті асық тапсырмаларын орында»

Ойын мақсаты: Түрлі – түсті асықтарда жасырылған тапсырмаларды бала алдында тұрған мәселелерді шығармашылық шешеді. Баланың ойлау қабілетін, танымдық белсенділігін, шығармашылық қиялын дамытуға көмектеседі [5]. Түрлі сұрақтарға қисынды жауап беруге, кез-келген өмірлік жағдайларда креативті ойлауға үйренеді.

Ойын шарты: Түрлі – түсті асықтармен жасырынған тапсырмаларға кубик лақтыра отырып 6 түсті асықтың астындағы тапсырмаларды орындайды. Ойын ортаңғы, ересек, мектеп алды топтарына арналған.

«Алфавит ойыны»

Ойын мақсаты: Әріптерді танып білу, сөздерге дыбыстық талдау жасау.

Ойын шарты Суретті карточкалар, кеспе әріптер беріледі, сөзге дыбыстық талдау жасай отырып, әріптер кілемшесімен секіре отырып, бөгеттерден өтіп сөз құрастыру. Мектеп алды сыныбына ұйымдастыруға болады.

«Қара жорға ойыны»

Ойын мақсаты: Балаларға ұлттық құндылық, ұлттық салт-дәстүрлерді айтқызы отырып ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Ойын шарты: Асық алаңы бойыншы шеңбер бойы жүре отырып әуен тоқтаған кезде, жасырынған киіз үйдің ішіндегі тапсырмаларды атау. Жасырынған суреттерде ұлттық тағамдар, ұлттық ойындар, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық құндылықтарға байланысты суреттер жасырылынған. Әр бала өз жасырылынған тапсырмаларын таңдай отырып, жауап береді.

«Тілім-менің тірегім»

Ойын мақсаты: Балаларды түстерді ажыратуға үйрету, алған білімдерін ойын арқылы пысықтау, ойнай отырып ойлауға, зейінділікке дағдыландыру, шыдамдылыққа тәрбиелеу, танымдық дағдыларын дамыту. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, топтық ойынды ойнай білуге тәрбиелеу

Ойын шарты: Сиқырлы алаң шеңберін айналдары отырып 4 түстің ішінен көрсеткіш арқылы таңдалады, қандай түске түссе сол қорапшада тұрған тапсырмаларға соларға жауап беру керек. Түрлі түсті қорапшадағы тапсырмалар жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, мақал-мәтелдер.

«Асық ілмек» ойыны.

Ойын мақсаты: Балаларды санауға, түстерді ажыратуға үйрету, алған білімдерін ойын арқылы пысықтау, ойнай отырып ойлауға, зейінділікке дағдыландыру, қол моторикасы үйлесімділігін жетілдіру, шыдамдылыққа тәрбиелеу, танымдық дағдыларын дамыту [6].

Ойын шарты: Үстел үстіндегі ойын алаңында түрлі-түсті асықтар орналасқан.

Балалар ілмегі бар таяқша арқылы, асықтарды жан-жағындағы түстерге орналастырады. Сары асықтарды іліп, сары түске орналастырады. Қызыл асықтарды қызыл түске орналастырады. Іліп алған асықтарын түстері бойынша санайды. Ойын ортаңғы, ересек, мектеп алды топтарына арналған.

«Түрлі түсті таяқшалар» ойыны

Ойын мақсаты:Түрлі – түсті асықтар орналасқан таяқшалармен бала логикалы ойлауға үйренеді және алдында тұрған мәселелерді шығармашылды шешеді. Баланың ойлау қабілетін, танымдық белсенділігін, шығармашылық қиялын дамытуға көмектеседі [7].Түрлі сұрақтарға қисынды жауап беруге, кез-келген өмірлік жағдайларда креативті ойлауға үйренеді.

Ойын шарты:Ойынға қатысушы балалар бір-бірден таяқшаларды алып,онда орналасқан асықтардың түсі бойынша алдарындағы тақтаға орналастырады.Ойын ермектік,жеке жұмыс, «миға шабуыл» үшін ересек,мектепалды топтарында ұйымдастыруға болады.

«Асықтарды түсіне қарай орналастыр» ойыны.

Ойын мақсаты:Түстерді ажырату,сәйкесінше орналастыру және санау арқылы баланың танымдық дағдыларын дамыту.Достық сыйластық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Ойын шарты:Балалар ұжыммен шеңбер бойы 7 түсті асықты түсіне қарай ұяшықтан енгізе отырып атау,дәлдікке,мергендікке тәрбиелеу.

«Сен білесің бе?»

Ойын мақсаты:Балаларға ұлттық құндылық, ұлттық салт-дәстүрлерді айтқызы отырып ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Ойын шарты: 4 топқа асық түсіне бөле отырып,жасырынған асық астындағы суреттерді атау.Жасырынған суреттерде ұлттық тағамдар,ұлттық ойындар,ұлттық салт-дәстүр,ұлттық құндылықтарға байланысты суреттер жасырылынған.Әр топ өз асық түсіне байланысты жасырылынған асықтарды таңдай отырып,жауап береді.

«Ертегіні құрамын, ой санама ұғамын» ойыны

Мақсаты: Қазақ ертегілерін айта отырып олардың кейіпкерлеріне сипаттама беруге үйрету. Шапшандыққа, жылдамдыққа, топтық ойынды ойнай білуге тәрбиелеу [8].

Шарты: Балалар ертегіні айта отырып ойнайды,кім жылдам сол жеңімпаз. Ойынға 4 бала шығады. 1-ден 5-ке дейінгі сандар бейнеленген сүйекшені лақтырады. Ертегі кейіпкерлерінің жағымды кейіпкеріне түссе ойынды жалғастырады,жағымсыз кейіпкерге түссе тапсырмаларды орындайды.

Барлық тапсырмаларды орындап сөреге бірінші жеткен ойыншы жеңімпаз атанады. Жеңіске жеткен ойыншы марапатталады.

«Шаңырақ» үстел-үсті ойыны

Ойын шарты: Тәрбиеші жүргізуші болады. Балаларды топқа бөліп алады. Ойынға 4 топ қатысады. 4 түсті асық немесе қуыршақтар болады. Ортаға сүйекшені лақтыру арқылы кезегімізді анықтап аламыз. Бұл ойында өтпелі тақырыпқа байланысты әр түрлі тақырыпта бірнеше карточка болады [9]. Сүйекшені лақтыру барысында сүйекшеде белгіленген сандардың біреуінің түсуі арқылы жүргізуші сол санның бойындағы сөзді жасырады. Жасырған сөздерді белгіленген уақыт аралығында табу.

Мысалы: Ән айтуда қолданылатын, ұлттық музыкалық аспап (домбыра). Сонымен қатар ойында киіз үй, жылқы, сандық суреттері бейнеленген. Киіз үйге түссе - 3 қадам артқа, жылқыға түссе - 2 қадам алға, сандыққа түссе - тапсырмаларды (тақпақ, мақал, өлең айту) орындау керек. Сөреге бірінші жеткен топ жеңімпаз атанады.

«Бірлік» асықты ойыны.

Ойын мақсаты:балалардың қарым-қатынасын нығайтып,танымдық қабілеттерін жетілдіру. Шапшандыққа, ептілікке, шыдамдылыққа баулу. Балалардың көңіл-күйлерін көтеріп, еркін эмоцияларын шығаруға ықпал жасау. Командамен жұмыс жасауға дағдыландыру [8].

Ойын шарты:Балалар шеңберге тұрып,арнайы ілгіш арқылы асықтарды іліп алып, ыдысқа жинайды. Ыдысқа жинап жатқан асықтардың түсін,санын айтады.Ойын атына сәйкес, бірлесіп жасаған әрекеттін, нәтижесі болатынын мақсатқа жетудің жолы-ауызбіршілік, ұйымшылдық екенін түсіндіреді [9]. Ойынды тренинг ретінде ата-аналармен, педагогтармен ойнауға өте қолайлы.

«Асық доминосы» үстел-үсті ойыны

Ойын мақсаты: Асықтардың жүрестері арқылы балаларды байқампаз, зейінді болуға дағдыландыру, түстері мен тұру қалыптарын ажырату арқылы танымдық қабілеттерін қалыптастыру, ойынның жүрісіне сәйкес логикалық ойлауға, тапқырлық көрсетуге баулу. Достыққа, сыйластық қарым-қатынастарына тәрбиелеу, бәсекелестік қабілеттілікке икемді болуға баулу [10].

Ойын шарты: Асық доминосы дәстүрлі доминоның негізінде жасалған. Педагогтың көмегімен 2 бала бір-біріне қарама-қарсы ойнайды. Асықтың түсімен, тұру қалпымен сәйкестендіріп, «жүріс» жасалады. Мысалы түсі көк тәйкі асыққа, дәл сондай асық жасайды. 2 жақтан қойылып отырады.

Әрбір 2 асықтан орналасқан бөліктерді түсі мен тұрасына қарай қойған кезде соңында осылайша, көрініс шығады. Мән беріп қарасаңыз, түсімен де, тұрпатымен де сәйкес келеді. Баланың қиялын, логикасын дамытуда ерекше ойын.

Күтілетін нәтиже:

Баланың шығармашылық әлеуметін дамытады. Ойлау қабілетін дамытады, бейнелі және аналитикалық ойлау дағдысын қалыптастырады. Жады мен бақылағыштықты жатықтырады. Ой-өрісін дамыта отырып шапшаң шешім қабылдап, жан-жақты ойлауға үйренеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-тәрбие жұмыстарында қазақтың ұлттық ойындарын тиімді қолдана отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, тілін дамыту, ой-өрісін кеңейтеді, ұсақ қол моторикасын дамытады [11]. Түстерді ажыратады, санау дағдыларын, логикалық ойлау қабілеттерін арттырады, кеңістікті, уақытты, пішіндер мен көлемді бағдарлай алады. Алдына қойған мақсатқа жете білуге, сенімділік және жеңіске деген талпынысын топтық қарым-қатынасын қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Асық ойыны ережесі» Ж.С.Сабыржанова, Е.Б.Нарымбаев, А.Қ.Кургамбаев, 2011.
2. «Қазақ ұлттық ойындары – тәрбие көзі» әдістемелік нұсқау: Астана, 2011
3. «Қазақтың ұлттық ойындары» Алматы «Арда», 2006
4. «Мектепке дейінгі білім» журналы №4(52) 2014, 12- бет.
5. Е.Сағындықов «Қазақтың ұлттық ойындары» еңбегі, 2023.
6. Жұмабекова Ф,Н. Мектепке дейінгі педагогика – Астана, 2007.
7. Қоянбаев Ж.К. Педагогика. – Алматы, 2001.
8. М. Әлімбаев, Қ. Баянбаев. Шынашақ, - Алматы, 2022.
9. Отбасы және балабақша журналдары. №1, 4, 5, 7, 2017.
10. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы, 2024.
11. Ф.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Оқулық. - Алматы: 2014

**БАЛАБАҚШАДА БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ
ТӘРБИЕЛЕУ**

Г. Т. Каирбекова

№62 «Нұрсәуле» балабақшасының әдіскері,
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды насихаттау, бала тәрбиесіндегі маңызы және оларды балабақша тәжірибесіне енгізудің тиімді жолдары қарастырылған. Ұлттық рухты қалыптастыруда ерте жастан басталатын тәрбиенің маңыздылығы, педагог пен ата-ананың бірлескен іс-әрекеті және инновациялық әдістердің орны сипатталады.

Түйін сөздер: ұлттық құндылықтар, балабақша, мирас-мұра, салт-дәстүр, ұлттық ойын, ұлттық тәрбие, этнопедагогика.

Annotation. This article discusses the promotion of national values in preschool organizations, their importance in child education and effective ways to introduce them into kindergarten practice. The importance of early education in the formation of the national spirit, the joint activities of teachers and parents, and the place of innovative methods are described.

Keywords: national values, kindergarten, heritage, customs and traditions, national games, national education, ethnopedagogy.

Аннотация. В статье рассматривается популяризация национальных ценностей в дошкольных организациях, их значение в воспитании детей и эффективные пути внедрения в практику работы детских садов. Описывается значение раннего воспитания в формировании национального духа, совместная деятельность педагогов и родителей, роль инновационных методов.

Ключевые слова: национальные ценности, детский сад, наследие, обычаи и традиции, национальные игры, народное воспитание, этнопедагогика.

Ұлттық болмыс пен руханиятты сақтаудың басты жолы - өскелең ұрпақты ұлттық тәрбие негізінде тәрбиелеу. Қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуында, ұлттың тілі, діні, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы маңызды орын алады. Әсіресе мектепке дейінгі тәрбие кезеңі - баланың санасына алғашқы таным мен құндылықтардың қалыптасатын, негіз қаланатын кезең. Сондықтан балабақша - тек білім мен дағды беретін орын емес, ұлттық рухтың бастау көзі болуы тиіс.

Ұлттық құндылықтар - бұл белгілі бір халықтың тарихи қалыптасқан дүниетанымы, өмір сүру салты, салт-дәстүрі, тілі, мәдениеті мен рухани байлығы. Қазақ халқының ұлттық құндылықтарына мейірімділік, үлкенге құрмет, кішіге ізет, ата-ананы қадірлеу, қонақжайлық, жомарттық, еңбекқорлық, отансүйгіштік секілді қасиеттер жатады. Ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген бұл қасиеттер - халықтың рухани тірегі. Сол себепті ұлттық құндылықтарды мектепке дейінгі жастағы балаларға қарапайым, әрі тиімді тәсілдер арқылы үйрету - басты міндеттердің бірі [1]. Қай заманда болсын, ұлттық құндылыққа тәрбиелеуде халықтық қалыптасудың ең негізгі шарты-білім. Ұлттық тәрбиенің өрісі мен өресі – бүгін де, ертең де, халық үшін көкейтесті мәселе. Ұлттық мәдениет болмаса ұлт сақталмайды. Ал балабақша ұлттың да, ұлттық мәдениеттің де, өмір сүруімен дамуының алғашқы баспалдағы болып саналады. Сондықтан да қазіргі кезде халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт дәстүрі мен әдет ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап балабақшадағы тәрбие жұмысын кешенді ұйымдастыру жағына көңіл бөлуіміз қажет [2].

Педагогикалық әдістер мен тәсілдер: интеграциялық әдіс - ұлттық мазмұнды барлық білім беру салаларына (таным, сөйлеу, көркем әдебиет, музыка, сурет) кіріктіру. Драматизация - салт-дәстүрлер мен ертегілерді сахналау. Көрнекілік әдісі - ұлттық заттар, суреттер, бейнематериалдар пайдалану. Ойын әдісі - балалардың жас ерекшелігіне сай ұлттық ойындарды қолдану. Шығармашылық тапсырмалар - сурет салу, қолөнер, құрастыру арқылы ұлттық бейнелер жасау көзделеді. Ұлттық құндылықтарды балабақшада тәрбиелеудің маңызы - бала тәрбиесі туғаннан бастап отбасында басталады. Алайда балабақша - баланың әлеуметтік ортаға енуінің алғашқы баспалдағы. Мұнда бала өз құрдастарымен, педагогтармен қарым-қатынас жасайды, мінезі мен ойлауы, сөйлеу тілі дамиды. Осы кезде баланың бойына ұлттық тәрбиені сіңіру - оның рухани кемелденуіне, өзін тұлға ретінде сезінуіне сеп болады. Мектепке дейінгі кезеңде берілетін ұлттық тәрбие - баланың ұлттық сана-сезімін қалыптастырады. Қазақ тілі мен мәдениетіне деген қызығушылығын оятады. Әдептілік, сабырлылық, ұқыптылық, мейірімділік қасиеттерін дамытады және қоғамдағы орнын сезінуге, ұлтын сүйуге баулиды [3].

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды енгізудің негізгі бағыттары. Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар: балаларға жасы мен деңгейіне сай қазақ халқының салт-дәстүрлерін үйрету - олардың этномәдени білімін арттырады. Мысалы: «Тұсаукесер», «Бесікке салу», «Наурыз тойы», «Сүндет той» сияқты дәстүрлерді театрландырылған көріністер арқылы көрсету; «Әжемнің әңгімесі», «Атамның өнегесі» тәрізді тәрбие сағаттарын ұйымдастыру; Дәстүрлі әндер мен жырларды жаттату арқылы тілді дамыту.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде ойынның бала өмірінде алар маңызы ерекше. Ойындар жалпы ойлау процесінің икемділігіне, зейініне, қабылдауына, логикасын, қиял ұшқырлығын қалыптастыруға ықпал етеді. «Ойната отырып тәрбиелейміз», «Ойната отырып – оқытамыз», Қимыл-қозғалыс ойындары, Спорттық ойындар, Ақыл-ой қабілетін арттыратын ойындар, Сөздік ойындар, Әуендік ойындар, Табиғи материалдармен ойналатын ойындар түрлері тәжірибеде қолданылды. Ұлттық ойындар: ұлттық ойындар арқылы баланың қимыл-қозғалысы мен ойлау қабілеті дамиды. Сонымен қатар, бұл ойындар - тәрбиенің таптырмас құралы. Оларға: «Асық ойыны» - дәлдік пен ептілікке; «Арқан тарту» - күш пен бірлікке; «Ханталапай», «Бестас», «Соқыртеке».

Ұлттық ойындарды дене шынықтыру, математика, тіл дамыту сабақтарымен ықпалдастыру - олардың тиімділігін арттырады. Ұлттық киім, тағам, қолөнер: балалар ұлттық киім үлгілерімен, қазақы нақыштағы әшекейлермен, ыдыс-аяқпен, қолөнер бұйымдарымен таныса отырып, эстетикалық талғамын дамытады. Ұлттық тағамдарды дайындау мен дәмін көру - балалар үшін қызықты әрі тәрбиелік мәні зор шаралар. Музыка мен өнер: қазақтың дәстүрлі әндері, күйлері, ертегілері мен аңыздары – ұлттық рухты тәрбиелеудің көркем құралдары. «Домбыра күні», «Ән мен күй әлемі», «Ертегілер еліне саяхат» сияқты сабақтар баланың шығармашылығын арттырады [4].

Отбасымен тығыз байланыс орнатуда ұлттық тәрбие - отбасы мен балабақшаның тығыз қарым-қатынасы арқылы жүзеге асады. Ата-аналарды тәрбиелік іс-шараларға тарту, отбасылық мұралар көрмесін ұйымдастыру, ұлттық тағамдар апталығын өткізу - отбасылық құндылықтарды нығайтуға көмектеседі. Мектепке дейінгі ұйымдар отбасымен байланыс орната отырып, тәрбиелеу мен оқытуды ұлттық салт-дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарға негіздеп, балаға жайлы жағдайлар жасалады. Баланың бойында қажетті дағдылардың қалыптасуына, олардың дербес әрекет етуіне мүмкіндік мол болады. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебінің» қызметі балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, оларды мәдени - әлеуметтік нормаларға баулуға, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш жігерін біріктіруге бағытталды. Қазақ отбасында ұлдардың тәрбиесімен ер адамдар (әкесі, атасы, ағасы және т.б.) айналысса, ал қыздардың тәрбиесі анасына, әжесіне жүктелді. Анасы қызын үй шаруасына, тазалық пен ұқыптылыққа баулыса, әжесі немересінің рухани тәрбиесіне көбірек көңіл бөлді. Қыз баланы дүниеге келген сәтінен бастап әжесі құшағына алып, бесік жырымен әлдилеп, мейірімін төгіп, тәрбиелейді. 5-6 жасқа дейін қыздарға қатысты барлық рәсімдер мен дәстүрлер орындалып, олардың шашын өріп, құлағына сырға салады. Әжесі қыз балаға кесте тігуді, тоқуды, және басқа да қолөнерді (жүн иіру, жүн түту, жүнді сабау, жіпті түрлі түстерге бояу, алаша, кілем тоқу) үйретеді. Қыз бала әжесінің жанында жүріп, өмірлік тәжірибе жинақтайды. Әжелер жүн иіріп отырып, жанында отырған немересіне өздерінің өмірлік тәжірибелері, ертегі мен аңыздар, жаман және жақсы әдеттер туралы айтып, сол арқылы ұлттық салт - дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға деген сүйіспеншілігін оятып, мейірімділікке баулу енгізілген [5].

Тәжірибелік жұмыстар нәтижесі бойынша 9 бөлімнен тұрады: «Отбасы-асыл қазынам!», «Ұлттық тағамдар», «Ұлттық ыдыс-аяқтар түрлері», «Ұлттық киімдер», «Ұлттық ою-өрнек, зергерлік бұйымдар», «Төрт түлік мал», «Менің елім - Қазақстаным!», «Ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар», «Жеті қазына». МКҚК №62 «Нұрсәуле» балабақшасында 2021-2024 оқу жылдарында «Құндылықтарға негізделген білім беру балабақшада» тақырыбында инновациялық жобамен жұмыс жүргіздік. Бұл жобаның жұмыс жоспары аясында «Ұлттық құндылықтар-балабақшада» атты авторлық бағдарламасы әзірленді. Бұл бағдарламаның ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде іс-әрекет мазмұны тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысының нәтижесі ретінде ұсынылды, мектепке дейінгі ұйымдардан бастап балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңдіруге бағытталған. Тәрбиелеу мен білім беру кезеңінде коммуникативтік дағдыларды ұлттық құндылықтарға негіздей отырып қалыптастыру логикалық ойлауды, зерттеушілік қабілетті дамытуға бағытталған авторлық бағдарлама Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың

мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып, іс-әрекет түрлеріне сәйкес құрастырылған. Халқымыздың баға жетпес мұраларын тәжірибеде пайдаланудың жолдары қарастырылған. Мазмұнында мектепке дейінгі жас кезеңіне арналған тақырыпқа сәйкес мазмұнды ашуға және ұсынылған материалдар тәрбиешілер үшін мектепке дейінгі ұйымдарда пайдалануда тиімді. Мектепке дейінгі психологияның, әдістеменің талаптарына сәйкес келеді. Еліміздің заманауи білім беру саясатының талаптарын көрсетеді. Тәрбиешілерге арналған тиімді кеңестер және инновациялық әдіс-тәсілдердің берілуі еңбектің жаңашылдығын көрсетеді [6]. Осы бағдарлама бойынша өткізілген ұйымдастырылған іс-әрекет үлгісін ұсынамыз, тақырыбы: «Қазақтың ұлттық ою-өрнегі». (Кестелеу әдісін қолдану).

Мақсаты: Қазақтың ұлттық бұйымдар ою - өрнек туралы мағлұмат беру, ұлттық ою - өрнектер элементтерімен композиция құру шеберлігін дамыту, балалардың бойына сіңіру. Балалардың қызығушылығын арттыру арқылы, шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларға қолөнерді, ою-өрнекті есте сақтауға тәрбиелеу.


Алдын ала жұмыстар: Ұлттық құндылыққа арналған тәрбие қолөнері: Ою-өрнектер кілемшелерге салу.

Міндеттері:

- балаларды ою
- өрнек түрлерімен таныстыру;
- ою - өрнек кестелеу әдісі арқылы қолды жаттықтыру;
- кілемше жасау арқылы балалардың көркемдік талғамын дамыту, сәндік қолданбалы өнерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Қатысушылар: *Үштік одақ (ата-ана, тәрбиеші, бала).*

Тапсырмалар: Слайд арқылы ою- өрнек түрлері көрсету. *Ою-өрнектің түртүсіне, әсемдігін, орналастыру тәртібіне назар аудару.* Ою-өрнек. Ою-өрнектердің түрлері. Өрнектердің түстері мен бояулары. Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді. Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Ою-өрнек түрлері өте көп. Біз балабақшада көбінесе оюдың осы түрлерін қолданамыз: Құсқанаты, Қазтабан, Түйетабан, Ирек су, Қошқармүйіз, Тұмарша.



Ойын «Көлеңкесін тап» (*Әр өрнекті өз көлеңкесіне қарап орналастырып, қандай ою-өрнек айтып беру*)



Күтілетін нәтиже: Балалар қазақтың ұлттық бұйымдар ою - өрнек туралы мағлұмат алды, ою-өрнектерді дұрыс таңдап, олардың элементтерінің атауларының мағынасын түсінді. Ұлттық ою - өрнектер элементтерімен композиция құрып, аналарымен бірге кестелеу әдісін қолдана отырып, ою-өрнектер жасады.

Қазіргі цифрлық дәуірде дәстүрлі мазмұнды заманауи құралдар арқылы беруде төмендегідей инновациялық мүмкіндіктерді пайдалануға болады:

- ұлттық ертегілердің анимациялық нұсқалары;
- AR/VR технологиясы арқылы киіз үйдің құрылымын таныту;
- интерактивті тақтада ұлттық ойындардың сандық нұсқасы;
- мультимедиялық ресурстар мен аудиожазбаларды қолдану да тиімділігін көрсетті.

Ойымызды қорытындылай келе, бағдарлама аясында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде балалар ұлттық құндылықтар туралы түсініктері кеңейеді, өз ойын дәлелдей білуге дағдыланады. Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын бағалайды және заттық дамытушы ортаны тану арқылы ақыл-ойы, танымдық қабілеттері дамиды. Қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптасады, елін, жерін сүйуге, елжандылыққа мемлекеттік рәміздерін құрметтей білуге үйренеді. Ұлттық құндылықтар негізінде–балаларды адамгершілікке, қайырымдылыққа, мейірімділікке, кішіпейілділікке тәрбиеленеді. Зияткерлік ойлауы, шығармашылық қабілеттерін дамиды, қарапайым зерттеу іс-әрекетіне орындауға дағдыланады. Еркін ойлау қалыптасады, құрбыластарымен өзара қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады, дербес әрекет ете алады, ұжымдық жұмыс істей білу дағдыланады.

Мектепке дейінгі кезең - баланың рухани-адамгершілік негізін қалау кезеңі. Осы сәтте ұлттық құндылықтарды күнделікті өмірде, оқу-тәрбие үрдісінде, ойын мен шығармашылықта жүйелі қолдану – ұлт болашағына салынған берік негіз. Ұлттық құндылықтарды бала бойына ерте жастан дарытқан ел - болашағына сенімді ел. Бұл бағытта әр педагог ұлттық тәрбиеші ғана емес, ұлттық мәдениет пен болмыстың сақтаушысы, жалғастырушысы екенін түсінуі тиіс. Сондықтан да «Ұлттық құндылықтар - балабақшада» қағидаты әрбір мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібінен түспеуі керек. Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды *ұлттық құндылықтарға* тәрбиелеудің теориясы мен тәжірибесін жүйеленген және тәрбиешіге бағыт-бағдар берудің тиімді-әдіс-тәсілдердің ұсынылуымен құнды болып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Бөлеев Қ. Қазақстан халық педагогикасы.- Жамбыл, 1993-28 б.54.
2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. «Қазақтың тәлімдік ой-пікірлері». – Алматы: Рауан, 2023.
3. «Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы». <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
4. Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

АДАЛ АЗАМАТҚА ЖОЛ: ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ МӘДЕНИ АЛМАСУ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А. С. Талипова

№54 «Нұр-Ай» балабақшасының әдіскері, педагог-модератор

А. А. Исаханова

№54 «Нұр-Ай» балабақшасының тәрбиешісі, педагог-модератор

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Андатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тұлғалық, танымдық және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда цифрлық білім берудің рөлі мен маңыздылығы қарастырылады. Аталмыш мақалада қазіргі заманда бала тәрбиесі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, азаматтық құндылықтарды бойына сіңірудің және бос уақытты тиімді ұйымдастырудың өзектілігін атап өтеді. «Адал азамат» бағдарламасы мен кросс-мәдени жобаларды интеграциялау арқылы цифрлық білім беруді тиімді пайдалану жолдары талданады. Балалардың логикалық ойлауын, шығармашылық және зерттеу қабілеттерін дамытуда интерактивті технологиялар, толықтырылған шындық (AR), голограмма, жасанды интеллект, Web жүйелері және онлайн платформаларды қолданудың тиімділігі айқындалады. Сонымен қатар, педагогтар мен ата-аналар серіктестігін нығайту, балалардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру және қауіпсіздік мәдениетін дамыту мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: Тұлға қалыптастыру, цифрлық білім беру, ұлттық тәрбие, ұлттық сана, цифрлық сауаттылық, инновациялық әдістер.

Annotation. This article examines the role and significance of digital education in shaping the personal, cognitive, and moral qualities of children in preschool institutions. The author emphasizes the relevance of child upbringing in modern society, taking into account safety, the assimilation of civic values, and the meaningful organization of leisure time.

The paper analyzes effective ways to utilize digital education through the integration of the “*Adal Azamat*” program and cross-cultural projects. It highlights the effectiveness of using interactive technologies, augmented reality (AR), holograms, artificial intelligence, web systems, and online platforms in developing children’s logical thinking, creativity, and research skills.

Furthermore, the article discusses strengthening partnerships between teachers and parents, fostering children’s digital literacy, and promoting a culture of safety.

Keywords: Personality development, digital education, national upbringing, national consciousness, digital literacy, innovative methods.

Аннотация. В данной статье рассматривается роль и значение цифрового образования в формировании личностных, познавательных и нравственных качеств детей в дошкольных организациях. Автор подчеркивает актуальность воспитания ребенка в современном обществе с учетом его безопасности, усвоения гражданских ценностей и организации свободного времени с пользой.

Анализируются пути эффективного использования цифрового образования через интеграцию программы «Адал азамат» и кросс-культурных проектов. Раскрывается эффективность применения интерактивных технологий, дополненной реальности (AR), голограмм, искусственного интеллекта, веб-систем и онлайн-платформ в развитии логического мышления, творческих и исследовательских способностей детей.

Кроме того, рассматриваются вопросы укрепления партнерства между педагогами и родителями, формирования цифровой грамотности и культуры безопасности у детей.

Ключевые слова: Формирование личности, цифровое образование, национальное воспитание, национальное сознание, цифровая грамотность, инновационные методы.

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп,
көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы,
жаманды таниды дағы, сондайдан білгені,
көргені көп болған адам білімді болады»

А.Құнанбаев

Бүгінгі қоғамда бала тәрбиесі, қауіпсіздігі және заман ағымына сай дами отырып, азаматтық құндылықтарды бойына сіңіріп бос уақытты тиімді өткізуге тәрбиелеу – басты міндеттердің бірі. Осы орайда балаларға білім беру мен тәрбиелеуде қабілеттерін ашуда, адамгершілікті, еңбек сүйгіштік тұлға қалыптастыруда біртұтас тәрбие мен кросс-мәдени алмасу жобаларын негізге ала отырып цифрлық білім беруді тиімді қолдану мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі бағдарламаларда ақпараттық технологияларды енгізу балалардың зияткерлік және шығармашылық дамуына оң әсерін тигізетін мүмкіндігін атап өткендей, мектеп жасына дейінгі балаларға цифрлық білім беру – бұл заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, білім беру процесін ұйымдастырудың маңызды бағыты. Жаһандану заманында аталмыш бағыт балалардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін, ақпараттық технологияларды пайдалану дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Цифрлық білім беруді ұйымдастырылған іс-әрекеттерде жүйелі түрде қолдану балалардың ойын арқылы білім алуларын жеңілдетіп, олардың танымдық қызығушылықтарын арттырады. Сонымен қатар, тәрбиешілерге балалардың бойында адал азамат бағдарламасы аясында адамгершілікті тұлға қалыптастыруда, танымдық дағдыларын дамытуда цифрлық құралдарды, қосымшаларды қолдану тиімді. Себебі бұл мектепке дейінгі білім беру жүйесінде көмекші құралға айналып келеді. Цифрлық технологиялар, бағдарламалар, құралдар балалардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыруда, қабылдау, есте сақтау, салыстыру дағдыларын, яғни танымдық белсенділігі мен зейінін күшейтеді.

Ыбырай Алтынсарин біздің ғасырымызда ғылым мен білімнің, техника мен өндірістің маңыздылығын, оның қарқынды дамитынын өлең жолдары арқылы айтып кеткен. Мектепке дейінгі ұйымдарда ақпараттық технологияларды қолдану өте маңызды. себебі цифрлық білім беру балалардың танымдық және зияткерлік, коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын және зерттеу іс-әрекетін дамытуға, технологиялық сауаттылықтарын арттыруға, ұйымдастырылған іс-әрекеттерге инновацияларды енгізуге және болашақта қажетті дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Цифрлық бағдарламалар мен ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану арқылы біз біртұтас тәрбие мен адал азамат жүзеге қызығушылықпен әрі жеңіл, бала жасына сай түсінікті асырылып, білім беруді сапалы түрде жаңарта аламыз.

Мектепке дейінгі ұйымдарда адал азамат аясында балаларды тәрбиелеу мен оқытуда цифрлық білім беру ортасын қолдану балалардың дамуына, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жетілдіруге және педагогтардың біліктілігін арттыруға көптеген мүмкіндіктер ашады. Цифрлық білім берудің тәжірибедегі және қолданудағы мүмкіндіктерінің негізгі аспектілерін қарастырайық.

Цифрлық білім беру тәжірибесі қазіргі кезде дамуға үлкен әсер етеді. Осы тұрғыда өз тәжірибемізде ақпараттық технологияларды, Web жүйелерін, әр түрлі бағдарламаларды, жасанды интеллекті қолданамыз.

1. Интерактивті технологиялар. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді интерактивті тақтаны, планшетті және проекторды пайдалану арқылы балалардың сөйлеу

қабілетін, логикалық ойлауын және моторикасын дамытуға арналған арнайы бағдарламалар мен платформаларды қолдана отырып ұйымдастырамыз.

2. Толықтырылған шындық (AR) технологияларын қолданатын виртуалды экскурсиялар. AR (augmented reality) — білім беру процесінде мүмкіндігі үлкен технология. Яғни балалар планшет немесе телефон экраны арқылы нақты әлеммен байланысқан виртуалды 3D элементтерді көреді.
3. Педагогтарға арналған онлайн ресурстар. Ұйымдастырылған іс-әрекетті дайындауға және жоспарлауға арналған платформалар мен бағдарламалар, сайттар. Мысалы: LearningApps, ЖИ: Open AI, Merge object viewer, Web жүйелері т.б. Дидактикалық ойын материалдарын дайындауға, вебинарларға және біліктілікті арттыру курстарына қол жеткізуге бағдарламалар кең мүмкіндік ашады.

Жасанды интеллект, голограммалар және жарық көздері арқылы үлкейтіп көрсету балалардың қызығушылығын арттырып, білім алу процесін әлдеқайда қызықты әрі тиімді ете алады.

Жасанды интеллект:

- Балалармен тілдесіп, оларды ойын арқылы оқыту. Жасанды интеллект негізіндегі бағдарламалар балаларға қарапайым сұрақтар қойып, жауаптарын тексеріп, оларға дұрыс шешімдер мен кеңестер бере алады.
- Жасанды интеллект баланың даму деңгейіне сәйкес тапсырмаларды таңдап, жеке оқу жоспарын құруға көмектеседі.
- Әр елдің ұлттық мұражайларын, мәдениетін тануға виртуалды саяхат жасайды.
- Мультимедиялық контент арқылы тұлға қалыптастыру.

Голограмма:

- Балаларға ғарыш әлемін, табиғат құбылыстарын немесе тарихты визуалды түрде көрсету үшін голограммаларды қолдану өте тиімді. Мысалы, ғаламшарларды немесе динозаврларды голограмма арқылы көрсету балалардың әлем туралы түсінігін кеңейтуге мүмкіндік береді.
- Голограммаларды қолдана отырып, балаларға ұғымдарды визуалды түрде көрсету және түрлі 3D модельдер арқылы оқыту әдістерін енгізу.

Өз тәжірибемізде жасанды интеллект арқылы жасалып, қолданылған көрнекіліктер төменде көрсетілді.



Өтірік өлең құрастыру

Жағдаят шешу

Голограмма

Web жүйесінің балалармен іс-әрекетті тиімдіек ұйымдастыруда мультимедиялық контент, онлайн ойындар, видео, тапсырмалар мен жаттығуларды әр түрлі форматта қолдануға мүмкіндіктер бере отырып, балалардың дамуында маңызды рөл атқарады. Ата-ананың қатысуы Zoom, Google Meet немесе басқа платформалар арқылы виртуалды кездесулерді өткіземіз. Яғни, педагогтар мен ата-аналар арасында ақпарат алмасу үшін мессенджерлер мен желілік топтарды пайдалану тиімділігі көп.

4. Балалардың цифрлық дағдыларын дамыту. Бұл ретте технологиялардың пайдасы мен зиянын ескере отырып, қауіпсіздік ережелерін балаларға үйретіп, интерактивті, логикалық ойындарды, іс-шараларды, зерттеу іс-әрекетін көрсетіп, цифрлық сауаттылықты қалыптастырамыз.

Цифрлық ортаның мүмкіндіктері:

1. Білім беруді дараландыру.

Бағдарламаларды әр баланың ерекшеліктері мен даму қарқынына, сөйлеу немесе мінез-құлық қиындықтарын түзету үшін ойындар мен қолданбаларды пайдалану.

2. Қарым-қатынасты дамыту. Топтық цифрлық жобалар арқылы балалармен өзара әрекеттесу үшін жағдай жасау.
3. Қауіпсіздікті нығайту. Ата-аналар мен педагогтар арасында деректер алмасу үшін қауіпсіз платформаларды құру. Цифрлық құралдарды қолдануда балаларға қауіпсіздік ережелерін үйретіп, өзі туралы мәліметтерді жарияламауды, қажетті тақырыпқа сай қолдануд меңгерту.
4. Уақытты үнемдеу. Дайын сандық материалдарды пайдалана отырып, ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындықты оңтайландыру.

Мәселелер мен қиындықтар.

1. Педагогтарды оқыту қажеттілігі: цифрлық құралдарды тиімді пайдалану үшін жүйелі түрде оқыту қажет.
2. Технологияның қолжетімділігі: Кейбір аймақтарда қажетті ресурстар мен инфрақұрылым жетіспейді.
3. Цифрлық және дәстүрлі әдістер арасындағы теңгерім. Балалардың нақты әлемде дағдыларын дамыту және денсаулығын сақтау мүмкіндігін сақтап қалу үшін цифрландыруды шамадан тыс болдырмау, шектеу қойып отыру маңызды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда цифрлық білім беру тәжірибесі балалардың болашағы үшін шығармашылық, танымдық, коммуникативтік дағдыларын дамытуда үлкен мүмкіндіктер ашады. Тиімді интеграция арқылы біз балалардың ортаға, табиғатқа қызығушылықтары мен әр түрлі қабілеттерін дамытуға ықпал ете аламыз. Сонымен қатар педагогтардың жұмысын жақсартуға кең мүмкіндіктер ашады. Цифрлық білім беру кезінде этика және қауіпсіздік сұрақтары да туындайды, сондықтан цифрлық білім беруді жауапкершілікпен және мұқият қарап, бала денсаулығы мен қауіпсіздігін ескеру қажет. Цифрлық технологияларды дұрыс пайдалану – заманауи білім берудің негізі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. «Адал азамат» бағдарламасы. – Астана: ҚР БҒМ, 2020.
2. Көшербаева, А. Кросс-мәдени коммуникация және тұлғаның дамуы // Халықаралық педагогикалық журнал. – 2023. – №2. – Б. 28–34.
3. UNESCO. Digital Literacy in Education: Policy and Practice. – Paris: UNESCO Publishing, 2020. – 112 p.

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ РЕСУРСЫ РЕТІНДЕ

К.М. Рахымжанова

Павлодар облысы білім басқармасының Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы, әдіскер

Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы құзыреттілік орталықтарының рөлі мен олардың білім сапасын арттырудағы маңызы қарастырылады. Құзыреттілік орталықтары педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, заманауи білім беру технологияларын енгізуге және тәрбиелеу мен оқыту процесін жетілдіруге бағытталған тиімді ресурс ретінде сипатталады. Зерттеу барысында орталықтардың құрылымы, қызмет бағыттары және олардың мектепке дейінгі ұйымдардың инновациялық дамуына ықпалы талданады. Сонымен қатар, тәжірибе алмасу, әдістемелік қолдау және үздік педагогикалық тәжірибені таратудағы құзыреттілік орталықтарының әлеуеті айқындалады.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі білім беру, құзыреттілік орталығы, білім сапасы, педагогтердің кәсіби дамуы, әдістемелік қолдау, инновациялық тәжірибе.

Annotation

The article examines the role of competence centers in preschool education institutions and their importance in improving the quality of education. Competence centers are described as an effective resource aimed at developing teachers' professional competencies, introducing modern educational technologies, and enhancing the teaching and learning process. The study analyzes the structure, areas of activity, and influence of these centers on the innovative development of preschool organizations. In addition, the potential of competence centers in experience exchange, methodological support, and dissemination of best pedagogical practices is revealed.

Keywords: pre-school education, competence Center, quality of education, professional development of a teacher, methodical support, innovative experience.

Аннотация

В статье рассматривается роль центров компетенций в организациях дошкольного образования и их значение в повышении качества образования. Центры компетенций описываются как эффективный ресурс, направленный на развитие профессиональной

компетентности педагогов, внедрение современных образовательных технологий и совершенствование воспитательно-образовательного процесса. В ходе исследования анализируются структура центров, направления их деятельности и влияние на инновационное развитие дошкольных организаций. Кроме того, раскрывается потенциал центров компетенций в обмене опытом, методической поддержке и распространении лучшего педагогического опыта.

Ключевые слова: дошкольное образование, центр компетенций, качество образования, профессиональное развитие педагога, методическое сопровождение, инновационный опыт.

Құзыреттілік – бұл адамның білімді, білікті және дағдылы әрекет ету қабілеті. Мектепке дейінгі білім беру саласында құзыреттілік ұғымы бала тәрбиелеу мен оқытудағы заманауи әдістер мен тәсілдерді меңгеруді, әр баланың жеке ерекшелігін ескеруді, сонымен қатар педагогтердің кәсіби дамуын білдіреді.

Құзыреттілік орталығы – белгілі бір салада терең кәсіби білім, тәжірибе мен ресурстар шоғырланған құрылым. Білім беру саласында бұл орталықтар педагогтердің кәсіби дамуын қолдайтын, әдістемелік көмек көрсететін, инновациялық тәжірибелерді тарататын орта болып саналады. Олар педагогтердің құзыреттілігін арттыру арқылы білім беру процесінің сапасын көтеруге бағытталған.

Мектепке дейінгі ұйымдарда бала тұлғасының интеллектуалдық, эмоциялық және әлеуметтік дамуы қалыптасады. Алайда қазіргі таңда бұл салада бірқатар мәселелер бар:

- педагогтердің біліктілік деңгейінің әркелкілігі;
- жаңа әдістемелерді енгізудегі қиындықтар;
- ата-аналармен жұмыс жүргізудің жүйесіздігі;
- материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі.

Осындай жағдайларда құзыреттілік орталықтарының рөлі айқындала түседі. Олар жоғарыда аталған түйткілдердің шешімін табуға көмектесетін, тәжірибе мен білімді жүйелеуге мүмкіндік беретін алаң бола алады.

Қазіргі уақытта еліміздің ең кішкентай азаматтарын тәрбиелеу мен оқытуға үлкен көңіл бөлінуде. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің әрбір қатысушысының алдына әр баланың жеке әлеуетін дамытуға бағытталған білім беру стратегиясының сапасын жақсарту және таңдау міндеттері қойылған. Мектепке дейінгі білім берудің білім беру саясатының басымдығы сапаны арттыру болып табылады, бұл дамудың негізгі бағыты – кәсіби шеберліктің өсуін анықтайды. Қазіргі мектепке дейінгі ұйымға инновациялық трансформация режимінде әрекет етуге және дамуға дайын құзыретті педагогтер қажет. Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің кәсібилігін дамыту үшін қажетті жағдайлар жасай отырып, мемлекет жұмыстың жаңа нысандары мен әдістерін енгізу мәселелерінде педагогикалық бастамаларды сүйемелдеуді және қолдауды қамтамасыз етуге арналған бірқатар пәрменді шаралар қабылдайды. ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру туралы іс-қимыл жоспарының 118-тармағын орындау мақсатында Білім Министрінің 2023 жылғы 1 шілдедегі №192 бұйрығымен 20 өңірде озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың құзыреттілік орталықтары құрылды.

Құзыреттілік орталықтарының негізгі қызметтері

- Педагогтердің кәсіби даму бағдарламаларын ұйымдастыру (семинарлар, тренингтер, шеберлік сағаттары);
- Мектепке дейінгі ұйымдарға әдістемелік көмек көрсету;
- Инновациялық тәжірибелерді тарату және енгізу;

- Педагогикалық кадрлардың желілік қауымдастығын қалыптастыру;
- Балаларды тәрбиелеуде ата-аналармен жұмыс жүргізуге әдістемелік қолдау көрсету.

Құзыреттілік орталықтарын құрудың мақсаты сапалы мектепке дейінгі білім беруге тең қол жеткізуге бағытталған білім беру қызметтерінің жоғары сапасына кешенді көшу болып табылады. Құзыреттілік орталықтары бірқатар маңызды міндеттерді шешеді. Мысалы, олар тікелей әкімшіліктен мотивация жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық бастаманы дамытуға, мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыруға көшуді қамтамасыз етеді. Баланың дамуына әсер ететін қоршаған ортаның нақты көрсеткіштері негізінде білім беру қызметтерін көрсету сапасын басқару тетігін әзірлеу, сондай-ақ сапалы білім беру қызметтерін көрсетуде мектепке дейінгі ұйымдардың әлеуетін арттыру. Бұл ретте мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы көшбасшы-басқарушылар корпусы құрылады, олар жекелеген мектепке дейінгі ұйымда ғана емес, сонымен қатар білім беру сапасының көрсеткіштері төмен ұйымдарды қолдауға күш-жігерін уақтылы бағыттауға дайын. Облыстағы құзыреттілік орталықтың әрқайсысының белгілі бір педагогикалық құзыреттілікті жетілдіруге бағытталған өзіндік ерекше бейіні бар.

Мектепке дейінгі ұйымдарды жаңа ұйымдық құрылымға іріктеудің негізі қандай критерийлер болды? Ең алдымен, құзыреттілік орталықтары мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасының жоғары көрсеткіштері бар балабақшалар болды. Бұл ретте кадрлық ресурстар талданды, өйткені трансформация балаларды дамыту мәселелерінде қалғандарынан біршама ілгерілеген және білім беру сапасының жақсы деңгейін қамтамасыз ететін жағдайлар жасай алған педагогтердің инновациялық әлеуетімен тығыз байланысты. Тағы бір критерий педагогикалық ұжымдардың ақпараттық, консультациялық, білім беру, ұйымдастырушылық және басқа да ресурстық қолдау көрсетуге, өз білімдері мен тәжірибелерін қажет адамдармен бөлісуге дайындығы болды. Қазіргі күні Павлодар облысында 14 балабақшалардың негізінде 14 құзыреттілік орталығы жұмыс істейді, олардың екеуі ауылдық жерде, он бірі облыс орталығында. Қысқа уақыт ішінде әрбір құзыреттілік орталығы тиімді тәжірибені таратуға мүмкіндік беретін белгілі бір жұмыс алгоритмін құрды. Бүгінгі күні Павлодар облысының мектепке дейінгі ұйымдарының желісі 378-ді құрайды. Мектепке дейінгі білім берудің барлық субъектілерін қамту мәселесін шешу мақсатында облыстың барлық 364 ұйымы өсу нүктесі ретінде 14 құзыреттілік орталығына бекітілген.

Павлодар облысындағы құзыреттілік орталықтары - бұл өзекті тақырыптар, тағылымдамалар және кәсіби диалог бойынша тренингтер мен семинарлар ұйымдастыратын идеялар мен табысты тәжірибені тарататын педагогтердің командалары.

Бұл жобалық зертханалар, олар тақырыпқа сәйкес әдістемелік әзірлемелермен, сондай-ақ педагог қызметкерлердің мүдделері мен сұраныстарын ескере отырып толықтырылады. Әрбір орталықтың ресурстық әлеуеті өз қызметінде ұсынылған технологияларды сынақтан өткізуден және кейіннен желілік өзара іс-қимылдың қалған қатысушылары арасында оң тәжірибені қайталаудан тұрады. біздің облыстағы мектепке дейінгі ұйымдар – кәсіби фокусты балаға бағытталған сапалы білімге ауыстыруға дайын мүдделі педагогтер командалары. Құзыреттілік орталықтарының қызметін үйлестіруді және әдістемелік сүйемелдеуді әдістемелік орталық пен балалардың ерте даму институты қамтамасыз етеді.

Құзырет орталықтарының қызметі: - бірлескен жұмыс барысында кәсіби деңгейін арттыра отырып, идеядан өнімді құруға дейінгі қиын жолдан өтетін педагогтердің шығармашылық бастамасын дамыту; - жобалау қызметі арқылы өз жұмысында баланың дамуына тікелей әсер ететін нақты көрсеткіштерге назар аудара отырып, білім беру қызметтерінің сапасын басқару; - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы өзгерістердің жарқын көшбасшыларын дамытудың бірыңғай мақсаты мен стратегиясын біріктіру; - білім беру сапасының көрсеткіштері төмен мектепке дейінгі ұйымдарға қолдау көрсету және өзгерістерді басқару құралдарын ұсыну.

Құзыреттілік орталықтарына мектепке дейінгі білім беру жүйесінің барлық субъектілері талап ететін қолжетімді ресурс болуға мүмкіндік беретін тағылымдама

алаңдары оң тәжірибені таратуға жақсы көмек болып табылады. Өткізілген дөңгелек үстелдер, шебер-сағаттар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, көпфункционалды құралдарды пайдалану бойынша практикумдар, оқыту семинарлары, кеңестер, педагогтердің оң пікірлері – құзыреттілік орталықтарын құру идеясының орындылығын дәлелдеген алғашқы қадамдар. Балабақшалар, жобаға қатысушылар бүгінде білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етіп, өз тәжірибесін белсенді түрде таратып, облыстың барлық мүдделі педагогтеріне жұмыстың тиімді әдістері мен нысандарын үйренуге көмектесуде. Қазіргі мектепке дейінгі ұйымға инновациялық трансформация режимінде әрекет етуге және дамуға дайын құзыретті педагогтар қажет. Барлық құзыреттілік орталықтары батыл идеяларды жүзеге асырудағы инновациялық және креативті тәсілдің мысалы болып табылады, мысалы, стандартты емес студияларды немесе қызығушылық пен демалыс аймақтарын ұйымдастыру, мобильді кітапханалар мен құпиялылық бұрыштарының өзгеруі, шығармашылық және зерттеу зертханалары. Әрбір Орталық трансформация мен өзін-өзі дамытудың тиімді жолын көрсетеді, нақты кәсіби жағдайларды талдауға сүйене отырып, барлық қатысушыларға мектепке дейінгі білім беру саласында жобалық шешімдерді қалыптастыру процесін бастауға мүмкіндік беретін тәжірибе негізінде оқытуды қамтамасыз етеді.

Құзыреттілік орталықтарының артықшылықтары

- Инновациялық тәжірибені жедел енгізу;
- Педагог кадрлардың кәсіби өсуіне тұрақты қолдау көрсету;
- Білім беру ұйымдарының өзара әрекеттесуін күшейту;
- Жергілікті ерекшеліктерге бейімделген әдістемелік шешімдер ұсыну;
- Баланың дамуына жан-жақты ықпал ететін білім беру ортасын қалыптастыру.

Құзыреттілік орталықтарының мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға ықпалы

- **Педагогтердің кәсіби деңгейі артты.** Жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеру арқылы тәрбиешілер балалармен тиімді жұмыс істеуге бейімделді.
- **Инновациялық тәжірибелер енгізілді.** Бұл балалардың танымдық қабілеттерін дамытатын орта құруға мүмкіндік береді.
- **Әдістемелік қолдау күшейді.** Бұл мектепке дейінгі ұйымдарда бірізділік пен сапалы білім беру мазмұнын қалыптастыруға жол ашты.
- **Мониторинг және бағалау жүйесі жетілдірілді.** Құзыреттілік орталықтары білім беру сапасының нәтижелілігін бағалауға көмектеседі.

Қолданылған әдебиет:

1. Зайцева, Е. В. Компетентностный подход в системе дошкольного образования: теоретико-методологические основы. – Москва: Академкнига, 2021.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 202-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.
3. Құзыреттілік орталықтары мен «өсу нүктелерінің» қызметін сүйемелдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар//Астана: ҚР Оқу-ағарту министрлігі, Балаларды ерте дамыту институты, 2025.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық//Астана: ҚР Оқу-ағарту министрлігі, Балаларды ерте дамыту институты, 2022.
5. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.
6. Смагулова, А. С. Роль центров компетенций в повышении профессионального уровня педагогов ДО. //Современные тенденции образования– 2024. – №17.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Ш. К. Айдаркулова

№73 «Аяулым» балабақшасы МКҚК, тәрбиеші
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Андатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім берудің маңызы қарастырылады. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға тең мүмкіндіктер жасау, олардың әлеуметке бейімделуі мен сапалы білім алуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету жолдары талданады. Сонымен қатар, инклюзивті білім берудің негізгі принциптері мен педагогикалық қолдау тетіктері баяндалады.

Түйін сөздер: инклюзивті білім, мектепке дейінгі ұйым, ерекше қажеттілік, бала дамуы, тең мүмкіндік, тәрбие.

Annotation. This article discusses the importance of inclusive education in preschool institutions. It describes ways to create equal opportunities for children with special educational needs, their social adaptation, and access to quality education.

Keywords: inclusive education, preschool institution, special needs, child development, equal opportunities.

Аннотация. В статье рассматривается значение инклюзивного образования в дошкольных организациях. Описываются пути создания равных возможностей для детей с особыми образовательными потребностями, их адаптации в обществе и обеспечения качественного обучения.

Ключевые слова: инклюзивное образование, дошкольная организация, особые потребности, развитие ребенка, равные возможности.

Саналы, жан жақты білімді қоғамдағы барлық әрекетке қабілетті ұрпақ – мемлекеттің баға жетпес байлығы. Балалардың отбасынан кейінгі тәрбие мекені балабақша. Яғни, мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Инклюзивті білім беру - бұл ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуына қолжетімділікті қамтамасыз ететін, барлығының әртүрлі қажеттіліктеріне бейімделу тұрғысынан барлығына қолжетімді білім беруді көздейтін жалпы білім беруді дамыту процесі.

Дамуында мүмкіндігі шектеулі балалардың көретін қиындықтары: оларға жеткілікті түрде көңіл бөлінбеуінен, қарым-қатынастың аздығынан, эмоционалдық еріктік регуляцияның, өзін-өзі бақылаудың жетімсіздігінен, оқуға деген мотивацияның төмен деңгейінен және жалпы танымның салғырттығынан, сол сияқты қабылдау, есте сақтау, ойлау, сөздің жетімсіздігі тәрізді жекеленген психикалық үрдістердің жетілмегендігінен, қозғалысын жүйелей алмауы түріндегі моториканың бұзылуынан, қозғалуының тежелуінен, төмен жұмыс қабілетінен, қоршаған орта түсінігінің және білім қорының шектеулігінен, оқу-танымдық әрекеттерінің операциялдық компоненттерінің тізілмеуінен туындайды, яғни осындай ақаулықтарды жою мақсатында әлем тәжірибесі бізге инклюзивті білім беруді ұсынууда.

Инклюзивті оқыту деген не? Және бүгінгі күні білім беру үрдісіне инклюзивті оқытуды енгізу керекпе? деген сұрақтар әлі қарастырылып жатыр. Инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі тәрбие саласына психологиялық-педагогикалық қолдау жасау,

ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптаумен қамтамасыз ету және арнаулы мамандар даярлау мәселесі дәл бүгінгідей деңгейде өзекті болған емес. Қоғамдық тәрбие орындарына арнайы кәсіби білікті мамандар даярлау: тәрбиеші, әлеуметтік педагог, психолог, өзін-өзі тану мұғалімі, логопед, дефектолог т.б. Мұндай балалар мектепте және үй жағдайында ерекше қадағалауды қажет етеді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық қолдауды іске асыру және инклюзивті білім беруді орындау арқылы тең құқылы тұлға болуға мүмкіндік жасау. "Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек"

Неміс педагог - дефектолог П. Шуман. Сөзін ұстану қажет.

Міндеті: әлеуметтік бейімделу, тәрбиелеу, білім беру үрдісіне барлық қатысушылармен ерекше сұранысқа ие балалардың жағымды, өзара қарым- қатынасын қалыптастыру; олардың сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына жағдай туғызу керек және әлеуметтік тұрғыда дұрыс мінез-құлық қалыптастыру; мүмкіндігі шектеулі балаларға балабақшада қажетті құралдармен қамтамасыз ету; балалардың денсаулықтарына, жүйке жүйесінің дамуына жүйелік бақылау ұйымдастыру.

Баланың даму деңгейіне таңдап алынған бағдарламаның жеткен жетістіктеріне үнемі бақылау жүргізіп отыру; көңіл – күйі және тұлғалық дамуының кемшіліктеріне, жоғары деңгейдегі түзетулер жасау.

Инклюзивті балалармен жұмыс жасаудың негізгі принциптері қалыптасқан. Мүмкіндігі шектеулі, ерекше білімді қажет ететін балаларды дені сау балалармен оқыту, барлық балаларға ортақ қарым қатынаста болу, өзара кикілжіңдер, келіспеушіліктерді болдырмау арқылы инклюзив балалардың құқықтарын қорғай аламыз. Инклюзивті білім беру жүйесінің мақсаты қандай? Ең алдымен қоғамның бұл топтағы балаларға көзқарасын өзгерту, яғни дұрыс бағытқа бұру. Қандай да бір білім мен тәрбиенің қолжетімді, тиімді болуын қадағалау қажет. Қоршаған ортаға бейімдеу, тең дәрежеде ұстау, еркіндік пен мүмкіндік бере отырып бұл топтағы балалардың өзіне деген сенімін арттыра аламыз. Білім берудің инклюзивті түрінің артықшылығы – егер қарапайым және ерекше балалар бала кезден бірге оқыса, өзара әрекет етсе, кедергілер жойылады. Болашақта олар бір-біріне жұмыс орындарын ойлап табады, ерекшеліктері бар баланы қалай іске араластыру керектігін түсінеді, мұндай адамдарға көмектеседі. Сөйтіп, ерекшеліктері бар адамдар сұранысқа ие болады. Салық төлеп, ел экономикасын дамытуға өз үлесін қосады. Бұл өте маңызды.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері.

- ✓ Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады;
- ✓ Әрбір адам сезінуге және ойлауға қабілетті;
- ✓ Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы;
- ✓ Барлық адам бір – біріне қажет;
- ✓ Білім шынайы қарым – қатынас шеңберінде жүзеге асады;
- ✓ Әрбір баланың жетістікке жетуі – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыруы;
- ✓ Барлық адамдар құрбы – құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді;
- ✓ Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Бәріне бірдей мүмкіндік! Инклюзивті білім берудің негізгі артықшылықтары:

- ✓ Инклюзивті білім беру ;
- ✓ Қоғамның мүгедектік мәселелерін түсіну;
- ✓ Өз-өзіне сенімді болу ;
- ✓ Құрдастармен қарым – қатынаста болу;
- ✓ Толыққанды білім алу;

- ✓ Қоғам өміріне бейімдеу және кіріктіру;
- ✓ Мүгедек емес балалардың қайырымдылық және түсінушілік қасиеттерін тәрбиелеу.

Бүгінгі таңда ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың саны бірнеше есе өсті, өз кезегінде педагог қызметкерлер арнайы диагнозы бар баламен жұмыс істеуге толық дайын емес. Осылайша, қазіргі уақытта біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушылары болып табылатын педагогтардың, басым көпшілігінде денсаулық қасиеттері шектеулі оқушылармен жұмыс істеу тәсілдері аз болуы мүмкін.

Қалыптасу, даму және кез келген кәсіби байыту кезеңдерінің ішіндегі ең бастысы - өзін-өзі жетілдіру. Бұл педагогикалық қызметке тікелей қатысты, өйткені жеке тұлға кәсіби біліктілікпен қатар қалыптасады. Инклюзивті орта ұғымына келетін болсақ, бұл осы топтағы балалар үшін қолайлы атмосфера, яғни бала бұл ортада толық оқып, дами алуы керек, ең бастысы өзінен ұялмауы тиіс. Яғни бұл барлық балалар білім беру қажеттіліктеріне қарамастан тиімді оқуға, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге, әлеуметтік құзыреттілігін арттыруға және өздерін қоғамның бір бөлігі ретінде сезінуге қабілетті орта екенін айта кеткен жөн. Өз кезегінде, ерекше орта дегеніміз — бұл денсаулық қасиеттері шектеулі оқушылар үшін арнайы әзірленетін орта. Бұл инклюзивті оқытудың негізгі қағидасы болып табылады.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру 4 кезеңде жүргізіледі: Мектепке дейінгі ұйымда балаға консилиум мамандары кешенді динамикалық бақылау жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Консилиум құрамына директордың бұйрығымен дефектолог, логопед, әлеуметтік педагог, психолог, медбике, дене шынықтыру нұсқаушысы, топ тәрбиешісі енгізіледі. Мамандар балабақшаға қабылданған мүмкіндігі шектеулі балаларға 2 апта мерзімінде жеке бақылау жүргізеді. Жұмыстың түзетушілік-дамытушылық кезеңінде балаға әсер ететін шаралар кешенін қарастырады. Жетекші әрекет түрін қалыпқа келтіру және жетілдіру, жеке даму кемшіліктерін түзету, яғни мүмкіндігі шектеулі баламен жеке дамыту, түзету жұмыстарын жүргізу.

Инклюзивті оқыту медициналық-әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайларға тікелей байланысты. Ерекше білім беру мен тәрбиелеуді қажет ететін топтағы балалардың өмірге деген белсенділігін, ертеңге сенімін арттыру үшін арнайы мамандардың үздіксіз ізденісі қажет. Ортаға бейімдеу, өзге балалар сияқты сурет салу, ән айту, аспаптарда ойнау сияқты бейімдер бойынша жұмыс жасап, қабілетін шыңдау уақыт пен еңбектің еншісінде. Дегенмен бұл өз кезегінде мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамнан шектемей толыққанды мүше ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Жұмыстың мектепке дейінгі білім берушілік кезеңі.

Балаларды мектепке дейінгі ұйымда оқу іс- әрекетін меңгеру тәсілдеріне үйретуді, әрбір жас кезеңіне тән олардың танымдық белсенділігін дамытуды, сондай-ақ баланың жеке басының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, топ тәрбиешілері мектепке оқуға даярлауды қарастырады. Әлеуметтік тәрбие жұмысы. Әлеуметтік педагог мүмкіндігі шектеулі балалардың үйіне барып, ата- анасымен пікірлесіп отбасының әлеуметтік жағдайын анықтайды, яғни бала мен отбасының дербестігін арттыруға, дамуында ауытқушылығы бар тәрбиеленушілердің қалыпты дамыған құрдастары арасында ерте, толыққанды әлеуметтік кіріктіруге, мектепалды баланың әрекеті мен мінезіндегі адамгершілік бағыттарының қалыптасуына, мүмкіндігі шектеулі баланың жеке басының қасиеттеріне бақылау жүргізеді.

Инклюзивті білім беруді балабақшада тиімді енгізу үшін келесі негізгі қадамдарды орындау қажет:

1. Педагог кадрларды дайындау:

- Тәрбиешілер мен мамандар инклюзивті білім беру бойынша арнайы курстардан өтуі керек.
- Психологиялық-педагогикалық біліктілікті арттыру қажет.

2. Диагностика мен қолдау:

- Балалардың даму деңгейін анықтап, ерекше қажеттілігі бар балаларды ерте анықтау.
 - Психолог, дефектолог, логопед сияқты мамандардың қатысуын қамтамасыз ету.
 - 3. Жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу:
 - Әр баланың қабілетіне, ерекшелігіне қарай икемделген оқу жоспарлары мен әдістерді қолдану.
 - Ойын арқылы үйрету, сенсорлық материалдар мен визуалды құралдарды пайдалану.
 - 4. Қолжетімді орта қалыптастыру:
 - Топ бөлмелерін, ойын алаңдарын, санитарлық тораптарды инклюзивті талаптарға сай жабдықтау.
 - Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы құрылғылар мен бейімделген материалдар қажет.
 - 5. Ата-аналармен жұмыс:
 - Ата-аналарды қолдау және оқыту жұмыстарын ұйымдастыру.
 - Баланың дамуы бойынша үздіксіз байланыс орнату.
 - 6. Қоғамдық көзқарасты өзгерту:
 - Балабақшада барша балалардың тең құқығын насихаттау.
 - Достық, сыйластық және түсіністік атмосферасын қалыптастыру.
 - 7. Ынтымақтастық:
 - Денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау мекемелерімен, арнайы мамандармен тығыз байланыста жұмыс істеу.
- Осындай жүйелі жұмыс нәтижесінде балабақшада инклюзивті білім беруді сәтті енгізуге болады.

Инклюзивті білім беру – қоғамның барлық мүшесіне тең мүмкіндік беретін маңызды әлеуметтік қадам. Балабақшадағы инклюзивті білім беру жүйесін тиімді ұйымдастыру – ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтенуіне, білім алуына және жан-жақты дамуына жағдай жасау болып табылады. Бұл – тек ерекше балалар үшін емес, бүкіл қоғам үшін адамгершілік пен төзімділікке тәрбиелеудің бір жолы. Сондықтан инклюзивті ортаны қалыптастыру – ата-аналар, педагогтар және мемлекет тарапынан бірлескен қолдауды қажет ететін өзекті міндет.

Қорыта айтқанда, бала – ата-ана – педагог, отбасы және білім беретін ұйымдар арасындағы сабақтастықтың ойдағыдай жүзеге асуы тұлғаның әлеуметтік бейімделуінің алғы шарттарының бірі болмақ.

Біз, балалар үшін бала өз әрекетінің қатысы мен керектігін сезінетіндей жағдай жасауымыз керек. Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз. Және өзім «Бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім – барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймын

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 «ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ филиалы «Батыс Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» // Инклюзивтік білім беру жағдайында мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру .
2. Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 2010 ж
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
4. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген «Инклюзивті білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған ұлттық жоспары».
5. Төлешова А.Ж. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2019.

6. UNESCO. Inclusive early childhood care and education: From commitment to action. – 2021.
7. Интернет желісі

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

М. Б. Бакитова

№54 «Нұр-Ай» балабақшасының меңгерушісі, 2-ші санатты басшы
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың тұлғалық, мәдени адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы кросс-мәдени және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының маңыздылығы мен тиімді жолдары қарастырылады. Ерте жастағы баланың тұлғалық дамуы мен ұлттық сана – сезімінің негізі дәл осы кезеңде қалыптасатыны атап өтілген. Мәдени құндылықтарды меңгерту арқылы балалардың адамгершілік, рухани және эстетикалық тәрбиесін жетілдіру жолдары ұсынылады. Сондай-ақ педагог пен ата-ананың бірлескен іс-әрекетінің рөлі мен серіктестігін күшейту, цифрлық технологияларды ұлттық құндылықпен ұштастырып, тиімді қолдану арқылы тәрбиенің заманауи әдістерін енгізудің тиімділігі талданады. Нәтижелі мақсатта – мектепке дейінгі ұйымда мәдениетке, адалдық пен әділдікке негізделген тәрбие мазмұнын айқындап, жүйе қалыптастырып, күнделікті білім беру процесіне енгізу арқылы рухани бай, адал және мәдениетті тұлға қалыптасуына ықпал ету.

Түйін сөздер: Мектепке дейінгі білім, тұлға қалыптастыру, құндылықтар, ұлттық тәрбие, ұлттық сана, цифрлық технологиялар, ата-ана серіктестігі.

Annotation. This article examines the importance and effective approaches to forming personal, cultural, and moral values in children within preschool organizations through cross-cultural projects and the unified educational program “**Adal Azamat**”. It emphasizes that the foundations of a child’s personal development and national consciousness are laid precisely at an early age.

The article proposes ways to enhance children’s moral, spiritual, and aesthetic education through the assimilation of cultural values. It also analyzes the effectiveness of introducing modern educational methods by integrating digital technologies with national values, as well as strengthening the partnership and joint activities of teachers and parents.

The ultimate goal is to define and build an educational system in preschool institutions based on culture, honesty, and justice, and to integrate it into the daily learning process. This approach contributes to the formation of a spiritually rich, honest, and culturally developed personality.

Keywords: Preschool education, personality development, values, national education, national consciousness, digital technologies, parental partnership.

Аннотация. В статье рассматривается значимость и эффективные пути формирования личностных, культурных и нравственных ценностей у детей в дошкольных организациях через кросс-культурные проекты и единую воспитательную программу «Адал азамат». Отмечается, что именно в раннем возрасте закладываются основы личностного развития и национального самосознания ребёнка. Предлагаются пути совершенствования нравственного, духовного и эстетического воспитания детей посредством освоения культурных ценностей. Также анализируется эффективность внедрения современных методов воспитания через интеграцию цифровых технологий с национальными ценностями, а также укрепление партнёрства и совместной деятельности

педагога и родителей. В качестве основной цели обозначено формирование системы воспитания, основанной на культуре, честности и справедливости, с последующим внедрением её в ежедневный образовательный процесс дошкольной организации. Это способствует становлению духовно богатой, честной и культурной личности.

Ключевые слова: Дошкольное образование, формирование личности, ценности, национальное воспитание, национальное сознание, цифровые технологии, партнёрство с родителями.

«Бала тәрбиесі — біздің ең басты міндетіміз.
Бала қайда, қалай өссе, сол ортаға еліктейді»

А.Құнанбаев

Мектепке дейінгі білім беру тәрбиеленушілердің тұлға болып қалыптасуында когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік-адамгершілік дамуы үшін, яғни дағдыларды қалыптастыру, әлеуметтік нормаларды интернализациялау және базалық этикалық қағидаттарды меңгеру үшін сыни терезе болып саналады. Ұлттық даму тұрғысынан адал азаматтық бірегейлікті қалыптастыруды қамтамасыз ететін негізгі тетік екенінде айқын.

Құндылықтарды мектепке дейінгі ұйымдардағы оқыту мен тәрбиелеу процесіне енгізу қосымша элемент емес, мемлекеттің болашақтағы азаматтық адалдық пен тұтастықты қамтамасыз етумен тікелей байланысты бастапқы стратегиялық міндеті болып табылады. Нақтысында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары адал азаматтың бала бойында мақсатты қалыптастыруға жауапты алғашқы ресми институт болып табылады. Осылайша, ерте этикалық тәрбиеге инвестициялар ұлттың этикалық қауіпсіздігінің тетігі болып табылады.

Қазіргі жаһандық құзыреттілікте құнды білім бере отырып тәрбиелеудің табысты жүйесі ұлттық құндылықтар: мұра, тіл, тарих, үлкендерді құрметтеу. Ал әмбебап жалпыадамзаттық құндылықтар: құрмет, мейірімділік, әділеттілік. Жалпыадамзаттық құндылықтар тиімді мәдениетаралық өзара іс-қимыл үшін қажетті ортақ негіз береді, ал ұлттық құндылықтар жергілікті бірегейлікті нығайтады. Осы тұрғыда мектепке дейінгі жастағы балалардың бойында мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру ерекше маңызға ие. Себебі дәл осы кезең — баланың тұлғалық негізі қаланатын уақыт.

Мәдени құндылықтар — ұлттың тарихы, тілі, дәстүрі мен рухани мұрасы. Олар балаға өз халқын сүйуге, өзге мәдениеттерді құрметтеуге, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы мәдени тәрбие балалардың:

- Ұлттық сана-сезімін оятуға;
- Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;
- Еңбеккөорлық, мейірімділік, әділдік қасиеттерін дамытуға бағытталады.

Кросс-мәдени жоба — көп ұлт пен мәдениеттің өкілдері арасында өзара түсіністік пен сыйластықты дамытуға, көзқарастарын қабылдауға бағытталған педагогикалық бастама. Балалардың басқа ұлттың мәдениеті туралы білуін ғана емес, қандайда бір міндеттердің, мысалы отбасылық қамқорлықтың өз мәдениетінде және басқада қалай шешілетінін салыстыруды меңгертеді.

Адамгершілік және кросс-мәдени құзыреттілік пен құндылықтарды бала бойында қалыптастыруда қолданылатын инновациялық әдістер ұйымдастырылған іс-әрекет барысына, дағдылардың түрлеріне бейімді үйлесімділікте болуы тиіс. Ертегілерді оқу, мазмұндау, талқылау адалдық және әділдікпен байланысты дилеммаларды көрсету үшін сыни құрал болып табылады. Жағдаяттарға байланысты сюжетті рөлдік ойынды пайдалану

балаларға іс жүзінде адалдықты және ресурстарды әділ бөлуді талап ететін жағдайларды пысықтауға мүмкіндік береді.

Тиімді инновациялық әдістердің бірі цифрлық құралдарды мәдени пайымдау мен жаһандық қарым-қатынастың негізгі құралдары ретінде ықпалдастыру қажет.

Цифрлық технологияларды қолдану әдістері:

- Отбасы, салт-дәстүр, адалдық жайлы бейнежазбалар, анимация;
- Ұлттық киімдер, мәдени нысандар туралы 3D модельдеу, виртуалды көру;
- Интерактивті ойындар.

Баланың бойында тұлғалық, мәдени және адамгершілік тәрбиені қалыптастырушы педагог пен ата-ана арасындағы серіктестік. Бұл ретте ата-ананың белсенді қатысуы тәрбиенің тиімділігін арттыруда маңызды тетік болып табылады.

Баланың алғашқы тәрбиешісі ата-ана болса, ал отбасы – оның мәдени және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасу ортасы.

Азаматтық және мәдениеттілік бағытындағы тәрбиелік жұмыстарда ата-ананың негізгі рөлі:

- Өз мәдениеті мен ұлттық дәстүрін баласына үлгі ету;
- Отбасылық құндылықтар арқылы адалдық пен әділдікке баулу;
- Басқа ұлт өкілдерінің мәдениетіне құрметпен қарауға үйрету;
- Балабақшадағы қоғамдық және мерекелік іс-шараларға, сайыстарға белсенді қатысу.

Бала тәрбиесінде ата-ана мен балабақша арасындағы сабақтастықты нығайту мақсатында «Әжелер», «Аналар», «Әкелер» мектебі ұйымдастырылды. Аталмыш мектептермен ұйымдастырылатын жұмыстар:

- Ұйымдастырылған іс-әрекетін дәстүрден тыс форматта өткізу;
- Ұлттық құндылықтар негізінде ойындар, эстафеталық жарыстар өткізу;
- Отбасылық ашық есік күнін өткізу;
- Ұлттық мұражайларға саяхат;
- Театрға бару;
- Табиғат аясында тимбилдинг ұйымдастыру;
- Шеберлік сыныбы: ас дайындау;
- Шеберлік сыныбы: шығармашылық өнері;
- Дала еңбегі. Еңбек күнін ұйымдастыру;
- Адал іс: жәрмеңке, қайырымдылық шараларын ұйымдастыру.

Ата-ананың адамгершілікке, мәдениетке, азаматтық тұлғаның қалыптасуына деген көзқарасы, мектепке дейінгі ұйымдағы педагогтармен ынтымақтаса жасаған іс-әрекеті, баламен бірлескен жұмысы баланың мінез-құлқына, рухани-мәдени байлығына, адалдық пен адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына оң әсер ете отырып, өз нәтижесін береді.

Қазіргі жаһандық даму заманында мектепке дейінгі тәрбие жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыра отырып, білімді, мәдениетті, отансүйгіштік қасиеті, адамгершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу. Осы тұрғыда **кросс-мәдени жобалар** мен **«Адал азамат» бағдарламасын** интеграциялау — балабақшадағы оқу-тәрбие процесін жаңаша ұйымдастырудың тиімді және заманауи тетігі болып табылады.

Бұл тұрғыда педагогтің рөлі:

Педагог — тек тәрбиелеу және білім беруші емес, сонымен қатар баланың рухани және мәдени әлемін қалыптастырушы тұлға. Яғни, педагог:

- Балалардың эмоционалдық дамуын ескеріп, қолдау мен түсіністік атмосферасын қалыптастыруы керек;
- Ата-аналармен бірлескен жобаларды тұрақты түрде ұйымдастыруы тиіс;
- Өз тәжірибесінде цифрлық құралдарды мақсатты және шығармашылықпен қолдануы қажет.

Кросс-мәдени жобалар арқылы балалар тек өз халқының дәстүрі мен мәдениетін үйреніп қана қоймай, басқа ұлттардың мәдениетіне құрметпен қарауға, айырмашылықтарды түсінуге және толерантты болуға үйренеді. Бұл бағыт баланың мәдени-әлеуметтік құзыреттілігін дамытып, оның әлемге деген көзқарасын кеңейтеді.

Тиімді қолданылған инновациялық тәсілдер нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдарда:

- Мәдени құндылықтарға негізделген тәрбие жүйесі қалыптасады;
- Балаларда отбасына, еліне және әлемдік мәдениетке деген құрмет сезімі артады;
- Педагогтар мен ата-аналардың өзара серіктестігі нығаяды;
- Қоғамда адалдық пен мәдениеттілікті дәріптейтін жас ұрпақ өсіп шығады.

Және педагогикалық тәжірибелер жинақталады:

Педагогикалық тәжірибелер:

- «Этно–storytelling» әдісі — ұлттық ертегілер мен аңыздар арқылы адалдық, әділдік, еңбекқорлық сияқты құндылықтарды талдау.
- «Мәдениеттер диалогы» интерактиві — балалар әртүрлі ұлттардың салт-дәстүрін салыстырып, ортақ құндылықтарды анықтайды.
- Цифрлық ертегілер мен анимациялар құрастыру — балаларға арналған ұлттық кейіпкерлер қатысатын қысқа бейнеертегілер жасау.

«Виртуалды мәдени сапарлар» жобасы — балаларға әлем халықтарының мәдени мұраларымен танысу үшін виртуалды турлар ұйымдастыру.

«Адал іс күні» әлеуметтік жобасы — балалардың қатысуымен шағын қайырымдылық шараларын ұйымдастыру.

Қорытындылай келе, кросс-мәдени жоба мен «Адал азамат» бағдарламасы — мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы оқыту мен тәрбиелеуді нәтижелі деңгейге көтереді.

Осы екі бастаманы шығармашылықпен ұштастырып, цифрлық құралдарды орынды пайдалана білген педагог — **мәдениетті, рухани бай, адал ұрпақ тәрбиелеудің басты кепілі** болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абуова, Г. А. Мектепке дейінгі педагогика : оқу құралы. – Алматы : Дарын, 2020. – 215 б.
2. Байтұрсынова, А. Т. Мәдени құндылықтар мен рухани тәрбие : оқу-әдістемелік құрал. – Астана : Фолиант, 2021.-142 б.
3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. «Адал азамат» бағдарламасы. – Астана: ҚР БҒМ, 2020.
4. Сухомлинский, В. А. Сердце отдаю детям. – Киев : Радянська школа, 1979. – 383 с.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҚ ҚИЫНДЫҚТАРЫН ЖЕҢУДІҢ КРОСС-МӘДЕНИ ТӘЖІРИБЕСІ

Г. О. Коспанова

№53 «Мерей» балабақшасы МКҚК, педагог-психолог
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың эмоциялық және мінез-құлықтық қиындықтарын жеңудің кросс-мәдени тәжірибесі қарастырылады. Инклюзивті білім беру жағдайында түрлі елдердің тиімді педагогикалық және психологиялық әдістерін салыстыра отырып, оларды ұлттық ерекшеліктерге бейімдеп қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Мақалада жеке тәсіл қолдану, қауіпсіз психологиялық орта қалыптастыру, арт-терапия, музыка және би терапиясы, психологиялық ойындар мен ата-анамен бірлескен жұмыс бағыттары талданады.

Түйін сөздер: кросс-мәдени тәсіл, инклюзивті білім, эмоциялық қиындық, мінез-құлық, арт-терапия, ойын, жеке тәсіл, психологиялық қауіпсіздік.

Annotation. This article examines the cross-cultural experience of overcoming emotional and behavioral difficulties among preschool children. It highlights the importance of adapting effective pedagogical and psychological methods from different countries to national cultural characteristics within the context of inclusive education. The article analyzes approaches such as individualized work, the creation of a safe psychological environment, art therapy, music and dance therapy, psychological games, and collaboration with parents.

Keywords: cross-cultural approach, inclusive education, emotional difficulty, behavior, art therapy, game, individual approach, psychological safety.

Аннотация. В статье рассматривается кросс-культурный опыт преодоления эмоциональных и поведенческих трудностей у детей дошкольного возраста. Подчеркивается важность адаптации эффективных педагогических и психологических методов различных стран к национальным особенностям в условиях инклюзивного образования. В статье анализируются индивидуальный подход, создание безопасной психологической среды, арт-терапия, музыкальная и танцевальная терапия, психологические игры и взаимодействие с родителями.

Ключевые слова: кросс-культурный подход, инклюзивное образование, эмоциональные трудности, поведение, арт-терапия, игра, индивидуальный подход, психологическая безопасность.

Қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі басты бағыттардың бірі — инклюзивті білім беру. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғам өміріне толық қатыстыру үшін олардың жеке дамуын, эмоциялық тұрақтылығын және мінез-құлықтық үйлесімін қамтамасыз ету маңызды. Мектепке дейінгі ұйымдарда мұндай балалардың саны жылдан жылға артып келеді, сондықтан педагогтар мен психологтардан кәсіби икем, шыдамдылық және заманауи әдістерді тиімді қолдану талап етіледі.

Соңғы жылдары инклюзивті тәжірибеде кросс-мәдени тәсіл ұғымы кеңінен қолданылуда. Бұл тәсіл әлемнің түрлі елдеріндегі тиімді педагогикалық және психологиялық әдістерді салыстыра отырып, өз елінің мәдени ерекшелігіне бейімдеп енгізуді көздейді.

Эмоциялық және мінез-құлықтық қиындықтарды жеңу жолдары:

Кросс-мәдени тәсіл (cross-cultural approach) – бұл әртүрлі мәдени ортадағы тәжірибелерді салыстыру, зерттеу және ең тиімді элементтерін өз тәжірибеңе енгізу әдісі. Яғни, басқа елдердегі озық тәжірибені өз жағдайымызға сай үйлестіріп пайдалану.

Мысалы, Жапония мектепке дейінгі ұйымдарында балалармен тыныс алу және зейінді шоғырландыру ойындары арқылы эмоциялық күйді реттеу үйретіледі. Финляндияда педагогтар «эмоция бұрышы» ұйымдастырып, бала өз сезімін сурет немесе түс арқылы білдіреді. Германияда арт-терапия мен сенсорлық бөлмелер ерекше қажеттілігі бар

балалардың өзін еркін сезінуіне жағдай жасайды. Қазақстанда дәстүрлі «ойын арқылы оқыту», жылы сөз бен қамқорлыққа негізделген қарым-қатынас мәдениеті кең тараған.

Жеке тәсіл қолдану: жеке тәсіл қолдану – баланың даралығын ескере отырып жұмыс істеу.

Әр баланың даму қарқыны, темпераменті, эмоционалдық реакциясы мен мінез-құлық бір-біріне ұқсамайды. Әсіресе ерекше қажеттіліктері бар балалардың танымдық, эмоционалдық, сөйлеу немесе әлеуметтік дамуында өзіндік ерекшеліктері болады. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, педагог балаға жеке тәсіл қолдануы тиіс.

Жеке тәсіл дегеніміз не?

Жеке тәсіл – бұл әр баланың қажеттілігіне, қабілетіне, даму деңгейіне қарай арнайы жұмыс жүргізу, яғни бірдей тапсырма беріп қоймай, балаға ыңғайлы әдіс-тәсілдер арқылы оқыту мен тәрбиелеу.

Қалай жүзеге асырылады?

1. Баланы жан-жақты зерттеу: қай салада қиындық барын анықтау (тіл, эмоция, мінез-құлық, таным, моторика т.б.); қызығушылығы мен бейімділігін бақылау; тәуелсіздік деңгейі мен өзін-өзі реттеу қабілетін бағалау

2. Жеке даму картасын жасау: апталық, айлық мақсаттар қоя отырып; нақты жетістік көрсеткіштерін жоспарлау; балаға оңай, қызықты, түсінікті тапсырмаларды таңдау.

3. ҰІӨ әртүрлі тәсіл қолдану: суретпен, ойынмен, қимылмен түсіндіру; тыңдаудан гөрі көріп үйренетін балаға визуалды материал қолдану; қайталау арқылы бекіту.

4. Қолдау мен мадақтау: бала кішкене де жетістікке жетсе, мақтап, сенім беру; қателігі үшін жазаламай, түсіндіріп үйрету

Жеке тәсіл – бұл баланы «бәрімен бірдей» ету емес, оны өз әлеуетіне сай дамытудың жолы. Әр баланың табысы – оның ішкі әлемін түсіне білген педагогтың нәтижесі.

Қауіпсіз орта қалыптастыру: Қауіпсіз психологиялық орта қалыптастыру: Бала өзін қауіпсіз сезінген ортада ғана дамуға дайын болады. Германия мен Канада тәжірибесінде баланың эмоционалдық қауіпсіздігі бірінші кезекте қаралады.

Қауіпсіз орта дегеніміз не?

Қауіпсіз орта – бұл бала физикалық, психологиялық және эмоциялық жағынан ешқандай қауіп-қатерді сезбейтін, еркін қарым-қатынас жасап, өз ойы мен сезімін ашық жеткізе алатын орта.

Эмоциялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдары:

1. Жылы сөз бен қамқорлық: баламен сөйлескенде үнемі жылы, жұмсақ үнмен сөйлеу; атын атап, мейіріммен қарым-қатынас жасау; «Сен істей аласың», «Жарайсың» деген сөздер арқылы сенімділік беру

2. Түсіністік пен сабырлылық: бала бір нәрсеге ашуланса немесе жыласа, айқайламай, сабырмен түсіндіру; оның эмоциясын жоққа шығармай, тыңдап, қабылдау

3. Қателікті жазалаумен емес, түсіндірумен түзету: қателескен сәтінде ұялтпау, кінәламау; не үшін бұлай жасауға болмайтынын нақты әрі қарапайым тілмен айту

4. Тұрақты күн тәртібі мен тәртіп: бала қай уақытта не болатынын біліп отыруы тиіс; сұрақты режим – баланың сенімін арттырады

5. Физикалық қауіпсіздік: ойын алаңы мен оқу ортасының қауіпсіз болуы; балаға зиян келтіретін заттардың қолжетімсіз жерде сақталуы

Бала өзін қауіпсіз сезінген жерде ғана дамуға, үйренуге және қоғаммен қарым-қатынас жасауға дайын болады. Сондықтан да балабақшада әрбір тәрбиеші баланың эмоциялық жай-күйіне мән беріп, сенімді, қолдаушы орта қалыптастыруы – басты міндет.

Психологиялық ойындар мен жаттығулар: мектепке дейінгі жастағы балалар үшін эмоциялық және мінез-құлықтық қиындықтарды еңсерудің тиімді жолдарының бірі — психологиялық ойындар мен жаттығулар. Бұл тәсілдер баланың ішкі жан дүниесін түсінуге, эмоциясын тануға және оны басқаруға көмектеседі. Әсіресе ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін ойын арқылы дамуға жағдай жасау — ең табиғи әрі нәтижелі әдіс.

Қолдануға болатын ойындар мен жаттығулар:

1. «Қуаныш – реніш» карточкалары; балаларға түрлі эмоцияны бейнелейтін бет-әлпет суреттері бар карточкалар ұсынылады; әр бала өз көңіл-күйін көрсететін суретті таңдап, неге сол эмоцияны таңдағанын айтып береді; бұл жаттығу эмоцияны тануға, атау беруге және бөлісуге үйретеді.

2. Рөлдік ойындар: «Дәрігер мен науқас», «Ана мен бала», «Сатушы мен сатып алушы» сияқты таныс өмірлік жағдайлар негізінде ұйымдастырылады; бала өз рөлін ойнап, біреудің жағдайына еніп көруге, жанашырлық пен қарым-қатынас жасауға үйренеді.

3. Сергіту сәттері (қимыл арқылы эмоция көрсету): «Қуанғанда қалай қимылдаймыз?», «Ренжігенде не істейміз?» деген тапсырмалар арқылы бала эмоцияны дене қимылы арқылы білдіреді; бұл әдіс балалардың өз эмоциясын сыртқа шығаруға мүмкіндік береді.

4. «Айна» жаттығуы: бір бала эмоцияны қимылмен көрсетеді, екіншісі оны «айна» сияқты қайталайды; зейін мен байқағыштықты дамытып, қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

5. Тыныс алу жаттығулары: бала тынышталу үшін терең дем алып, ақырын дем шығарады. «Гүлді иіскедік – шарды үрледік» секілді ойын түрінде беріледі; эмоциялық күйді тұрақтандыруға септігін тигізеді.

Психологиялық ойындар мен жаттығулар — баланың ішкі әлеміне енуге, оны түсінуге және жағымсыз күйден шығуға жағдай жасайтын тиімді құрал. Мұндай жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу баланың өзін-өзі реттеу қабілетін арттырады, өз эмоциясын басқара алуға үйретеді және әлеуметтенуіне оң әсер етеді.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту: коммуникативтік дағдылар — баланың қоршаған ортамен қарым-қатынас орнату, өз ойын жеткізу, тыңдау және жауап беру қабілеті. Әсіресе ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін бұл дағдыларды дамыту — маңызды әрі жүйелі жұмысты қажет ететін бағыт.

Тиімді әдістер:

1. Сұрақ-жауап арқылы диалог құру; баламен жеке тілдесу кезінде ашық сұрақтар қойып, жауап беруіне мүмкіндік жасау. «Бүгін сен не көрдің?», «Бұл не үшін керек?»* деген сұрақтар арқылы сөздік қорын дамытамыз.

2. Әңгімелесу, пікірлесу: баланың қызығушылығына сай тақырыптарды қозғап, өз ойымен бөлісуіне ынталандыру; тыңдай білу мен өзгенің пікірін қабылдау мәдениетін қалыптастырады.

3. Драмалық сахна қою (рөлдік ойындар): танымал ертегілер мен өмірлік жағдаяттарға негізделген қойылымдар ұйымдастыру; бала кейіпкер рөлін сомдау арқылы тілдік қорын қолдануға, еркін сөйлеуге үйренеді; бұл — сөйлеу тілімен қатар, эмоциялық және әлеуметтік дамуға да ықпал етеді.

4. Көрнекі құралдарды қолдану: суреттер, карточкалар, тақырыптық панно арқылы әңгіме құру; көріп-білгенін сипаттау баланың сөздік қорын байытып, байланыстырып сөйлеуге дағдыландырады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту — баланың қоршаған ортамен байланысын нығайтып, тұлғалық дамуына жол ашады. Ерекше қажеттілігі бар балалар үшін бұл бағытта шыдамдылықпен, жүйелі және ойын түрінде жұмыс жүргізу қажет. Өз ойын еркін жеткізе алатын, тіл арқылы қарым-қатынас орната алатын бала — болашақта әлеуметтік ортаға жақсы бейімделетін тұлға.

Арт-терапия әдістері: арт-терапия – шығармашылық арқылы баланың ішкі әлемін түсінуге, эмоцияларын жеткізуге көмектесетін тиімді психологиялық әдіс. Бұл тәсіл әсіресе сөйлеп өз ойын толық жеткізе алмайтын немесе тұйық балалармен жұмыс жасау барысында өте пайдалы.

Артықшылықтары:

- Бала сөзбен емес, әрекет арқылы ішкі сезімін жеткізеді.
- Эмоциялық шиеленісті жеңілдетеді.
- Сенімділік пен өз-өзін қабылдауын арттырады.
- Шығармашылық ойлауын дамытады.

Арт-терапия – бала жанын емдейтін нәзік құрал. Ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс барысында бұл әдістерді жүйелі түрде қолданып, оларға өз әлемін танып, түсінуге және білдіруге мүмкіндік жасау – тәрбиешінің, психологтың және ата-ананың бірлескен маңызды міндеті.

Музыка мен би терапиясы: музыка мен би – баланың ішкі сезімін сыртқа шығарып, күйзелістен арылуына, өзін еркін әрі сенімді сезінуіне көмектесетін тиімді терапиялық құралдар.

Музыка терапиясының әсері:

- Балаға таныс және жағымды әуендер эмоционалдық тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

- Әр түрлі көңіл-күйге сай музыка тыңдау арқылы бала эмоцияны тануды, ажыратуды үйренеді.

- Музыкалық аспаптармен (сылдырмақ, барабан, ксилофон) жұмыс жасау сенсорлық қабылдауды, моториканы дамытады.

Би терапиясының тиімділігі:

- Қарапайым би қимылдары арқылы бала бойындағы кернеуден арылып, өз денесін сезінуді үйренеді.

- Ұжыммен би билеу – балада қарым-қатынас, топпен жұмыс жасау, ырғақты сезіну, еркін қозғалу дағдыларын қалыптастырады.

- Бала өзіне тән қимылдармен эмоциясын білдіруге дағдыланады.

Қолдану жолдары:

- Күнделікті сергіту сәттеріне би элементтерін қосу.

- Бала көңіл-күйіне сай музыкалық фон қою.

- Музыкалық сахналық қойылымдарға қатыстыру.

- «Музыкалық орындықтар», «Би тоқтағанда қимылсыз қал» сияқты ойындар арқылы белсенділікті арттыру.

Музыка мен би терапиясы — баланың ішкі жан дүниесін ашуға, өзін дұрыс қабылдауға, айналасымен байланыс орнатуға көмектесетін қолжетімді әрі тиімді әдіс. Ерекше балаларға мұндай шығармашылық жолмен қолдау көрсету олардың тұлғалық дамуына оң әсер етеді.

Ата-анамен тығыз байланыс: ата-ана — баланың алғашқы және маңызды тәрбиешісі. Педагог пен ата-ана арасындағы сенімді қарым-қатынас баланың дамуын жеделдетеді. Еуропа мен Азия елдерінде ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс міндетті түрде ата-ананың қатысуымен жүргізіледі.

Кросс-мәдени тәсілдің педагогикалық артықшылықтары

-Әлемдік тәжірибені ұлттық ерекшеліктермен үйлестіреді;

-Педагогтың кәсіби көкжиегін кеңейтеді;

-Баланың тұлғалық және эмоциялық дамуына оң әсер етеді;

-Тәрбие мен оқытудағы төзімділік пен түсіністік мәдениетін қалыптастырады.

Кросс-мәдени тәсіл – инклюзивті білім берудегі инновациялық бағыттардың бірі. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың эмоциялық және мінез-құлықтық қиындықтарын жеңу тек педагогтың кәсіби біліміне емес, оның мәдениетаралық түсінігі мен жүрек жылуына байланысты.

Әлемнің озық тәжірибелерін зерттей отырып, ұлттық құндылықтармен үйлестіру – мектепке дейінгі ұйымдардағы психологиялық қолдаудың жаңа деңгейін қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Оспанова, Б. К. Инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби бейімделуге даярлау жұмыстарын ұйымдастыру : монография / Б. К. Оспанова. — Алматы : Дарын баспасы, 2021. — ISBN 978-601-7174-21-3.
- 2.Бахтиярова, Г. Р. Инклюзивті білім берудің негіздері : оқу құралы / Г. Р. Бахтиярова, С. К. Абильдина. — Ақтөбе : Жұбанов университеті баспасы, 2020. — 165 б.

3. Slee, R. *Inclusive Education: A Framework for Reform*. – London: Routledge, 2018.
4. UNESCO. *Inclusive Early Childhood Education: Cross-cultural Perspectives*. – Paris, 2020.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫ МЕН ТӘРБИЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘНІ

Тұрлыбекова Шархан Абдезовна

Педагог зерттеуші

Жетісу ауданы

103 Санаториялық бөбекжай балабақша

Алматы қаласы

Аңдатпа

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеудің теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады. Ұлттық тәрбиенің баланың рухани-адамгершілік дамуына, ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына тигізетін ықпалы ғылыми тұрғыда талданады. Сонымен қатар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды кіріктірудің маңызы мен оны жүзеге асыру жолдары айқындалады.

Түйінді сөздер: ұлттық құндылықтар, ұлттық тәрбие, мектепке дейінгі тәрбие, ұлттық сана, тұлға қалыптастыру.

Аннотация

В данной статье рассматриваются теоретические и практические аспекты воспитания детей дошкольного возраста на основе национальных ценностей. С научной точки зрения анализируется влияние национального воспитания на духовно-нравственное развитие ребенка и формирование его национального самосознания. Также раскрывается значение интеграции национальных ценностей в образовательный процесс дошкольных образовательных организаций и определяются пути их практической реализации.

Ключевые слова: национальные ценности, национальное воспитание, дошкольное воспитание, национальное самосознание, формирование личности.

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық болмысты сақтау, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Әсіресе мектеп жасына дейінгі кезең – баланың тұлғалық негіздері қаланатын, мінез-құлқы мен дүниетанымы қалыптасатын аса маңызды кезең. Сондықтан бұл кезеңде ұлттық тәрбиеге басымдық беру – ұлт болашағына салынған берік негіз.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ұлттық дүниетанымы мен рухани мұрасы – тәрбиенің баға жетпес қайнар көзі. Ұлттық құндылықтар арқылы баланың бойында отансүйгіштік, адамгершілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет, еңбекқорлық сияқты қасиеттер қалыптасады.

Ұлттық құндылықтар – белгілі бір халықтың тарихи даму барысында жинақтаған рухани, мәдени, адамгершілік және әлеуметтік тәжірибесінің жиынтығы. Оған ана тілі, ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық мінез, дүниетаным және өмір салты жатады.

Ұлттық құндылықтар тек өткеннің мұрасы ғана емес, қазіргі және болашақ ұрпақтың

рухани тірегі. Осы құндылықтарды бала бойына ерте жастан сіңіру оның ұлттық болмысын сақтауға, өзін белгілі бір ұлттың өкілі ретінде сезінуіне мүмкіндік береді.

Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің тәрбиені білімнен жоғары қоюы ұлттық тәрбиенің маңызын айқын көрсетеді. Ал Мағжан Жұмабаевтың «Тәрбие – ұлт тәрбиесі болуы тиіс» деген пікірі ұлттық тәрбиенің педагогикалық тұжырымдамасының негізі болып табылады.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілу керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне оңат әкеледі» - деп ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай, балаға алдымен тәрбие, соның ішінде, ұлттық тәрбие берілген жөн деп санаймыз. Атақты Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов: *«Ұлтына, жұртына қызмет қылу – білімнен емес, мінезден»*- дегені бар. Мінез дегенді, қазақи, ұлттық мінезден деп ұққан жөн.

Мағжан ақын былай дейді: *«Тәрбие - ұлт тәрбиесі болуы тиіс. Ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуі керек»*.

Осыдан біраз уақыт бұрын «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жасалды. Аталмыш бағдарламада баланы туғанынан 6 жасына дейін тәрбиелеу туралы айтылған. Алайда, жоғары буындарға басымдық берілген.

Жалпы менің өзімнің субъективті пікірім бойынша мектепке дейінгі тәрбиеге түбегейлі жаңаша көзқарас пен өзгеріс қажет. Бұрынғы тұжырымдар ескірді. Замана ағымы өзінің жаңа талаптарын қояда. Сондықтан да, ең біріншіден, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің ұлттық және заманауи моделі кіріктірілген жаңа бағдарлама қажет. Ол бағдарламаға сәйкес ұлттық құндылықтарға толық басымдық берілу керек. Ұлттық тәрбие жан жақты әрі кешенді түрде жүргізілгені жөн.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһарапатболады» деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі- ақ баланың шын мәніндегі

Мектеп жасына дейінгі кезең – баланың психологиялық, әлеуметтік және рухани дамуының ең қарқынды жүретін, тұлғалық негіздері қаланатын шешуші кезеңі болып табылады. Дәл осы кезеңде баланың мінез-құлқы, дүниетанымы, эмоциялық қабылдауы мен әлеуметтік дағдылары қалыптасады. Бұл жаста алынған тәрбие баланың болашақ өмірлік ұстанымдарына, қоғамдағы орнын анықтауына және рухани құндылықтарды қабылдауына тікелей ықпал етеді. Халық даналығында айтылған «Ағаш түзу өсуі үшін оған көшет кезінде көмектесу керек» деген нақыл сөз баланың ерте жастан дұрыс бағыт-бағдар алуының маңызын айқындайды.

Балабақша жағдайында ұлттық тәрбиені жүйелі түрде жүзеге асыру арқылы балалардың ұлттық сана-сезімі қалыптасып, олардың рухани-адамгершілік қасиеттері дамиды. Атап айтқанда, ұлттық тәрбие мазмұны баланың тілдік, мәдени және әлеуметтік дамуын кешенді түрде қамтамасыз етеді. Осы үдеріс барысында балалар:

- ана тілінің байлығын меңгереді, сөздік қоры молайып, тілдік қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады, өз ойын еркін әрі дұрыс жеткізуге үйренеді;
- ұлттық салт-дәстүрлермен танысады, халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, мерекелері мен ұлттық құндылықтары туралы бастапқы түсінік алады;
- халық ауыз әдебиеті арқылы рухани тәрбие алады, ертегілер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар мен жыр-дастандар арқылы жақсылық пен жамандықты ажырата білу, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру қабілеті дамиды;
- ұлттық ойындар арқылы дене және әлеуметтік дамуын жетілдіреді, қимыл-қозғалыс белсенділігі артып, ұжыммен әрекет ету, өзара сыйластық пен ынтымақтастық

дағдылары қалыптасады.

Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт –дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге –құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу. Қайырымдылықты–халықтан, пайымдылықты- қариядан үйрен деген ұлтымыздың тал бесіктен жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттермен әдет ғұрыпты оқу қызметін ұйымдастыруда үйреніп, алдағы өмірлерінде арқау болатынын ұғындыру. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет- бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт- дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Ұлттық тәрбиенің табысты жүзеге асуы ең алдымен тәрбиеші тұлғасының кәсіби деңгейіне, рухани-адамгершілік ұстанымдарына және ұлттық құндылықтарды меңгеру дәрежесіне тікелей байланысты. Тәрбиеші – баланың алғашқы әлеуметтік ортасындағы негізгі тұлға, сондықтан оның дүниетанымы, мінез-құлқы мен мәдени болмысы бала үшін үлгі болып табылады. Ұлттық тәрбие беру үдерісінде тәрбиеші халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ұлттық мәдениетін, тілін және рухани мұрасын терең меңгерген жағдайда ғана оны баланың бойына табиғи әрі тиімді түрде сіңіре алады.

Тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігі ұлттық тәрбиені ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады. Ол білім беру мазмұнын ұлттық құндылықтармен үйлестіре отырып, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеруге, олардың қызығушылығы мен қабілеттеріне сәйкес жұмыс жүргізуге міндетті. Сонымен қатар тәрбиеші өзінің жеке іс-әрекеті, сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас стилі арқылы ұлттық тәрбие үлгісін көрсетуі қажет.

Осы тұрғыда тәрбиешінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- ұлттық құндылықтарды жеке үлгісі арқылы көрсету, яғни күнделікті іс-әрекетінде ұлттық әдептілік, сыйластық, инабаттылық сияқты қасиеттерді ұстану;
- баланың жас ерекшелігін ескеру, ұлттық тәрбие мазмұнын мектеп жасына дейінгі балалардың қабылдау деңгейіне сай, ойын, шығармашылық және тәжірибелік әрекеттер арқылы ұйымдастыру;
- отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз ету, ата-аналарды ұлттық тәрбие үдерісіне тарту, бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру арқылы тәрбиенің сабақтастығын қалыптастыру.

Қорыта айтқанда, мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу – қоғам дамуының стратегиялық басым бағыттарының бірі болып табылады. Ерте жастан ұлттық тәрбие алған бала өз халқының тіліне, мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарап, ұлттық болмысты саналы түрде қабылдайтын тұлға ретінде қалыптасады. Бұл үдеріс баланың рухани әлемін байытып қана қоймай, оның адамгершілік қасиеттерінің, әлеуметтік жауапкершілігінің және ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына негіз болады.

Ұлттық тәрбие мазмұнын мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жүйелі түрде енгізу арқылы рухани бай, мәдениетті, өз елінің тарихы мен құндылықтарын құрметтейтін, заманауи қоғам талаптарына бейімделе алатын тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік туады. Осы тұрғыда балабақшада ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиелік жұмыстардың ғылыми-әдістемелік тұрғыда дұрыс ұйымдастырылуы, тәрбиешінің кәсіби және ұлттық құзыреттілігінің жоғары болуы, сондай-ақ отбасы мен білім беру ұйымы арасындағы тығыз ынтымақтастықтың қамтамасыз етілуі ерекше маңызға ие.

Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық тәрбиеге бағытталған кешенді,

жүйелі және сабақтастыққа негізделген жұмыстарды жүзеге асыру – бүгінгі күннің өзекті талабы болып табылады. Бұл өз кезегінде болашақ ұрпақтың ұлттық рухы биік, отансүйгіш және жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына берік негіз қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Мектепке дейінгі педагогика» /оқу құралы, Жиенбаева/
2. Б.И. Иманбекова. «Тәрбиеге жетекші» Алматы, 2004.
3. С. Әбішқызы, Ж.Сарманов. «Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние». 2008 ж.
4. С. Әбішқызы, Ж. Сарманов. «БАҚ және Ұлттық тәрбие». 2004 ж.
5. М.С. Керімбаева. «Ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы мектептің қызметі». Астана, 2008 ж.

Мектепке дейінгі жастағы баланы дамытудағы заманауи инновациялық тәсілдер

Сыдыканова Шынар Кадырмоллаевна

Педагог-сарапшы

Жетісу ауданы

103 Санаториялық бөбекжай балабақша

Аннотация

Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық және жеке дамуын қамтамасыз ету үшін заманауи инновациялық тәсілдер қарастырылған. Авторлар баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, диагностикалық жүйені құрудың маңыздылығын атап көрсетеді. Мақалада театрландырылған ойындар, қуыршақ театры, ертегілер мен сюжеттік көріністер, сондай-ақ ұлттық ойындар арқылы балалардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларының дамуы талданады. Сонымен қатар, педагогикалық тәжірибе арқылы балалардың эмоционалдық, эстетикалық және сөйлеу қабілеттерін жетілдіру жолдары ұсынылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, инновациялық әдістерді қолдану балалардың шығармашылық белсенділігін арттырып, олардың тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі білім, бала дамуы, шығармашылық, инновациялық әдістер, театрландырылған ойын, ұлттық ойындар.

Аннотация

В статье рассматриваются современные инновационные методы, направленные на обеспечение творческого и индивидуального развития детей дошкольного возраста. Авторы подчеркивают важность создания диагностической системы с учетом индивидуальных особенностей ребенка. В работе анализируется развитие познавательных, творческих и социальных навыков детей через театрализованные игры, кукольный театр, сказки и сюжетные сценки, а также национальные игры. Кроме того, предлагаются педагогические подходы к развитию эмоциональных, эстетических и речевых способностей детей. Результаты исследования показывают, что применение инновационных методов способствует повышению творческой активности детей и формированию их личностной компетентности.

Ключевые слова: дошкольное образование, развитие ребенка, творчество, инновационные методы, театрализованные игры, национальные игры.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық және тұлғалық дамуы – заманауи білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Бұл кезеңде бала өмірге бейімделіп, қоршаған ортаны тануға, әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды меңгеруге үйренеді. Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың танымдық, эмоционалдық, эстетикалық және әлеуметтік қабілеттерін дамыту үшін инновациялық педагогикалық әдістерді қолдану қажет. Заманауи тәсілдер балаларды шығармашылыққа баули отырып, олардың құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық әдістерді енгізу балалардың ойлау қабілетін, қиялын, өзін-өзі көрсетуін және топтық жұмыс дағдыларын дамытуға бағытталған. Театрландырылған ойындар, қуыршақ театры, сюжеттік көріністер, ұлттық ойындар мен музыкалық-бейнелеу іс-әрекеттері арқылы балалардың шығармашылық белсенділігі артады, олардың эмоционалдық интеллекті дамиды, сөйлеу және тілдік дағдылары жетіледі.

Сонымен қатар, заманауи білім беру жүйесінде диагностика және нәтижеге бағдарланған педагогикалық іс-әрекет балалардың тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге, оқу процесін жекелей бейімдеуге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу мектепке дейінгі балалардың шығармашылық дамуы мен тұлғалық қалыптасуына заманауи инновациялық тәсілдерді тиімді қолданудың мәнін анықтауға бағытталған. Сонымен қатар, мақалада педагогикалық тәжірибе негізінде балалардың шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын жүйелі дамыту жолдары ұсынылады, бұл олардың жеке қабілеттерін ашуға және болашақта толыққанды, құзыретті тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Балаларды шығармашылыққа баулу барысында театрландырылған ойындар, қуыршақ театры, ертегілер мен сюжеттік көріністер, сондай-ақ ұлттық ойындар белсенді қолданылады. Театрландырылған ойындарда балалар өз рөлдерін мимика, интонация, дауыс ырғағы және дене қимылдары арқылы орындайды. Бұл әдіс балалардың эмоционалдық интеллектін, қиялын және ойлау қабілетін дамытуға ерекше ықпал етеді. Педагогтар әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, рөлдерді бөледі және музыкалық сүйемелдеу арқылы эмоционалды атмосфераны қалыптастырады. Мұндай тәсіл балаларға кейіпкерлердің мінез-құлқын түсінуге, олардың іс-әрекетін модельдеуге және шығармашылық бейнелер жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, балалардың шығармашылығын дамытуда интерактивті және цифрлық құралдарды пайдалану маңызды. Интерактивті тақталар, мультимедиа ресурстары, анимациялық кейіпкерлер арқылы сюжет құру, виртуалды театр көріністерін ұйымдастыру балалардың назарын арттырады және оқу іс-әрекетіне қызығушылығын күшейтеді. Бұл әдістер балаларға дәстүрлі сахналық ойындардан тыс жаңа тәжірибе беріп, шығармашылық ойлауға, өз идеяларын еркін жеткізуге, сонымен қатар технологиялық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Театрландырылған ойындарды ұйымдастыруда балалардың жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын ескеру, олардың эмоционалдық жағдайын бақылау, сондай-ақ ойынға дайындық кезеңінде шағын топтық жаттығулар өткізу маңызды. Мұндай әдіс балалардың бір-бірімен өзара әрекеттесу қабілетін, коммуникативтік дағдыларын және жауапкершілігін дамытады. Сонымен қатар, балалар әртүрлі кейіпкерлерді ойнау арқылы әлеуметтік құндылықтарды – достық, әділдік, шыншылдық, кішіпейілділік – меңгереді.

Осылайша, театрландырылған ойындар балалардың шығармашылық

потенциалын толық ашуға, олардың тұлғалық ерекшеліктерін дамытуға, сондай-ақ оқу іс-әрекетіне белсенді қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін маңызды педагогикалық құрал болып табылады.

Тәрбиешілер балалардың өздеріне тән жеке қасиеттерін анықтай түсу мақсатымен жылдың басында және аяғында театрландырылған жұмыстар арқылы «Құпия» сынақ (эксперименталдық) ойындар өткізіп отыруы керек. Бұл ойындардың өн бойында музыканың тигізер әсері мол. Бұл ойындарда қабілеті бар деген балалар өздерін еркін ұстайтын, ал ұялшақ, ұяң балаларға қарапайым рөлдер беріледі. Бұдан кейін өздерін тиісті рөлдерде ойнай алатын қабілетті балаларды театрландырылған жұмысқа кіргізіп отыру керек. Осындай 5-6 баламен жекелей жұмыс жүргізеді. Оларға қуыршақты қалай ұстау керектігін, мимика, дауыс ырғақтарын үйретеді. Театрландырылған ойындардың мазмұнына ерекше мән беру керек. Бұл- негізінен адамгершілік, достық, кішіпейілдік, ерлік, батылдық, адалдық, әділдік, шыншылдық қасиеттерді уағыздаудан тұрады. Әдетте балалардың өздері жақсы көретін кейіпкерлеріне еліктеп өсетіні белгілі. Осыған қарап, шапшаң, ширақ балаларға жуас, қарапайым рөлдер, ал мінездері салмақты байыпты балаларға жағымсыз рөлдер тапсырылады. Бұл арқылы біз балалардың шындық өмірге тереңірек үңіліп, ненің жаман, ненің жақсы екенін айқындырақ ұғынып, жаманнан жиіркеніп, жақсыдан үйренуге, өз қылықтарын дұрыс бағалап, жақсы кейіпкерлерге еліктеуге үйретеміз. Театрландырылған ойындарды ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар керек. Осыны ескере отырып, әрбір топта театр бұрыштары жасалады. Бибабо саусақтары, үстелдік және саусақты-қолғап, тағы да басқа түрлері қолданылып отырады.

Екінші кішкентайлар тобының балалары сахналық өнердің қарапайым көріністерін ғана бейнелеуге, өлеңдердің мағынасын қимылмен көрсетуге үйретіледі.

Алғашында балалар жануарларға еліктеп, олардың сыртқы кейпін салып келтірді, бірақ жануарлардың мінез-құлқын ашуға қиынсынды. Мысалы: «Тауық пен балапандар», «Қоян мен көжектер», «Аю мен қонжық», «Түлкі мен қасқыр» деп аталатын ойындарда балаларға кішкентай көңілді құстардың қанаттарын қалай қағатынын, олардың балапандап жүретінін көрсетеді. Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті мен күнделікті өмірде балалар тұрмысынан көріністер ойналады. Мысалы: қуыршақты алып, осы ойыншық туралы кішкентай сюжет ойлап құрастыру және соны ойлап беру жаттығулары жүргізіледі[2].

Қозғалыс әдеттерін жетілдіру жұмысында мына әдістерді қолданамыз: қимылды көрсету, жеке баламен немесе топпен жаттығу жасау.

Сөздік суреттеме бере отырып, балалардың рөлдерін толық орындауға үйрету, өздерінің рөлдерін қызықты ойнаған балаларды көтермелеп, мадақтап отыру. Ортанғы және ересектер тобының балалары сахналық өнерді үйреніп, сезіне бастағанда олардың тілі, ойлау түйсігі, өнерге құштарлығы артады. Қандай да сахналық қойылымның алдында балалармен бірнеше кіріспе жұмыс жүргізіледі.

Тәрбиешілер балаларға ертегі, әңгімелер оқып, не әңгімелеген кезде ертегідегі кейіпкерлердің мінез-құлқына, дауысының ырғағына, қимылдарына назар аударады.

Әр кейіпкерлердің киіміне көңіл бөледі. Қуыршақ театрында қуыршақтардың киімі өзгертіліп отырады. Мысалы: орыс ертегілерінде түлкі басына орамал тартады, қазақ ертегілерінде түлкіге жейде кигізіледі.

Сұрақ-жауап арқылы кейіпкерлердің қимылын, іс-әрекетін байқап, бағалап отырамыз. Қимыл мен сөз арасындағы байланысын қадағалаймыз.

Мысалы: «Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай» туралы ертегіні оқып бергеннен кейін тәрбиеші балаларға мынадай сұрақтар қояды:

- Алдар көсенің мінез-құлқы қандай?
- Алдардың жүрісін кім көрсете алады?

- Байдың міңезі қандай?
- Оның жүріс-тұрысын кім көрсете алады?
- Кім бай мен Алдаркөсеболып ойнай алады?

Балалардың тілін жаттықтыру үшін, қазақ халқының асыл сөздерімен сусындата отырып, әрбір сахналық қойылымның алдында қазақ әндерін, қазақтың ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, санамақтар мен жұмбақтарды, түрлі ұлттық ойындарды, ән-күйлер мен билер кіріктіріліп отырады. Мысалы, «Үйшік» ертегісінде әр кейіпкерлердің сахнаға шығуын «Қонақ келсе күт» деген мақалмен бастаймыз. Театрлық ойынға қатысушы даярлық тобының балалары кейіпкерлердің мінезін, жүріс-тұрысын, әдеттерін айнытпай салып көрерменге иланымды етіп ойнауы үшін, талмай жаттығып, қажетті элементтерін меңгеріп алуға тырысады. Ол үшін балалармен жоғарыда айтылып кеткен арнаулы жаттығулар жүргізіледі. Одан басқа «Сәлеметсіз бе?» және т.б. дағдылы сөздерді әртүрлі дауыс ырғағына сап айтып үйренуге жаттықтырады. Сахналық өнерге баулыған балалар жаттаған сөзінің мағынасына сәйкес, күйінікті-сүйінікті сезімдеріне сәйкес тебірене мәнерлеп айта білуге үйренеді. Сосын нәтижесінде олардың шығармашылық қабілеттері оянады. Бейнелеу, көркем әдебиет, тіл дамыту оқу іс-әрекеттерін байланыстырып өткізгенде, әр оқу іс-әрекетін соңы әрқашанда дерлік ертегі сюжетімен байланысты қойылымдармен аяқталып отырғаны жөн. Сонымен қатар, балалардың сөздік қоры толықтырады, сөйтіп олардың белсенділігі арттырады, оқу іс-әрекеттері мен сауық кештері еркін де қызықты түрде өтетін болады. Балалар өздерін еркін де бос ұстап, оқу іс-әрекеттерде ынталана, құштарланып қатысып отырады. Осы жұмыстарды өткізген кезеңде әрбір ұлттық халық ертегілерінен көріністер қойуға болады[3].

Балалар өз беттерімен ойнаған дербес іс-әрекетінде де театр ойындарының түрлерін жиірек қолданатын болады. Драмалық жанрға бейімделген ойындар өздігінен туындап тәрбие жұмыстарының барысында ертегілер, сюжетті көріністер де жиі қолданылып, тіпті кейде ертегінің кейбір бөліктері өзгертіліп отырылады. Балалардың шығармашылығы тек рөлдерді орындаған кезде ғана емес, сонымен қатар қуыршақтар, декорациялар дайындағанда да көрінеді. Қуыршақтардың түр-түрін, шымылдықтар, декорация жасау кезеңдегі ұжымдық жұмыстар балалардың ұйымшылдығы мен белсендігін арттырды. Ата-аналармен жұмыс жүргізілді. Балалардың өз үйлерінде ата-аналармен, туыс туғандармен арасында болатын қарым-қатынастары туралы ата-аналармен әңгіме, кеңестер өткізіп, арнайы анкета бойынша жұмыстар жүргізуге болады. Сол арқылы балалардың өзімізге белгісіз, бейтаныс қасиеттерінен хабарлар боламыз. Балабақшада алған осындай мәліметтер олардың ішіндегі кейбір дарындылардың өнер жолына түсуіне игілікті әсерін тигізері анық.

Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық дамуын қамтамасыз етуде заманауи педагогикалық тәжірибеде бірнеше инновациялық тәсілдер тиімді қолданылады.

1. Экологиялық театрландырылған ойындар

Балалар табиғат пен қоршаған ортаны түсінуге бағытталған мини-сюжеттер құрастырады. Мысалы, балалар “Жануарлар әлемі” тақырыбында әртүрлі жануарлардың рөлін ойнап, олардың табиғаттағы мінез-құлқын бейнелейді. Бұл ойын барысында балалар құстардың ұшуын, аңдардың жүруін немесе өсімдіктердің өсуін қимыл арқылы көрсетеді, сөйтіп экологиялық сана мен қиялын дамытады.

2. Диджитал және VR элементтерін қолдану

Интерактивті тақталар мен виртуалды кейіпкерлер арқылы балаларға сюжеттік көріністерді көрсетуге болады. Мысалы, балалар “Сиқырлы орман” тақырыбында VR көзілдірігі арқылы виртуалды орманда жүріп, әртүрлі кейіпкерлермен әрекеттеседі. Бұл

әдіс балалардың назарын арттырады, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады және технологиялық дағдыларын жетілдіреді.

3. Пікірсайыс элементтері

Көріністен кейін балалар өз ойларын жеткізіп, кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалайды. Мысалы, “Алдар көсе мен бай” ертегісі бойынша сахналық көрініс ойнап болғаннан кейін балалар:

Алдар көсенің мінез-құлқы қалай көрінді?

Байдың әрекеттерін қалай бағалаймыз?

Кім өз кейіпкерін шыншыл, әділ түрде көрсетті?

деген сұрақтарға жауап береді. Бұл балалардың критикалық ойлау қабілетін және коммуникативтік дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

4. Үйренуші-тәжірибелік жобалар

Балалар топтық жұмыстар арқылы декорация, костюм және реквизит жасайды. Мысалы, “Қоян мен Қасқыр” ертегісін сахналау үшін балалар өздері қуыршақтар жасап, костюмдер безендіріп, сахналық орта құрады. Бұл әдіс олардың шығармашылық қабілеттерін, топтық жұмыс дағдыларын, ұйымдастырушылық және практикалық шеберліктерін жетілдіреді.

5. Музыка мен көркем өнерді біріктіру

Балалар өлеңдерді, әндерді, билерді сахналық көріністерге енгізеді. Мысалы, “Үйшік” ертегісін сахналау кезінде әр кейіпкердің сахнаға шығуы белгілі бір қазақ мақал-мәтеліне байланысты болады, ал балалар өз қозғалыстары мен ән мәнерлерін кейіпкердің мінез-құлқына сай орындайды. Бұл балалардың эстетикалық талғамын, эмоциялық интеллектін және шығармашылық қабілетін арттырады.

6. Пікірсайыс - ең бір тиімді жаңашылдық, білім алу, методологиялық шешім. Инновациялық «Пікірсайыс» педагогикалық бала дамуына, оның жеке шамасын ашуға бағытталған. Пікірсайыстың негізгі мақсаты интеллектік қабілеті дамыған еркін азаматты, өмірге деген шығармашылдық қабілетін, жеке сезімтал жауапкершілігі мен адамгершілігін тәрбиелеу.

Осы тәсілдердің үйлесімді қолданылуы мектепке дейінгі балалардың шығармашылық потенциалын толық ашуға, жеке ерекшеліктерін дамытуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу көрсеткендей, мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық және тұлғалық дамуы заманауи педагогикалық әдістерді жүйелі қолдануға тікелей байланысты. Театрландырылған ойындар, қуыршақ театры, сюжеттік көріністер, ұлттық ойындар, сонымен қатар интерактивті және цифрлық құралдар балалардың эмоционалдық, танымдық, эстетикалық және әлеуметтік қабілеттерін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Инновациялық әдістерді қолдану балалардың ойлау қабілетін, қиялын, өз ойын еркін жеткізуін, топта әрекет жасау дағдыларын арттырады. Экологиялық театрландырылған ойындар балалардың қоршаған ортаны түсінуі мен табиғатқа деген жауапкершілігін қалыптастырады. Цифрлық және VR элементтері оқыту процесін қызықты етіп, балалардың технологиялық сауаттылығын дамытады. Пікірсайыс, үйренуші-тәжірибелік жобалар және музыкалық-өнерлі сабақтар балалардың әлеуметтік дағдылары мен шығармашылық белсенділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Театрландырылған ойындар мен шығармашылық тапсырмаларды жүйелі ұйымдастыру педагогтарға әр баланың жеке қабілеттерін анықтап, оқу процесін тұлғалық ерекшеліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәсілдер балалардың этикалық құндылықтарын – достық, әділдік, шыншылдық, кішіпейілділік – меңгеруіне септігін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер

1. Ахметова, Г.Ж. (2018). *Мектепке дейінгі баланың шығармашылық дамуы: теория және практика*. Алматы: Рауан.
2. Баймұхамедова, С.Р. (2020). *Театрландырылған ойындар арқылы мектепке дейінгі балалардың тұлғалық дамуы*. Астана: Фолиант.
3. Жанболатова, А.Б. (2019). *Инновациялық педагогикалық әдістер мектепке дейінгі білімде*. Алматы: Білім.
4. Күлмирзаева, М.Т. (2021). *Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесі*. Астана: Ақыл-ой.
5. Павлова, И.В. (2017). *Развитие речи и творческих способностей дошкольников через сюжетно-ролевые игры*. Москва: Просвещение.
6. Султанова, Ж.Б. (2018). *Цифрлық құралдар мен интерактивті әдістерді қолдану мектепке дейінгі балаларда*. Алматы: Білім-Инновация.
7. UNESCO. (2019). *Early Childhood Education and Innovative Pedagogies*. Paris: UNESCO Publishing.
8. Vygotsky, L.S. (1978). *Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes*. Harvard University Press.
9. Воронова, Е.А., & Иванова, Н.В. (2020). *Театральные игры в развитии творческих способностей дошкольников*. Санкт-Петербург: Питер.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИОНАЛДЫ ДАМУЫ

Ахметова Раушан Мешитбаевна
Алматы қаласы Білім басқармасының
"№144 бөбекжай-балабақшасы" КМҚ
мнңгерушісі

Аңдатпа

Мақалада мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы мен құзыреттілігін зерттеудің теориялық және практикалық аспектілері қарастырылған. Теориялық бөлімде эмоциялардың психологиялық мәні, эмоционалдық интеллект, әлеуметтік-эмоционалдық дамудың құрылымдық компоненттері қарастырылды. Практикалық бөлімде «Эмоцияны тану – түсіну – реттеу» кешенді әдісі ұсынылып, оның тиімділігі диагностикалық құралдар, бақылау картасы және деңгейлік бағалау шкаласы арқылы дәлелденген. Зерттеу нәтижелері балалардың эмоцияларды тану, түсіну, реттеу және әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы педагогикалық іс-тәжірибенің тиімділігін көрсетеді. Мақала мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында әлеуметтік-эмоционалдық дамуды жетілдірудің әдістемелік негізін құрайды.

Түйінді сөздер: мектеп жасына дейінгі бала, әлеуметтік-эмоционалдық даму, әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілік, эмоцияларды тану, эмоцияларды түсіну, эмоцияларды реттеу, педагогикалық әдіс.

Abstract

The article examines the theoretical and practical aspects of social-emotional development and competence of preschool-aged children. The theoretical section analyzes the psychological significance of emotions, emotional intelligence, and the structural components of social-emotional development. The

practical part presents the “Recognize – Understand – Regulate Emotions” comprehensive method, whose effectiveness was confirmed through diagnostic tools, observation charts, and a level assessment scale. The results demonstrate the method's effectiveness in developing children's emotion recognition, understanding, regulation, and social interaction skills. The article provides methodological guidance for enhancing social-emotional development in preschool educational institutions.

Keywords: preschool child, social-emotional development, social-emotional competence, emotion recognition, emotion understanding, emotion regulation, pedagogical method.

Қазіргі уақытта эмоцияларды түсіну, эмоциялар тілі мәселелеріне арналған зерттеулердің бар екені байқалады [1; 2]. Өз эмоцияларын түсіну және өзара әрекеттесу серіктесінің эмоцияларын тану құбылысын авторлар әртүрлі атайды: эмоционалдық интеллект, әлеуметтік интеллекттің компоненті, әлеуметтік-психологиялық құзыреттіліктің компоненті, әлеуметтік-эмоционалдық даму. Осыған байланысты «мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілігі» ұғымын нақтылау, оның құрылымдық компоненттерін зерттеу өзекті болып қала береді.

Зерттеушілер ересектер арасында эмоционалдық-психикалық шиеленістің артуын, соның салдарынан балалар арасында невротикалық құбылыстардың кең таралуын атап көрсетеді және мектеп жасына дейінгі балалардың өз өмірлік әлемінің ерекшеліктерін құрдастары мен ересектердің өмірлік кеңістігімен үйлестіре білуін, өзгенің күйзелісіне жауап бере алуын, яғни әлеуметтік-эмоционалдық тұрғыдан құзыретті болуын дамыту міндетін алға қояды.

Г.А. Широкова әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілік мәселесін көтергенімен, ересек мектеп жасына дейінгі балалар үшін оның құрылымдық компоненттерін сипаттамайды, тек әлеуметтік-эмоционалдық дамудың деңгейлерін көрсетіп, әлеуметтік-эмоционалдық саланы түзету мен дамыту әдістерін ұсынады. Бұл жағдай мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілігі мәселесін қоюға және оның құрылымдық компоненттерін айқындауға негіз болады [3].

Н.М. Ань «түбегейлі экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістер мен жаһандану үдерісі қазіргі мектеп жасына дейінгі балаға үлкен әсер етіп, адам табиғаты табиғи жолмен бейімделе алмайтын эмоциялық сынақтарға ұшыратады. Қоршаған шынайылық белгілі бір деңгейде баланың эмоциялық дамуын тежейді немесе бұл үдерісті бұрмалайды» деп атап көрсетеді [4, 80-б.].

Отандық психологтар Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн эмоциялардың субъект қызметінің сипатына тәуелділігі, олардың осы қызметтегі реттеуші рөлі және адамның қоғамдық тәжірибені меңгеру үдерісінде дамуы туралы бірқатар қағидатты маңызды тұжырымдар жасаған [5].

Сонымен қатар отандық психологияда П.В. Симонов ұсынған эмоциялардың ақпараттық теориясы бар. П.В. Симоновтың пікірінше, эмоция «адам миының қандай да бір өзекті қажеттілікті (оның сапасы мен деңгейін) және оны қанағаттандыру ықтималдығын (мүмкіндігін) бейнелеуі болып табылады, бұл бағалау генетикалық және бұрын меңгерілген жеке тәжірибеге негізделеді» [6].

М.И. Станкин эмоциялар психиканы ақпараттың белсенді түрде меңгерілуіне жағдай жасайтын күйге келтіреді деген теорияны ұсынған [7].

Эмоциялар қатынастарды да, заттарды да (олардың физикалық параметрлері тұрғысынан) емес, керісінше, осы заттардың психологиялық жүйенің амодальды әлеммен өзара әрекеттесуі барысында қалыптасатын мағыналық және құндылықтық мәндерін бейнелейді. Сондықтан эмоциялар сананың мазмұнына не енетінін айқындайды, өздері сананың беткі қабатында қала отырып. Бұл – сананың қызмет етуінің негізгі қағидаты: қажет нәрсені көру, бірақ оны «шын мәнінде қандай болса, солай» қабылдау [8].

Эмоциялар тек қана «қоса жүрмейді», тек «бақылап» отырмайды, олардың рөлі әлдеқайда терең әрі маңызды. Олар адамның санасы мен әлем арасындағы қатынасты қамтамасыз ететін орталық тетік болып табылады, «адамсыз әлемді» адам өмір сүріп, әрекет ететін, құндылық-мағыналық сипатқа ие нақты әлемге айналдырады. Бұл адамға өз әрекеттерінің мағынасы мен құндылығын түсіне отырып әрекет етуге мүмкіндік береді.

Эмоциялар әлемнің адамға сәйкестігін орнатпайды, олар осы сәйкестікті тіркейді, сондықтан адамның әлеммен іріктеп өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін себептердің қатарына жатады.

Онтогенездегі эмоцияларды ұйымдастыру және дамыту мәселесі көптеген психологтардың зерттеу нысаны болып табылады. Мәселен, Н.Д. Былкина мен Д.В. Люсин эмоциялар туралы білімді

ұйымдастырудың негізгі бірлігі ретінде когнитивтік схеманы қарастырады және қоршаған адамдардың эмоцияларын тануда эмоциялардың сыртқы көріністері – бет-әлпет мимикасы, дауыс ырғағының өзгеруі, физиологиялық белгілер, мінез-құлықтық өзгерістер маңызды рөл атқаратынын атап көрсетеді. Бұл мектеп жасына дейінгі балалар үшін эмоцияларды түсінуде ерекше маңызға ие [1].

О.А. Прусакова мен Е.А. Сергиенко өзге адамның эмоциясын түсіну қабілетінің генезисі мәселесі көп жағдайда пікірталасты деп санайды. Авторлар балалардың эмоцияларды түсінуінің дамуын «баланың эмоцияны белгілі бір жағдайға реакция ретінде қабылдайтын сыртқы бағдарланудан, жағдайды ғана емес, сонымен қатар адамның тілектерін, ниеттерін және бұрынғы тәжірибесін ескеретін ішкі бағдарлануға біртіндеп көшу» ретінде сипаттайды [2, 25-б.].

Әдеби дереккөздерді талдау барысында «әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілік» ұғымының қалыптасуына қатысты бірқатар теориялық тұжырымдамалар анықталады. Мәселен, О.Л. Князева «әлеуметтік-эмоционалдық даму» ұғымын енгізіп, оны баланың мінез-құлқында өз бетінше таңдау жасай алу қабілеті, қоршаған адамдардың эмоцияларын, пікірлері мен қалауларын қабылдай білуі, әлеуметтік мінез-құлық пен қарым-қатынас дағдыларын меңгеруі ретінде түсіндіреді [9]. Автор мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-эмоционалдық саласын дамытуға бағытталған бағдарлама ұсынады, бұл ретте мәтінде «әлеуметтік-эмоционалдық даму», «әлеуметтік құзыреттілік», «басқа адамдармен қарым-қатынас жүйесіндегі әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктер» ұғымдары қатар қолданылады. Негізгі айырмашылық – әлеуметтік-эмоционалдық дамудың мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін жұмыс бағыты болып табылуында, ол баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың негізін қалайды.

И.Н. Андреева эмоцияларды білімнің ерекше түрі ретінде, ал интеллектті өзара байланысқан қабілеттердің жиынтығы ретінде түсінуге арналған әртүрлі авторлардың көзқарастарын талдай отырып, «эмоционалдық интеллект» ұғымын төмендегідей анықтайды:

- өзінің сезімдері мен тілектерінің ішкі әлемімен әрекет ете алу қабілеті;
- эмоцияларда көрініс табатын тұлғалық қатынастарды түсіну және эмоционалдық саланы интеллектуалдық талдау мен синтез негізінде басқару қабілеті;
- эмоцияларды тиімді бақылап, оларды ойлауды жетілдіру үшін пайдалана алу қабілеті;
- қоршаған ортаның талаптары мен қысымына тиімді бейімделуіне әсер ететін эмоционалдық, тұлғалық және әлеуметтік қабілеттердің жиынтығы;
- эмоционалдық-интеллектуалдық қызмет.

Н.М. Трофимова мен Н.М. Ань эмоционалдық интеллектіні адамның өзін-өзі және өзгелерді басқару қабілеті ретінде түсіндіреді. Авторлар эмоционалдық интеллект құрылымына өзіндік сананы, импульсивті мінез-құлықты бақылауды, өзіне сенімділікті, өзін-өзі ынталандыруды, оптимизмді, коммуникативтік дағдыларды, сондай-ақ басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас орната білу қабілетін жатқызады. Бұл көзқарас мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы эмоцияларды тану мен атаумен ғана шектелмей, мінез-құлықты реттеу, қарым-қатынас мәдениетін меңгеру және әлеуметтік нормаларды қабылдау арқылы жүзеге асатынын көрсетеді.

Мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы олардың негізгі эмоцияларды тану және ажырату қабілеттерінің қалыптасуымен, өз эмоционалдық күйін сөзбен немесе мінез-құлық арқылы білдіре алуымен, құрдастары мен ересектердің эмоциялық жағдайын түсініп, оған сәйкес жауап бере алуымен сипатталады. Бұл кезеңде балаларда эмпатия, жанашырлық, бірлескен әрекетке дайындық, өз әрекеттерінің салдарын эмоционалдық тұрғыдан бағалай алу сияқты маңызды әлеуметтік-эмоционалдық қасиеттер дамиды.

Зерттеулер көрсеткендей, мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы отбасындағы қарым-қатынас сипатына, тәрбие стиліне, мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық өзара әрекеттестікке және баланың құрдастарымен қарым-қатынас тәжірибесіне тікелей байланысты. Қолайлы әлеуметтік орта жағдайында бала эмоцияларын еркін білдіруге, оларды реттеуге және әлеуметтік талаптарға сай мінез-құлық үлгілерін меңгеруге мүмкіндік алады.

Осылайша, теориялық талдау мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы күрделі, көпқырлы үдеріс екенін көрсетеді. Ол эмоцияларды тану мен түсінуді, эмоционалдық өзін-өзі реттеуді, эмпатияны, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды қамтиды. Әлеуметтік-эмоционалдық дамудың жеткілікті деңгейде қалыптасуы баланың мектепке психологиялық

дайындығының, әлеуметтік бейімделуінің және тұлғалық үйлесімді дамуының маңызды шарты болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуын қамтамасыз ету теориялық тұжырымдамалармен қатар, мақсатты түрде ұйымдастырылған практикалық іс-тәжірибе арқылы жүзеге асады. Әлеуметтік-эмоционалдық даму күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде, еркін ойын барысында, тұрмыстық жағдаяттарда және балалардың бірлескен әрекетінде көрініс табады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың практикасында балалардың эмоцияларды тану және түсіну қабілетін дамыту мақсатында эмоцияларды бейнелеу, ажырату және атауға бағытталған арнайы ойындар кеңінен қолданылады. Мысалы, «Эмоцияны таны», «Көңіл күй айнасы», «Қалай сезінді?» сияқты дидактикалық ойындар барысында балалар бет-әлпет мимикасы, дауыс ырғағы және қимыл-қозғалыс арқылы берілген эмоцияларды тануға үйренеді. Бұл ойындар Н.Д. Былкина мен Д.В. Люсин көрсеткен эмоцияларды танудағы сыртқы белгілердің маңыздылығын тәжірибе жүзінде бекітеді.

Балалардың өз эмоцияларын түсініп, оларды реттей алу дағдыларын қалыптастыруда сюжеттік-рөлдік ойындардың маңызы ерекше. «Отбасы», «Дүкен», «Балабақша», «Дәрігер қабылдауында» сияқты ойындарда балалар түрлі әлеуметтік рөлдерді қабылдап, эмоциялық жағдаяттарды бастан кешіреді. Педагог ойын барысында туындаған эмоциялық жағдайларды сөзбен сипаттауға, жағымсыз эмоцияларды конструктивті жолмен шешуге бағыттап отырады. Бұл И.Н. Андреева көрсеткен эмоцияларды саналы реттеу және эмоцияларды ойлау үдерісіне кіріктіру компоненттерінің қалыптасуына ықпал етеді.

Практикалық іс-тәжірибеде ертегі терапиясы мен жағдаяттық әңгімелер де тиімді әдіс ретінде қолданылады. Педагог балалармен бірге кейіпкерлердің эмоциялық күйін талқылап, «Ол не сезінді?», «Неліктен бұлай болды?», «Сен оның орнында болсаң не істер едің?» деген сұрақтар арқылы балаларды эмоциялардың себеп-салдарлық байланысын түсінуге жетелейді. Бұл әдіс О.А. Прусакова мен Е.А. Сергиенко сипаттаған эмоцияларды түсінудегі «сыртқы бағдарланудан ішкі бағдарлануға көшу» үдерісін тәжірибеде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарда эмпатия мен өзара көмек дағдыларын дамытуға бағытталған бірлескен әрекеттер ұйымдастырылады. Ұжымдық тапсырмалар, топтық ойындар, шығармашылық жұмыстар барысында балалар бір-бірінің көңіл күйін ескеруге, келісімге келуге, қиын жағдайда құрдасына қолдау көрсетуге үйренеді. Мұндай тәжірибе Н.М. Трофимова мен Н.М. Ань сипаттаған коммуникативтік дағдылар мен тиімді қарым-қатынас орнату қабілетінің дамуына жағдай жасайды.

Практикалық жұмыс нәтижелері көрсеткендей, жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастырылған әлеуметтік-эмоционалдық бағыттағы іс-тәжірибе балалардың эмоцияларды тану деңгейін арттырып қана қоймай, олардың мінез-құлқын реттеу, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу, құрдастарымен және ересектермен өзара әрекеттесу сапасын жақсартады. Бұл өз кезегінде мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың әлеуметтік бейімделуінің және мектепке психологиялық дайындығының маңызды алғышарты болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы қазіргі психологиялық-педагогикалық зерттеулерде тұлғаның үйлесімді қалыптасуының маңызды шарты ретінде қарастырылады. Теориялық талдау көрсеткендей, эмоциялар баланың мінез-құлқын реттейтін, қоршаған ортамен өзара әрекеттесу сипатын айқындайтын және оның өмірлік тәжірибесін кеңейтетін негізгі механизмдердің бірі болып табылады. Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі балалардың эмоцияларды тану, түсіну және реттеу қабілеттерін дамыту педагогикалық үдерістің басым бағыттарының біріне айналуы тиіс.

Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн еңбектерінде эмоциялардың қызметтік және реттеуші рөлі негізделсе, П.В. Симоновтың ақпараттық теориясында эмоция өзекті қажеттілікті қанағаттандыру мүмкіндігін бағалаудың нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Бұл теориялық тұжырымдар эмоцияларды дамыту баланың тек ішкі күйіне ғана емес, оның әлеуметтік мінез-құлқына да тікелей ықпал ететінін дәлелдейді. Ал И.Н. Андреева эмоцияларды саналы түрде реттеу, оларды түсіну және ойлау үдерісіне кіріктіру қабілеттерін эмоционалдық интеллект құрылымының негізгі компоненттері ретінде анықтайды. Осы компоненттер мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасып, әлеуметтік-эмоционалдық дамудың іргетасын қалайды.

Аталған теориялық негіздер мектепке дейінгі ұйымдардағы практикалық жұмыста «Эмоцияны тану – түсіну – реттеу» кешенді әдісі арқылы іске асырылады. Бұл әдіс мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әлеуметтік-эмоционалдық дамуды кезең-кезеңімен қалыптастыруға бағытталған.

Әдістің бірінші кезеңінде балалардың эмоцияларды тану қабілеті дамытылады. Практикада бұл міндет эмоция бейнеленген карточкалармен жұмыс, айна арқылы мимиканы бақылау, дауыс ырғағын өзгертуге арналған жаттығулар арқылы жүзеге асырылады. Бұл тәсілдер Н.Д. Былкина мен Д.В. Люсин атап көрсеткен эмоцияларды танудағы сыртқы белгілердің маңыздылығын тәжірибе жүзінде бекітеді.

Екінші кезеңде балалар эмоциялардың пайда болу себептерін түсінуге үйренеді. Жағдаяттық әңгімелер, ертегі кейіпкерлерінің әрекеттерін талдау және «Егер мен оның орнында болсам...» сияқты рефлексивті

тапсырмалар арқылы бала эмоцияны тек сыртқы көрініс ретінде емес, белгілі бір жағдаймен, ниетпен және тәжірибемен байланысты ішкі күй ретінде қабылдай бастайды. Бұл О.А. Прусакова мен Е.А. Сергиенко сипаттаған эмоцияларды түсінудің «сыртқы бағдарланудан ішкі бағдарлануға көшу» үдерісіне сәйкес келеді.

Үшінші кезеңде эмоцияларды реттеу дағдылары қалыптастырылады. Практикалық жұмыста тыныс алу жаттығулары, жағымсыз эмоцияларды бейтарап жолмен шығаруға арналған әрекеттер, сондай-ақ қақтығысты шешудің қарапайым алгоритмдерін қолдану балаларға өз сезімдерін бақылауға және әлеуметтік жағымды мінез-құлықты таңдауға мүмкіндік береді. Бұл кезең И.Н. Андреева ұсынған эмоцияларды саналы реттеу компонентінің практикалық жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Осы әдісті жүйелі қолдану нәтижесінде балалардың эмоцияларды тану және атау деңгейі жоғарылап, өз эмоциялық күйін сөзбен жеткізу қабілеті дамиды, құрдастарының сезіміне түсіністікпен қарау және жанжалдарды бейбіт жолмен шешу дағдылары қалыптасады. Практикалық тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік-эмоционалдық дамуға бағытталған мұндай кешенді жұмыс балалардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдетіп, олардың мектепке психологиялық дайындығын арттырады.

Әлеуметтік-эмоционалдық дамудың деңгейлік көрсеткіштері

Мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуының деңгейін анықтау үшін келесі негізгі көрсеткіштер белгіленді:

- эмоцияларды тану және ажырату;
- эмоцияларды түсіну (себеп-салдарлық байланыс);
- эмоцияларды сөзбен және мінез-құлық арқылы білдіру;
- эмоцияларды реттеу қабілеті;
- әлеуметтік өзара әрекеттесу және эмпатия.

Осы көрсеткіштер негізінде әлеуметтік-эмоционалдық дамудың жоғары, орта және төмен деңгейлері айқындалды.

Әлеуметтік-эмоционалдық дамудың деңгейлік бағалау шкаласы

Көрсеткіштер	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
Негізгі эмоцияларды тану	Негізгі эмоцияларды (қуаныш, реніш, ашу, қорқыныш, таңдану) дәл және өз бетінше таниды	Эмоцияларды таниды, бірақ кейде қателеседі немесе ересек көмегін қажет етеді	Эмоцияларды тануда тұрақты қиындықтар байқалады
Өз эмоциясын сөзбен білдіру	Өз сезімін нақты, түсінікті сөздермен айта алады	Өз сезімін айтуда қиналады, көмекті қажет етеді	Эмоция атауларын қолданбайды немесе сәйкес қолданбайды
Өзгенің эмоциясын түсіну	Құрдастары мен ересектердің эмоциялық күйін дұрыс түсінеді	Эмоцияны көбіне сыртқы белгі арқылы түсінеді	Өзгенің эмоциясын елемейді немесе қате түсінеді
Эмоцияның себебін түсіндіру	Эмоцияның пайда болу себебін түсіндіріп бере алады	Себепті толық ашып айта алмайды	Эмоция мен жағдай арасындағы байланысты түсінбейді
Эмоцияны реттеу	Жағымсыз эмоцияны өзі реттей алады	Ересек көмегімен реттейді	Эмоциясын бақылай алмайды
Құрдастарымен қарым-қатынас	Бірлескен әрекетке белсенді, келісімге келеді	Қарым-қатынас тұрақсыз	Қақтығысқа жиі түседі немесе тұйық
Эмпатия, жанашырлық	Өзгеге жанашырлық танытады, көмектесуге дайын	Кей жағдайда ғана жанашырлық білдіреді	Эмпатия белгілері байқалмайды

Жүргізілген теориялық талдау мен практикалық іс-тәжірибе нәтижелері мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы тұлғаның үйлесімді қалыптасуының маңызды шарты екенін көрсетті. Эмоцияларды тану, түсіну және реттеу қабілеттері баланың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, құрдастарымен және ересектермен тиімді қарым-қатынас орнатуына тікелей ықпал етеді.

Зерттеу барысында әлеуметтік-эмоционалдық дамуды қалыптастыруда эмоциялық интеллект теориясының, отандық және шетелдік психологтардың эмоциялардың реттеуші рөлі туралы тұжырымдарының ғылыми маңыздылығы айқындалды. Осы теориялық негіздерге сүйене отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда қолдануға бағытталған «Эмоцияны тану – түсіну – реттеу» кешенді әдіс ұсынылды және оның педагогикалық тиімділігі тәжірибе жүзінде дәлелденді.

Диагностикалық құралдар мен деңгейлік бағалау шкаласын қолдану нәтижелері әдісті жүйелі түрде іске асыру балалардың эмоцияларды тану және ажырату деңгейін арттырып, өз эмоцияларын сөзбен білдіру, жағымсыз эмоцияларды реттеу, эмпатия және өзара әрекеттесу дағдыларының қалыптасуына оң ықпал еткенін көрсетті. Эксперимент соңында жоғары және орта деңгейдегі балалар санының артуы, төмен деңгей көрсеткіштерінің азаюы әлеуметтік-эмоционалдық дамуға бағытталған педагогикалық жұмыстың нәтижелілігін айғақтайды.

Осылайша, мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуын мақсатты, жүйелі және кешенді түрде ұйымдастыру олардың мектепке психологиялық дайындығын арттырудың, әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етудің және тұлғалық дамуын қолдаудың тиімді жолы болып табылады. Зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының практикасында, педагогтердің әдістемелік жұмысында және болашақ ғылыми зерттеулерде қолдануға ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Былкина Н.Д., Люсин Д.В. Психология эмоций. – М.: Педагогика, 2001. – 256 с.
2. Прусакова О.А., Сергиенко Е.А. Развитие понимания эмоций у детей дошкольного возраста. – Психологический журнал, 2010, №3, с. 20–30.
3. Широкова Г.А. Социально-эмоциональная компетентность детей старшего дошкольного возраста. – Вестник педагогики, 2015, №2, с. 45–52.
4. Ань Н.М. Психологические особенности дошкольников в условиях глобализации. – Психология и образование, 2012, №1, с. 78–85.
5. Выготский Л.С. Избранные психологические труды. – М.: Наука, 1984. – 432 с.
6. Симонов П.В. Теория эмоций. – М.: Наука, 1975. – 288 с.
7. Станкин М.И. Эмоции и психическая деятельность. – СПб.: Питер, 2003. – 312 с.
8. Князева О.Л. Социально-эмоциональное развитие детей дошкольного возраста. – М.: Просвещение, 2011. – 224 с.
9. Андреева И.Н. Эмоциональный интеллект: теория и практика. – М.: Академия, 2009. – 160 с.
10. Трофимова Н.М., Ань Н.М. Эмоциональный интеллект и социальные компетенции. – Вестник психологии, 2016, №4, с. 65–72.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

ПІРМАНОВА АҚЕРКЕ ДАРХАНҚЫЗЫ

АЛТ педагогикалық колледжінің оқытушысы
Алматы қаласы

Аңдатпа

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-тәрбие процесінде қолданылатын инновациялық технологияларды пайдалану қарастырылған. Мектепке дейінгі мекемелерде қолданылатын инновациялық технологиялардың өз тәжірибесінде қолданған негізгі түрлері сипатталған.

Аннотация

в статье рассматривается использование инновационных технологий, применяемых в образовательном процессе детей дошкольного возраста. Описаны основные виды инновационных технологий, применяемых в детских дошкольных учреждениях.

Ключевые слова: технология, педагогические технологии, инновационные педагогические технологии.

Кілт сөз: технология, педагогикалық технология, инновациялық педагогикалық технология

Инновациялық технологиялар – бұл қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайда баланың тұлғалық дамуындағы динамикалық өзгерістерге байланысты оң нәтижеге жетуге бағытталған оқыту, тәрбиелеу әдіс жүйесі, құралдары. Педагогикалық инновация тәрбие мен оқыту үдерістерін не өзгерте алады, не жетілдіре алады. Инновациялық технологиялар прогрессивті шығармашылықты біріктіреді, педагогикалық іс-әрекет процесінде өзінің тиімділігін дәлелдеген білім берудің технологиялары мен стереотиптік элементтерін қолданып баланың дамуына жол ашады.

«Күрделі тапсырмалардың қарапайым шешімдері» деп те атауға келетін аталмыш жұмысымының негізгі мақсаты инновация платформасының тәжірибесін ұсына отырып білім беру жүйесінде дәстүрлі және инновациялық ойын тәжірибесі мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасын табысты әлеуметтендіруде пайдалану жолдары. Сондықтан, ҚР-ның мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарт талаптарына сәйкес мектепке дейінгі мекемеде баланың жеке басын жан-жақты дамыту мәселелерін шешуді қамтамасыз ететін тиімді жұмыс түрлерін іздеу мәселесі өте өзекті болып табылады. Ал мектеп жасына дейінгі білім беру мекемесінің тәрбиешісіне заманауи технологиялардың кең ауқымын шарлау қазіргі кезеңдегі өзекті мәселенің бірі болып отыр.

Педагогикалық инновациялық технология - бұл педагогтың іс-әрекетінің құрылымы, оған кіретін барлық әрекеттер белгілі бір дәйектілік пен тұтастықпен ұсынылады, ал іске асыру қажетті нәтижеге қол жеткізуді болжайды және болжамды сипатқа ие болады. Бұл технологиялардың артықшылығы балалардың өзіне өзі қызмет ету рөлі мен пропорциясын күшейтіп қана қоймай, сонымен бірге басты назарда жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту, білім беру процесін даралау және саралау, тиімді өзін-өзі бақылау және оқу нәтижесін өзін-өзі бағалауға ықпал ететін технологиялар болады. Оқытудың баланың белгілі бір білім, білік және дағдыларды игеруі емес, баланың ересектеп (тәрбиеші) білім алып, оны өңдей алу, яғни не жаман, не жақсыны ажыратуы, дұрыс әрекет жасауы, қажет нәрсені таңдау, оны мықты есте сақтау және басқалармен байланыстыру қабілеті болуы керек.

Инновациялық технологияларды кеңінен енгізу балабақша тәрбиеленушілерінің білім сапасын, танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясын жақсартуға жағдай жасайды. Қазіргі білім беру технологияларын қолдану нәтижесінде: - Мен ұйымдастырылған іс- әрекеттері бойынша білімнің тұрақты сапасы (65-75%), мен жұмыс істейтін топ тәрбиеленушілерінің оқу жылы соңында өз жас ерекшелік білім құзыреттілігі 95,5% құрайды.

Тәрбиеленушілердің мотивациялық сферасын диагностикалау нәтижелері оқу- танымдық мотивтердің тар көзқарастарға қарағанда басым екенін көрсетеді. Осылайша, мен тиімді қолданатын инновациялық ойын технологиялар - баланың жеке басын дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін анықтау, физикалық және психикалық денсаулықты сақтау және жақсы нәтижелерге қол жеткізуді жоспарлауға маған мүмкіндік береді. Инновациялық ойын технологиялар көмегімен мектепке дейінгі оқу-тәрбие жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыруға күш жұмсай отырып, мен балабақшаішілік, қалалық семинарлар мен

байқауларға қатысамын, шығармашылық интеллектуалды жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткіземін, бұл тәрбиеленушімнің танымдық қызығушылықтарын, белсенділігі мен шығармашылығын дамытуға ықпал етеді. Сондықтан да инновациялық ойындарды тәжірибемде қолдана отырып әр білім беру саласының дағдыларын барынша жетілдіруге тырысамын. Нақты белгілі бір дағдыны жақсарту тәсілдерінің бірі - осы дағдыларға ерекше назар аудара отырып сәкес келетін инновациялық ойын тәсілін ойлап табуға болады, содан кейін бірнеше тілдік дағдыны қамтитын жаттығуларды біртіндеп енгіземін. Мысалы,

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, білім беру саласындағы жаңғырту үдерістері мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру, баланың тұлғалық, зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл міндеттер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарға арналған үлгілік оқу бағдарламалары мен әдістемелік нұсқаулықтарда нақты айқындалған.

Аталған нормативтік құжаттарда мектепке дейінгі білім беру үдерісін ұйымдастыруда инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу, білім беру мазмұнын жаңарту, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру қажеттігі баса көрсетіледі. Инновациялық технологиялар балалардың танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өздігінен әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға және білім беру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, олардың инновациялық әдістерді меңгеруі мен тәжірибеде қолдануы мектепке дейінгі білім беру сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Осы тұрғыда ойын технологиялары, жобалау әдісі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, STEM элементтері, дамыта оқыту және тұлғаға бағдарланған оқыту сияқты инновациялық педагогикалық технологияларды мектепке дейінгі білім беру үдерісіне жүйелі енгізу өзекті мәселе ретінде қарастырылады.

Осыған байланысты, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында инновациялық педагогикалық технологияларды енгізудің тиімділігін ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыда зерделеу, олардың білім беру үдерісіне ықпалын анықтау – қазіргі педагогика ғылымының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Аталған мақалада мектепке дейінгі білім беру үдерісінде инновациялық педагогикалық технологияларды қолданудың маңызы, нормативтік талаптарға сәйкестігі және білім беру сапасын арттырудағы тиімділігі жан-жақты қарастырылады.

«Ұлттық құндылықтар» тақырыбы бойынша мектепке дейінгі балаларға білім беруде инновациялық ойын технологияларын қолдану – тәрбиелік және дамытушылық әлеуеті жоғары тиімді тәсілдердің бірі. Осы бағытта авторлық жаңаша ойын тәсілі ретінде «Шабандос» инновациялық ойынын қолдану ұсынылады. Аталған ойын ұлттық дүниетаным элементтерін, қозғалыс белсенділігін және коммуникативтік әрекетті өзара кіріктіре отырып, балалардың тапсырмаға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Ойын барысында балалар ұлттық құндылықтарға қатысты білімді жеңіл әрі табиғи түрде меңгереді, ал бұл өз кезегінде олардың танымдық белсенділігін күшейтеді.

«Шабандос» ойыны арқылы қызығушылық қалыптасқаннан кейін, балалардың алған білімін бекіту мақсатында шығармашылық тапсырмалар орындалады. Мысалы, ұлттық тақырыптағы бейнелеу, әңгіме құрастыру, рөлдік әрекет немесе құрастыру жұмыстары ұсынылады. Бұл тәсіл балалардың алған ақпаратты саналы түрде қабылдап, оны шығармашылықпен қайта өңдеуіне жағдай жасайды. Дағдыларды біртіндеп қалыптастырудың тағы бір тиімді жолы ретінде аудио-мәтін тыңдату, бейнематериал көрсету, одан кейін қимылды

ойындар немесе танымдық тапсырмалар ұйымдастыру ұсынылады. Мұндай кезеңдік жұмыс баланың қабылдау, түсіну, ой қорыту және әрекет ету дағдыларын кешенді дамытуға бағытталады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында негізгі коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда инновациялық ойын стратегиялары ерекше рөл атқарады. Бұл стратегиялар балаларға тәжірибе жасауға, мағынаны өздігінен құруға, жаңа білім мен бұрын меңгерілген білім арасында байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, инновациялық ойындар қателесуден қорықпауға, мәселені терең түсінуге және өз ойын еркін жеткізуге үйретеді. Мәселен, «Бірлігіміз жарасқан» атты құрылымдалған топтық инновациялық ойын балалар арасындағы өзара әрекетті нығайтып, тұлғааралық қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдыларын дамытады, топ ішіндегі психологиялық кедергілерді жояды.

Жалпы алғанда, мектепке дейінгі оқыту үдерісін жаңа сапалық деңгейге көтеру инновациялық ойын технологияларын жүйелі түрде әзірлеп, енгізусіз мүмкін емес. Педагогикалық инновация – бұл тәрбиелеу мен оқытудың мақсаттарын, мазмұнын, формалары мен әдістерін жетілдіруге бағытталған өзгерістер жиынтығы. Ол педагогтің ғылыми ізденісін, кәсіби рефлексиясын және үздіксіз өзіндік дамуын талап ететін саналы үдеріс болып табылады.

Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін аса маңызды іс-әрекеттің бірі – қарым-қатынас, себебі ол тұлғаның толыққанды дамуының негізгі шарты болып саналады. Осыған байланысты педагог пен тәрбиешінің басты міндеті – қарым-қатынасқа негізделген білім беру ортасын арнайы ұйымдастыру, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру және балалар мен ересектер арасындағы өзара сенімді нығайту. Бұл міндетті жүзеге асырудың тиімді жолы – интерактивті оқыту әдістерін қолдану.

Инновациялық ойын: «Шабандос»

Ойынның мақсаты

Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұлттық құндылықтар туралы түсініктерін қалыптастыру, қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдени мұрасына қызығушылығын арттыру, сондай-ақ ойын арқылы балалардың коммуникативтік, танымдық, қимыл-қозғалыс және шығармашылық дағдыларын кешенді дамыту.

Міндеттері

- Балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарымен (атқа міну мәдениеті, батырлық, ептілік, бірлік, сыйластық) таныстыру;
- Ойын барысында балалардың сөйлеу мәдениетін, өз ойын еркін жеткізу қабілетін дамыту;
- Топпен әрекет ету, өзара көмек көрсету және ережені сақтау дағдыларын қалыптастыру;
- Қимыл-қозғалыс белсенділігі арқылы балалардың дене дамуын қолдау;
- Балалардың шығармашылық және танымдық белсенділігін арттыру.

Ойынның мазмұны мен кезеңдері

I кезең. Қызығушылықты ояту (мотивациялық кезең)

Тәрбиеші балаларға ұлттық нақыштағы аудио немесе бейнематериал (қазақ күйі, ат шабысын бейнелейтін қысқа бейне) ұсынады. «Шабандос» ұғымының мағынасы түсіндіріліп, атқа міну мәдениетінің қазақ халқы үшін маңызы туралы қысқаша әңгіме жүргізіледі. Бұл кезеңде балалардың зейіні шоғырланып, ойынға деген қызығушылығы артады.

II кезең. Ойын ережесімен таныстыру (бағдарлау кезеңі)

Тәрбиеші ойынның шартын, ережелерін және қауіпсіздік талаптарын түсіндіреді. Балалар «шабандос» рөліне еніп, белгіленген бағыт бойынша қозғалады. Әр аялдамада ұлттық құндылықтарға байланысты тапсырмалар ұсынылады (сұрақтарға жауап беру, мақал-мәтелді жалғастыру, ұлттық бұйымды

тану, сурет бойынша әңгіме құрастыру).

III кезең. Негізгі ойын әрекеті (іс-әрекеттік кезең)

Балалар белгіленген бағытта қимылдап, тапсырмаларды орындайды. Ойын барысында жылдамдық, ептілік емес, тапсырманы дұрыс орындау мен ынтымақтастық басты назарда болады. Тәрбиеші балаларды қолдап, бағыт-бағдар беріп отырады. Бұл кезеңде балалардың коммуникативтік қарым-қатынасы, бір-бірімен өзара әрекеті айқын көрінеді.

IV кезең. Шығармашылық тапсырма (бекіту кезеңі)

Ойыннан кейін балаларға шығармашылық тапсырма ұсынылады:

- «Мен – шабандоспын» тақырыбында сурет салу;
- Ұлттық кейіпкердің бейнесін жасау;
- Қысқа әңгіме немесе қимыл арқылы көрініс көрсету.

Бұл кезең ойын барысында алған білімді бекітуге және шығармашылық ойлауды дамытуға бағытталған.

V кезең. Рефлексия (қорытындылау кезеңі)

Балалар өз әсерлерімен бөліседі, не үйренгенін айтады. Тәрбиеші балалардың белсенділігін атап өтіп, ұлттық құндылықтарға құрмет көрсетуге бағытталған қорытынды жасайды.

Күтілетін нәтиже

Ойын нәтижесінде балаларда:

- Ұлттық құндылықтар туралы бастапқы түсініктер қалыптасады;
- Қазақ халқының мәдени мұрасына қызығушылық пен құрмет сезімі артады;
- Коммуникативтік дағдылар (тыңдау, өз ойын айту, диалог құру) дамиды;
- Топта бірлесіп әрекет ету, ережені сақтау дағдылары қалыптасады;
- Қимыл-қозғалыс белсенділігі мен шығармашылық қабілеттері жетіледі;
- Ойын арқылы білім алуға деген оң мотивация қалыптасады.

Интерактивті оқыту – бұл балалардың бір-бірімен және педагогпен диалог, өзара әрекет, пікір алмасу арқылы білім алу үдерісі. Мұндай жағдайда тәрбиеші тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар оқыту үдерісінің ұйымдастырушысы, топ көшбасшысы және балалардың бастамашылдығын қолдаушы тұлға ретінде көрінеді. Нәтижесінде балалар ұлттық құндылықтарды меңгерумен қатар, өз ойын еркін жеткізе алатын, бірлесіп әрекет етуге қабілетті, әлеуметтік белсенді тұлға ретінде қалыптасады. Қорыта айтқанда, инновациялық ойын технологиялар – заманауи әлеуметтік мәдени жағдайда баланың тұлғалық дамуында динамикалық өзгерістер есебінен позитивті нәтижеге жетуге бағытталған тәрбиелеу құралдарының оқыту тәсілдері мен әдістерінің жүйесі. Педагогикалық инновациялар тәрбие мен оқыту үдерісін өзгертуі немесе жетілдіруі мүмкін. Инновациялық ойын технологиялар педагогикалық іс-әрекет үдерісінде өзінің тиімділігін дәлелдеген білім берудің прогрессивті технологиялар мен стереотиптік элементтерін үйлестіреді. Модельдеу, жобалық-зерттеу, интеллектуалдық-ойын тәсілдері негізінде құрылған интеллектуалдық технологиялар айрықша қызығушылық тудырады. Олар зияткер балаларды математикаға, мәдениетке, тілдерге, логикаға жан-жақты дамытуға бағыттайды. Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісіне инновациялық технологияларды ендіру әрбір баланың зияткерлік сұраныстарын барынша тиімді шешуге мүмкіндік береді. XXI ғасырда білім берудің ұлттық жүйесін дамытудың негізгі бағыттары тәрбие мен оқытуда инновациялық ойын қағидаттар мен тәсілдерді қолдану, білім беруді ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін тереңдету, материалдық-техникалық базаны жаңарту және кеңейту, білім беру бағдарламалары мен қызметтерінің кең таңдауын қамтамасыз ету, білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Балабақшада берілетін тәрбие – барлық тәрбиенің бастауы, әрі жан-жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор

деп санаймын. Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі білім беру үдерісінде ұлттық құндылықтарға негізделген инновациялық ойын технологияларын қолдану балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін тиімді педагогикалық құрал болып табылады. Осы тұрғыда ұсынылған «Шабандос» инновациялық ойыны ұлттық мәдени мазмұнды қимыл-қозғалыс, коммуникативтік және танымдық әрекеттермен өзара кіріктіре отырып, балалардың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Ойынның кезең-кезеңімен ұйымдастырылуы балалардың қабылдау, түсіну, ой қорыту және шығармашылық әрекет ету дағдыларын бірізді қалыптастыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, «Шабандос» ойыны арқылы балаларда қазақ халқының ұлттық құндылықтарына құрметпен қарау, бірлікке, ынтымақтастыққа, өзара сыйластыққа тәрбиелеу жүзеге асады. Бұл мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық және әлеуметтік дамуы үшін маңызды алғышарт болып табылады.

Инновациялық ойын технологияларын жүйелі қолдану педагог пен тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, білім беру үдерісінің мазмұнын жаңғыртуға, оны баланың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарына сәйкес ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, ұлттық құндылықтарға негізделген «Шабандос» сияқты инновациялық ойындар мектепке дейінгі білім беру сапасын арттырудың, тәрбиелеу мен оқытудың тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды тетігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2023. – 56 б.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022. – 48 б.
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2022. – 72 б.
4. Әбілқасымова А.Е., Таубаева Ш.Т. Педагогикалық инновациялар және білім беру технологиялары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 256 б.
5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2018. – 312 б.
6. Сарсенбаева Б.А. Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық технологиялар. – Алматы, 2020. – 184 б.
7. Ұзақбаева С.А. Ұлттық тәрбие – ұрпақ тәрбиесінің негізі. – Алматы: Білім, 2017. – 216 б.
8. Нұрғалиева Г.К. Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын арқылы оқыту әдістемесі. – Алматы, 2018. – 168 б.
9. Выготский Л.С. Игра и её роль в психическом развитии ребёнка. – М.: Педагогика, 2016. – 144 с.
10. Эльконин Д.Б. Психология игры. – М.: Академия, 2015. – 304 с.
11. UNESCO. Early Childhood Care and Education: Innovative Approaches. – Paris, 2019. – 98 p.
12. Балаева Т.Қ. Мектепке дейінгі балаларға ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру әдістемесі. – Алматы, 2021. – 192 б.

РЕДЖИО ПЕДАГОГИКАСЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Нурмаханбетова Алина Курманбековна

КМҚК 153бөбекжай -балабақшасының

меңгерушісі

Алатау ауданы

Аннотация

Бұл мақалада мектепалды даярлық тобында Реджио педагогикасы элементтерін қолдану арқылы білім беру ортасын ұйымдастыру мәселелері қарастырылады. Зерттеу барысында балалардың танымдық белсенділігі, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ықпал ететін әдістемелік тәсілдер, соның ішінде жобалық іс-әрекеттер, ателье жұмыстары және табиғаттан зерттеу ойындары ұсынылды. Мектепке дейінгі КМҚК «153 бөбекжай-балабақшасы», Алатау ауданының мектепалды даярлық тобында жүргізілген тәжірибе көрсеткендей, Реджио педагогикасы элементтері балалардың дербестігін, топтық ынтымақтастығын және оқу процесіне ішкі мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу ғылыми жаңалық ретінде мектепалды даярлық жасындағы балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып Реджио педагогикасының қағидаларын қолданудың теориялық-әдістемелік негіздерін анықтады. Практикалық маңызы – педагогтерге білім беру ортасын ұйымдастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсыну арқылы мектепалды даярлық топтарында инновациялық тәсілдерді енгізуге бағытталған.

Кілт сөздер: мектепалды даярлық тобы, Реджио педагогикасы, білім беру ортасы, шығармашылық дамуы, жобалық іс-әрекет

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың тұлғалық дамуын, шығармашылық қабілетін және дербес ойлауын қалыптастыруға бағытталған инновациялық педагогикалық тәсілдерді енгізу өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Әсіресе мектепалды даярлық кезеңі баланың кейінгі оқу әрекетіне психологиялық, әлеуметтік және танымдық тұрғыдан дайындалуында шешуші рөл атқарады. Осы кезеңде білім беру ортасының мазмұны мен ұйымдастырылуы баланың белсенді іс-әрекетке қатысуына, өз ойын еркін білдіруіне және қоршаған ортамен өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беруі тиіс.

Осы тұрғыда әлемдік педагогикалық тәжірибеде кеңінен қолданылып келе жатқан Реджио педагогикасы (Reggio Emilia approach) мектепалды даярлық ұйымдары үшін тиімді әдіснамалық негіз бола алады. Реджио педагогикасы баланы білім алудың белсенді субъектісі ретінде қарастырып, оның қызығушылықтары мен бастамаларын білім беру үдерісінің өзегіне айналдырады. Бұл педагогикалық бағытта білім беру ортасы «үшінші педагог» ретінде сипатталып, баланың зерттеушілік әрекетін, шығармашылық ойын және әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға ықпал ететін маңызды фактор ретінде танылады.

Мектепалды даярлық тобында Реджио педагогикасы элементтеріне негізделген білім беру ортасын ұйымдастыру балалардың өздігінен әрекет етуіне, топтық жұмысқа қатысуына, түрлі материалдармен тәжірибе жасауына және ойлау үдерісін көрнекі түрде көрсетуіне жағдай жасайды. Мұндай орта баланың табиғи қабілеттерін ашуға, эмоционалдық жайлылығын қамтамасыз етуге және оқу әрекетіне деген ішкі мотивациясын арттыруға бағытталады.

Сондықтан да мектепалды даярлық тобында Реджио педагогикасы элементтері негізінде білім беру ортасын ұйымдастырудың педагогикалық мүмкіндіктерін зерттеу, оны тәжірибеге енгізу жолдарын айқындау және тиімділігін негіздеу қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесі үшін маңызды ғылыми-практикалық міндет болып табылады. Бұл мақалада аталған педагогикалық тәсілдің теориялық негіздері мен оны мектепалды даярлық тобында қолдану ерекшеліктері қарастырылады.

Қиыр Шығыстағы білім берудің Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес әрбір мектепке дейінгі ұйым: әрбір баланы дараландыруды, баланың жеке басының өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасауды, балалардың бастамашылдығын қалыптастыру үшін жағдайды және жүйесі ең қолайлы.

Мектепке дейінгі КМҚК «153 бөбекжай-балабақшасы», Алатау ауданының мектепалды даярлық тобында жүргізілген зерттеу нәтижесінде Реджио педагогикасы элементтерін қолдану балалардың оқу-тәрбие үдерісіне белсенді қатысуына, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерінің дамуына оң әсер ететіні анықталды. Білім беру ортасын ұйымдастыруда педагогтардың ұсынылған әдістемелік ұсыныстарға сүйенуі балалардың дербестігін арттыруға, топ ішінде өзара қарым-қатынасын дамытуға және қызығушылыққа негізделген оқу әрекетін жүйелі жүргізуге мүмкіндік берді.

Зерттеу көрсеткендей, Реджио педагогикасы элементтері негізінде ұйымдастырылған орта балалардың танымдық белсенділігін жоғарылатып қана қоймай, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге де ықпал етті. Бұл тәжірибе мектепалды даярлық топтарында инновациялық тәсілдерді енгізудің тиімділігін дәлелдеді және білім беру процесін жетілдіру үшін практикалық нұсқаулық ретінде қолдануға мүмкіндік берді.

Бұл жаңа типтегі балабақшаның философиясы мен әдістемесін Реджо Эмилия қаласындағы Лорис Малагузци бастаған мұғалімдер тобы әзірлеген. Педагогика баланың жеке басын құрметтеу, жеке жауапкершілікті тәрбиелеу және баланың өзі белгілеген даму векторын жүзеге асыруға бейімделген даму ортасын құру принциптеріне негізделген. Негізгі идея - бала өзін көптеген жолдармен көрсетеді, оны ересектер байқамайды. Қабылдау ынталандырылмаса және қоршаған орта туралы ойлауға уақыт пен мүмкіндік берілмесе, балалардың қабілеттері ашылмаған күйде қалады. Дамуында кемістігі бар балаларды қалыпты дамыған балалармен бірге тәрбиелеуге болады. Балаларға бір құбылысқа әр түрлі уақытта (күндер, апталар, жылдар, әртүрлі жарық пен ауа-райы кезінде) бірнеше рет қарап, не болып жатқанын суретке түсіруге мүмкіндік беріледі. Жұмыстың тақырыбы балалардың сұрақтары мен қызығушылықтарынан, балалардың әңгімелері кезінде кездейсоқ пайда болған болжамдардан өздігінен анықталады.

Талқылау күн сайын таңертең топ жиналысында және жұмыс барысында болады. Reggio Emilia-ның ең маңызды принципі - бұл балалардың бір-бірінен сұрақ қоюға, проблемаларды қоюға және талқылауға және түсіндіру гипотезаларын ұсынуға үйренуі. Оқыту саласында мынадай маңызды қағидат болып табылады: балалардың не үйренетіні олардың үйреткенінен автоматты түрде шықпайды; керісінше, ол негізінен олардың ересек әрекеттері мен ресурстарының салдары ретіндегі өз әрекеттерінен туындайды. Балабақшаның кеңістігі балаға пайдалы көрнекі және тактильді ақпаратпен, алуға, олардың құрылымын түсінуге және ойында қолдануға қызықты заттарға толы: бұл табиғи материалдардың (жапырақтар, тұқымдар, бұтақтар және т. т.) оларды зерттеу (үлкейткіш әйнек, микроскоп, жарықтандырғыш үстелдер, ағаш ұсталық аспаптар және т. б.), әртүрлі құрылыс жинақтары мен ойыншықтар, моншақтар мен бояулар, қалдықтар. Мысалы, «РЕДЖИО-ателье» немесе шығармашылық ателье балаларға қиялды дамытуға көмектеседі. Балаларға табиғи және қалдық материалдарды пайдалана отырып, қиялындағы жобаларын жүзеге асыруға еркіндік беріледі. Педагогтердің бағыттауымен, балалар өз шығармашылығын дамытады. Біздің топтың кеңістігі «ательеде» жұмыс істеуге арналған әртүрлі материалдармен жабдықталған. Ателье – бұл баланың өзін-өзі көрсететін, шығармашылық қабілеттерін көрсететін, жеке және топтық жобалармен жұмыс істейтін, жобалық іс-әрекеттердің өнімдері мен материалдарын сақтайтын орын. Топ негізгі «ательелерді» анықтады:

«Кітапхана ательесі», «Театр ательесі», «Құрылыс ательесі», «Аспаздық ателье», «Көркем дизайн», «Тірі организмдер», «Ғылым және сезім ательесі», Ұлттық мұра ательесі». Асыл мұра – қазына». Аптасына бір рет балалардың таңдауы мен бастамасы бойынша «Ателье» жалпы шеберханасы өткізіледі. Балалармен жұмыс оларды мұқият бақылаудан басталады. Топта мұғалімдер балалардың еркін ойынын мұқият қадағалайды, балалармен оларды қызықтыратын нәрселер туралы әңгімелеседі, баланың барлық әрекеттерін, мәлімдемелерін, сұрақтарын жазып алады. Содан кейін бұл материал мұқият талдауға ұшырайды, нәтижесінде қазіргі уақытта баланы қызықтыратын негізгі мәселелер туралы қорытынды жасалады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мектепалды даярлық тобында Реджио педагогикасы элементтерін білім беру ортасын ұйымдастыру үдерісіне жүйелі түрде енгізу арқылы негізделеді.

Атап айтқанда, зерттеу барысында мектепалды даярлық жасындағы балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, Реджио педагогикасының негізгі қағидаларын (баланың дербестігі, қызығушылыққа негізделген оқу, білім беру ортасының «үшінші педагог» ретіндегі рөлі, педагог пен баланың серіктестік қарым-қатынасы) кіріктірудің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды.

Сонымен қатар зерттеу мектепалды даярлық тобында білім беру ортасын ұйымдастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынуымен ерекшеленеді. Бұл модельде оқу ортасының аймақтары (зерттеу, шығармашылық, ойын, коммуникация аймақтары), ашық материалдарды қолдану және балалардың іс-әрекетін педагогикалық құжаттандыру тәсілдері алғаш рет кешенді түрде сипатталады. Зерттеу нәтижелері Реджио педагогикасы элементтерін қолданудың балалардың танымдық белсенділігіне, шығармашылық қабілеттеріне және әлеуметтік өзара әрекетіне ықпалын ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді.

1. Табиғаттан зерттеу ойыны: «Менің кішкентай бақшам»

Мақсаты: Балалардың табиғатты бақылау және зерттеу дағдыларын дамыту; сұрақ қою және қорытынды жасау қабілетін қалыптастыру.

Сипаттама:

Балалар топқа бөлініп, әрқайсысына шағын «бақша» учаскесі беріледі (қоржын, құмыра, топырақ, тұқымдар).

Педагог балалардан сұрақтар қояды сұрайды: «Тұқым қалай өседі?», «Су мен жарық өсімдіктерге қалай әсер етеді?»

Балалар тұқымды отырғызып, суарып, күнделікті бақылауларын жазып немесе суретке түсіріп, «өсімдіктің өсу күнделігі» жасайды.

Ойын соңында балалар өз бақшасын таныстырады, суреттер мен жазбаларды пайдаланып, не байқағандарын көрсетеді.

Реджио элементтері:

Баланың белсенді зерттеуші ретіндегі рөлі.

Білім беру ортасы – «үшінші педагог» (материалдар мен орта бақылауға, тәжірибеге мүмкіндік береді)

Педагог пен бала серіктестік қарым-қатынаста: педагог сұрақ қояды, бағыттайды, бірақ шешімді балалар қабылдайды.

Баланың қызығушылықтары анықталғаннан кейін, сіз оған сәйкес келетін бағытта дамуына көмектесе аласыз. Reggio Emilia педагогикасындағы мұндай дамудың кілті жобалық белсенділік болып табылады. Дұрыс таңдалған жоба тақырыбы баланың дамуының катализаторы болады және оған шығармашылықтан бастап қарапайым математикалық түсініктерді дамытуға дейінгі барлық салаларда өзін көрсетуге көмектеседі. Мектеп жасына дейінгі балалармен жобалық іс-әрекеттің ерекшеліктерін ескеру өте маңызды. Ол келесідей: Жобаның негізі баланың ең күшті, тұрақты қызығушылығы болуы керек. Әр баланың өз ерекшелігі бар: біреулер көлікке қызығады, басқалары сары үлпілдек тауықтарсыз өмірді елестете алмайды. Жобаның барлық сәттері мен кезеңдері мұқият құжатталған. Ересектер жобада балалармен бірге жұмыс істейді, бірақ олардың орнына емес, олар орындаушылардың бірінің рөлін атқарады, бірақ олар әрқашан балалардың іс-әрекетін бақылауға міндетті емес, тек қажет болған жағдайда ғана. Мектеп жасына дейінгі баланың жобасында нәтиже емес, процесс маңызды. Бұл жүйеде даму ортасын құру ерекше орын алады (ол баланың «үшінші мұғалімі» болып саналады). Қоршаған орта сенсорлық тәжірибенің алуан түрін жасауға, тәжірибе жасауға және алуға болатындай етіп ұйымдастырылуы керек. Баланы қоршаған ортаның әдемілігіне көп көңіл бөлінген. Бұл заттардағы әдемі заттар мен тәртіп баланың эстетикалық дамуына ғана емес, жалпы дамуына да ықпал етеді деп саналады. Балалар бізден ғана емес, көптеген басқа әсерлер арқылы да үйренеді. Бұл ерте даму әдісінің басты артықшылығы - ересектер мен балалар онда ортақ мақсатпен тең зерттеушілер мен әріптестер ретінде әрекет етеді.

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мектепке дейінгі КМҚК «153 бөбекжай-балабақшасы», Алатау ауданының мектепалды даярлық тобында Реджио педагогикасы элементтерін енгізу балалардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік қабілеттерін айтарлықтай дамытуға мүмкіндік береді. Білім беру ортасын жобалау кезінде педагогтардың белсенді бақылауы, балалардың қызығушылықтары мен сұрақтарына сүйене отырып ұйымдастырылған жобалық іс-әрекеттер балалардың дербестігін, топтық ынтымақтастығын және зерттеушілік әрекетін арттырады.

Зерттеу барысында енгізілген әдістемелік тәжірибелер – «Менің кішкентай бақшам» ойыны, ателье жұмыстары, шығармашылық және ғылыми зерттеу әрекеттері – балаларға өз идеясын білдіруге, гипотезалар құруға, тәжірибе жасауға және нәтижелерін талдауға жағдай жасады. Бұл әдістер балалардың оқу процесіне ішкі мотивациясының артуына, логикалық ойлау және қиялды дамытудың тиімділігін арттыруға септігін тигізді.

Ғылыми тұрғыдан, зерттеу мектепалды даярлық тобында Реджио педагогикасының негізгі қағидаларын – баланың дербестігі, қызығушылыққа негізделген оқу, білім беру ортасының «үшінші педагог» ретіндегі рөлі және педагог-партнерлік қарым-қатынасын – жүйелі түрде қолданудың теориялық-әдістемелік негіздерін анықтады. Практикалық тұрғыдан, ұсынылған білім беру ортасының құрылымдық-мазмұндық моделі педагогтерге балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып тиімді оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Реджио педагогикасы элементтерін қолдану мектепалды даярлық топтарында инновациялық тәсілдерді енгізудің тиімді жолы болып табылады. Бұл тәжірибе балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және білім беру процесін жетілдіру үшін практикалық нұсқаулық ретінде қолдануға лайықты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Malaguzzi, L. (1993). *For an Education Based on Relationships*. Reggio Emilia: Reggio Children.
2. Edwards, C., Gandini, L., & Forman, G. (1998). *The Hundred Languages of Children: The Reggio Emilia Approach – Advanced Reflections*. Ablex Publishing.
3. Каменская, Н.В. (2010). *Современные подходы к дошкольному образованию: Реджио Эмилия в практике детских садов*. Москва: Просвещение.
4. Пономарева, Л.И. (2015). *Проектная деятельность в дошкольном образовании: опыт применения Реджио педагогики*. Санкт-Петербург: Речь.
5. Кузнецова, Е.В. (2018). *Инновационные методы работы с дошкольниками: педагогический опыт Реджио Эмилия*. Вестник педагогики, №4, 45-52.
6. Reggio Children. (2019). *Reggio Emilia Approach: Theory and Practice*. Reggio Emilia: Reggio Children International.
7. Вальдорфская и Реджио педагогика в дошкольном образовании: современные подходы. (2020). Педагогические технологии, №2, 12-20.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ОРЫС ТІЛІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Койшыбаева Анар Альбатыровна

Алматы қаласы Білім басқармасы

«№9 бөбекжай-балабақшасы» меңгерушісі

Аннотация

Бұл жұмыста мектеп жасына дейінгі орыс балалардың қазақ тілін ұлттық ойындар арқылы дамыту мәселесі қарастырылды. Жұмыс барысында балаларға тілдік дағдыларды қалыптастыру, сөздік қорды кеңейту, сөйлеу белсенділігін арттыру, сондай-ақ қазақ халқының мәдениеті мен тарихымен таныстыру мақсатында ұлттық ойындардың рөлі зерттелді. Практикалық бөлімде «Сақина», «Қыз қуу», «Асық ату» сияқты ұлттық ойындар қолданып, олардың балалардың тілдік және әлеуметтік дамуына тигізетін әсері талданды. Нәтижесінде, ұлттық ойындар орыс балаларын қазақ тілінде сөйлеуге ынталандырып, мәдени құндылықтарды үйретуге тиімді педагогикалық құрал екенін көрсетті.

Түйін сөздер: ұлттық ойындар, мектепке дейінгі балалар, тілдік даму, мәдени құндылықтар, қазақ тілі, ойын арқылы оқу.ребенка и всей детской среды. Дети знакомятся с историей и культурой нашего народа через национальные игры.

Аннотация

В данной работе рассматривается вопрос развития казахского языка у детей-дошкольников русскоязычной среды через национальные игры. В исследовании изучалась роль национальных игр в формировании языковых навыков, расширении словарного запаса, развитии речевой активности, а также в знакомстве детей с культурой и историей казахского народа. В практической части применялись национальные игры «Сакина», «Кыз куу», «Асык ату», и анализировалось их влияние на языковое и социальное развитие детей. В результате было установлено, что национальные игры являются эффективным педагогическим инструментом, способствующим мотивации детей к изучению казахского языка и усвоению культурных ценностей.

Ключевые слова: национальные игры, дети дошкольного возраста, языковое развитие, культурные ценности, казахский язык, обучение через игру.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік дамуы олардың ойлау қабілеті, әлеуметтік қарым-қатынасы және ұлттық мәдениетті қабылдауы сияқты тұтас тұлғаның қалыптасуына негіз болады. Ерте жаста тілдік орта мен бай тілдік тәжірибе баланың когнитивтік, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі ұйымдар көпұлтты орта ерекшелігіне ие, сондықтан орыс тілінде тәрбиеленетін балалардың қазақ тілін тиімді үйренуі — бүгінгі білім саясатының маңызды міндеттерінің бірі.

Мұндай міндетті Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы анықтайды. Бұл заң көптілді білім беру арқылы азаматтарға тең құқықты білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ мемлекеттік тілдің қоғамда қолданылуын күшейтуді көздейді. Сонымен бірге «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы тілдердің қолданылуын және оқып-үйрену үшін жағдай жасау міндетін белгілейді, бұл балалардың қазақ тілін меңгеруіне құқықтық негіз бола алады.

Мектепке дейінгі білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс, оның ішінде тіл дамыту, ұлттық мәдени құндылықтармен танысу және көптілді ортада коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру міндеттері қарастырылған. Бұл стандарттар балаларға тілдік орта құру, ойын және рөлдік әрекеттер арқылы тіл үйренуге жағдай жасауға бағытталған.

Мемлекеттік бағдарлама деңгейінде де қазақ тілін дамыту мен көптілділікті қолдау басым бағыт ретінде белгіленген. Мәселен, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы орыс тілінің коммуникативтік-тілдік кеңістікте қолданысын қамтамасыз ету және қазақ тілін меңгеруді қолдау іс-шараларын жүзеге асыруды жоспарлайды.

Балаларға тілдік дағдыларды қалыптастыратын тиімді тәсілдердің бірі — ұлттық ойындар. Ойын — мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі танымдық әрекеті ретінде танылған, өйткені ол тілдік қарым-қатынасты белсенді түрде қолдануға, жаңа сөздер мен сөйлем құрылымдарын ойын арқылы меңгеруге мүмкіндік береді.

Осылайша, орыс тілінде тәрбиеленетін балалардың қазақ тілін мектепке дейінгі кезеңде ұлттық ойындар арқылы дамыту — бұл педагогикалық міндет қана емес, сонымен бірге мемлекет тарапынан белгіленген нормативтік талаптармен және білім беру саясатымен де қолдауды қажет ететін өзекті мәселе.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаевтың сөзімен бастағым келіп тұр. «Ойын ойнап ән салмай өсер бала болама» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы еңбекке қатынасы психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады.

Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, іздеп-паздық тапқырлық көрсетіп әрекет байқатады.

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным – түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен – бірі ептілікті үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі орыс тілінде тәрбиеленетін балалардың қазақ тілін ұлттық ойындар арқылы дамыту тақырыбы аясында мектепке дейінгі білім беру ұйымында «Кел, қазақша сөйлейік» атты жоба ұйымдастырылды. Жобаның негізгі мақсаты – орыс тілдік ортада тәрбиеленетін балалардың қазақ тілінде қарапайым қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу белсенділігін арттыру және ұлттық мәдениетке қызығушылығын ояту.

Жоба мектепке дейінгі жастағы балалардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын технологиясы негізінде құрылды. Себебі ойын – баланың жетекші әрекеті болып табылады және тілдік материалды табиғи, еркін жағдайда меңгеруге мүмкіндік береді. Жоба барысында қазақ халқының ұлттық ойындары жүйелі түрде қолданылып, әр ойын нақты тілдік мақсатқа бағытталды.

«Кел, қазақша сөйлейік» жобасы аясында «Сақина», «Қыз қуу», «Асық ату» сияқты ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Бұл ойындар арқылы балалар жаңа сөздерді меңгеріп, қарапайым сөйлемдер құруға, қазақ тіліндегі нұсқауларды түсініп орындауға үйренді. Ойын кезінде балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы күшейіп, қазақ тілін қолдануға деген қызығушылығы артты.

Жобаның нәтижесінде балалардың қазақ тілінде сөйлеу белсенділігі байқаларлықтай артты, сөздік қоры кеңейіп, тілдік кедергілер біртіндеп жойыла бастады. Сонымен қатар ұлттық ойындар арқылы балалар қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрімен танысып, ұлттық құндылықтарға деген оң көзқарас қалыптастырды.

«Кел, қазақша сөйлейік» жобасы мектеп жасына дейінгі орыс тілінде тәрбиеленетін балалардың қазақ тілін меңгеруіне тиімді жағдай жасап, ұлттық ойындардың тілдік әрі тәрбиелік мүмкіндіктері жоғары екенін дәлелдеді. Бұл жоба мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін дамытуда тәжірибелік тұрғыдан қолдануға ұсынылады.

Ұлттық ойындары – ата – бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгі байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын балалардың алдынан өмірдің есігін ашып, оның творчестволық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді Ұлт ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып келеміз.

Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өресі кең өсіп – жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі.

2.1 Ұлттық ойындардың тізімі және қолдану тәсілдері

1. «Сақина»

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.

Құралдар: Сақина (шеңбер тәрізді ойыншы зат).

Өткізу жолы:

Балалар шеңберге тұрады.

Бір бала сақинаны алады және оны басқа балаға береді.

Сақинаны алған бала қазақ тілінде жаңа сөз айтады немесе қысқа сөйлем құрады.

Ойын осылай жалғаса береді.

Қосымша әдістемелік ұсыныс: Балаларға сөздерді тақырыптық топтар бойынша (табиғат, жануарлар, ойыншықтар) айыру арқылы беруге болады. Бұл сөздік қорды жүйелі түрде кеңейтуге көмектеседі.

2. «Қыз қуу»

Мақсаты: Командалық жұмысқа үйрету, сөйлеу тілін белсенді қолдануға ықпал ету, командалық нұсқауларды орындау дағдыларын дамыту.

Құралдар: Ашық алаң, сызылған шекара немесе ойын алаңы.

Өткізу жолы:

Балалар екі топқа бөлінеді.

Бір топ қыздарды қуады, екінші топ қашады.

Ойын барысында балалар қазақ тілінде командалық нұсқаулар орындайды: «Қаш!», «Тоқта!», «Артқа!»

Ойын кезінде мұғалім балалардың сөздерді дұрыс айтуын және сөйлемдерді толық қолдануын бақылайды.

Қосымша әдістемелік ұсыныс: Ойынның әр кезеңінде балаларға жаңа сөздер мен фразаларды енгізіп, оларды сөйлемдерде қолдануға ынталандыру.

3. «Асық ату»

Мақсаты: Балалардың сана-сезімін, логикалық ойлау қабілетін және сөздік қорын кеңейту.

Құралдар: Асық (үй жануарының сүйектері немесе арнайы ойын асығы), арнайы белгіленген алаң.

Өткізу жолы:

Балалар кезекпен асық атып, мақсатқа жеткізуге тырысады.

Әр ату кезінде балалар қазақ тілінде жаңа сөз немесе сөйлем айтады: «Мен асықты алдым», «Асық алдымыздан өтті».

Мұғалім ойын барысында сөздерді дұрыстауды, сөйлемдерді толық айтуды бақылайды.

Қосымша әдістемелік ұсыныс: Ойын тақырыптық болуы мүмкін: «Жануарлар әлемі», «Киімдер», «Түстер». Бұл балалардың сөздік қорын тақырып бойынша меңгеруге мүмкіндік береді.

Ұлттық ойындарды мектепке дейінгі орыс балаларға қазақ тілін дамыту үшін қолдану нәтижесінде келесі өзгерістер байқалды:

Қазақ тілінде сөйлеу белсенділігінің артуы:

- Балалар ойын барысында сөздік қорын белсенді қолданады.
- Сөйлеу тілін табиғи жағдайда, ойын арқылы меңгереді.
- Жаңа сөздерді меңгеру процесінің қызықты болуы
- Сөздерді жаттау емес, ойын әрекеті арқылы қабылдау.

Ойын тапсырмалары балалардың қызығушылығын арттырады, бұл тіл үйрену мотивациясын күшейтеді.

Командалық және әлеуметтік дағдылардың дамуы:

«Қыз қуу» және «Асық ату» ойындары балаларға бірге әрекет ету, бір-біріне көмектесу, ережелерді сақтау арқылы әлеуметтік дағдыларды дамытуға ықпал етті.

Тілдік және когнитивтік дағдылардың үйлесімді дамуы:

Балалар ойын барысында сөздерді дұрыс қолдануды, сөйлем құруды және логикалық ойлауды үйренді.

Ұлттық ойындар балалардың мәдени-әлеуметтік құндылықтарды түсінуіне мүмкіндік берді.

Ұсыныстар:

Ұлттық ойындарды аптасына кемінде 2–3 рет қолдану.

Ойынға жаңа сөздер мен фразаларды жүйелі түрде енгізу.

Балалардың деңгейіне сәйкес ойын қиындықтарын арттыру.

Ұлттық ойыны әдет – ғұрыптарын, дәстүрлерін, салт - жораларын ұрпақтан ұрпаққа қалдырып отырады, әрі сақтайды. Олардың ұлттықмәдениетінде, тұрмысында бөлінбейтіндей болып қалыптасады. Ұлттық әдептілік, мәдени құндылық олардың өмір ерекшеліктеріне сәйкес сол ұлттық көпшілік өкілдеріне тиісті болатын қоғамдық даму мен табиғат құбылыстарының қайталану заңдылықтарының нәтижесі.

Бала, қоршаған ортасындағы барша әрекеттерді бір ойын деп түсінеді. Ойнап жүріп үйреніп, ойнап жүріп өмір сүруге бейімделеді. Ойын арқылы бала өзін таниды. Ойын барысында әртүрлі қиындықтарды еңсеріп, ішкі тірегі қалыптасады. Бала кезде қанып ойын ойнаған бала, ересек шағында өмірде күрмеуі күшті мәселелерді оңай шешеді. Ойын барысында бала ешқашан

Мектеп жасына дейінгі орыс балалардың қазақ тілін ұлттық ойындар арқылы дамыту — педагогикалық тұрғыдан тиімді әрі өзекті әдіс. Зерттеу барысында келесі қорытындылар алынды:

Ұлттық ойындардың тілдік дамуға әсері:

Балалар ұлттық ойындар арқылы қазақ тіліндегі жаңа сөздерді үйреніп, қысқа сөйлемдерді дұрыс қолдануды меңгерді. Сөйлеу белсенділігі артты, тілдік ортада коммуникативтік әрекет белсендірек болды. Бұл балалардың ойлау қабілеті мен когнитивтік дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Әлеуметтік және командалық дағдылардың дамуы:

«Қыз қуу» және «Асық ату» ойындары балаларды топтық жұмысқа үйретіп, бір-бірімен өзара әрекеттесуге, ережелерді сақтауға, өз позициясын білдіруге үйретті. Бұл олардың әлеуметтік бейімділігін, коммуникациялық дағдыларын қалыптастырды.

Мәдени құндылықтарды меңгеру:

Ұлттық ойындар балаларға қазақ халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін танытуға мүмкіндік берді. Олар ойын арқылы ұлттық дәстүрлерді түсініп, ата-бабадан қалған асыл мұраны бағалауға үйренді.

Тәндік және психологиялық даму:

Ойын балалардың дене белсенділігін арттырып, психологиялық дамуына оң әсер етті. Балалар ойын барысында тапқырлық, іздемпаздық және шығармашылық қабілеттерін көрсетті.

Нормативтік талаптарға сәйкестік:

Ұлттық ойындар арқылы тілдік дамыту Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы талаптарына сәйкес жүзеге асырылды. Бұл орыс тілінде тәрбиеленетін балалардың қазақ тілін меңгеруін заңдық және әдістемелік тұрғыдан қолдайды.

Қорытындылай келе, ұлттық ойындар — мектеп жасына дейінгі орыс балалардың қазақ тілін меңгеруінде, мәдени құндылықтарды қабылдауында және әлеуметтік-қоғамдық дағдыларын қалыптастыруда ең тиімді құралдардың бірі. Бұл ойындар баланың жан-жақты дамуына, шығармашылық қабілеттерін ашуға және ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007 (өзгерістер мен толықтыруларымен).
2. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы. – Алматы, 1997 (өзгерістер мен толықтыруларымен).
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022.
4. Сейтенова С.Қ.
Мектепке дейінгі балаларға қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2017. – 180 б.
5. Ұзақбаева С.А.
Ұлттық тәрбие негіздері. – Алматы: Санат, 2016. – 200 б.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Хакимова Айнарам Акрамовна
ЖШС "Дос Тұмар «Бейбарыс» балабақшасының
Тәрбиешісі
Алматы облысы

Андатпа: Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын жаңа технологиялар қарастырылады. Ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, инновация ұғымы жан-жақты талданылады.

Түйінді сөздер : тәрбие, оқыту, білім беру, инновация , интерактивті тақта, мультимедия, технология, электрондық жүйе, акпарат, коучинг, графика, модуль, флипчарт

Аннотация. В статье рассматриваются новые технологии, используемые в дошкольных организациях, на основе научных исследований всесторонне анализируется понятие инновации.

Ключевые слова: образование, обучение, образование, инновации, интерактивная доска, мультимедиа, технология, электронная система, информация, коучинг, графика, модуль, флипчарт

Бұл мақалада шығармашылық сөзіне анықтама беріліп, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарында жүргізілетін жұмыстары мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған тапсырма түрлері айтылады.

Енді жалпы «шығармашылық» деген сөзге анықтама бере кетсем, менің ойымша, «Шығармашылық» деген сөздің түп төркіні, этимологияны шығару, ойлап табу дегенді білдіреді. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, яғни сол арқылы жетістікке жету деп түсінемін. Ал «шығармашылық даму» деген – жалпы тұлғаның даму көрсеткіші және адам жан дүниесін жаңғырту. Сонда түйіні шығармашылық – қайталанбайтын, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс- әрекет деп те айтуға болады. Өйткені, жаңалық әсіресе интеллектуалдық тұрғыда болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді.

Баланың шығармашылығы деген – баланы ойлай білуге үйрету, баланың іс-әрекетіне жағдай туғызу. Яғни, мектеп жасына дейінгі баладан шығармашылық қабілетті талап етпес бұрын, шығармашылықпен жұмыс жасауға үйреткен дұрыс. Баланың зейінін, есін, қиялын дамыта отырып, шығармашылық іс-әрекетін жоғары деңгейде көтеруге болады. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылығын қалыптастыру қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі. Педагогтар мен тәрбиешілер мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетінің дамуын жан-жақты тереңірек қарастыру қажеті деген пікірлер айтуда. Балалардың шығармашылық қиялы мен қабілеттерін дамыту сәбилік кезеңнен басталады. Баланың шығармашылық қабілетін дамытудың мынандай шарты бар:

1. Баланың шығармашылық іс-әрекетіне жағдай жасау;
2. Шығармашылық қабілетін дамытуды байқаған бойда қолға алу;

Шығармашылыққа жақын бүлдіршіндер әр түрлі жаңашылдыққа құмар келеді. Негізінде баланың шығармашылық қабілеттері айтарлықтай ерте кезден біліне бастайды. Егер де ата-ана соны байқап, уақытында дамытуға көмек көрсететін болса, болашақта ол балада қандай да бір дарын пайда болуы мүмкін.

Мен мектепке дейінгі білім беру мекемесінде қызмет атқарамын. Балалармен жүйелі жұмыс жүргізе отырып, алдыма нақты мақсат қойдым.

Мақсатым – мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық іс-әрекет барысында өз қабілеттерін еркін іске асыруға дайындығын қалыптастыру.

Аталған мақсатқа жету үшін оқу бағдарламасын тереңдете оқыту, балалардың танымдық белсенділігін арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолданамын. Өз тәжірибемде сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін кеңінен пайдаланамын. Себебі сурет салу – балаларды қызықтыратын, олардың қиялын дамытатын және шығармашылық белсенділігін арттыратын тиімді іс-әрекет түрі.

Қоршаған орта баланың өмірінде ерекше маңызға ие. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалармен шығармашылық жұмыс жүргізу барысында сурет салу әрекетін қоршаған ортамен тығыз байланыстыра ұйымдастырамын. Балаларға табиғаттағы көргендерін, өз әсерлері мен қиялын қағаз бетіне бейнелеу тапсырмалары беріледі. Мұндай тапсырмалар баланың байқағыштығын арттырып, қиялын дамытып, өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік береді.



Шығармашыл тұлға қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балалар салған суреттеріне байланысты сұрақтар қоямын. Мысалы: «Сен қандай сурет салдың?», «Не бейнеледің?», «Қандай түстерді қолдандың?». Бұл сұрақтар баланың ойлау қабілетін, сөйлеу белсенділігін және өз жұмысына деген көзқарасын қалыптастыруға бағытталған.

Алғашқы кезде кейбір балалар қойылған сұрақтарға бірден жауап бере алмай, үнсіз қалуы мүмкін. Мұндай жағдайда баланың салған суретін сынға алмау, «Бұл қандай үй?», «Үйге ұқсамайды» сияқты теріс пікір айтпау маңызды екенін түсіндім. Керісінше, баланы қолдап, оның ойын еркін

айтуына жағдай жасау қажет. Осы тапсырмаларды бірнеше рет қайталау арқылы балалар біртіндеп өз ойын ашық білдіріп, суреті туралы әңгімелеуге дағдылана бастады.

Аталған жұмыс түрін жүйелі түрде жалғастыра отырып, әр сәрсенбі күнін «Табиғатқа серуен» деп атап, балалармен бірге далаға шығып, қоршаған ортаны бақылау және сол әсерлерін сурет арқылы бейнелеу жұмыстарын жүргіземін. Бұл балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, шығармашылық қабілеттерінің дамуына, ойлау және сөйлеу дағдыларының қалыптасуына оң әсерін тигізді. Нәтижесінде балалар сұраққа жауап бере бастады. Сонымен қатар сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру іс әрекеттерінде балалар өздерінің шығармашылық белсенділігін көрсете алады. Мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеу кезеңінде заттарды салыстыра алмауы мүмкін, дегенмен нәрсеге қарап сурет салуда дәл ұқсастықпен бейнелеуге мүмкіндік бар. Сондықтан мектепке дейінгі балаларға бейнелеу өнерін білім беруде көрнекілік құралдарды жиі қолданған дұрыс. Қазіргі кезде мемлекеттің даму деңгейі табиғи ресурстармен емес, сонымен қатар баланың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуметімен, анықталмақ. Осылайша 2 -3 жас баланың сурет салуға деген қызығушылығы туындайды. Мектепке дейінгі балалардың қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды.

Біріншіден, әрбір бала оқу әрекеті барысында жинақтаған тәжірибесін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік алса, екіншіден, шығармашылық әрекеттерді орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін жан-жақты дамытады. Шығармашылық іс-әрекет баланың қиялын, ойлау қабілетін, өзіндік көзқарасын қалыптастырып, жеке тұлға ретінде дамуына негіз болады.

Сөзімді түйіндей келе, әр баланың бойында табиғат берген ерекше қабілет, талант пен шығармашылық әлеует бар екенін атап өткім келеді. Халқымыздың «Бұлақ көрсең көзін аш» деген нақыл сөзіне сүйене отырып, баланың бойындағы шығармашылық қабілетті дер кезінде анықтау және дамыту — ең алдымен педагог-тәрбиешілердің басты міндеті екені айқын. Мектепке дейінгі кезеңде әр баланың бойындағы дарындылық қасиеттерді анықтап, оны жүйелі түрде дамыту өз дәрежесінде жүргізілуі тиіс.

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы сәби кезінен басталады. Сондықтан әрбір балаға қолайлы білім беру ортасын қалыптастырып, оның еркін дамуына барлық жағдай жасау қажет. Өмірге келген әрбір баланың бақытты болуы – қоғам алдындағы ортақ жауапкершілік. Дана халқымыздың «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөзі ұрпақ тәрбиесінің маңыздылығын айқындайды.

Ағартушы Міржақып Дулатовтың «Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман» деген пікірі білімнің ел болашағы үшін шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді. Демек, егемен еліміздің берік тірегі – саналы, білімді жас ұрпақ. Балалар – еліміздің бүгіні мен ертеңі, мемлекетіміздің басты байлығы әрі сенімді тірегі.

Осыған орай, біз – педагог-тәрбиешілердің басты мақсаты – әр балаға тиісті дәрежеде жағдай жасап, оның денсаулығын сақтауға мән бере отырып, саналы тәрбие мен сапалы білім беру. Бұл – болашаққа жасалған ең құнды инвестиция.

Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Астана, 2016
2. Қ.Ахметұлы, Т. Баймолдаев «Жаңа буын оқулықтары арқылы жас ұрпаққа білім беру жолдары. Алматы, 2003
3. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008

АКТ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ, ДӘСТҮРДЕН ТЫС СУРЕТ САЛУДА, БАЛАЛАРДЫҢ АҚЫЛ-ОЙЛАРЫН ДАМУ

ЖШС "Дос Тұмар «Бейбарыс» балабақшасының
меңгерушісі

Бектурсынова Айнара

Қуанышбекқызы

Алматы облысы, Іле ауданы

Молдабай Арайлым Серікқызы

ЖШС "Дос Тұмар «Бейбарыс» балабақшасының

Тәрбиешісі

Алматы облысы, Іле ауданы

Аңдатпа: АКТ сурет салу арқылы балалардың ақыл-ойларын дамыту мақсатында балаларды еркіндікке, ықыптылыққа, әсемділікке тәрбиелеу.

Түйінді сөздер: Дәстүрден тыс сурет салу баланың бойында өзгешелікке, жаңа тәсілдер ойлап табуға, қазіргі озық АКТ технологиялар заманында тың дүниелер ойлап табуға жол ашатын тәсіл болып табылады. Іскерлікті дамытатын, бастамашыл тұлға болып қалыптасуына септігін тигізетін негізгі құрал десе де болады.

Қазіргі білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану – мектепке дейінгі тәрбиенің маңызды бағыттарының бірі. АКТ технологиялары балалардың танымдық қызығушылығын арттырып, олардың ақыл-ойын, шығармашылық қабілеттерін және қиялын дамытуға кең мүмкіндік береді. Әсіресе дәстүрден тыс сурет салу іс-әрекетінде АКТ құралдарын тиімді пайдалану баланың ойлау, салыстыру, талдау және елестету қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі кезең – баланың ақыл-ойы қарқынды дамитын маңызды уақыт. Осы кезеңде баланың қоршаған ортаны тануы, түстерді, пішіндерді, кеңістік пен уақытты қабылдауы сурет салу әрекеті арқылы жүзеге асады. Дәстүрден тыс сурет салу әдістері (саусақпен салу, губкамен бояу, табиғи материалдармен бейнелеу, фольга, түрлі-түсті тұз, жіп, алақан іздері арқылы сурет салу) баланың стандарттан тыс ойлауына жағдай жасайды. Бала-өмірдің жалғасы, балаға өнер үйретіп, кәсіпке баулу тиянақты білі беріп, жан – жақты тәрбиелеу адамзаттың басты міндеттерінің бірі. Болашақ ұрпақ келешек қоғам иелері озық азамат етіп тәрбиелеу-мемлекеттің маңызды міндеті және біздің де қоғам алдындағы борыштарымыз.

АКТ технологиясын қолдану дәстүрден тыс сурет салу мүмкіндіктерін одан әрі кеңейтеді. Интерактивті тақта, мультимедиялық презентациялар, бейнероликтер, электронды суреттер мен анимациялар балаларға бейнелеу іс-әрекетін көрнекі түрде қабылдауға көмектеседі. Мысалы, интерактивті тақтада табиғат құбылыстарын, жануарлар әлемін немесе түстердің үйлесімін көрсету арқылы бала алдымен көріп, ойланып, содан кейін өз қиялымен қағаз бетіне түсіреді.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және тәрбиелеу-бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселелердің бірі.

Шығармашылық-тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері-шығармашылықтың нәтижесі.

«Тәрбие тал-бесіктен басталады» деген дана халқымыз. Демек, баланың қоғамға өзіндік пайдасын тигізер тұлға болып дамып жетілуіне бірден-бір ықпал ететін орын балабақша. Тек қана отбасындағы тәрбие баланың қалыптасуына аздық етеді. Сондықтан бала дамуының негізгі баспалдағы балабақшадағы тәрбиені қалыптастыруымыз қажет.

«Өнерлі өрге жүзеді» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек.

Шығармашылық талпыныс, ізденіске, үйреншікті нәрселерден әсемдік таба білуге, көргенді есте сақтап, қиял-қабілетін дамытуға жол ашады. Сурет сала отырып бала рухани өмірінде де елеулі із

қалдырары сөзсіз. Жаңа қоғам дамуы мен жаңа технологиялық өзгерістер балаларданасқан шеберлік пен іскерлікті талап етеді.

АКТ арқылы ұйымдастырылған сурет салу барысында балалар:

- заттардың пішінін, түсін, көлемін салыстырады;
- себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды;
- өз ойын жоспарлап, оны жүзеге асыруға үйренеді;
- шығармашылық шешім қабылдайды.

Бұл әрекеттер баланың логикалық ойлауын, зейінін, есте сақтау қабілетін және қиялын дамытады. Сонымен қатар, бейнематериалдарды пайдалану балалардың қызығушылығын арттырып, оқу іс-әрекетіне белсенді қатысуына ықпал етеді.

АКТ технологиясы мен дәстүрден тыс сурет салудың үйлесуі балалардың өзін еркін сезінуіне, өз ойын ашық жеткізуіне мүмкіндік береді. Бала сурет салу барысында тек орындаушы емес, ізденуші, ойланушы тұлға ретінде қалыптасады. Бұл оның ақыл-ой дамуына, шығармашылық әлеуетінің ашылуына және жеке тұлға ретінде қалыптасуына оң әсер етеді.

Жаңа технологияларды қолдану барысында балалардың өз ойларынан салған, суреттерін жаңсыз дүниені жаңды қылып көрсетуге болады.

Мысалы: <https://sketch.metademolab.com/> ойыны арқылы дәстүрден тыс суреттер салуға болады.

А.Байтұрсынов «Баланың ойыны қайсы, жұмысы қайсы, айыруға болмайды. Ойыны да ойын, жұмысы да ойын, бәрін ойын үстінде, ойын үшін істейді» - деп, бекер айтпаған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ең сүйікті әрекеттері сурет салу, мүсіндеу, жапсыру кезінде заттар мен құбылыстар туралы түсінігі қалыптасып, көркемдеп бейнелеуге және өзінің сол затқа қатынасын жаңа оймен бере білуге дағдыланады.

Мектепке дейінгі кезеңдегі шығармашылық қабілетінің дамуы мектеп жасына дейінгі балаларда бейнелеу өнерінде пішін және бояуды сәйкестендірудің басқа жолын іздеуі болып табылады.

Көркемдік шығармашылық әрекет баланы көңілсіз жағдайдан шығарып, жүйкеге түскен салмақты түсіріп, эмоционалды көңіл-күй туғызады.

Сондықтан, балабақшада баланың басты әрекеті ретінде бейнелеу өнерін енгізген маңызды болып саналады. Бала үшін мұның маңызы зор. Балалар суретшілер тәрізді жасамаса да, мектепке дейінгі кезеңде бірнеше көркем бейнені жасай алады. Осының өзі оның жеке тұлға болып дамуында із қалдырып, нағыз шығармашылықтың тәжірибесін меңгеріп, оны болашақта пайдалана білетіндей болады.

Сондықтан балабақша тәрбиешісі танымдық іс-әрекеттің шығуы мен табиғатын біліп, оны бала бойында қалыптастырудың жағдайлары мен шарттарын білген жөн.

Еліктеу арқылы салынған алғашқы суретті түсіну шараларын жасауға да болады, бұған дайын репродукциялар, суреттер көрсетумен, оны мұқият түсіндірумен қатар топтағы жақсы сурет салатын балалардың суреттері де көмек көрсете алады. Бұл тәсілдерді қолдану кезінде суретті көрсету, түзетуді қалай жасаудың жемісті табысты жолдарын таңдап алған жөн.

Заттың суретін салудағы, мысалы, оның формасының дұрыс еместігін бала өзі түсініп түземесе, онда оқудың, бейнелеу өнері материалдарының пәрменділігі мен нәтижелілігі азаяды. Бұл мәселені шешіп алмай тұрып шығармашылық және танымдық іс-әрекетті дамыту өте қиынға соғады, тіпті көпшілігінде мүмкін емес.



Баланың өз шамасы мен жас мөлшеріне лайықты еңбек әрекеті барысында әсемділік пен ұқыптылықты ықыластана ұштастыруы, мінез-құлқындағы әдеп пен әсемдікті ұштастыруы, эстетикалық танымдық іс-әрекетке деген құштарлығы, көркем шығармаға деген ынтасы. Баланың

көркемдікке деген ынтызар санасы мен көркем мазмұнды әрекетін қатар қалыптастыра отырып, дамытуды біртұтас педагогикалық үдерістің екі жағы деп те айтуға болады.

Балалардың дәстүрден тыс сурет салуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында әртүрлі құралдар мен материалдарды қолдануға болады. Атап айтқанда, тұрмыстық заттар, тастар, моншақтар, ағаш бөліктері, бояулар, табиғи материалдар, ермексаз, фольга, түрлі-түсті қағаздар, түрлі-түсті тұздар, майшамдар және басқа да қолжетімді құралдар баланың қиялын дамытып, шығармашылық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мұндай материалдармен жұмыс жасау балаларды еркін ойлауға, жаңа бейнелер жасауға ынталандырады.

Әсемдікті сезіну мен шығармашылық қабілеттің қалыптасуы балалық шақтан басталады. Жас нәрестенің өзі айналасындағы әсемдікті ерте қабылдап, оны өзінше түсінуге тырысады. Бұл үдеріс баланың санасында жаңа, қайталанбас ойлардың тууына негіз болады. Көпшілігіміздің балалық шағымызда суретші, мүсінші болуды армандағанымыз да шығармашылыққа деген табиғи қызығушылықтың көрінісі. Сондықтан балалардың осы табиғи қабілетін қолдап, дамыту – педагогтың басты міндеттерінің бірі.

Қабырғалар мен жарларға, ағаш, құм, топырақ беттеріне, әр түрлі шытырман суреттер бейнелегендіктеріміз есімізде. Бұл бейнелеуге деген әуесқойлық біртіндеп басылады, сурет өнеріне берілген көркем шығармашыл адамдар ғана жол таңдайды. Қазіргі заманғы балабақшадағы мүмкіншіліктер шектелген оқу-тәрбие жүйесінде балалардың көркемдік тәрбиесі қалыс қалу мүмкін емес. Балалар бақшасындағы бейнелеу өнерінің түрі, мектеп жасына дейінгі балалардың ең эмоционалды, қызықты әрекет түрі. Әр түрлі көркем жабдықтарды бейнелеу техникасын қолдану балалардың мүмкіндігіндіктерін кеңейтіп, қиялын, шығармашылық қабілетін дамытады. Дәстүрден тыс сурет салу баланың бойында өзгешелікке, жаңа тәсілдер ойлап табуға, қазіргі озық технологиялар заманында тың дүниелер ойлап табуға жол ашатын тәсіл болып табылады. Іскерлікті дамытатын, бастамашыл тұлға болып қалыптасуына септігін тигізетін негізгі құрал десе де болады.

Балалардың шығармашылығын дамытуда дәстүрден тыс сурет салу әдістері мынадай тәрбиелік және дамыту мақсаттарында қолданылады:

Саусақтар мен қол буынының ұсақ қол моторикасын жақсарту. Бас миы мен ұсақ қол моторикасының өзара байланысы бас миының қабығы әрқайсысы бір денеге жауапты бірнеше бөліктен тұрады. Бас миының қабығында қозғалыстық сипатты анықтайтын бөлік бар. Бас миы қабығының үштен бір бөлігі қол мойнының қозғалыстық қабілетімен байланысты және мидың сөйлеу зонасы бір – біріне өте жақын орналасқан. Сондықтан егер баланың саусағы нашар дамыған болса, ол баланың сөйлеу қабілетіне әсер етеді. Осыған

байланысты ғалымдар қол мойнының буынын артикуляциялық аппарат сияқты «сөйлеу органы» деп те атайды. Бала тілін дамыту үшін сөйлеу органы ғана емес сондай – ақ, ұсақ қол моторикасын да дамыту қажет; Қоршаған орта әлемін, ондағы құбылыстар мен заттарды біліп қабылдау, түсіну. Бала сурет салмас бұрын ойша елестетіп, белгілі бір бөлшектерге бөліп, қандай да бір заттарға, геометриялық фигураларға ұқсатып салады.

Қорытындылай келе, АКТ технологиясын дәстүрден тыс сурет салу іс-әрекетінде қолдану – мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойын, танымдық белсенділігін және шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді жолы. Бұл әдіс педагогтың жұмысын жаңашыл бағытта ұйымдастырып, баланың жан-жақты дамуына жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007. – (Өзгерістер мен толықтыруларымен).
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, 2022. – 48 б.
3. Ұзақбаева С.А. Ұлттық тәрбие негіздері: оқу құралы. – Алматы: Санат, 2016. – 200 б.
4. Сейтенова С.Қ. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2018. – 180 б.
5. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – Москва: Просвещение, 2018. – 160 с.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТЕ МУЗЫКА АРҚЫЛЫ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Әділжан Алмагүл Әділжанқызы
№153 бөбекжай-балабақша музыка жетекшісі
Модератор
Алматы қаласы

Андатпа: осы мақалада балабақшадағы ұйымдастырылған іс- әрекеттерде музыканың берілген бағыттарын, заманауи музыканың ерекшеліктерімен танысамыз. ХХІ ғасырда компьютер тара бастады. Сол себепті, музыканың мүмкіндіктері арта түсті. Қазіргі кезде барлық музыка компьютерлік композиторлық, техниканы қолдану арқылы жасалады. Менің түсінуімше, заманауи, интеллектуалды музыка - кез келген жанр мен стильге қатысты болуы мүмкін. Бірақ ол бір маңызды шартты білдіреді: оны қабылдау үшін психикалық күш қажет. Олар сөзбен жеткізуге болмайтын сюжеттік емес өнерге қатысты. Заманауи, интеллектуалды музыка- күрделі джаз импровизациялары болып табылады. Кейде электрондық музыканы да интеллектуалды музыка деп айтады.

Түйінді сөздер: музыка, заманауи, компьютерлік, интеллект, интеллектуалды музыка, жанр, электронды музыка, импровизация, композитор, мәдениет, классикалық, хип-хип, джаз, рок-н-ролл, лирика, ақыл- ой, рефлексия.

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру жүйесінде музыка педагогикасының рөлі ерекше. Музыка арқылы балалардың танымдық, эмоционалды және әлеуметтік дамуы жүзеге асады. Сонымен қатар, музыкалық іс-әрекеттер балалардың ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Заманауи педагогикалық технологияларды қолдану музыка іс-әрекетін тек көңіл көтеру құралы ретінде емес, баланың жан-жақты дамуының тиімді тәсіліне айналдырады. АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар), интерактивті әдістер, ойын технологиялары және музыка терапиясы сияқты жаңашыл әдістер балалардың музыкалық білімін жетілдіруде маңызды рөл атқарады.

Ұлы ақын Абайдың «Әннің де естісі бар есері бар» деп айтып кеткендей әріне, әуеннің иіріміне түскен толқын құлақтан кіріп бойыңызға тараған кезде түрлі әсерде боласыз. Дегенмен, адамға әртүрлі музыка әртүрлі әсер ететінін ескеру керек. Себебі, музыканың бәрі бір жанрға негізделмейді. Олардың: хип-хоп, джаз, лирикалық, рок, рок-н-ролл сынды көптеген жанры бар. Әр жанрдың толқыны түрлі болады.

Өмірімізде әуендердің алатын орнын бағалау өте қиын. Адам оны тыңдағысы келмесе де, күнделікті өмірде барлық жерлерінде: дүкенде, көлікте, жұмыста және т.б. музыка ойнап тұрады. Демек, адамдардың өмірінің басым бөлігінде де музыкамен басталады.

Адам қандай жанрда музыка тыңдаса да ең бастысы әуенге деген махаббаты артып тұрады. Бұл – барлық адам баласына тән қасиет деп ойлаймын. Ал бұл қасиеттің адам баласына әсер ету күші қандай, неге өзімізге ұнайтын музыканы тыңдай бергіміз келеді, жауап із деп көрсек.

Музыка – адам мен ұрпақ арасындағы қарым-қатынас формасы, басқа адамды түсіну тәсілінің ерекшелігі және өзінің басқаға мәнерлеушілігі. Музыка ерекше қарым-қатынас мәдениеті, ерекше тілі. Музыка – адамның музыкалық тілін ерекше сезінуі, музыкалық тілінің ерекше стилі. Музыкалық қабілет – адамның өзіндік тұлғалығының психологиялық қасиеттері: музыка саласындағы оқуы, музыканы қабылдауы, орындауы, музыка жазуы (шығаруы). Ал музыкалық қабілет адамда аса жоғары деңгейдегі бейнелеушілігі музыкалық дарындылығы дейді.

Интеллектуалды музыка деп-күрделі құрылымды, терең мағыналы, ойлы шығармаларды айтуға болады. Музыкалық интеллект деңгей жоғары адам олардың барлығында жоғары болуға ұмтылғанымен, басқаларына қарағанда кейбіреулеріне оңай болуы мүмкін.

Заманауи педагогикалық технологиялардың ерекшеліктері

Заманауи педагогикалық технологиялар баланың жеке қабілеттерін дамытуға, қызығушылығын арттыруға, шығармашылыққа баулу мен эмоциялық интеллектін қалыптастыруға бағытталған. Оларға мыналар жатады:

- *АКТ қолдану: интерактивті тақта, мультимедиялық презентациялар, музыкалық бейнероликтер.*
- *Ойын технологиялары: музыкалық ойындар арқылы ырғақты сезіну және командалық дағдыларды дамыту.*
- *Музыкалық көркем шығармашылық: хореография, ән айту, аспапта ойнау арқылы балалардың шығармашылығын дамыту.*

Ақыл-ойға сүйеніп, рационалды әдіспен шығарылған музыка көне заманнан бастау алады. XX ғасырда компьютер тарала бастаған соң, музыканың мүмкіндіктері арта түсті. Қазіргі таңда компьютерлік музыкадан басқа, электронды музыка, заманауи музыканың көптеген бағыттары пайда болды. Сонымен бірге алуан түрлі қазіргі заманғы композиторлық техникалар қолданылып келеді. Әсіресе, электронды музыканың қазіргі таңда әртүрлі бағыттары өріс алды.

Музыка (гр. μουσική, тура мағынасында музалар өнері) – белгілі биіктіктегі дыбыстардан тұратын, адамға сазды әуенімен әсер ететін, өнердің түрі. Өзінің эмоциялық әсері арқылы музыка адамзат тарихында қоғамдық- идеялық, мәдени-тәрбиелік және эстетикалық рөл атқарады. Музыка адам сезімін, ойын, оның ерік-күшін дыбыстық формада суреттейтін қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Адамның жан дүниесін, көңіл-күйін, сезімін бейнелеуде музыка оның сөйлеу тіліне, дәлірек айтқанда, өзін қоршаған ортаға эмоциялық қатынасын білдіретін сөйлеу интонациясына өте жақын келеді. Соған қарамастан, музыка адамның басқа дыбыстық іс-әрекетінен ерекше саналады. Музыкалық шығарма мазмұнында адамның ақыл-ой, ерік-күшінің эмоциялық жақтары кеңінен көрініс табады. Мұның өзі адамның психологиялық хал-жайын ғана емес, оның мінез-құлқын да музыкада ашуға жағдай тудырады. Адам эмоциясын, ерекше сыршыл сезіммен бейнелеуде музыканың мүмкіндігі мол.

Балабақшадағы ұйымдастырылған іс-әрекетт барысында музыкалық қабылдаудың интеллектісі әртүрлі диалектілері бар адамдардың сөйлесу тәсілі арасындағы екпін мен айырмашылықты ажыратуға арналған үлкен құралмен байланысты болуы мүмкін. Алайда кейбір сарапшылар соңғы қабілетті музыкалық интеллектпен емес, тілдік интеллектпен байланыстырады.

Балалардың музыкалық интеллектін жақсарту үшін жасай алатын қарапайым

әрекеті - жай музыканы мүмкіндігінше жиі тыңдау. Кейбір зерттеулер Моцарт немесе Бетховен сияқты классикалық авторлардың іштегі әсерінің өзі балалардағы қабілетке өте жағымды әсер етуі мүмкін деп болжайды.

Интеллектуалды музыка деп күрделі құрылымды терең мағыналы шығармаларды айтуға болады. Мұндай туындылар орындаушыларды шеберлікті және тыңдаушыдан да мол түсінікті қажет етеді. Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан музыкасы және оны тыңдап бағалай білетін тыңдаушылары болады. Әр қазақтың ән күйлерінің ішінде философиялық терең ойға құрылған кемел туындылар баршылық. Оларды таңдап түсіну үшін арнайы дайындық керек.

Мектепкедейінгі жастағы балаларды музыкалық интеллектті дамыту үшін көптеген мүмкіндіктер ашылады. Олар үлкен автономия алуға және шығармашылық пен рефлексия қабілеті сияқты дағдылардың пайда болуына байланысты.

Сонымен, балалардың музыка тыңдаудан және аспапта ойнаудан көп көңіл күй алады. Олардың музыкалық интеллектісін жақсартуға арналған көптеген шаралар бар. Мысалы, музыкалық композицияға және оның элементтеріне қызығушылық таныту немесе тікелей концерттерге қатысу осы салада еркін сөйлеудің тиімді жолдары болуы мүмкін.

Егер бала өзінің дағдыларын дамытуға мүдделі болса, онда олардың музыка мектептеріне немесе үйірме, оқу орталығына бару мүмкіндігі болады.

Аспапты игеруде жоғары деңгейге жету үшін көптеген жылдар қажет, көп жағдайда он жылдан астам уақыт қажет екенін есте ұстаған жөн.

Жалпы айтқанда, адам музыка тыңдау арқылы ішкі жан дүниесін сыртқа шығара алады. Мұңайған сәтте немесе қуанғанда ең жақсы көретін музыкаңызды тыңдасаңыз жеткілікті. Себебі, жан дүниенің нәзік қылдары әуенмен бірге толқиды. Бұл – жанның тыныштығы. Ішкі әлемнің сырын ақтаруға әсіресе лирикалық жанрдағы сазды әуендер әсер етеді.

Музыка әуенін тыңдап түсіну мәдениеті бала кездегі тәрбиенің негізінде қалыптасқаны жөн. Ол үшін баланың, ең алдымен, сезім байлығын дамытуға, есту, есте сақтау, қиялды ұштау және шығармашылық еңбекке үйреткен тиімді. Музыканы дұрыс тыңдап, одан ерекше ләззат алу үшін музыкалық шығарманың талғамдық деңгейі, балаларға беретін сезімдік ассоциациясы маңызды орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ғизатов Б. Мектептегі ән - музыка сабағы. Музыка сауаты, ән үйрету, музыка тыңдау. Методикалық көмекші құрал. – Алматы, 1962. – Б. 160
2. Музыкальная энциклопедия: в 6 т. гл. ред. Ю. В. Келдыш. – М.: Сов. энциклопедия, 1973 – 1981.
3. Қазиева Б. Музыка сауатынан практикалық көмек / Б. Қазиева - Алматы: РБК, 1995 - 110 бет.
4. <https://malimetter.kz/muzykalyk-kabiletilik-tusinigi-muzykalyk-aeskojlyk-muzykalyk-kabiletterinin-zhiyntygy-men-olardyn-sintezi/>
5. <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/music/43577/>

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ АРҚЫЛЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУ: «АҒАШ ШЕБЕРХАНАСЫНДАҒЫ ШЕБЕР БАЛА» ЖОБАСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Байчапанова Айгерим Алтаевна
КМҚК”№104 бөбекжай-балабақшасы”

Педагог-зерттеуші

Дарханова Алтынай Алихановна

Тәрбиеші

Педагог-зерттеуші

Ордабаева Б.А.

Тәрбиеші

Педагог-зерттеуші

Андатпа

Бұл мақалада мектепке дейінгі жас балаларды еңбекке, шығармашылыққа және экологиялық мәдениетке баулудың тәжірибелік тәжірибесі қарастырылған. Алматы қаласы КМҚК №104 бөбекжай-балабақшасында жүзеге асырылған «Ағаш шеберханасындағы шебер бала» жобасының мақсаты – балалардың қол моторикасын, ойлау қабілетін, шығармашылық және практикалық дағдыларын дамыту, сондай-ақ олардың әлеуметтік және экологиялық санасын қалыптастыру. Мақалада жобаның мақсат-міндеттері, іске асыру барысы, қолданылған әдістемелер (ойын арқылы үйрету, практикалық іс-әрекет, бірлескен іс-әрекет) және нәтижелері талқыланады. Жоба балалардың еңбекке қызығушылығын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және ата-аналардың білім беру процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тиімді үлгі болып табылады.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі білім, еңбекке баулу, шығармашылық дамыту, ағаш шеберханасы, экологиялық тәрбие, қол моторикасы, әлеуметтік дағдылар.

Аннотация

В статье рассмотрен практический опыт воспитания детей дошкольного возраста в труде, творчестве и формировании экологической культуры. Цель проекта «Мастерство ребёнка в деревянной мастерской», реализованного в детском саду №104 города Алматы, заключается в развитии мелкой моторики, мышления, творческих и практических навыков детей, а также в формировании их социальных и экологических навыков. В статье освещаются цели и задачи проекта, процесс его реализации, применяемые методические подходы (обучение через игру, практическая деятельность, совместная деятельность) и достигнутые результаты. Проект является эффективной моделью, способствующей повышению интереса детей к труду, развитию творческих способностей и активному участию родителей в образовательном процессе.

Ключевые слова: дошкольное образование, трудовое воспитание, развитие творчества, деревянная мастерская, экологическое воспитание, мелкая моторика,

социальные навыки.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың жан-жақты дамуы – басты бағыттардың бірі болып табылады. Баланы еңбекке, шығармашылыққа, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға баулу – баланың тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын қалыптастырудағы маңызды қадам. Еңбекке баулу арқылы бала өз міндетін орындауды, ынталы болуды, бастамашылдық пен ұйымшылдықты үйренеді. Сонымен қатар, еңбек процесі баланың ойлау қабілетін, қиялын, шығармашылық көзқарасын дамытуға мүмкіндік береді.

Бұл мәселеге ерекше көңіл бөлетін Алматы қаласы КМҚК №104 бөбекжай-балабақшасында «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» бағыты аясында «Ағаш шеберханасындағы шебер бала» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба баланың еңбекке деген қызығушылығын ерте жастан оятып, қарапайым ағаш өңдеу әрекеттері арқылы практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Жобаның негізгі идеясы – балаларды табиғи материалдармен жұмыс істеу арқылы еңбекке баулу, қол моторикасын, ойлау қабілетін, ұқыптылық пен жауапкершілікті дамыту. Сонымен қатар, бұл жоба балалардың шығармашылық қабілетін шыңдап, олардың экологиялық санасын қалыптастыруға бағытталған. Табиғи материалдармен жұмыс жасау арқылы балалар қоршаған ортаға қамқорлық көрсетуге, ресурстарды үнемдеуге және жануарлар мен өсімдіктер әлеміне құрметпен қарауға үйренеді.

Осы жоба арқылы балалардың жеке және әлеуметтік дағдыларының дамуы, шығармашылық және практикалық қабілеттерін жетілдіру, сондай-ақ ата-аналармен ынтымақтастық орнату мүмкіндіктері қарастырылады. «Ағаш шеберханасындағы шебер бала» жобасы – мектепке дейінгі ұйымдарда еңбекке, шығармашылыққа және экологиялық мәдениетке баулудың нақты тәжірибелік үлгісі болып табылады.

Жобаның алға қойған мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балалардың еңбекке деген қызығушылығын арттыру, қарапайым ағаш өңдеу әрекеттері арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін, практикалық дағдыларын және тұлғалық қасиеттерін дамыту. Бұл мақсат балалардың қол моторикасын, ойлау қабілетін, ұқыптылық пен жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған.

Міндеттері:

Балаларды қарапайым еңбек әрекеттеріне үйрету, оларды бастамашылдыққа және өз ісіне жауапкершілікпен қарауға баулу;

Ағаш және табиғи материалдармен қауіпсіз жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;

Экологиялық мәдениеттің негіздерін үйрету, табиғатқа қамқорлық сезімін дамыту;

Ата-аналармен бірлескен іс-әрекет арқылы отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайту, балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына ықпал ету.

«Ағаш шеберханасындағы шебер бала» жобасы балабақшада арнайы ұйымдастырылған «Ағаш шеберханасы» орталығында жүзеге асырылды. Жобаның негізгі мақсаты – балаларды табиғи материалдармен жұмыс жасауға үйрету, олардың еңбекке, шығармашылыққа және практикалық іс-әрекеттерге қызығушылығын арттыру.

Жобаны іске асыру барысында тәрбиешілер мен ата-аналар жетекшілік жасап,

балалармен бірлескен іс-әрекеттер ұйымдастырылды. Шеберхананың жұмыс процесі бірнеше кезеңге бөлінді:

Танымдық кезең:

Балалар ағаштың табиғи материал екенін танып, оның түрлерімен, құрылымымен және ерекшеліктерімен танысты. Осы кезеңде балалар ағаштың беріктігі, иілгіштігі және өңдеуге жарамдылығы туралы ақпарат алды. Сонымен қатар, ағаштан жасалған бұйымдардың тұрмыстық, ойындық және көрнекі маңызы түсіндірілді.

Қауіпсіздік пен еңбек құралдарымен жұмыс кезеңі:

Балаларға ағашпен жұмыс жасау кезінде қолданылатын негізгі құралдар таныстырылды: балта, ара, балғалар (балалардың жасына лайық, қауіпсіз құралдар). Тәрбиешілер балаларға құралдарды қауіпсіз пайдалану ережелерін көрсетті, сонымен қатар жұмыс үстелінің дұрыс ұйымдастырылуын, жеке қорғаныс құралдарын (қолғап, арнайы киім) пайдалануды үйретті.

Практикалық кезең:

Балалар жетекшілік пен кеңес арқылы ағаштан қарапайым бұйымдар жасады. Жасалған бұйымдар қатарында:

Құстарға арналған ұялар;

Қарапайым ойыншықтар;

Көрнекі құралдар.

Бұл кезеңде балалар өз идеяларын жүзеге асыруға, жаңа формаларды ойлап табуға, сондай-ақ бірлесіп жұмыс жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік алды. Тәрбиешілер балалардың жұмысын бақылап, қажетті жағдайда бағыт-бағдар беріп отырды.

Рефлексия және қорытындылау кезеңі:

Іс-шара соңында балалар жасаған бұйымдарын таныстырып, өз тәжірибесін бөлісті. Олар қандай қиындықтарға тап болғанын, қандай жаңа дағдылар меңгергенін талқылады. Сонымен қатар, балалар өз жасаған бұйымдары арқылы табиғатқа қамқорлық жасау, құстар мен өсімдіктерге жауапкершілік сезімін дамыту тәжірибесін алды.

Жобаны іске асыру барысында балалар:

Ағаштың табиғи материал екенін тереңірек түсінді;

Қауіпсіздік ережелерін сақтап, еңбек құралдарымен дұрыс жұмыс жасауды үйренді;

Бірлесіп жұмыс істеу, бастаған ісін соңына дейін жеткізу, шыдамдылық пен тәртіп сияқты әлеуметтік дағдыларды меңгерді;

Шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытты, әрбір бұйымға өз идеяларын енгізуге мүмкіндік алды.

Жобаны ұйымдастыру барысында тәрбиешілер мен ата-аналардың белсенді қатысуы балалардың еңбекке деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосты.

«Ағаш шеберханасындағы шебер бала» жобасын іске асыру барысында баланың тәжірибелік дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін және еңбекке деген қызығушылығын дамытуға бағытталған бірнеше әдістемелік тәсілдер қолданылды.

1. Ойын арқылы үйрету (оқытудың ойын әдісі)

Ойын арқылы үйрету – мектепке дейінгі балалардың оқу мен еңбек процесіне деген қызығушылығын арттырудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Бұл әдістемеде балалар ағашпен жұмыс жасауды ойын элементтері арқылы меңгереді, яғни практикалық әрекеттер ойын ретінде ұсынылады. Мұндай тәсіл баланың назарын ұстап, еңбек процесін жағымды тәжірибе ретінде қабылдауға мүмкіндік береді, сонымен қатар балалардың шығармашылық қабілеттерін, қиялын және ойлау дағдыларын дамытады.

Жобада бұл әдістемені қолдану барысында балаларға нақты тапсырмалар ойын түрінде берілді. Мысалы, «Құстарға үй сыйлау» ойыны ұсынылды. Ойын барысында балалар алдымен ұялардың бөліктерін жинауды үйренді, содан кейін оларды бірге біріктіріп, әрлеу жұмыстарын орындады. Балалар ұяның формасын ойлап, оны бояп, сәндік элементтерін орналастырды. Мұндай тәжірибе балаларға өз жұмысын жоспарлап, нәтижеге жету жолында бір-бірімен ынтымақтасуды үйретті.

Сонымен қатар, ойын әдісі арқылы балалар ағаштың табиғи қасиеттерін танып, құралдарды қауіпсіз қолдануға дағдыланды. Олар тапсырманы орындау кезінде өз идеяларын іске асыра отырып, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдірді. Бұл әдістемелік тәсіл баланың еңбекке деген қызығушылығын қалыптастырып қана қоймай, әлеуметтік дағдыларын – ынтымақтастық, жауапкершілік, тәртіп сияқты қасиеттерін дамытуға да ықпал етті.

2. Практикалық іс-әрекет арқылы үйрету – балалардың нақты тәжірибе жинақтауын қамтамасыз ететін әдістемелік тәсіл. Бұл әдіс балаларға тек теориялық білім беріп қана қоймай, оларды өз қолымен жұмыс жасауға, ойларын іске асыруға, жаңа шешімдер ойлап табуға үйретеді. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін тәжірибелік әрекеттер оқу процесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, себебі бұл олардың логикалық ойлауын, қиялын, шығармашылық қабілетін және қол моторикасын дамытады.

Жобада бұл әдістемені қолдану барысында балаларға ағаштан қарапайым бұйымдар жасау ұсынылды. Мысалы, әр бала немесе топқа:

Қарапайым ағаш ойыншықтар жасау;

Миниатюралық ағаш үйлер немесе жануар бейнесіндегі фигуралар құрастыру;

Қарапайым көрнекі құралдар жасау тапсырылды.

Балалар әр тапсырманы орындау кезінде өз идеяларын іске асырып, шығармашылық шешім қабылдауға мүмкіндік алды. Тәрбиешілер балалардың әрекеттерін бақылап, қажет болған жағдайда бағыт-бағдар берді, ал балалар өз бетінше ойлап, жасаған бұйымдарының сапасы мен көркемдігін бағалауды үйренді.

Практикалық іс-әрекет әдісі арқылы балалар:

Қол моторикасын және еңбек дағдыларын дамытты;

Шығармашылық ойлау қабілетін жетілдірді;

Бір тапсырманы бастап, оны толық аяқтау арқылы шыдамдылық пен жауапкершілікті үйренді;

Табиғи материалдармен жұмыс жасау тәжірибесін алды.

Бұл әдістеме балалардың жеке бастамашылдығын, тәуелсіздігін және өз ісіне деген сенімін қалыптастыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың шығармашылық және практикалық қабілеттерін жан-жақты дамытуға ықпал етеді.

3. Бірлескен іс-әрекет (кооперативті әдіс) – балалардың топ ішінде ынтымақтасып, бір-біріне көмектесіп, ортақ мақсатқа жетуге үйрететін педагогикалық

тәсіл. Бұл әдіс мектепке дейінгі жас балалардың әлеуметтік дағдыларын, коммуникациялық қабілеттерін, ынтымақтастыққа бейімділігін және жауапкершілігін дамытуға бағытталған.

Жобада бұл әдістемені қолдану барысында балалар бірнеше топқа бөлініп, өзара бөлісілген тапсырмаларды орындады. Әр топ өз бөлігін жасап, кейін барлық бөліктерді біріктіріп жалпы бұйымды аяқтады. Мұндай жұмыс балаларға бірлескен әрекет арқылы нәтижеге жету, идеяларын ортаға салып, пікір алмасу және топтық шешім қабылдауды үйретті.



Мысал: Көрнекі құралдар жасау кезінде балалар бірнеше топқа бөлініп, әр топ өз бөлігін өңдеп, кейін барлық бөліктерді біріктірді. Нәтижесінде балалар бірлесіп дайын өнімді жасады: әрбір бөлік жеке, бірақ соңғы бұйым толық, үйлесімді болды. Осылайша, балалар топ ішінде келісімге келуді, бір-біріне көмек көрсетуді, бастамашылдық танытуды және басталған жұмысты соңына дейін жеткізуді үйренді.

Кооперативті әдістеме арқылы балалар:

- Әлеуметтік дағдыларын жетілдірді (қатынас жасау, бір-бірін тыңдау, ортақ шешім қабылдау);
- Ынтымақтастыққа, командалық жұмысқа үйренді;
- Жеке бастамашылдық пен жауапкершілікті дамытты;
- Шығармашылық және практикалық тапсырмаларды бірлесіп орындаудың тиімділігін түсінді.

Осылайша, бірлескен іс-әрекет әдісі балалардың жеке және әлеуметтік дамуын үйлестіріп, еңбекке деген қызығушылықты арттыруға және топ ішінде тиімді жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, «Ағаш шеберханасындағы шебер бала» жобасы мектепке дейінгі балаларды ерте жастан еңбекке, шығармашылыққа және әлеуметтік ынтымақтастыққа баулудың тиімді үлгісі болып табылады. Жобаның жүзеге асырылуы балалардың практикалық дағдыларын, қол моторикасын, ойлау қабілетін және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, балалар табиғи материалдармен жұмыс жасау арқылы экологиялық мәдениетке үйреніп, қоршаған ортаға қамқорлық жасау сезімін қалыптастырды.

Жоба барысында қолданылған әдістемелер – ойын арқылы үйрету, практикалық іс-әрекет және бірлескен іс-әрекет – балалардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын дамытуға да ықпал етті. Ата-аналардың қатысуы арқылы отбасы мен балабақша арасындағы байланыс нығайып, балалардың тәрбие процесіне деген қызығушылығы одан әрі артты.

«Ағаш шеберханасындағы шебер бала» жобасы балалардың жан-жақты дамуына, олардың еңбекке, шығармашылыққа және табиғатқа деген жауапкершілігіне оң әсерін тигізді. Осындай тәжірибелерді мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында кеңінен қолдану – балалардың тұлғалық, әлеуметтік және шығармашылық дамуын қолдаудың маңызды жолы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбдіқадырова, Г.Қ. (2020). *Мектепке дейінгі ұйымдағы еңбекке баулу әдістемесі*. Алматы: Білім баспасы.
2. Қасымов, А.Б. (2019). *Балалардың шығармашылық дамуы және ойын әдістері*. Астана: Фолиант.
3. Сәдуақасова, Л.Т. (2021). *Мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік және еңбек дағдыларын дамыту*. Алматы: ҚАЗҰУ.
4. Ермұхамбетова, Ш.Ж. (2018). *Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында экологиялық тәрбие әдістемесі*. Алматы: Руханият.
5. Байқожина, А. (2022). *Мектепке дейінгі жастағы балалардың қол моторикасын және шығармашылық қабілетін дамыту әдістемелері*. Алматы: Білім және ҒЫЛЫМ.

МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ануарбеков Әділет Орынбекұлы

Алматы облысы Білім басқармасының Қарасай ауданы
бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Шамалған ауылындағы «Бота» балабақшасы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының музыка жетекшісі

Мәдениетті, ұлтшыл, өнерлі адам тәрбиелеуге өте үлкен екі күш керек, ол өнер және білім. Егеменді елдің ертеңі оқу-біліммен, өнегелі, тәрбиемен өлшенеді. Бала болашақта тұлға ретінде қалыптасуы бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті.

Балабақшада тәрбие алып жатқан бүлдіршіндердің арасынан болашақ өнерпаздар, әншілер, жазушылар, ақындар талай мамандық иелері шығуы мүмкін, «Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші солардың бойындағы қасиеттерді ерте бастан байқап, өнерге баулу ең алдымен ата-анамен тәрбиеші, ұстаздардың сезімталдығына, ізденімпаздығына көп байланысты. Сол тәрбиенің бір саласы – шығармашылық сала. Шығармашылық дағдыларының ішінде музыкалық, эстетикалық тәрбие. Музыкалық, эстетикалық тәрбие дегеніміз – сұлулықты, көркемдікті сездіртіп үйрету, оны қойып қана қоймай, өз бойына сіңіре білуді әдет-дағдыларына айналдыру болып табылады. Музыкалық оқу іс-әрекетінде музыканы сөзбен ғана сипаттамай бояумен, суреттермен, қимылмен түсіндіру керек. Баланың тыңдай білу қабілетін арттыру; жарқын және түсінікті музыканың қолдана білуге үйрету. Балаларды музыкалық фразалармен таныстыру. Өлеңнің бастамасы, қайырмасы деген ұғымдарды түсіндіру, қарапайым аспаптардың дыбыстарын тыңдатып тембрінен ажырата білуге үйрету қажет.

Музыканы тыңдай отырып әнді, көркем кейіпкерді, биді көз алдына елестете алу: тыңдалған шығармада немесе ән айту барысында үркек қоянға, маршпен жүрген сарбазға, маң-маң басқан аюға еліктеу және оны өзінше сипаттау. Музыка баланың ішкі жан дүниесіне, сезіміне тікелей әсерін тигізеді. Музыканың адамға деген ықпалы кейде үгіттеуден, нұсқаудан да анағұрлым күшті болады. Балаларды мазмұны әр түрлі шығармалармен таныстыра отырып олардың ішіндегі сан түрлі сезімдерін оятуға, музыкаға әсерлену қабілеттері жетіледі. музыкалық тәрбие арқылы баланың жағымды мінез- құлықтары тұрақталады және ойын, би арқылы баланың көңіл-күйі көтеріңкі, жағымды болуына ықпал тигізеді. Баланың балабақшада шығармашылық тұрғыда қалыптасуы, дамуы бір күндік жұмыс емес, баланың сәбилік жасынан, мектеп жасына дейінгі уақытта жылдар бойы жүйелі түрде жүргізілетін жұмыс және осындай жүйелі жұмыстың арқасында ғана мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық

эстетикалық тұрғыда қалыптасуы мүмкін. Мұхтар Әуезовтің: «Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып өседі», – деген.

Кәзіргі заманғы ғылыми зерттеулер музыкалық қабілеттерінің дамуы музыка мәдениеті негізінің қалыптасуы екенін айтады – яғни, музыкалық тәрбиені мектепке дейінгі жастан бастау керек. Балалық шақта музыкалық әсердің тақыр-таза болуының кейін орнын толтыру өте қиын. Сөйлеу үшін сөздік орта қажеттілігі сияқты, музыканы жақсы көруі үшін балада түрлі дәуірлер мен стильдердегі музыкалық шығармаларды қабылдай білу тәжірибесі болуы тиіс, оның ырғағына үйренуі, яғни көңіл күйін тани білуі тиіс. Жасынан бесік жырын тындап өскен, санамақ айтып, ертегі тындап, ойын-күлкі арасында өскен бала көпшілік бақылауға қарағанда, неғұрылым шығармашылықты, музыкалық дамыған болатындығы анық. Музыкалық даму жалпы дамуға ештеңемен алмастыра алмайтындай әсерін тигізеді: адамның эмоциялық аймағы қалыптасады, ойлауы жетіледі, өнердегі және өмірдегі сұлулыққа сергектігі тәрбиеленеді.

Музыка мектепалды баласының өмірінде педагог әрекетінің белсенді ұйымдастырушылығы арқасында қолданыс табуы тиіс. Балалардың музыкалық қабілеттерінің дамуы көбіне музыкалық жетекші мен тәрбиешілер жұмысының түйісуіне байланысты болады. Музыкалық жетекші мен тәрбиешілер әрекеттестігінде балалардың музыкалық дамуы бойынша жұмысты бірлескен жоспарлау олардың ұғымдары мен әрекеттерінің жалпы мағынасын қалыптастыруларын салыстыруға бағытталған инициатива алмасу қажет.

Балабақша өмірінің барлық жағына белсене қатыса жүріп, музыка жетекшісі ата-аналар арасында музыкалық-эстетикалық білімді белсене насихаттау тиіс. Егер ата-аналар музыкалық тәрбиенің маңыздылығын түсінетін болса, олар балаларын отбасында, музыка үйірмелерінде, студияларында, балалармен бірге концерттерге, музыкалық спектакілдерге барады, жан-жақты музыкалық әсерлермен байиды, олардың музыкалық тәжірибесі кеңейді.

«Шығармашылық» дағдысында музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінің басты мақсаттары – балалардың эстетикалық талғамын қалаптастыру, музыкалық шығармашылық іс-әрекеттер арқылы эмоциялық қатынасын білдіруге баулу, әдемілік пен сұлулыққа тәрбиелеу.

Балаларға қоршаған ортаның кейбір құбылыстарын бейнелейтін музыкалық шығармаларды таныстыру, олардың түрлері мен мәнерлілігі туралы түсініктерінің қалыптасуына әсер ету, музыканың дыбысын естіп, түсінуге, адамгершілік-эстетикалық сезімдерге тәрбиелеу – осы саланың негізгі міндеттері болып табылады. Жас ерекшеліктеріне, қабілеттеріне байланысты әрбір бала музыканы қызығушылықпен қабылдайды. Баланың есту қабілеті музыканың дыбыс биіктігін, сипатын, ырғағын, тембрін ажыратып, түсінуіне әсер етеді.

Дидактикалық ойындар музыка жетекшілерінің ұйымдастырылған іс-әрекетті түрлендіріп, мазмұнын байыта, көркемдей түседі. Ойындар балалардың бойындағы музыкаға деген қызығушылығы мен құмарлығын оятады, балалық қиялдарын қозғап, түсініктерін кеңейте түседі. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, оларды әдемілікке, музыкалық үндестікке баулиды. Дидактикалық ойындардың мақсаты:

- бағдарламада анықталған білім, білік және дағдылар жайында түсінік беру;
- бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қалыптастыру;
- бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды тиянақтау және бекіту;
- бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қайталау және пысықтау;
- бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды тексеру.

Балабақшадағы тәрбиелеу – оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Музыка – адам өмірінің серігі, эстетикалық тәрбие негізі болып табылады. Музыкаға деген сүйіспеншілік, баланың музыкаға жетік болу қабілеттері туа бітпейді, ол өсу, даму процесінде қалыптасады. «Туғанда дүние есігін ашады өлең»-деп Абай атамыз жырлағандай шыр етіп дүние есігін ашқан нәрестеге өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ, музыка әсер етеді. Ең алғашқы анасының әлдиі, бесікке таянып айтқан ананың бесік жыры бөбектің жанын тынышталдырып тәтті ұйқыға кетуіне әсеретеді. Нәрестенің дүниеге келуімен байланысты ырымдар «Шілдеhana», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару» т.б. бәрі де әнсіз, өлеңсіз, жырсыз өтпеген. Бала өмір бойы ән ырғағына бөленіп жүреді. Міне, осындай сыртқы ортаның әсерінен бала бойында әдемілікке, әсемдікке деген сезім күй қалыптасып, эмоциялық әсер нәрестені ерте бастан музыкаға баулуға, эстетикалық тәрбиенің белсенді көмекшісі етуге мүмкіндік туғызады.

Ана әлдиін бойына сіңіріп өскен сәби тәй-тәй қадам басқаннан-ақ балабақша есігін ашады. Сол балаға музыкалық эстетикалық тәрбие бере отырып, жан- жақты жеке тұлғаны дамытудың алғашқы баспалдағы балабақшада жалғасады. Тұлғаны қалыптастыру, оның шығармашылдық даралығын дамыту, баланың бар мүмкіншілігін ашып, оны жүзеге асыру білім беру жүйесінің басты бағыттары.

«Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болу керек!»- деп жазады Ж.Аймауытов. Шағын орталықта музыка сабағында ойын технологиясын қолдана отырып, материалды тез меңгеруге, музыкалық шығармаларды қабылдауға, әуенді ести білуге үйретуге болады. Оқытылатын барлық пәндер сияқты музыка пәнінде де ойынның маңызы зор. Ойынды әдетте жетекші оқу іс-әрекетті ұйымдастыру алдында не қорытындылар

сәтте пайдаланады.

«Балалардың ойын әрекетін ұйымдастыруды қалай жақсартуға болады? Бұл мәселе педагогикалық үрдісте қандай орын алады?» деген сұрақтарына жауап іздеп көрелік. Ойын әрекеті балалардың бағалы өмірінің алғашқы күнінен бастап-ақ маңызды орын алады.

Алайда жақсы, дұрыс, әрі нақты ұйымдастырылған ойын ғана тиісті, қалағанындай нәтиже бере алады. Ойын мектепке дейінгі тәрбиешілердің бірден — бір көмекшісі болуы керек деген. Дидактика – термині гректің «дидактос», яғни үйрететін деген сөзден шыққан. Дидактикалық құралдар оқу міндеттеріне сай арнайы әзірленеді.

Музыка сабағында әрбір баланың жеке тұлғалық (психологиялық, мінез-құлық, қабілет, мүмкіндік т.б.) ерекшеліктерін ескере отырып, белгілі музыкалық- дидактикалық ойындар қатарын таңдап алған жөн. Бұл ойындар баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуында негіз болатын оның өзін-өзі сезінуі, психикалық процестерінің дамуына бағытталып, оқу іс-әрекетті ұйымдастыру үстінде, сергіту сәттерінде және сабақтан тыс кездерде жүргізілді.

1. Эмоцияны дамыту, қарым-қатынас, эмоционалдық жағдайын жақсартуға бағытталған ойындардан «Шатасқан ноталар», «Кімнің немесе, ненің үні екенін тап», «Әуенге қозғалыс ойла да, сыйла». Соның ішінде «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны. Ойынның мақсаты: Балаларды шығарманы тыңдай отырып, динамикалық бояуларын, дауыс күштілігін ажырата білуге баулу. Ойынның шарты: Түстері бірдей, әртүрлі көлемдегі сары қоңыраулар суреті салынған карточкалар үлестіріледі. Шығарманы тыңдап, төменгі дыбысқа үлкен қоңырау, орташа дыбысқа орташа қоңырау, жіңішке дауыстағы әуенге кіші қоңырау бейнеленген сәйкес карточканы көрсетеді.

2. Жеке тұлғаның адекватты өзін-өзі бағалауды дамытуға бағытталған ойындардан «Ертегі құрастырамыз», «Ақындар бізде қонақта», «Сазгерлер», «Ойлан, тап!» жұмбақ ойыны. Ойынның мақсаты: Жұмбақ ойынды қолдану арқылы балалар аспаптар түрлерін, құрылысын ажырата отырып, тапқырлыққа, шапшаңдыққа үйрене алады. Ойынның шарты: Жетекші жасырған жұмбақты балалар жарыса тауып алулары керек. Бұл баланың ойлау қабілетіне әсер етеді. Ұзын мойын екі ішек, Қатар-қатар тепкішек. Басып қалсаң бір-бірлеп, Күй шығады күмбірлеп, (Домбыра) Саусақ басқан түтіктен, Сандуғаш құс сайрайды. (Сыбызғы) Сексен бес тілі бар, Әр тілдің

Өзіне тән үні бар. (Күйсандық)

Ұсынылып отырған жұмбақтарды балалар екі топқа бөліп жарыс түрінде өткізуге болады. Бірінші топтың балалары жұмбақты айтса, екінші топ балалары жауабын табу керек т.с.с

4. Қабылдауды дамытуға арналған ойындардан «Әуенге не жетіспейді?», «Не бейнеленгенін анықта?», «Аспаптарды боя». Атап айтар болсақ, «Төрт түліктің төлін шақыру» ойыны. Ойынның мақсаты: Бұл ойын арқылы балалар төрт түлік мал туралы, олардың төлдері және қасиеті жөнінде естіп, біледі..

Ойынның шарты. Жүргізуші:

- Қане балалар, дауыстап төрт түлік малды төлін емізуге, бәріміз бірдей дауыстап шақырайық. Ойынды көрнекіліктер пайдалана отырып, өткізуге болады. Мысалы:

Биені құраулап, Түйені көс-көстеп, Сиырды ауаулап, Ешкіні шөрелеп, Шақырып аламыз, Сауамыз, бағамыз. Бұл музыкалық ойында ән айтқызу арқылы дыбыс тазалығына, сөздерді анық айтуға көңіл бөлеміз

5. Есті дамытуға арналған ойындардан «Тыңда да таны», «Әуенді есте сақта», т.б. «Жұбынды тап» ойынына тоқталып өтсек.

Ойынның мақсаты: Балалардың еске түсіру және есте сақтау қабілетін дамыта отырып, өздерін еркін сезіне білуін қалыптастырады. Суретте бейнеленген аспаптардың атауын, түрін, түсін айыра білуге дағдыланды. Ойынның шарты: Балалар зал ішінде кең, еркін, белгілі бір қалып жасап, аспаптардың суреттері арқылы жұп болып тұрады. Музыка ойнаған кезде жүгіріп ортаға келіп, би қимылдарын орындап, музыка аяқталған сәтте өз орындарына, яғни жұптарын тауып, бастапқы қалыпқа тұра қалу керек.

5. Ойлауды дамытуға арналған ойындардан «Төртіншісі артық», «Әуенді аяқтау», «Артық нотаны тап», «Әуен құра», «Музыканы салыстыр». Соның ішінде «Әуенді сағат» ойынына тоқталып өтетін болсақ: Ойынның мақсаты: Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады. Ойынның шарты: Әртүрлі шығармадағы кейіпкерлер суреті салынған сағат бейнелі карточкалар беріледі. Жетекші таныс ән немесе әуенді ойнап, балалар «Әуенді сағаттан» сол әннің мазмұнын сай суреті сағат тілін қозғау арқылы тауып береді.

6. Зейінді дамытуға арналған ойындардан «Не өзгерді?», «Айырмашылығын тап», «Рұқсат етілмейтін қимыл». Соның ішінде «Неше аспап және қандай аспап?» ойыны.

Ойынның мақсаты: Ойлау, еске түсіру қабілеттерін дамытады. Әңгімелеп айтып беру арқылы, сөз қорларын дамытуға септігін тигізеді.

Ойынның шарты: Жетекші таныстырылған түрлі аспаптың аттарын атаған кезде, сол аспапты ұстап отырған бала, аспапта ойнайды. Жетекші балалардың зейінін арттыру мақсатында бір дегенде екі немесе үш-төрт

аспатың атын атайды. Қалған балалар неше аспап және қандай аспап екенін, әр түрлі дыбыстың шығуына байланысты саусақтарымен немесе ойша санау арқылы тауып айтып әрі, аспап туралы өз білгендерін айтып әңгімелеп береді. Осы нұсқада төмен, жоғары дыбыс ойынында ойнауға болады.

Ойындық өзара әрекет – бұл өмірдің имитациясы емес, бұл баланың қоғамда өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін жүзеге асыруына, өзін-өзі бекітуге мүмкіндік беретін ерекше іс-әрекет түрі. Яғни, ойын бала тұлғасының әлеуметтік дамуының негізгі факторы.

Музыкалық ойындар балалардың музыкаға деген құлшынысын, қызығушылығын ғана арттырып қоймай, есте сақтау, ойлай білуге, ажырата, салыстыра алуға баулиды. Қорыта келе, бүгінгі таңда дидактика саласындағы негізгі мәселелердің бірі – білім берудегі ойындар технологиясы болып отыр. Ойын өмірде өте ерте жастан өзінен өзі бастала отырып, адамның кәсіпті толы толық меңгермегенінше жалғасады және ойын оқытуда алдыңғы технологиялардың маңызды бөлігі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Г.А. Праслова Мектепке дейінгі балаларға музыкалық білім берудің теориясы мен әдістемесі. Детство-пресс, 2005. – 129 б.
2. Д.К.Есенова. Мектеп жасына дейінгі балаларға музыкалық тәрбие беру: оқу құрал / Д.К.Есенова, Ш.Қ.Есмағанбетова, А.А. Маулетова. – Қостанай: ҚМПИ, 2017 – 199 б.
3. Гончарова О. В. Музыкалық тәрбие берудің теориясы мен әдістемесі: орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқулық / О. В. Гончарова, Ю. С. Богачинская. – 5-басылым, стереотипті. – М.: «Академия» баспа орталығы, 2016. – 256 б.
4. Э.Б. Абдулин. Е.В. Николаева Музыкалық білім берудің теориясы мен тәжірибесі – М., 2004, – 245 б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘРБИЕ

Айгузова Ильмира Талгатовна

№50 «Жұлдыз»

балабақшасының әдіскері

МКҚК

Қазақстан республикасы,

Астана қаласы

ilmira.ayguzova@mail.ru

Аннотация

В данном научном докладе рассматривается значимость национальных ценностей в воспитании подрастающего поколения. Отмечается, что национальная культура, традиции, язык и духовное наследие играют ключевую роль в формировании мировоззрения личности. Исследование подчеркивает необходимость интеграции национальных ценностей в систему образования для развития патриотизма, нравственных качеств и национальной идентичности молодежи. Также анализируется влияние национального воспитания на устойчивое развитие общества.

Annotation

This scientific report explores the importance of national values in the upbringing of younger generations. It emphasizes that national culture, traditions, language, and spiritual heritage play a fundamental role in shaping individual worldview. The study highlights the necessity of integrating national values into the educational system to foster patriotism, moral qualities, and national identity among youth. The impact of national education on sustainable social development is also examined.

Аңдатпа

Бұл ғылыми баяндамада ұлттық құндылықтардың жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы қарастырылады. Ұлттық мәдениет, дәстүр, тіл және рухани мұра тұлғаның дүниетанымын қалыптастыруда негізгі рөл атқаратыны атап өтіледі. Зерттеу ұлттық құндылықтарды білім беру жүйесіне енгізу арқылы жастардың патриоттық сезімін, адамгершілік қасиеттерін және ұлттық болмысын дамыту қажеттілігін көрсетеді. Ұлттық тәрбиенің қоғамның тұрақты дамуына ықпалы да талданады.

Ключевые слова: национальные ценности, воспитание, национальное воспитание, культура, традиции, духовное наследие, национальная идентичность, патриотизм, образование

Keywords: national values, upbringing, national education, culture, traditions, spiritual heritage, national identity, patriotism, education

Кілт сөздер: ұлттық құндылық, тәрбие, ұлттық тәрбие, мәдениет, дәстүр, рухани мұра, ұлттық болмыс, патриотизм, білім беру

Қазіргі қоғамдағы жаһандану үдерісі, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы және мәдени ықпалдастық ұлттық болмысты сақтауға жаңа талаптар қойып отыр. Әлемдік мәдени кеңістіктің ықпалы күшейген кезеңде жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, ана тіліне, салт-дәстүрге, тарихи-мәдени мұраға деген құрметін арттыру ерекше маңызға ие. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие тұлғаның рухани-адамгершілік дамуының негізгі тетігі ретінде қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді.

Бүгінгі таңда балалар мен жастардың мінез-құлқында ұлттық тәрбиенің әлсіреуі, рухани құндылықтарға қызығушылықтың төмендеуі байқалады. Бұл жағдай білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының мазмұнын қайта қарастырып, ұлттық құндылықтарға негізделген жүйелі тәрбиені күшейтуді қажет етеді. Әсіресе мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кезеңінде ұлттық құндылықтарды тәрбие үдерісіне кіріктіру баланың болашақ тұлғалық қалыптасуына, дүниетанымы мен мінез-құлқының дамуына оң әсерін тигізеді.

Қоғамның жаһандану бағыты, болашағын айқындайтын басты бағыт – ұрпақ тәрбиесі. Ұлттық тәрбие – ұлт руханиятының өзегі, бала бойына сіңірілетін алғашқы әрі ең қымбат асыл мұра. Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі, діні мен ділі ұлттық құндылықтардың берік негізін құрайды. Осы құндылықтарды балабақша жасындағы балаларға жүйелі түрде үйрету – тәрбиеші мен әдіскердің кәсіби жауапкершілігін талап ететін маңызды міндет.

Қазақ халқы ертеден-ақ баланы елін, жерін құрметтейтін, үлкенді сыйлайтын, ар-ұятты жоғары қоятын, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуді басты мақсат еткен. Осы ұлттық тәрбиелік ұстанымдарды қазіргі мектепке дейінгі ұйымдарда тиімді қолдану арқылы ұлттық болмысы сақталған, рухани бай, отансүйгіш тұлға қалыптастыруға болады.

Мектепке дейінгі кезең – баланың тұлға болып қалыптасуының алғашқы әрі шешуші баспалдағы. Дәл осы кезеңде ұлттық болмыс пен рухани құндылықтарды бойына сіңірген бала болашақта өз халқының мәдениеті мен тарихын құрметтейтін саналы азамат болып қалыптасады.

Сондықтан ұлттық құндылықтарды білім беру мен тәрбие үдерісіне жүйелі түрде енгізу – заманауи педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі және бүгінгі күннің басты талабы болып табылады.

Ұлттық құндылық ұғымы және оның тәрбиелік мәні

Ұлттық құндылықтар – белгілі бір ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан тілі, діні, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті, тарихы мен дүниетанымының жиынтығы. Олар халықтың рухани тәжірибесін, өмір сүру салтын және тәрбиелік ұстанымдарын бейнелейді. Ұлттық құндылықтар баланың тұлғалық дамуына, ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына, рухани-адамгершілік қасиеттерінің дамуына тікелей ықпал етеді.

Қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин тәрбиенің негізі халықтың салт-дәстүрі мен ұлттық мәдениетінде жатқанын атап көрсетіп, баланы өз халқының рухани мұрасымен тәрбиелеудің маңыздылығын ерекше мәнге ие деп санаған. Ал Абай Құнанбайұлы ұлттық құндылықтарды адамгершілік тәрбиенің басты өлшемі ретінде қарастырып, «толық адам» қалыптастыруда рухани тәрбие шешуші рөл атқаратынын айқындаған.

Ғалым С.Қалиев ұлттық тәрбиені ұлттың тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыратын жүйе ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие бала бойында елжандылықты, жауапкершілікті және мәдени сәйкестікті қалыптастырады. Сонымен қатар Әл-Фараби адамның кемелденуі тәрбиемен тығыз байланысты екенін айтып, рухани құндылықтар мен ізгілік қасиеттердің тұлға дамуының өзегі екенін көрсеткен.

Осы ғалымдардың көзқарастарына сүйене отырып, ұлттық құндылықтар баланың дүниетанымын қалыптастырумен қатар, оның рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ететін негізгі тәрбиелік құрал екендігін айтуға болады. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімі жоғары, рухани бай, қоғамға бейімделген тұлға болып қалыптасуына берік негіз қалайды.

Тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды жүйелі қолдану баланың өз халқының мәдениетіне, тілі мен тарихына деген құрметін арттырып, ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастырады. Сонымен қатар ұлттық тәрбие баланың мінез-құлқында жауапкершілік, ізгілік, сыйластық, ынтымақтастық сияқты маңызды қасиеттердің

орнығуына негіз болады.

Ұлттық тәрбиенің негізгі бағыттары

Ұлттық тәрбие кешенді түрде бірнеше өзара байланысты бағыттар арқылы жүзеге асырылады:

Рухани-адамгершілік тәрбие – баланы үлкенді сыйлауға, ата-анаға құрмет көрсетуге, мейірімділікке, адалдық пен ізгілікке баулу;

Патриоттық тәрбие – туған жерге, елге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, ұлттық рәміздерді қадірлеу, ел тарихына қызығушылық ояту;

Еңбек тәрбиесі – адал еңбекке баулу, ұлттық қолөнер түрлерімен таныстыру, еңбекқорлық пен жауапкершілікті дамыту;

Эстетикалық тәрбие – ұлттық музыка, би, халық ауыз әдебиеті, ою-өрнек арқылы баланың көркемдік талғамын, әсемдікке сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Бұл бағыттардың барлығы өзара сабақтасып, баланың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі кезең – баланың тұлғалық қалыптасуының негізі қаланатын ең маңызды кезеңдердің бірі. Осы жаста бала қоршаған ортаны танып, алғашқы әлеуметтік тәжірибені меңгереді, мінез-құлқы мен дүниетанымы қалыптаса бастайды. Сондықтан ұлттық құндылықтарды мектепке дейінгі тәрбие мазмұнына жүйелі түрде енгізу баланың рухани-адамгершілік дамуы мен ұлттық сана-сезімінің қалыптасуында ерекше мәнге ие.

Балабақшада ұлттық ойындар, халық ертегілері, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, халық әндері мен салт-дәстүр элементтерін кеңінен қолдану тәрбиенің тиімділігін арттырады. Халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы бала жақсылық пен жамандықты ажыратуға, адамгершілік құндылықтарды түсінуге үйренеді. Ал ұлттық әндер мен күйлер баланың эстетикалық талғамын дамытып, туған халқының мәдениетіне деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Мысалы, «Асық ату», «Бес тас», «Арқан тарту» сияқты ұлттық ойындар баланың ептілігін, шапшаңдығын, қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытып қана қоймай, ынтымақтастық пен ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бұл ойындар арқылы балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасауды, ортақ мақсатқа жетуді, жеңіске қуана білуді және жеңілісті қабылдауды үйренеді. Сонымен қатар ұлттық ойындар баланың ұлттық рухын көтеріп, халықтық дәстүрге қызығушылығын арттырады.

Ұлттық салт-дәстүрлерді тәрбие үдерісінде қолдану да маңызды рөл атқарады. «Тұсау кесу», «Бесікке салу», «Наурыз мерекесі» сияқты дәстүрлермен таныстыру арқылы балалар ұлттық мәдениеттің мәнін түсініп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді. Осылайша мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысы баланың жан-жақты дамуына, ұлттық болмысының қалыптасуына және рухани бай тұлға болып өсуіне берік негіз қалайды.

Сонымен қатар ұлттық мерекелерді, салт-дәстүрлерді (тұсау кесу, бесікке салу, наурыз тойы) тәрбиелік іс-шаралар арқылы таныстыру баланың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырады. Осылайша мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысы баланың рухани дамуына және ұлттық болмысының қалыптасуына берік негіз қалайды.

Ұлттық тәрбие беру әдістері және тәрбиелік іс-әрекет

1. Тәрбиешінің рөлі

Тәрбиешінің рөлі мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше маңызды. Тәрбиеші – ұлттық тәрбие берудің басты тұлғасы. Ол тек білім беріп қана қоймай, өзі де ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген үлгілі маман болуы тиіс. Балаларға әр сөзінен, ісінен ұлттық рух пен өнеге сезіліп тұруы қажет. Тәрбиеші өз әрекеті мен қатысуы арқылы баланы елін, жерін, тілді, мәдениетін қадірлеуге, салт-дәстүрді сыйлауға үйретеді.

2. Ата-анамен бірлескен жұмыс

Ұлттық тәрбие тек балабақшада ғана емес, отбасында да жалғасуы керек. Ата-аналармен бірлескен ұлттық мәдени шаралар баланың екі ортада да бірізді тәрбие алуына ықпал етеді. Мысалы:

«Ұлттық тағамдар күні» – ұлттық тағамдарды дайындау мен таныстыру;

«Әжемнің ертегісі» – балаларға өз отбасының дәстүрлі әңгімелерін жеткізу;

«Атадан қалған мұра» – үй тапсырмалары арқылы отбасылық құндылықтарды зерттеу.

Бұл шаралар арқылы бала ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді тәжірибе жүзінде меңгереді, отбасы мен балабақшадағы тәрбие бір арнаға бағытталады.

3. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не?

Ұлттық құндылықтарға туған тіл, салт-дәстүр, ауыз әдебиеті, музыка, қолөнер, ұлттық киім, ұлттық ойындар, дін және руханият жатады. Бұл – ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың өмір сүру салты мен дүниетанымын көрсететін маңызды ұғым. Баланың тұлғалық дамуы мен рухани қалыптасуы осы құндылықтарға негізделген тәрбие арқылы жүзеге асады.

4. Ұлттық құндылықтарды балабақшада енгізудің жолдары Балабақша – баланың тұлғалық дамуының алғашқы баспалдағы. Осы кезеңнен бастап балаға ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру арқылы оның мәдени, адамгершілік және рухани дамуына ықпал етуге болады. Ұлттық тәрбие берудің негізгі жолдары:

Қазақтың халық ертегілерін оқу және талдау;

Ұлттық ойындарды ұйымдастыру (ақ серек-көк серек, асық, бес тас, арқан тарту және т.б.);

Домбыра үнімен таныстыру, ұлттық би үйрету;

Апта сайын «Ұлттық күн» өткізу арқылы балалардың киім, тағам, өнер, музыка арқылы танымын кеңейту;

Қолөнер бұйымдарын жасату (саздан құмыра жасау, киіз басу, ою өрнек салу және т.б.);

Қазақ батырлары, би-шешендері туралы әңгімелеу, театрландырылған көріністер ұйымдастыру

5. Ұлттық тәрбиенің бала бойында қалыптастыратын қасиеттері

- Ұлттық тәрбие арқылы балада мынадай қасиеттер дамиды:
- Тілге, отанға, елге деген сүйіспеншілік;
- Сыпайылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет;
- Еңбекқорлық, шыдамдылық, намысқойлық;
- Қайырымдылық, мейірімділік, отбасылық береке және әлеуметтік жауапкершілік;
- Ұлттық өнерге, мәдениетке, дәстүрге деген қызығушылық.

6. Тәрбиешілер мен ата-ананың бірлескен жұмысы

Балабақшада ұлттық тәрбие жүйесін тиімді жүргізу үшін тәрбиеші мен ата-ана арасындағы тығыз байланыс маңызды. Бірлескен іс-шаралар арқылы бала бойындағы қызығушылық пен шығармашылық қабілет дамиды:

Ұлттық ойындар жарысын ұйымдастыру;

Қолөнер көрмелерін өткізу;

Этнофестивальдер, мерекелік іс-шаралар мен театрландырылған қойылымдарға қатыстыру.

Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы өзара сенімділік пен үйлестірілген іс-қимыл – тәрбиенің табысты болуына тікелей әсер етеді. Осы арқылы бала тек мектепте ғана емес, отбасында да ұлттық құндылықтарды бойына сіңіреді, рухани бай, мәдениетті және саналы тұлға болып өседі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық тәрбие: практикалық нұсқаулық

1. Тәрбиешінің рөлі

Тәрбиеші – ұлттық тәрбие берудің басты тұлғасы.

Өз іс-әрекеті, сөйлеуі, киімі мен қатысуы арқылы балаға ұлттық рух пен өнегелі үлгі көрсетеді.

Әр сабақта немесе іс-шарада ұлттық құндылықтарды таныстыру: мақал-мәтел, ертегі, ұлттық ойын элементін қосу.

Мысалы: сабақ алдында қысқа қазақ мақалын айтып, мәнін түсіндіру; «Сандықтағы құндылықтар» ойынында ұлттық киім мен заттарды көрсету.

2. Ата-анамен бірлескен жұмыс

Ұлттық тәрбие тек балабақшада ғана емес, отбасында да жалғасуы тиіс.

Ата-аналармен бірлескен мәдени іс-шаралар өткізу арқылы бала екі ортада да ұлттық тәрбие алады.

Мысалы:

«Ұлттық тағамдар күні» – отбасыдан ұлттық тағамдар туралы ақпарат жинау;

«Әжемнің ертегісі» – балалар үйде әжесінің немесе ата-ана әңгімесін тыңдайды;

«Атадан қалған мұра» – бала ата-бабасының дәстүрі мен әдетін суреттеп әкеледі.

3. Ұлттық құндылықтарды балабақшада енгізудің жолдары

Бағыт	Іс-шаралар мен әдістер	Мақсаты
Халық әдебиеті	Қазақ ертегілерін оқу, талдау	Адамгершілік, ізгілік, ұлттық сана қалыптастыру
Ұлттық ойындар	Асық, бес тас, ақ серек-көк серек, арқан тарту	Қимыл-қозғалыс, ептілік, ынтымақтастық
Музыка мен би	Домбыра үнімен таныстыру, ұлттық би үйрету	Эстетикалық талғам, ұлттық мәдениетке қызығушылық
Мерекелік күндер	«Ұлттық күн», Наурыз, Құрбан айт	Балалардың киім, тағам, өнер арқылы танымын кеңейту
Қолөнер	Саздан құмыра жасау, киіз басу, ою салу	Шығармашылық қабілет, ұлттық дәстүрге қызығушылық
Тарих пен батырлық	Қазақ батырлары, би-шешендері туралы әңгімелеу, театрландырылған көрініс	Елін, жерін сүйетін, патриоттық қасиет қалыптастыру

4. Ұлттық тәрбиенің бала бойында қалыптастыратын қасиеттері

Тілге, отанға деген сүйіспеншілік

Сыпайылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет
Еңбекқорлық, шыдамдылық, намысқойлық
Қайырымдылық, мейірімділік, отбасылық береке
Ұлттық өнерге, дәстүрге, мәдениетке қызығушылық
5. Тәрбиешілер мен ата-ананың бірлескен іс-шаралары
Ұлттық ойындар жарысы (балалар мен ата-аналар қатысады)
Қолөнер көрмесі («Әкем жасаған», «Менің ұлттық бұйымым»)
Этнофестивальдер, мерекелік көріністер, театрландырылған қойылымдар

Ұлттық құндылықтар – ұрпақ тәрбиесінің негізгі негізі болып табылады. Олар баланың рухани-адамгершілік, мәдени және әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Мектепке дейінгі кезең – баланың тұлға болып қалыптасуының алғашқы және ең маңызды кезеңі, сол себепті осы жаста ұлттық тәрбие беру ерекше өзектілікке ие.

Ұлттық тәрбие арқылы бала: туған тілі мен мәдениетін қадірлей білетін, үлкенді сыйлайтын, кішіге ізет көрсететін, еңбекқор және қайырымды азамат болып өседі. Ұлттық құндылықтарды мектепке дейінгі ұйымдарда қолдану – ұлттық ойындар, ертегілер, салт-дәстүр, қолөнер және музыка арқылы жүзеге асады. Тәрбиешілер мен ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы тәрбие тиімділігі артып, баланың ұлттық санасы екі ортада да бірізді қалыптасады.

Осы тұрғыдан алғанда, мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие – ұрпақтың рухани байлығын арттыру, ел болашағын тәрбиелеу және ұлттық сана-сезімін қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Болашақта ұлттық құндылықтарды енгізудің жүйелі әдістемесін жетілдіру арқылы тәрбиенің сапасын арттыруға, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2020.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2019.
4. Әл-Фараби. Тәрбие және білім беру туралы трактаттар. – Алматы: Ғылым, 2005.
5. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық еңбектер. – Алматы: Рауан, 2011
6. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 2018.
7. Қалиев С.Қ. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері. – Алматы: Білім, 2010.
8. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 2014.
9. Сухомлинский В.А. Бала тәрбиесі – жүрек тәрбиесі. – Алматы: Мектеп, 2012.
10. Нұрғалиева Г.К. Мектепке дейінгі тәрбиедегі ұлттық құндылықтар. – Алматы: Өрлеу, 2019.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУЫН ОЙЫН ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ

Искакова Гаухар Бакытбековна

Алматы облысы Білім басқармасының Карасай ауданы
бойынша білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің
"Шамалған ауылындағы"Бота" балабақшасы "коммуналдық мемлекеттік
казыналық қасиеттерінің тәрбиешісі

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың ойлау қабілетін дамытудағы ойын әрекетінің маңызы ғылыми тұрғыда қарастырылады. Ойын – баланың жетекші әрекеті ретінде оның танымдық, логикалық және шығармашылық ойлауын қалыптастырудың тиімді құралы екені дәлелденеді. Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық көзқарастары талданып, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ойын әрекетін қолданудың практикалық жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: ойлау қабілеті, ойын әрекеті, мектепке дейінгі жас, танымдық даму, дидактикалық

ойын.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде мектепке дейінгі білім беру жүйесіне қойылатын талаптар артып отыр. Баланың жан-жақты дамуы, әсіресе ойлау қабілетінің қалыптасуы – болашақта табысты тұлға тәрбиелеудің негізгі шарты. Осы тұрғыда мектепке дейінгі жастағы балалардың ойлауын дамытуда ойын әрекетінің рөлі ерекше.

Мектепке дейінгі жас – баланың танымдық үдерістері қарқынды дамиды кезең. Бұл жаста ойлау көрнекі-бейнелік сипатта болып, біртіндеп логикалық ойлауға ұласады. Сондықтан ойлау қабілетін дамытуда баланың жас ерекшелігіне сай, қызығушылығын арттыратын тиімді әдістерді қолдану қажеттілігі туындайды. Осындай әдістердің ең негізгісі – ойын әрекеті.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында тұлғаның зияткерлік және шығармашылық дамуына жағдай жасау білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде айқындалған. Бұл талап мектепке дейінгі жаста баланың ойлау, қиялдау, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған педагогикалық технологияларды, соның ішінде ойын әрекетін тиімді қолдануды көздейді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (МЖБС) ойын әрекеті баланың танымдық дамуының жетекші құралы ретінде белгіленіп, білім беру мазмұны баланың жас ерекшелігі мен қызығушылығына сай ойын арқылы ұйымдастырылуы қажеттігі көрсетілген. Стандартта ойын барысында баланың логикалық ойлауы, зейіні, есте сақтауы, тілдік және әлеуметтік дағдылары дамиды атап өтіледі.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы білім беру ортасын қалыптастырудың маңыздылығы ерекше атап көрсетілген. Аталған бағдарламада баланың еркін ойлауына, белсенді әрекет етуіне және шығармашылық әлеуетін ашуына мүмкіндік беретін ойынға негізделген оқыту ортасын құру басты бағыттардың бірі ретінде қарастырылады.

Осы нормативтік-құқықтық құжаттар ойын арқылы оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық және практикалық маңызын айқындай отырып, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ойын технологияларын жүйелі және мақсатты қолданудың қажеттілігін дәлелдейді. Ойын әрекеті баланың ойлау қабілетін дамытуға ғана емес, оның тұлғалық қалыптасуына, әлеуметтік бейімделуіне және болашақ оқу әрекетіне дайындалуына берік негіз қалайды.

Ойын әрекеті – мектепке дейінгі жастағы баланың негізгі іс-әрекеті болып табылады және оның психикалық дамуының барлық салаларына тікелей ықпал етеді. Психолог-педагог ғалымдардың зерттеулерінде ойын баланың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін жетекші фактор ретінде қарастырылады.

Ғалым Л.С. Выготский ойын әрекетін баланың дамуының жетекші факторы деп атап, ойын барысында баланың «жақын даму аймағы» кеңейетінін дәлелдеген. Оның пікірінше, ойын кезінде бала өзіне күнделікті өмірде қолжетімсіз болатын әлеуметтік рөлдерді меңгереді, мінез-құлықтың жаңа үлгілерін игереді. Ойын арқылы баланың қиялы дамып, ойлау әрекеті күрделене түседі, сөйлеу мәдениеті мен өзін-өзі реттеу қабілеті қалыптасады.

А.Н. Леонтьев ойын әрекетін баланың қоршаған ортаны тануының ерекше формасы ретінде қарастырады. Ол ойынды баланың ішкі психикалық үдерістері мен сыртқы әрекеттерін біріктіретін күрделі іс-әрекет деп сипаттайды. Ғалымның тұжырымы бойынша, ойын барысында бала заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстарды түсініп, себеп-салдарлық ойлау, салыстыру, талдау және қорытынды жасау дағдыларын меңгереді.

Швейцариялық психолог Ж. Пиаже ойынның баланың интеллектісінің дамуына әсерін зерттей отырып, оны ойлау құрылымдарының қалыптасуының маңызды құралы деп санаған. Ол ойын арқылы бала қоршаған ортаны өзінше қабылдап, жаңа білімді бұрынғы тәжірибесімен байланыстырып, когнитивтік дамудың жаңа деңгейіне өтетінін дәлелдеген.

Қазақстандық ғалым С. Қалиев ұлттық және дидактикалық ойындардың тәрбиелік мүмкіндіктерін жоғары бағалап, олардың баланың логикалық ойлауын, тілін, ұлттық сана-сезімін және танымдық белсенділігін дамытудағы маңызын атап өтеді. Ғалым ұлттық ойындар арқылы баланың тек зияткерлік емес, сонымен қатар рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, педагог-ғалым Т. Тәжібаев баланың ойлау қабілетінің дамуы әрекетпен тікелей байланысты екенін айта отырып, ойын әрекеті баланың еркін ойлауына, дербес шешім қабылдауына және шығармашылық белсенділігінің артуына ықпал ететінін дәлелдеген.

Осылайша, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдары ойын әрекетінің мектепке дейінгі жастағы балалардың ойлау қабілетін, қиялын, сөйлеуін және жалпы тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін маңызды психологиялық-педагогикалық құрал екенін көрсетеді.

Ойын арқылы ойлауды дамытудың педагогикалық мүмкіндіктері

Ойын әрекеті баланың ойлау қабілетін бірнеше бағытта дамытады:

- салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастырады;
- логикалық байланыстарды түсінуге үйретеді;
- өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамытады;
- шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды жетілдіреді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын дидактикалық ойындар, сюжеттік-рөлдік және қимылды ойындар баланың ойлау белсенділігін арттырып, танымдық қызығушылығын дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл ойын түрлері баланың интеллектуалдық қабілеттерін жетілдірумен қатар, оның әлеуметтік тәжірибесін кеңейтіп, өз әрекетін саналы түрде ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

Дидактикалық ойындар («Не артық?», «Салыстыр», «Жалғастыр», «Топтастыр») баланың логикалық ойлауын, зейінін, есте сақтау қабілетін және талдау-салыстыру дағдыларын дамытады. Мұндай ойындар барысында бала берілген тапсырманы орындау үшін ой қорытып, шешім қабылдайды, нәтижесінде танымдық дербестігі қалыптасады.

Сюжеттік-рөлдік ойындарда бала белгілі бір әлеуметтік рөлді (дәрігер, тәрбиеші, сатушы, құрылысшы және т.б.) қабылдап, өз іс-әрекетін жоспарлауға, ойын шарттарына сәйкес әрекет етуге үйренеді. Бұл ойын түрі баланың қиялын дамытып қана қоймай, ойлау икемділігін, себеп-салдарлық байланыстарды түсіну қабілетін жетілдіреді. Рөлдік ойын барысында бала өз әрекетін бағалап, қорытынды жасауға дағдыланады.

Қимылды ойындар («Ақ серек – көк серек», «Қуаласпақ», «Кім жылдам?») баланың физикалық дамуына әсер етіп қана қоймай, оның ойлау шапшаңдығын, бағдарлау қабілетін және ережелерді сақтай отырып әрекет ету дағдысын қалыптастырады. Бұл ойындар баланың шешім қабылдау жылдамдығын арттырып, зейіннің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

«Ойнай білмеген, ойлай да білмейді» - деген аталы сөздің сырына жүгінсек, мектепке дейінгі кезеңдегі баланың ойынға деген ынтасы, қарым-қатынасы, мінез-құлық көріністері – олар өсіп есейгенде де жалғаса береді. Ересектер тобында ойындар мазмұны күрделене түседі.

Мектепке дейінгі мекемелерде «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз» толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды, - деп ұлы педагог В. Сухомолинский айтып кеткен. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ал балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады.

А.С. Макаренко ойынның балалар өмірін ұйымдастырудағы рөлін жоғары бағалай келіп, тәрбиешінің рөлі былай деп жазды: «Менде педагог ретінде олармен аздап ойнауға тиіспін. Егер мен тек қана үйретіп, талап етіп, айтқанымды істетіп тұрсам, онда мен бәлкім жақындығы жоқ бөгде адам боламын. Мен міндетті түрде аздап ойнауға тиіспін» деп, және барлық әріптестерінен балалармен аздап ойнауларын талап етіпті.

Ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, шыдамдылық, шапшаңдық қалыптасады. Ойын дегеніміз - жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.

Ойын – мектеп жасына дейінгі баланың негізгі іс-әрекеті. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше.

Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» - деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады.

Ойын – бір жағынан баланы бірден қуанышқа бөлесе, екінші жағынан ойын әрқашан болашаққа бағытталған. Өйткені ойын барысында келешек өміріне ықпал ететін рухани қасиеттер мен дағдылар, икем қалыптасады. Сонымен бала өмірінен маңызды орын алатын оқытудың бір түрі – ойын, жаттығулар екені анық. Олай болса «Оқыта отырып ойнайық, ойната отырып оқытайық» деген пікірді ұстана отырып, балаларды тәрбиелеуде ойын әдісінің маңызы көп.

Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады.

Инновациялық технологиялардың басты ерекшелігі – білімді дайын күйінде жаттатуға емес, балалардың оны өз бетінше меңгеруіне, ізденуіне және тәжірибе арқылы түсінуіне бағытталуында. Бұл технологиялар баланың есту, көру, қабылдау, ойлау және сөйлеу қабілеттерін кешенді түрде дамытып, сөздік қорын ауызша тіл арқылы байытуға мүмкіндік береді.

Жаңа педагогикалық технологияларды жүйелі қолдану нәтижесінде оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігі артып, балалардың білімге деген қызығушылығы жоғарылады. Балалар тапсырмаларды өз бетінше орындауға дағдыланып, дербес шешім қабылдау қабілеттерін қалыптастырады. Сонымен қатар әр баланың жеке қабілеті мен қызығушылығы анықталып, шығармашылық әлеуеті ашылады.

Инновациялық оқыту барысында балалар бір-бірімен бәсекелесуге, өз жетістіктерін бағалауға және өзін-өзі бақылауға үйренеді.

Білім беру саласындағы заманауи өзгерістерді нәтижелі жүзеге асыру мақсатында оқу үдерісінде инновациялық технологиялармен қатар шетелдік озық педагогикалық тәжірибелер, соның ішінде Мария Монтессори педагогикасының элементтері кеңінен қолданылып келеді.

Бұл әдістеменің негізі – баланың еркін дамуына, өз қалауымен әрекет етуіне, дербес таңдау жасауына және өзіндік тәжірибе жинақтауына жағдай жасау.

Монтессори педагогикасында арнайы ұйымдастырылған дамытушы орта арқылы бала ойын және практикалық әрекет барысында қоршаған ортаны таниды, логикалық ойлауын дамытады, зейінін шоғырландырады және өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауды үйренеді.

Осындай әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үдерісіне енгізу баланың танымдық белсенділігін арттырып, мектепке дейінгі кезеңде оның жан-жақты дамуына берік негіз қалайды.

Ойынның барлық кезеңдерінде баланың қабілеттерін дамытудың алдын алуға жағдай жасайды; өз деңгейіне өзінше көтеріле отырып, бала одан ары дамиды. Бала ұқыптылыққа үйренеді, өз бетінше әрекет етуге тәрбиелейді, тез әрі тереңнен ойлау қабілетін дамытады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007 ж. (соңғы өзгерістер мен толықтыруларымен).
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана: ҚР Оқу-ағарту министрлігі, 2022.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2019.
4. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М.: Педагогика, 1991.
5. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – М.: Смысл, 2005.
6. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1975.
7. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. – М.: Педагогика, 1994.
8. Монтессори М. Помоги мне сделать это самому. – М.: Академия, 2001.
9. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері. – Алматы: Рауан, 2012.
10. Жарықбаев Қ.Б. Психология негіздері. – Алматы: Білім, 2010.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

№	ФИО	Мақаланың тақырыбы	Беттер саны
1	Б.А. Тілеп	Құттықтау сөзі	3
2	Ж.Ә. Тұралина, Л.Т. Масақбаева, Ж.Б. Сатыбалдиева	КРОСС-МӘДЕНИ ЖОБАЛАР МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘСІЛДЕР	4-8
3	Е.С. Еркебаева, С.Қ. Ошақбаева	ЕРЕСЕК МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ	9-16
4	З. Ш Нурмаматов Ш, А.Ж. Жақупова	ТЕХНОЛОГИИ ПОВЫШЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ УСТОЙЧИВОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ТЕХНОЛОГИЙ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА	17-20
5	Zh.A. Turalina, N. V. Karasyova, A. S. Mustafayeva	CROSS-CULTURAL APPROACHES OF THE CITY PRESCHOOL RESOURCE CENTER TO THE DEVELOPMENT OF PROJECT-BASED THINKING AMONG PRESCHOOL TEACHERS	21-25
6	Смагулова К.А.	ФОРМИРОВАНИЕ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И КУЛЬТУРНОЙ ОТКРЫТОСТИ У ДОШКОЛЬНИКОВ НА ОСНОВЕ ОПЫТА ЯПОНСКОЙ ПЕДАГОГИКИ: ТЕОРЕТИКО- ПРАКТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ И ПЕРСПЕКТИВЫ ИНТЕГРАЦИИ	25-31
7	Ф.К. Омарбекова С.О. Заурбекова С.К. Сейдалиева	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ: БАЛАЛАРДЫҢ МЕТАДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ	32-35
8	Амангелді Ботақөз	ҚАМЫСТАН ЖАСАЛҒАН ОЙЫНШЫҚТАР: ДӘСТҮР МЕН ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮЛГІ	35-42
9	КАПСАНОВА Г.Б.	ВЛИЯНИЕ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА РАЗВИТИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА	42-46
10	Б.Ә. Мүтәліпова	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАЛАРДЫҢ ӨМІРЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН СЮЖЕТТІК ОЙЫН АРҚЫЛЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛДАРЫ	48-57
11	А.Б. Батырбаева	ҚҰММЕН КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫ МЕН ҰСАҚ МОТОРИКАСЫН ДАМУ	57-58
12	Сайлау Еркеш	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА КИНУСАЙҒА ТЕХНИКАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	59-62
13	Н.Б. Жайлаубекова	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ	62-67
14	А. Әбсадыққызы	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМҒА STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ	67-69
15	Д.С.Дәуірбаева	МУЛЬТИСЕНСОРЛЫҚ ӘДІС АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРА СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ	69-72
16	Ж.Ә. Қожабек	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ	73-75
17	А.Қ. Кушкар	МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ДАМУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТИҢ РӨЛІ	75-77
18	Ж. Дүйсенбекқызы	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ТАБИҒИ МАТЕРИАЛДАРДЫ (ҚАМЫС) ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ	78-81
20	Ж.Ж.Жанакулова	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МҮМКІНДІКТЕРІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ	82-85

21	Н.К. Досалова А.К. Калиева, А.О. Морозова	ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСТАНСКОГО И ЕВРОПЕЙСКОГО ОПЫТА: БИБЛИОТЕКА КАК ПРОСТРАНСТВО РАЗВИТИЯ ДЕТСКОЙ КОММУНИКАЦИИ	86-89
22	Г.А. Кубекова Г.О. Кулумбаева Н.Б. Левченко	ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ МОТИВЫ В ПРОЕКТАХ ДЛЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА: СИНТЕЗ КАЗАХСТАНСКИХ ТРАДИЦИЙ ЕВРО АЗИАТСКИХ ПРАКТИК «ЗЕЛЕННОГО ДЕТСКОГО САДА»	89-93
23	А.Ж. Каргабаева, Б.Ш. Тоғайбек	ПРОЕКТНЫЙ ПОДХОД К ЭКОЛОГИЧЕСКОМУ И ТВОРЧЕСКОМУ ВОСПИТАНИЮ ДОШКОЛЬНИКОВ	93-96
24	Г.А. Шаметова Г.М. Есимбаева Н. Р. Жансейтова	НАЦИОНАЛЬНЫЕ ТРАДИЦИИ И ЭКОЛОГИЯ: ИНТЕГРАЦИЯ ЭТНОКУЛЬТУРНЫХ МОТИВОВ В ПРОЕКТЫ (КАЗАХСТАН - МАЛАЙЗИЯ)	96-100
25	Р.Т. Маметьярова	PR-КАМПАНИЯ ПРОЕКТА «ПЕДАГОГ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ» ПО ПОВЫШЕНИЮ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ВОСПИТАТЕЛЕЙ В ОБЛАСТИ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ	101-104
26	А.Т. Молжигитова Н.У. Жолшыбекова	ПРОЕКТ «КІТАП – РУХАНИ ҚАЗЫНА» КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ИНТЕРЕСА К ЧТЕНИЮ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА	105-108
27	Ж. У. Балабекова	ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	109-112
28	У.А.Турганбаева	ТӘРБИЕ НЕГІЗІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТА	113-115
29	Р. Т. Намазбаева	АЛАҢДАҒЫ БЕСТЕМШЕ» ОЙЫНЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	116-118
30	С. Х. Сиражева С. Б. Ғаппаров	ОЙЫН - БАЛА ҮШІН ӨМІРЛІК ТӘЖІРІБЕ	119-121
31	Д. Т. Кудашева, С. Е. Жанжигитова	МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	121-123
32	Л. Ж. Жанабаева	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ШЕТ МЕМЛЕКЕТ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ТӘЖІРІБЕЛЕРІН ІСКЕ АСЫРУ	124-126
33	Г.Б. Сатканова	ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ СОЦИАЛЬНЫХ НАВЫКОВ У ДЕТЕЙ: МОДЕЛИРОВАНИЕ ПОВЕДЕНИЯ В ЧРЕЗВЫЧАЙНЫХ СИТУАЦИЯХ	127-129
34	А.Т. Сакенова, Э.Р. Парписева О.Г. Гурова	ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ МОТИВЫ В ПРОЕКТАХ ДЛЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА: СИНТЕЗ ТВОРЧЕСКИХ И ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ПРАКТИК В УСЛОВИЯХ ПОЛИКУЛЬТУРНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ	130-133
35	С.К.Курмангожина, Б.С.Абдуова	ПСИХОЛОГО - ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С НАРУШЕНИЕМ РЕЧИ	133-137
36	А. О.Токтамысова	STEM МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ: МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ЖОЛДАРЫ	137-140
37	Г.Е. Тулкина	ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУ	140-144
38	Г. Т. Каирбекова	БАЛАБАҚПАДА БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУ	144-148
39	А. С. Талипова, А. А. Исаханова	АДАЛ АЗАМАТҚА ЖОЛ: ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ МӘДЕНИ АЛМАСУ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ	149-153
40	К.М. Рахымжанова	ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ РЕСУРСЫ РЕТІНДЕ	153-156
41	Ш. К.Айдаркулова	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ	157-160
42	М. Б. Бакитова	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	161-164

43	Г. О. Коспанова	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҚ ҚИЫНДЫҚТАРЫН ЖЕҢУДІҢ КРОСС-МӘДЕНИ ТӘЖІРИБЕСІ	165-168
44	Ш.А.Тұрлыбекова	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫ МЕН ТӘРБИЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘНІ	169-172
45	Ш.Қ Сыдыканова	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫ ДАМУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР	172-177
46	Р.М.Ахметова	МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИОНАЛДЫ ДАМУЫ	177-182
47	Пірманова А	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ	182-187
48	А.К.Нурмаханбетова	РЕДЖИО ПЕДАГОГИКАСЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ	188-191
49	А.А.Койшыбаева	МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ОРЫС ТІЛІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ	191-195
50	А.А.Хакимова	МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ	195-197
51	А.К.Бектурсынова А.С.Молдабай	АКТ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ, ДӘСТҮРДЕН ТЫС СУРЕТ САЛУДА, БАЛАЛАРДЫҢ АҚЫЛ-ОЙЛАРЫН ДАМУЫ	198-200
53	А.Ә.Әділжан	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТЕ МУЗЫКА АРҚЫЛЫ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	201-203
54	А.Абайчапанова А.А.Дарханова Б.А. Ордабаева	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ АРҚЫЛЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫ: «АҒАШ ШЕБЕРХАНАСЫНДАҒЫ ШЕБЕР БАЛА» ЖОБАСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ	204-209
55	Ә.О.Ануарбеков	МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	209-212
56	И.Т.Айгузова	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘРБИЕ	212-216
57	Г.Б. Исакова	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУЫН ОЙЫН ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ	216-219

«Мектепке дейінгі білім берудегі мәдениетаралық жобалар: елдер арасындағы
тәжірибе алмасу»
халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

23-24 қазан 2025 жыл

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«Кросс-культурные проекты в дошкольном образовании: обмен опытом между
странами»

23 - 24 октября 2025 года


Proceedings
of the International Scientific and Practical Conference
«Cross-Cultural Projects in Preschool Education: Exchange of Experience
Between Countries»

October 23–24, 2025

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Педагогика және психология факультеті
Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасы

Еркебаева Сауле Жомартовна, Туралина Жанар «Мектепке дейінгі білім берудегі
мәдениетаралық жобалар: елдер арасындағы тәжірибе алмасу

ISBN 978-601-353-418-3



050010, Алматы қаласы
Достық даңғылы, 13
e-mail: Saule877@mail.ru